



Сағидолла
СИҚЫМБАЙҰЛЫ

ЕЛ ШЕЖІНДЕ
ЕРЛЕР ЖҮР

Сағидолла СИҚЫМБАЙҰЛЫ

ЕЛ ШЕПТІНДЕ
ЕРЛЕР ЖҮР



Тоғанай Т
Алматы,
2015

УДК 351/354
ББК 67.401.212
С 39

Сиқымбайұлы С.

С 39 Ел шетінде ерлер жүр: мақалалар, эсселер, очерктер, жолжазбалар. – Алматы: «Тоганай Т», 2015. – 296 + 16 бет жапсырма.

ISBN 978-601-7409-87-6

Ұзақ жыл Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің апталық басылымы «Отан сақшысы – Часовой Родины» газетінде басшылық қызметте болған Қазақстанның Құрметті журналисі, Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері, публицист, запастағы полковник Сағидолла Сиқымбайұлының бұл жинағында ел шетінде, жел өтінде, күндіз-түні мізбақпай Отан шекарасы күзетінде тұрған жасыл күнқағарлы шекарашылардың ерлік істері мен күнделікті іс-қимылдары туралы баяндалады.

Қолдарыңыздағы кітапқа автордың Шекара қызметінде жүріп жазған жолсапарларынан ақ қағаз бетіне түскен туындылары іріктеліп, шекара өмірінің қызықты да қиындыққа толы өмірінен жарияланған материалдары топтастырылған.

Кітап көпшілік оқырмандарға арналған.

УДК 351/354
ББК 67.401.212

ISBN 978-601-7409-87-6

© Сиқымбайұлы С., 2015
© «Тоганай Т», 2015



БАҒАДҮР ДЕСЕ ДЕГЕНДЕЙ

Қазақтан шыққан санаулы генералдардың арасынан шыққан отставкадағы генерал-майор, еңбек, соғыс ардагері Баһадүрбек Байтасовтың ата-анасы азан шақырып қойған есімі өзінің өміріне сай дәл тауып қойылғандай.

Баһадүрбек аға Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан, одан кейінгі жылдары да әскери өмірден қол үзбей Отанына адал қызмет еткен, кейінірек, бүгінде құрылғанына 70 жыл толып отырған Зайсан шекара отрядын 6 жыл басқарып, Республикамыздың шекара күзетінде де өзіндік қолтаңбасын қалдыра білген абзал жан. Құрметті демалысқа шыққанша генерал ағамыз Қазақстан ДОСААФ-ның Орталық Комитетін басқарып, жас ұрпақты отаншылдыққа, патриоттыққа тәрбиелеуде үлкен жұмыстар атқарғаны тағы белгілі. Ұзақ жылғы еңбегі Қызыл Жұлдыз ордені және басқа да көптеген медальдармен аталып өтілді. Бірнеше мәрте Республика Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ел құрметтеген азамат осындай-ақ болар.

Іштей болмаса сырттай есіміне әбден лайықты болған абзал аға туралы жазам деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірген емеседі. Себепке салдар демекші, Республикамыздың шығысындағы байырғы шекара отрядтарының бірі – Зайсан шекара отрядының құрылғанына 70 жыл толуы

құрметіне орай осы отрядта қызмет еткен жауынгерлер, әскери адамдар туралы естеліктер жазу керек болды. Бас редактордың кабинетінде болған лездемеде менің бағыма орай Баһадүрбек Байтасов туралы жазу жүктелгенде әрі қуанып, әрі қобалжығанымды несіне жасырайын. Қуанғаным, өзім жақсы көретін адам туралы кеңінен білетін болдым-ау десем, қобалжуымның да өзіндік себебі бар еді.

Бала кезімізден қазақтан шыққан тұңғыш генерал Шәкір Жексенбаевтың есімін мақтан тұтып, ол туралы шыққан тақпақ, өлеңдер болса жағтап өскен бізге, қазақ арасынан шыққан некен-саяқ генералдарды көре қалсақ, оларға қызығушы едік. Сөйтіп жүргенде генерал Байтасовтың атын жиі-жиі ести бастадық. Бұл жетпісінші жылдардың басы болатұғын.

Теледидардан сымдай тартылған генерал ағамыздың бейнесін көргенде сол генералдық шенді өзіміз көтеріп жүргендей мәз болатынбыз. Енді, міне, сол бала кезден көкейімде ел батыры ретінде қалыптасып қалған Баһадүрбек аға туралы жазу керек болып отыр. Ағаның мекен-жайын біліп алғаннан кейін, бірден үйіне телефон шалдым. Телефон тұтқасын Баһадүрбек аға өзі көтерді. Жанға жағымды қоңыр даусымен кім екенімді сұрады. Мен өзімді таныстыра келіп, мәселенің мән-жайымен түсіндіріп болған соң, кездесу орны мен уақытын белгілесек деген едім. Аға бірден ертең сағат 11.00-де мен өзім саған барам, тапжылмай күт, деп бірден мәселенің басын шешіп-ақ тастады.

Өмірінің жартысына жуығын әскери қызметте өткерген адам емес пе, ертеңінде уақытында генерал аға Бас редактордың кабинетінде отырды.

Шашын ақ қырау шалып, жүрісі де, сөз мәнері де баяу тартқан генерал әңгіме төркінін әріден бастап, өз өмірі туралы суыртпақтап қана айтып қояды. Ардагердің әсерлі әңгімесі өз желісін бұзып кетпесін дегендей Бас редактор Василий Васильевич Шупейкин екеуміз кезек-кезек ара-

кідік бірер сұрақ қойып әңгімеге араласып қоямыз. Үстел үстіндегі диктофон ардагер ағаның әсерлі әңгімесін таспаға жазып жатыр. Алдындағы кеседегі шәйінен бір ұрттап қойып, біздің кейіпкеріміз өз әңгімесін одан әрі сабақтай түседі.

Республикамыздың Оңтүстік облысында дүниеге келген Баһадүрбек Байтасұлы жастайынан құлағына қазақи салт-дәстүрді сіңіріп, оңтүстік өлкесінің қаймағы бұзылмаған инабаттылық иірімдері арасында өскенін жасырмайды. Сондықтан да болар, кейіннен әскерилер арасында, лауазымды қызметтер атқара жүріп те өзінің адамгершілігінен бір ауытқып көрмепті.

Оңтүстік өлкеде мектеп бітірген балаң жігіт 1941 жылдың көктемінде әскери борышын өтеуге аттанады. Тып-тыныш қана өтіп жатқан әскердегі өмірді қанқұйлы неміс-фашист басқыншыларының сол жылдың жазында тұтқиыл жасаған шабуылы быт-шытын шығарып, ел басына күн туған кезең келеді. Міне сол кезде балаң жігіт Баһадүрбек Байтасов та қолына қару алып, неміс-фашист басқыншыларына қарсы күреске аттанады.

– Ең алғаш соғысқа кіргенім 1942 жылдың қыс айы еді, – деп еске алады Баһадүрбек аға. Оңтүстік – Батыс майданының құрамындағы 224 батальонда артиллерист болып зұлым жауға қарсы бірнеше ұрыстарға қатыстым. Оңтүстік – Батыс майданында жүріп кейінірек Украинаны азат етуге атсалыстым.

1944 жылы Баһадүрбек Байтасовқа таңдаулы сержант ретінде шекарашы офицерлер даярлайтын оқу орнына жолдама береді. Бұл кезде баяғы балаң жігіт емес, әбден ысылған, қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткеріп, талай жойқын жорықтарды артта қалдырған тәжірибелі жауынгер болатын. Оқу орны Ленинград қаласында екен. Ол жерде екі жыл оқып, лейтенант шенін алғаннан соң 1946 жылы еліміздің шығысына жол тартады. Тағдыр мұны Тәжікстан шекарасына әкеледі. Шекараның аты ше-

кара. Алапат соғыс енді-енді аяқталғанымен, әлі де болса соғыс бұлты ыдырамай тұрған кез. Оның үстіне Тәжікстан арқылы өтетін мемлекеттік шекараны қорғау да оңай емес. Бірақ бала кезден бірбеткей өзіне де өзгеге де қатаң талап қоя білгіш, тік мінезі мұнда да жақсы қызмет етуіне көп көмегін тигізді. Бұл заставадан бірде-бір шекара бұзушы ішке бір адым да аттап баса алмады.

Шекарадағы өмірі солай бір қалыпты өте берер ме еді, әлде қайтер еді. Бәрі де ойламаған жерден болды. Шекара күзетінде жүргеніне төрт жылдан асып бара жатқан уақыт еді. Бір күні отряд бастығы бұның қолына КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери институтына жолдаманы ұстатып тұр. Бұл түкке түсінбей аңтаң. “Жолың болсын, батырым. Бұл сенің еңбегіңнің шын бағаланғаны. Көп ойланба, бар. Болашағың алда, өкінбейсің” – деген сөзі әлі есінде.

МҚК әскери институтынан соң тәжірибелі шекарашы өзінің шекарадағы қызметін Қырғызстанда жалғастырды. Қырғыз-қазақ ежелден бір туған, бауырлас халықтар. Екі халықтың еншісі де бөлінбеген. Сол туысқан халықтың шекарасын күзету Баһадүрбек үшін үлкен мәртебе болып көрінген еді. Қырғызстан шекарасын күзетіп жүріп өзінің Алтайы, Алатауы әсте бір есінен шықпайтын. Қазақстанның Қытаймен шекарасы Қырғызстанға келіп, одан әрі жалғасып кете береді. Осы ұзыннан-ұзақ шекара екі бауырлас халық үшін ортақ шекара. Күн-түн демей, ат үстінде өткізген күндер бүгінде алыстап кеткенімен өзіне бір түрлі ыстық көрініп тұратыны да сондықтан болар. Бұның табаны тиген Тарбағатай таулары мен Бақтының баурайлары, Алтайдың әсем сілемдері, бәрі-бәрі дәл қазіргідей көз алдында. “Түйенің қомында, аттың жалында” жүрген уақыттың өзі бір дәурен екен ғой, шіркін, – деп бүгінде Баһадүрбек аға күрсіне еске алып қояды.

1962 жылы Қазақстанның шығысындағы Зайсан шекара отрядын басқаруға келген кезде жағдай онша мәз

емес еді. Көршілес жатқан Қытай мемлекеті мен КСРО арасындағы қырғи қабақтық, бұл жерге де өз ызғарын шашып-ақ тұрған. Шекараның аты шекара. Оған мықты әрі сак болмасаң болмайды. Арандатушылық деген күн сайын болып жатады. Баһадүрбекті жауапты отрядқа бастық етіп қоюында да үлкен мән жатқан секілді. Себебі, шекарада жинаған бай тәжірибесі бар. Сенімге әбден лайық.

Зайсан шекара отрядында өткен 6 жыл шекарашы офицердің өміріне үлкен белгі қалдырып, өшпестей өзгерістер әкелген жылдар болды. Кемеліне толысып, нағыз қызмет етер қылшылдаған жасында майор шенінде отряд басқарып, бұл жерде полковник шенінде қызмет бабымен жоғары өрлеп кетуі де сол Зайсандағы жылдардың жақсылығы емес пе. Отанның ушығып тұрған шекарасында қызмет ету бір жағы үлкен абырой болса да, бір жағы асқан жауапкершілікті жүктегені белгілі. Керек десеңіз, отбасы ортасында отырып, дұрыстап, демалып, көңіл көтере алмайтын да. Бірақ одан жаман болған жоқ. Сол кездегі КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Семичастнидің қолынан “КСРО-ның Құрметті чекісі” белгісі атағын алды. Кеудесіне жауынгерлік Қызыл Жұлдыз орденін қадады. Ал өзі басқарған шекара отряды Қызыл Ту орденімен марапатталды. Мұның бәрі қарапайым қазақ отбасы ортасынан шыққан жалынды офицер Баһадүрбек Байтасовтың еңбегі емес деп кім айта алсын.

“Тау таумен кездеспейді, адам адаммен кездеседі” деген халқымыздың нақыл сөзі тектен тек айтылмаса керек.

— Бірде, Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясы жүріп жатқан кез болатын. Сессия арасындағы үзілісте дәлізде шылым шегіп тұрсам, еңгезердей бір орыс жігіті келіп қапсыра құшақтай алғаны. Өзім сасып қалдым. Менің сасып қалғанымды сезді ме әлгі жігіт аман саусыз ба, Баһадүрбек Байтасұлы. Шынымен-ақ танымай қалдыңыз ба? Мен сіздің Зайсандағы жауынгеріңіз Бутовенкомын ғой дегені. Міне, қызық. Арада отыз жыл өтсе де ұмытпаған. Көрдін

бе, шекарашылар әр кез бауырмашыл болатынын тағы бір дәлелдеген жоқ па, – деп Баһадүрбек аға өткен күннен тағы бір қызықты естелік айтып берген еді.

Зайсан шекара отрядынан соң Б.Байтасов екі жыл Қызыл Тулы Шығыс Шекара округінің басқармасында қызмет етті. Одан соң 16 жыл қатарынан Қазақстан ДОСААФ Орталық Комитетін басқарады. Генерал-майор Б.Байтасов ДОСААФ-тың басшылығында отырған жылдары болашақ Отан қорғаушыларды даярлау өте жоғары дәрежеде жүргенін бүгінде екінің бірі мақтанышпен сөз етеді десек артық айтпаймыз.

Шекарашыдан қандай қасиет, қандай мінез күтесіз деп сұраймыз біз әңгіме арасында.

– Шекарашы ұлтқа, ұлысқа бөлінбейді. Сонымен қоса шекарашыға тән қасиет – Отансүйгіштік және ержүректілік. Міне, нағыз шекарашы осындай дейді ағамыз.

Өмір жасыңыз ұзақ, деніңіз сау болып, еліміздің болашақ сарбаздарын тәрбиелеуге өз үлесіңізді қоса беріңіз Баһадүрбек аға дейміз біз, Сізге.

ТӘЖІКСТАН: КҮДІК ПЕН ҮМІТ, БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ҚАСІРЕТ

Өзінің тәуелсіздігін алғанымен жерін соғыс оты шарпыған, кезінде күн сәулелі Тәжікстан, Гүлстан аталған Тәжікстанға біздің жолымыз өткен жылдың желтоқсан айының бас шенінде түсіп еді. Басты мақсат ТМД елдерінің ортақ шекарасын бірігіп күзету туралы келісімге сәйкес Тәжік – Ауған шекарасында тұрған Қазақстанның дербес құрама батальоны жауынгерлерінің хал-жағдайын біліп, сәлем-сауқат жеткізіп, Қазақстан Парламентінің сайлауын өткізіп қайту болатын. Бұл жолғы арнайы топтың құрамында Республика Қорғаныс министрлігінен, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінен, Ішкі Әскерлер бас басқар-

масынан және Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттен арнайы адамдар болды.

Жол ақысы жүрсен өнеді дегендей, Алматыдан таңғы сағат сегізде көтерілген ұшақ бізді айналасы екі-үш сағаттың ішінде Тәжікстанның астанасы Душанбеге жеткізді. Ертеңгілік Алматыдан ұшарда қар борап, денені тітіркендірер аяз болып тұр еді, Душанбеге қонған кезде бейнебір басқа әлемге келгендей әсерде болдық. Айнала қоршаған тау. Тау бөктері де, қала маңы да әлі көкпенбек. Көз алдыға көктемді елестетеді. Желтоқсан болса да мамыржай көктем күндеріндей. Тіпті осыдан екі-үш жыл бұрын осы біз келіп қонған әуежайда соғыс болды деудің өзіне сену қиын. Түк болмағандай тіршілік баяғынша жүріп жатыр.

Ұшақбаспалдағынан бізді Қазақстан Қарулы Күштерінің Тәжікстандағы өкілі, полковник Владимир Владимирович Кочетов қарсы алып, топ бастығы Республика Шекара Әскерлері штабы бастығының бірінші орынбасары полковник А.Сәрсенбековке жағдайды баяндады. Жерге аяқ тиіп, жағдаймен танысқан соң біздің негізгі топ екіге бөлінетін болды. Мен әрине Таулы Бадақшанға тікелей шекараға баратын топқа қосылдым.

Теңіз бетінен 6000 метр биіктікте орналасқан Калай-Хумб қышлағына біз тікұшақпен ұшатын болдық. Жол бастаушымыз полковник В.В.Кочетов тікұшақ екі сағаттан кейін болатынын хабарлады.

Әуежайдың шетін ала орналасқан әскерилердің шағын жатағында демалып отырмыз. Демалып отырмыз деу әбестік болыр, тікұшақтың қашан келерін күтіп дегбірсізденіп отырған жай да бар. Әр қаллада бір қиял. Жанымдағы серіктерімнің не ойлап отырғанын бір Құдай біледі. Олар мұнда мен сияқты бірінші рет келіп отырған жоқ. Кейбіреулері тіптен екі рет, үш реттен келген. Араларында Ауған соғына қатысқандары да бар. Ал мен болсам бұл өлкеге бірінші рет ат ізін салып отырмын. Басына

неше түрлі ойлар келеді екен. Бәрінен де жаныңа бататыны бір халықтың, ағайынның екіге бөлініп соғысуы. Сол соғыстың зардабын қарапайым халық тартып отыр. Оны біз жол-жөнекей қайтар кезде өз көзімізбен көрдік те. (Ол жөнінде әңгіме кейінірек). Біздің топтың жетекшісі полковник Юрий Владимирович Горбунов анда-санда бір сөйлейтін, сөзге сараң адам болғанымен мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттің бас санитар дәрігері подполковник Мұқан Беламанов сөзшең, ашық-жарқын жігіт болып шықты. Бұрын Ауған соғысында үш жыл болған Мұқаң осында үшінші рет рет келіп отыр екен. Жағдаймен әбден қанық екендігін сөзінен байқап қалдық. Ал Ішкі Әскерлер қызметінің подполковнигі Фалеев Геннадий тіптен көңілді жігіт болып шықты. Әр нәрсені бір әңгіме ете отырып, екі сағаттың да өте шыққанын байқамаппыз. Бір кезде “Тікұшаққа” деген команда берілді. Әлгінде Алматыдан жеткен сәлем-сауқатты енді әскери тікұшаққа тиеу басталды. Тікұшаққа бізден басқа да Калай-Хумба әскери қызметін өтеп жатқан офицерлер мен прапорщиктердің де жұбайлары қоса мінді.

Душанбе мен Калай-Хумб арасы тікұшаққа сөз емес екен. Небәрі 45 минут ұшады, – дейді полковник В.В.Кочетов. Бұрын болып көрмеген адамға бәрі таңсық, бәрі қызық. Тікұшақ иллюминаторынан төменге көз салып қоямын. Бірақ маңдытып ештеңе көрінбейді. Менің жағдайымды түсінді-ау деймін, Владимир Владимирович “Редакция, мұнда кел”, – деп өз жанына шақырып алды. Қара, көр, ертен дұрыстап жазғаныңа керек болады. Біз осы екі арада қанша рет ұшқанымызды бір Құдай өзі білер. Ал сен көріп ал, – деп жанынан орын берді. Расында, алдыңғы орындардан тікұшақ сыртындағы әлем жақсы көрінеді екен. Владимир Владимирович мені мұндағы жағдаймен түсіндіріп келеді. Ал менің екі көзім далада. Төменде жалаңаш тау сілемдері. Бір бұдыр көзге

ілінсейші. Тау арнасын қуалай аққан өзен бойын жағалай орналасқан қышлақтар. Біздегідей егістікке арналған мидай далалар мұнда көзге ұшпайды. Тау халықтарының қалай өмір сүріп, қалай азық-түлік өндіретініне қайран қалмасқа амал жоқ. Бірақ, мұнда да тіршілік бар. Тірі адам тіршілігін жасайды деген осы.

Манадан бері көріп келе жатқан қарсы шыңдар енді қар басқан таулармен алмасты. Қалай-Хумбқа жақындады. Бадақшанның ең биік өңіріне келдік, – дейді полковник В.В.Кочетов. Бір кезде тікұшақ өзінің биіктігін төмендете бастады. Айнала айыр-айыр таулар. Көкке найзадай шаншылған үшкір бас шыңдарды әне соғады, міне соғады дегенше тікұшақ айласын асырып, келесі жағына жалт бұрылып кетеді. Әйтеуір бір кезде аман-есен белгіленген жерге келіп қонды-ау. Бізді мұнда Ресей Федералдық Шекара әскерлерінің Қалай-Хумб шекара отрядының басшылары, Қазақстан дербес құрама батальонының командирі майор Роман Құрманбаев және басқа да әскери адамдар күтіп тұр екен. Дайын тұрған “УАЗ-иктерге” бөлініп-бөлініп отыра сала, Қалай-Хумбқа қарай тарттық. Бұл кезде күн алаулап ұясына бата бастаған еді. Мен әдейілеп комбаттың машинасына мінген едім. Жасыратын не бар, жап-жас майор мұндағы қызметін мінсіз атқарып жүр дегенді алдын-ала естіп алғанбыз. Сонда да болса сырт көз сыншы дегендей, мұның қандай қасиеті бар екенін өз көзіммен көрмек болған едім. Құлжаның асығындай ғана сіліңгір қаражігіт бір көргеннен-акөзінің кішіпейілдігімен, ақ жарқын мінезімен-ак баурап алды. Әңгімеміз бірден жарасып-ақ кетті. Майор шенін кезектен тыс алған бұл жігітке қандай лауазымды да сеніп тапсырсаң артықтығы жоқ. Қолынан келетіні көрініп-ақ тұр.

Тікұшақ қонатын алаңнан Қалай-Хумб қышлағына дейін әжептеуір жер екен. Таулы Бадақшанның бар байлығы Пяндж өзені десек, сол Пяндж өзенін жағалай жүріп келеміз.

– Әне, арғы бетте Ауған қышлақтары қалып барады. Жақында ғана ана бір қышлаққа “боевиктер” келіп, біз оларды минометтен жақсылап тұрып сыбап алдық, – дейді комбат. Шекара дегенмен екі арада ала бағанамен бөлінген арнай шекара жоқ. Тек ортада Пяндж өзені ағып жатыр. Арғы беті Ауған жері. Бергі бет Тәжік жері. Қазіргі қалыпта мұнда соғыс жүріп жатыр деп айтуға аузың бармайды. Өлара бір тыныштық.

Күн ұясына отыра Қалай-Хумб қышлағына да жеттік. Қалай-Хумб қышлағы тәжіктер өздері қышлақ дегенмен бұл аудан орталығы. Халқының саны жағынан да өзінің көлемі жағынан да біздің Шонжы ауылына пара-пар. Бір кездері ірі мәдени орталық та болған. Қазіргі соғыстың бұл аудан орталығына да тигізген кері әсері аз емес көрінеді. Халқының көбісі босқын болып, басқа жаққа ауып кеткен. Жоқшылық пен қиыншылық бұл жерді де шарпып өткен.

Отрядқа келіп, орналасып, жуынып-шайынып, тамақтанған соң топ басшысы Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі Мемлекеттік комитетінің құқық және әлеуметтік-тәрбие мәселелері жөніндегі басқармасының аға офицері, полковник Юрий Владимирович Горбунов ертеңгі күннің жоспарын жасап, әр шағын топтың міндетін белгіледі. Мен подполковник М.Беламановтың тобына қосылдым.

Ертеңгі күннің жоспарын белгілеп, сайлауды өткізудің тәртібін бір пысықтап алғаннан кейін әңгіме-дүкен құрып отырғанбыз. Бір кезде далада бытр-бытр еткен мылтық даусы естілді. Әр тұстан атылған автомат даусы біраз уақыт естіліп тұрды да бір кезде басылды. Жағдайды біліп келген комбат “Әншейін жергілікті жастардың біздің сақшылардың қырағылығын байқамақ болған кезекті әрекеті ғой”, – деп әзілге шаптыра жауап беріп жатыр. Мұндай арақідік болса да болып тұратын автомат даусына бұлардың еті әбден үйреніп кеткен секілді. Тіптен осылай болып тұрмаса ішкен астары бойына сіңбейтіндей.

Ертесіне ерте тұрып, тағы жолға жиналды. Біз баратын нүкте тура Тәжік-Ауған шекарасынан өтеді екен. Әскери тілде “Плата” делінеді. Яғни дұшпанның негізгі күшін кері қайтаратын тірек. Осы тірек нүктесі орналасқан төбе бұрын Тәжік оппозициясының қолында болыпты да жазға салым Ресей шекарашылары мен біздің шекарашылар бірлесе отырып, оппозицияны қуып шығып, біздің қолға көшірген екен. Қазір ол жерде біздің дербес құрама батальонының бір бөлімі сонда орналасыпты. Бұл жердің тағы бір ерекшелігі Ауған Ислам Республикасынан контрабандалық тауарлар осы жермен жеткізіліп келген екен. Яғни, бұл жердің стратегиялық маңызы зор болғаны ғой. Бұл тірек нүктесіне тек тікұшақпен баруға болады. Былай жол жоқ. Автомобиль жолы бар. Бірақ ол оны айналып өтеді. Тағы да тікұшақ. Тағы да аспанмен тілдескен Бадақшан таулары. Мұнда күз, қыс айларында күн көзін көру сирек болады екен. Әсіресе күздің қысқа ауысар шағы ауа-райының құбылмалы болып, ауысып тұратын қолайсыз кезі көрінеді.

Памир тауларын бір кезде мектеп қабырғасында оқулықтардан оқып, кинодан көріп, былайша естігеніміз болмаса оның басын басып, суын ішем деген ой кімнің басына келген. Міне енді тағдыр жазуымен дүниежүзіндегі мәңгі қар жамылған биік таулар санатында саналатын Памирдің бір сілемі Бадақшан тауларының ішін кезіп жүрміз. Айналаң аспантаулар. Дәл осы аспантаулардың ортасында айналасы атшаптырым келетін төбені айналдыра қазып алып, өңшең қазақтың карадомалақ балалары өздерінің интернационалдық, азаматтық борышын адал атқару үшін күндіз-түні бір көз ілмей Тәжік-Ауған шекарасының күзетінде тұр. Әрине, мұнда кім көрінгенді әкеле салмайтыны тағы белгілі. Мұнда тек сайдың тасындай іріктелген, өздеріне-өздері сенімді, жігерлі жігіттерді әкелетіні белгілі. Сол сенімнен шыққан жігіттердің ортасында

отырмыз. Амандық-саулықтан кейін, таныстық-білістіктен кейін негізгі келген шаруаға көшкенбіз. Басты мақсат Республика Парламентінің сайлауы. Республика Парламенті Мәжілісінің депутатын сайлау. Айтып айтпай не керек, жауынгерлер де, командирлер де сайлауға үлкен белсенділікпен қатысты. Азғана уақыт ішінде олар өздерінің қалаулыларына дауыс берді. Дауыс беру барысына көңіліміз толып, негізгі жұмысты бітірген соң, жауынгерлер өмірімен кеңірек танысуға мүмкіндік туды.

Әкелген сәлем-сауқатты, хат-хабарды таратып беріп, жауынгерлер өздері қолдарымен тұрғызған блиндажда олармен біршама уақыт әңгіме-дүкен құрдық. Подполковник Мұқан Беламановтың мамандығы дәрігер емес пе, алдымен олардың тазалығы, денсаулығын сұрап, тексеріп, көріп жатыр. Дәл осы бөлім жауынгерлері келгенше бұл төбеде ешқандай аяқ суытар баспана болмаған екен. Жаз кезінде оны ешкім қажетсінбеген де. Бұлар осында қыркүйек айында келген бетте алдыменен қазылған окоптар мен траншеяларды кеңітіп, жөндеп, қазіргі біз әңгімелесіп отырған блиндажды тұрғызған. Блиндаж іші сондай таза, жанға жайлы, жылы. Тамақтанатын, тамақ тұратын бөлме, жататын бөлме деп әрқайсысын бөліп, бөліп қойған. Рота командирі аға лейтенант Нұрлан Сүлейменов бір мың болғыр жігіт екен. Жауынгерлерінің қас-қабағынан-ақ жағдайын бірден білетіні байқалып тұр. Рота командирінің тәрбие істері жөніндегі орынбасары лейтенант Болат Наурызалиев өз ісінің шебері. Мұндағы міндеттерін абыроймен орындап, казакстандық батальоның атына кір келтірмеуге тырысып жүргендері байқалады. Мұнда тамақ жағы жақсы. Негізінен азық-түлікті тікұшақпен отрядтан жеткізіп береді екен. Жауынгерлер киіммен де толық қамтамасыз етілген. Біз келген күні рота командирінің тәрбие істері жөніндегі орынбасары лейтенант Наурызалиевтің туған күні екен. Жауынгер аспаздар өздерінің саяси жетекшісінің туған күніне

арнап мерекелік дастархан жайды. Одан біз де ауыз тидік. Әзірше мұнда тыныштық екен. Қараша айында бір рет тәжік оппозициясы Ауған қышлағы жағынан келіп, қақтығысқаны болмаса, көп мазаламайды, – дейді аға лейтенант Сүлейменов. Әсіресе осы маңнан контрабандалық тауар алып өтуге өте әуес. Оның ішінде есірткі заттары бірінші кезекте. Есірткі заттарын алып өтер кезде олар неден болса да тайынбайды. Тіптен есірткі заттары артылған керуендермен өтер кезде керуен алдына бала-шаға, кемпір-шалды жіберетін көрінеді. Қу ақша не істетпейді. Солардың жолын кесу де осындағы шекарашылардың негізгі міндеті.

Взвод командирі аға прапорщик Сергей Журавлев екеуміз жол жағалай қазылған траншеяның ішінде тұрып, дүрбімен Пяндж өзенінің арғы бетіндегі Ауғанның қышлақтарын карап тұрмыз. Көз алдыға XV-XVI ғасырдағы ауған үйлері келеді. Әлі де болса өркениет өмірден марқұм, өзімен өзі бұйығы өмір сүріп жатқан бұл қышлақтарда керек десеңіз электр жарығы да, теледидар не радио жоқ көрінеді. Бар қызықтары сол, кәмелетке толмаған қыздарын күйеуге беріп, соның тойын тойлау. Кейде көкпар тартады, – дейді Сергеға. Жауынгерлердің көңіл-күйі көтеріңкі екен. Біз жауынгерлермен, олардың командирлерін сөзге тартқан едік.

Лейтенант Науырзалиев. рота командирінің тәрбие істері жөніндегі орынбасары:

– Міне, біздің Тәжік-Ауған шекарасында қызмет ете бастағанымызға үш айдың жүзі болды. Мен өзім Үшарал шекара отрядынан келдім. Мұнда бәріміз бір кісінің баласындай алдымызға қойған міндетті абыроймен орындап шығу жолында ауызбірлікпен қызмет етіп жатырмыз.

Біз тұрған участоктің негізгі мақсаты – шекараның үш шаткалын қорғау. Яғни Ауған қышлақтары Джунгани, Джумер – Джупая, Легибашо жағынан келер оппозиция жасақтарының жолын бөгеу. Джумер – Джупая үстімен

Хайзабад – Кабул жолы өтеді. Осы жолды күзету де біздің басты міндетіміз.

Қанша тыныш дегенмен де анда-санда болса да дабыл бойынша көтеріліп тұратын уақыттар болады. Мысалы 17 қараша күні Джугани шатқалынан шекара бұзушылар келе жатыр деген көрші заставадан радиogramма келді. Негізінен шекара бұзушылардың алып өтетіні контрабандалық тауарлар. Бұл арам пиғылды шекара бұзушыларды көрші шекара заставасымен бірлесе отырып, олардың жолын кестік. Ал былайынша қорқынышты ештеңе жоқ, тыныш.

Жауынгерлерге айтар алғыстын басқа ештеңе жоқ. Мұнда өңшең сайдың тасындай іріктелініп алынған сарбаздар қызмет етеді. Мұндағы қызмет етіп жүрген жауынгерлердің барлығы да Республика Шекара әскерлері сапында қызмет етіп жүргендер. Жалпы, жағдайымыз жақсы.

Аға прапорщик Журавлев, взвод командирі:

– Менің Шекара әскерлері сапында қызмет еткеніме 10 жыл болды. Осы он жыл ішінде шекарашы өмірін жете түсіндім десем артық айтпаспын. Енді міне ТМД елдеріндегі соғыс өрті шарпыған Тәжікстан жерінде қызметімді жалғастырып жатырмын. Әрине, мұнда біз уақытша келдік. Ертең біздің орнымызға басқа ауысым келеді. Сонда да болса жауапты учаскіге келген соң саған артылар сенім жүгі ауырлай түседі екен.

Взводымдағы сарбаздарыма дән ризамын. Бәрі шеттерінен ысылған, тәжірибелі, елгезек жастар. Мұндай жауынгерлермен қандай жауапты тапсырмаға болса да баруға әзірмін.

Прапорщик Мұрат Бегасылов, рота старшинасы:

– Біз мұнда қыркүйек айында алғаш келіп түскен кезде табан тірер ешнәрсе болған жоқ. Біздің алдымызда болған ауысым ешнәрсе жасап үлгере алмапты. Оның үстіне жаз айы дегендей. Біз келе сала іске кірістік. Алдымен окоп, траншеяларды жөнге келтірдік. Одан соң блиндаж қазып алдық. Күн болса суып келеді.

Азық-түлік жағы жеткілікті. Калай-Хумбтағы шекара отрядынан жеткізіп беріп тұрады. Суды да, отынды да тікұшақпен әкеліп беріп тұрады. Мұнда ұшқыштар суды “алтын су” дейді. Себебі, суды өздері тасымалдап береді ғой. Сол жерде оларды кезекші фельдшер қарап, денсаулықтарын тексереді. Ресейліктермен арадағы қарым-қатынасымыз өте жақсы. Олар өздерінің қолынан келген көмектерін аямайды. Калай-Хумб шекара отряды жаңа отряд. Құрылғанына небәрі бір-ақ жыл болды. Олардың да өз бастарына жетерлік проблемасы жетерлік. Оларда да азық-түлік тапшы. Бірақ соған қарамастан бізді де азық-түлікпен барынша қамтамасыз етіп тұр. Менің ротаның старшинасы ретінде алға қойған басты мақсатым жауынгерлердің қарны тоқ, киімі бүтін болуы керек. Содан кейін тазалық және тазалық. Осы қағидаларды басты назарда ұстаудамын.

Аға сержант Әділжан Ескендіров, бөлімше командирі:

– Менің бөлімшемдегі жауынгерлер мұнда бірінші рет келсе де бұл жерден алған әсерлері мол. Алғашында бәрі таңсық, бәрі қызық. Тіптен арамызда тау көрмегендер де бар екен. Мынадай аспанмен таласқан тауларды көрген кезде естері шығып кетті. Пяндж өзені қандай сұлу. Біз бірақ табиғат қызығын тамашалауға келген жоқпыз, шекара күзетіне келдік. Ендеше бір сәтте босаңсуға болмайтынын әсте естен шығармаған жөн.

Бөлімшеде өздерінің жақсы қызметтерімен көзге түсіп жүрген жауынгерлер баршылық. Атап айтар болсам олар қатардағы жауынгерлер: Валиев, Жүзбаев, Ковальчук.

Сержант Виталий Мамятенко, бөлімше командирі:

– Мен мұнда Зайсан шекара отрядынан келдім. Қызмет бір қалыпты өтуде. Мұндағы тіршілікке де үйреніп қалдық. Табиғаты өте тамаша. Ауа-райы да онша суық емес. Бірақ өзіңнің туған жеріңе не жетсін.

Келгелі бірнеше рет торуылда болдық. Әзірше тыныш. Көп мазаламайды. Қазақстандықтардың атына кір келтірмеуге тырысамыз.

Күн екіндіге ауа отрядқа қайта оралдық. Жауынгерлер арасында болған бір күннен алған әсер мол. Жігіттерге дән риза болып аттандық. Қандай қиындық болса да олардың мойымайтындығын кетер кезде олардың көз жанарларынан байқадық. Жауынгерлік жорықта шындалып, ыстық пен суыққа төзіп, қандай қиындықта болсын жол таба білетін жауынгерлердің өз Отанын қорғау кезінде де ерлік үлгісін таныта білетіндігіне көзіміз жетті. Ойбой, біздің жастар бүгінде сондай, мұндай ел қорғар азаматтар азайып кетті деген әркезгі алып-қашпа сөздердің иесіне айтарымыз тәжік-ауған шекарасында өздерінің азаматтық борышын адал атқарып жүрген ұлдарыңызды көріңіздер дегіміз келеді. Бұның жарқын мысалы қазақстандық батальонның 28 жасар командирі майор Роман Құрманбаев. Роман туралы Калай-Хумб шекара отрядының басшылары өте жақсы пікірде. Мұның алдындағы қазақстандық батальонның адресіне айтар алғысымыз мол. Бірақ, қазіргі Роман Құрманбаев басқаратын батальонға көңіліміз әбден толды. Өте жігерлі, шебер ұйымдастырушы, қандай шешімін таппай тұрған қиын түйінді де ебін тауып шеше білетін офицер. Сондықтан да Романның жігіттеріне ең жауапты учаскелерді сеніп тапсырдық. Қазақстандықтар тұрған шеп әрқашанда берік болатынына сенім мол – дейді отряд бастығы. Ісі мен сөзі үйлесіп жатқан комбатты мен “қара майор” деп атадым. Оған бәрінен де “қара майор” деген ат жарасымды сияқты. Бұл ойымды әзіл-шынын араластырып Романның өзіне айтқанымда, сіз мені не үшін “қара майор” атамақшысыз деп қарсы сұрақ қойды. Мен ауған соғысында, Кандагарда аты шыққан майор қазақ жігіті Борис Керімбаевті жергілікті халық оның ерлігіне сай “қара майор” атап кеткенін, кейін ол аман-есен елге полковник шенінде оралып, бұл күнде Алматы қаласында тұратынын айтып бердім. Және сол ағанның жолын берсін деген тілек айттым. Роман менің

бұл ойымды құптағандай рахмет деді де, үнсіз қалды. Романды жауынгерлері піріндей тұтып, қатты сыйлайды екен. Ал қарамағындағы командирлер де ол жөнінде тек жақсы жақтарын сөз етеді. Бұл мұндағы бір офицерге ғана берілген баға. Ал мұнда қазақстандық батальонның намысын қорғап, өзінің азаматтық борышын өтеп жүрген офицерлер мен прапорщиктер қаншама. Олардың әрқайсысы туралы жеке-жек айтса да аздық етпеген болар еді.

Қайтар жолда таудың құбылмалы ауа-райы тағы өз мінезін көрсетті. Тау шатқалдарын қалың тұман тұмшалап алды. Біз рация арқылы отрядпен байланысып, төменде машина күтіп тұрғанын білдік. Мұндай ауа-райында тікұшақтың ұшуы мүмкін емес екен. Сөйтіп отрядқа машинамен қайтуға тура келді.

Тәжікстан: күдік пен үміт дегенде не айтуға болады. 1992 жылы елде түсініспеушіліктің салдарынан азамат соғысы аяқ астынан бұрқ ете қалды. Осы соғыстың салдарынан елдің сол кездегі басшысы Нәбиев қайтыс болды. Елде билікке таласушылық міне осы кезден басталды. Бұл соғысты өз бас пайдасына пайдаланбақ болғандарда соғысты ушықтырып, өршітіп халық есебінен байығысы келгендерде, оның тонын теріс айналдырып, елді басқа жолға салғысы келгендер де жанталасып бақты. Елдің қазіргі басшысы Эмомоли Рахмомнов бастаған топ Тәжікстанды тәуелсіз, басқа елдермен терезесі тең өркениетті ел қатарына қосуға ұмтылса, ал оппозицияның Саид Абдулла Нури бастаған серкелері елді Тәжік Ислам Республикасы етіп құруды басты мақсат етіп қойып отыр. Әрине басқа елдің ішкі шаруасында шағағымыз не. Қандай жолмен жүрсе де сол елдің тағдырын өз қолына ұстап отырған ел басшыларының өз еркі ғой. Бірақ сол соғыстың, түсініспеушіліктің қасіретін қарапайым халық тартып отырған кезде осы бір мән-мағынасыз, жалпы елге қажеті жоқ соғыстың тезірек біткенін кімде-кім болмасын қалайтыны сөзсіз.

Сөзіміз жанды болуы үшін мына бір фактілерге жүгінейікші. Жергілікті халықтың сөзіне құлақ түрсек, ешкімде бұрынғы өміріне өкпе айтпайды. Қайта Кеңестер Одағы кезінде бәрі жеткілікті болғанын, ешкім ешнәрседен тарыкпағанын жыр ғып айтады. Расында, Кеңестер Одағы кезінде Таулы Бадахшан автономиялы облысы мемлекеттен тікелей дотация алып, мемлекет қарауында болған екен. Сол кезде терезесі тең делініп келген он бес республиканың ішінде мемлекет жәрдемінің арқасында Тәжікстан халқы өте бай тұрыпты. Өздерінде ешқандай өнім өндірмейтін, егін екпейтін, қай шаруашылығы болмасын дамымаған өлкеге басқа республикалардың аузынан жырып, көп болып көмектескеннің арқасында тәжік халқы ешқандай қиындық көрмеді десе де болады. Мұны енбектеген баласынан еңкейген қартына дейін жақсы біледі, және бұл күнде мына соғыстың әбден зардабын тартқан қарапайым халық өткенін сағынышпен еске алады. Онысы бір жағынан дұрыс секілді. Ол өткенді аңсау, өткенге қайта оралу емес, қазіргі ел басшыларының екі жақ болып, билікке таласып, елді тоз-тоз етуге деген наразылығы, соларға деген өкпе-назы деп айтуға болады.

Жерінде соғыс болып жатқан елдің халқы да тоз-тоз болып кетеді екен. Қазір тәжік босқындарын Тәуелсіз Мемлекеттер елдерінің кез келгенінен кездестіре аласыз. Тіптен алысқа бармай-ақ Қазақстанның өзінде қаншама тәжік босқыны босып жүр. Әсіресе климаты Тәжікстанға ұқсас келетін Қазақстанның оңтүстік облыстарында елінен қашқан тәжік босқындары қадам басқан сайын кездеседі десек артық айтпаспыз. Мұндай босқындар тәжік жерінде алғаш рет соғыс оты тұтанған кезде Кулябтан қашса, енді Таулы-Бадахшаннан, оның ішінде Гарем жерінен қашуда. Халыққа қашанда тыныштық керек. Қарапайым халықта бір қой да бір. Неге десеңіз, тыныш өмір болса халықтың тұрмыс-тауқыметі де, мұң-қайғысы да ұмыт болары сөзсіз.

Ағайын халықтың бір-бірімен соғысып жатуы Орта Азияны мекендеп жатқан басқа республикалардың да қабырғасын қайыстырып отырғаны сөзсіз. Олардың ел басшылары ағайындыққа жүруде. Солардың бірі біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Назарбаевтың тікелей бастауымен, қолдауымен өткен жылы Алматы қаласында Тәжікстанның Президенті Эмомоли Рахмонов пен тәжік оппозициясының басшылары арасында Алматыда келіссөз жүргізілді. Бір елдегі екі қарсы жақ адамдарды пәтуаға шақырғанда Алматы қаласы бекерден-бекер таңдап алынбаған болар. Бұл да бейбітшілік сүйгіш Қазақстан халқының, оның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтің көрегенді саясаты. Әрине, Алматы келіссөзінде кереметтей нәтижелерге қол жеткізілмесе де бірқатар қордаланып қалған мәселелердің басы шешілгені сөзсіз. Бұл жерде ағайындыққа жүрген Қазақстан басшыларының үлкен көмегі болғаны сөзсіз.

Сол Алматы келіссөзінен кейін елдің қазіргі басшылығымен оппозиция екі рет кездесу өткізді. Оның соңғысы Түркіменстанның астанасы Ашхабадта өткізілді. Ашхабад кездесуінде көптеген кедергілерге қарамастан оппозиция өкілдері ымыраға келгендей болды. Бұл кездесудегі келіссөздер өз нәтижесін берсе тәжік жерінде де баяғынша бейбіт өмір орнап, босып кеткен ел туған жеріне оралар еді. Тәжік халқы қанша күдік пен үреймен өмір сүргенімен алда үмітте жоқ емес.

Енді Таулы Бадахшанда болған бір апта сапарымызға қайта оралайық. Күн райының бұзылуына байланысты біз Душанбеге колоннамен қайтатын болдық. Бұл деген сөз Душанбеге дейін автокөлікпен 500 шақырым жол жүру. Оның 300 шақырымдайы асу бермес Бадахшан тауларын басып өту.

Иә, алда оңай шағылар жаңғақ тұрған жоқ. Ал бұған желтоқсанның құбылмалы ауа-райын қосыңыз. Расында біз жолға шыққан кезде тыныш тұрған ауа-райы Калай-

Хумбтың алғашқы асуына шыға бергенде аяқ астынан сілтідей бұзылды. Оның үстіне түнімен жауған қар асуды өте алмастай етіп басып тастапты. Ал шығып көр. Қатар келе жатқан өңшең “Зилдер” ышқына, ыңырана, әр жерде тайғанақтай асу басына қарай көтеріліп келеді. Бір кезде мүлдем жүруден қалды. Жол көк тайғақ, жауған қар мұзға айналған. Қайта жүргізушілердің тәжірибелілігі, ұстамдылығы арқасында әйтеуір тасбақа тірлікпен жылжып келеміз. Біз мінген машинаның жүргізушісі алпысты алқымдап қалған отағасы көпті көргені көрініп-ақ тұр. Ұлты тәжік. Өзін Борис деп таныстырған. Қарапайым, әңгімешіл. Бір-екі рет қиналған соң машинасының артқы доңғалақтарына шынжыр байлап алды. Сөйтсек, артқы доңғалаққа байланған шынжыр машинаның мұндай жолда таймауына бірден-бір себепкер екен.

Түс ауа итшілеп жүріп Калай-Хумб асуынан да астық-ау әйтеуір. Айналаң аппақ дүние. Қар аямай-ақ жауыпты. Кешке қалмай асудан өтіп алғанымыз қандай жақсы болды, – деп қояды Боря ағай. Расында бізден кейін шыққан машиналар асудан аса алмай кері қайтқанын кейін білдік.

Асудан асып демімізді бір алған соң Боря ағай таудың қалған бөлігі онша қиындық келтіре қоймас деген. Тікұшақпен 45 минутта жетіп келгенге мәз болған екенбіз. Автокөлікпен Душанбеге дейін жету оңай емес екен. Оның үстіне тікұшақта байқамаппыз, өзен бойын жағалай жүріп отыратын жолдың бір жағы биік шындар да екінші жағы тік құлама құз болып келеді екен. Сонау, төменде жіңішке есілген жіптей болып Пяндж өзені ағып жатыр. Ол бізді қуып, біз одан қашып келе жатқандаймыз. Жол бойы қышлақтар, елдімекендер. Жаяу-жалпылап арлы-берлі ағылған халық. Ер адамдар үстеріне шапан киіп, белдерін белбеумен байлап, бастарына сәлде орап алған. Ал әйелдер болса үстеріне ұзын көйлек, бұттарына шалбар киген. Былай қарасаң бәрінің де киімдері жеңіл. Соған қарап мұнда қыс онша қаһарлы болмайды-ау деген

ойға келдік. Олар қайда кетіп барады, қайдан келеді ешкімнің шатағы жоқ. Кейбіреулері біздің автокөлікке қол көтеріп, ала кетші дегендей ишарат жасайды. Бірақ заң басқа, заман басқа, еш жерге тоқтауға болмайды. Боря ағай жылдамдықты өзгертпестен жандарынан зу етіп өте шығады. “Не автобус жоқ па? Бұлар жаяу-жалпылап қайда барады?”, – дейміз жүргізушіміз Боря ағайға. “Сен де айтады екенсің. Қайдағы автобус. Бұл өлке автобусты ұмытқалы қашан. Рас бұрын автобуста болған. Қазір жоқ. Олар осылай жаяулап ағайындарына барады, өз шаруаларын бітіреді”, – дейді Боря ағай біздің сұрағымызға орай.

Машина кабинасынан сырттағы тіршілікке үңіле қарап келемін. Жартылай кейде түгелдей қаңырап қалған қышлақтар көңілге бір түрлі мұңсалып артта қалып барады. Бір кездері осы қышлақтарда мектептерде балалар сабақ оқып, дүкендерде қызу сауда жүріп, балабакша, аурухана, мәдени ошақтар жұмыс істеп тұрғанын көңілмен болса да сезесің. Сол елдің көбісі соғыс тауқыметінен туған жерді тастай қашқан, оның беті аулақ. Осындай сұрқай көріністер бір кезде Одақ бойынша екпінді құрылыс болып жарияланған. Тәжікстан Республикасында айрықша маңызды болған. Угрем Су Электр Стансасына жеткенше қайталанады да отырады. Анау төменде жатқан Угрем СЭС-нің құрылысы. Осы жерде үлкен су бөгеті болып, Тәжікстан үшін тіршілік көзіне айналады деген қуатты Су Электр Стансасы салынбақшы еді. Тіптен оның құрылысы басталып, тамаша энергетиктер қаласы да бой көтерген болатын. Бірақ не керек, соның бәрі босқа қалды. Тәжік жеріндегі мазасыз өмірден қашып, Ресейден келген мамандар бір-ақ күнде үдере көшіп кетті. Қала қаңырап бос қалды. Бөлінген қаржы игерілмей ол қалды. Қарғыс атқыр қу соғыстың кесірінен енді бұл алып құрылысты қайта қолға алу мүмкін емес. Өзімізде бұған лайықты мамандар жоқ. Ал Ресей мамандары мынадай

аумалы-төкпелі заманда келмейді. Қайта қалпына келтіру үшін де қаншама қаражат керек. Ондай қаражат тәжік үкіметінің қалтасында жоқ. Міне, алып құрылыстың трагедиялық тағдыры осындай. Бұл жүргізушіміз Боря ағайдың әңгімесі. Қарапайым жүргізуші болса да көп нәрсені аңғаратыны, пайымдайтыны көрініп тұр. Өз халқына, еліне, туған жерге жаны ашитындығы, соған күйзелетіндігі бір жағынан бізді де ойлантып тастады.

Құрылысы тоқтап тұрған алып СЭС алыстан да айқын көрінеді екен. Ол ештеңе емес, қаңырап қалған қаланы айтсаңызшы. Көп қабатты, соңғы үлгіде салынған әсем қала мұң шаққандай алыстан мұнартып қала берді. Мұндай көріністі біз бір кездері Одақта өзінің шипалы суымен аты шыққан әйгілі курорттың жанынан өткенде де көрдік. Бұл курортта әжептеуір көлемді жерді алып жатыр. Бірақ тіршілік тоқтаған. Мұнда денсаулығын түзеу үшін бұрыңғыдай ешкім келмейді. Курорттың емдеу корпустары иесіздіктің салдарынан тозып, құлауға айналған. – Бұл жер нағыз жер жәннәты болатын, – дейді Боря ағай. Бір кездегі әсем қалаларда автомат асынған “боевиктер” жүр. Олар осы жердің тыныштығын күзетеді дейді. Жол жөнекей кездескен қышлақтардан өзімізге таныс Сарысу, Қарасу, Қарой, Сарысай деген таныс атауларды да кездестіріп қалып отырдық. Содан кейін бір айта кетер жәйт бұл өлкенің жаңғақ пен анарға байлығы. Бұл өлкенің байлығы да осы көрінеді. Биыл да жаңғақ мол өнім беріпті. Бірақ оны дер кезінде жинап алар кім бар.

Бадахшан таулары бітіп. Хайдоробод тау сілемдеріне кірер кезде өткен жылдың көктемінде оппозицияның қолынан қаза тапқан 17 қазақстандық жауынгердің бақилық болған жерінің үстінен өттік. Подкуноб, Даштак қышлақтарын өз көзімізбен көрмесек те бұл қанды оқиға Комсомолабад ауданының жерінде болғанын естуіміз бар. Пшихавр өзенінің үстіне салынған көпірде атқыланған сол бір қазақстандық боздақтардың қаны судай шашылған

жерден өтіп бара жатып, енді сол қанды оқиға қайталанбаса екен деп тіледік. Жалпы қазақстандықтардың тәжік жеріндегі ерлігі жетерлік. Соның жарқын бір мысалы медицина қызметінің майоры Қайрат Ғұсмановтың ерлігі. Ол ұрыс кезінде бастан жарақат алғанына қарамастан ұрыс алаңын тастап, ешкайда кетпеді. Қайта жараланғандардың жарасын таңып, оларға қолынан келген барлық көмегін көрсетіп, салқынқандылық танытты. Сол сияқты өзінің командирінің өмірін сақтап қаламын деп жанын қиған шекарашы жауынгер сержант ерлігінің өзі неге тұрады. Міне, тәжік жерінде өздерінің азаматтық парызын өтеп жүрген қазақстандық жауынгерлердің, офицерлердің ерен қимылы осындай. Олардың бейбіт өмір күзетіндегі жорық жолдары көпке дейін естен кетпесі сөзсіз.

Калай-Хумбтан Душанбеге дейінгі аралықтағы жолдан біз еркін де азат Тәжікстанның кешегісін, бүгінін, ертеңін көрдік. Тәжік халқы мағынасыз соғыстан бүгін қасірет тартып жатқанымен ертеңіне, жарқын болашағына деген сенімі әлі жойылмағанын байқадық. Қайта қайсар халық сол бақытты болашақ жолында қандай қиыншылыққа да төзе білетіндігін дәлелдегендей.



АЛЫСТАН ХАБАР АЛДЫРҒАН

Қазақстан Республикасы Шекара Әскерлері бөлімдері мен құрамаларын байланыспен қамтамасыз етуде Алматы қаласының оңтүстік-шығысына орналасқан дербес байланыс полкінің өзіндік тарихы бар ерекше әскери бөлім. Өзіндік тарихы бар бұл полк әскери бөлімдерді тек байланыс берумен ғана қызмет етіп қоймайды, шекара әскерлерінің барлық саласына арнайы кіші буын мамандар, кіші командирлер де әзірлеп береді. Полкте қазіргі таңда көп өзгерістер болып жатыр. Полк басшылары түгелдей ауысқалы бері көптеген игілікті істер атқарылуда. Ол туралы бүгінгі материалдан оқып, таныса аласыздар.

Зейнетінен бейнеті көп журналистік жұмыстың қырсырына қанығу үшін, талай жыл маңдай терінді төге аянбай еңбек ету керектігі аян. Бұл жұмыстың қиыншылығымен қатар естен кетпес қызықты шақтары да болады. Қалам ұстаған қызметкерлер үшін іссапарға шығып, атын барда жер танып, ел тану ең басты ең басты да ең қызықты кезең. Біздер жақында осы жолдардың авторлары қала шетіне қоныс тепкен жеке байланыс полкіне арнайы іссапармен соғып, бүгінгі өтпелі кезең тұсындағы полктің жәй-күйімен, мұң-мұқтаждарымен, жеке құрамдағы жауынгерлермен жақынырақ танысып, қиыншылығы мен қуанышы қатар жүретін әскери өмірдің бір күнін болса да өз көзімізбен көріп, мол әсер алып қайттық.

Полк штабында бізді аталмыш полк командирі Григорий Петрович Куликов пен полк командирінің тәрбие және әлеуметтік құқық мәселелері жөніндегі орынбасары подполковник Бірімжанов Мұхитжан Сабыржанұлы құшақ жая күтіп алып, жұмыс жоспарымызбен жіті танысып, еркін жұмыс істеуіміз үшін барлық жағдайларын жасады.

Полк командирінің орынбасары подполковник М.Бірімжанов бөлмесіндегі әңгімеміз бірден жарасып, кете

барды. Өзі туралы айтуға келгенде сараң, ал қарамағындағы бағыныштылары туралы сөз айта қалса тоқтар түрі жоқ.

“Менің бұл полкта қызмет ете бастағаным 2 айдан асты. Алғашқы алған әсерім, полк өте тату-тәтті екен. Іштей бірін-бірі түсінушілік бар. Бір атаның баласындай. Бір-біріне қамқор. Несін жасырайын, мен келіп қызметке араласқанша үш жыл бойы полк командирінің тәрбие және әлеуметтік құқық мәселелері жөніндегі орынбасарының орны бос тұрған. Неге десеңіз, арнаулы кадрдың болмағандығын айтпасам да түсінерсіздер. Осы үш жылғы бос тұрған уақыт салдарынан жеке құрам арасындағы тәрбие жұмыстары сыр бере бастаған екен. Келісімен, қалай істесем екен деп қарап отыра бермей, бірден жеке құрамның тәрбие жұмысының желкесіне жабыстым. Жауынгерлер арасындағы аракідік бой көрсетіп қалатын әскери жарғыдан тыс қарым-қатынастар сап тиылды. Жеке тәрбие жұмыстары да жақсы нәтижелер бере бастады. Әр мерекені хал-қадіріміздің жеткенінше атап өтеміз. Мысалы, 8-наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арнап, қабырға газетін шығарып, тәп-тәуір концерт қойып бердік. Атап өтерлік нәрсе: полкта ер-азаматтармен қатар 70 әйел қызмет етуде. Сонан соң атап өткен айтулы мерекеміз – Ауғандар күні. Полктағы Ауғанстандағы интернационалдық борышын адал атқарып қайтқан азаматтарымызды назардан тыс қалдырған жоқпыз. Олардың білімі мен мол тәжірибелері жас жауынгерлерді патриоттық тұрғыда тәрбиелеуде көп көмегі тиері анық. Алдымызда еліміз кеңінен тойлап өтетін Наурыз мейрамы келе жатыр. Бұл мейрамды да ойдағыдай өткізерімізге сенімдімін. Айтпақшы, Алматы қаласы Алатау аудандық әскери комиссариатымен бірлесіп, “3 буын кездесуін” ұйымдастырдық. Кездесуге аға буын: Ұлы Отан соғысының ардагерлері, орта буын деп қызмет етіп жатқан жауынгерлерді тартсақ, кіші буын болашақта әскер қатарына шақырылатын жасөспірім жігіттерді

шақырып, тәлім-тәрбиелік мәні зор кешті ойдағыдай өткіздік. Маман кадрлардың жетіспеушілігі үлкен қолбайлау болып келеді. Мәселен, үлкен жеке полкта бар болғаны тәрбие жұмыстарымен айналысатын 7 офицер бар. Оның 5-і әрі әскери бөлімдердің командирлері болып табылады. Осындай қиындықтарға қарамастан, тәрбие жұмыстарын барынша жақсарту беретіндігіме кәміл сенемін”, – дейді подполковник М.Бірімжанов. Полк туралы берген мол ақпаратына рахметімізді айтып, полк командирінің орынбасарынан енді өзі туралы білгіміз келетінін жасырған жоқпыз.

“Менде қайбір бай өмір жолы болсын”, – деп бастады өзі туралы Мұхитжан Сабыржанұлы. “1981 жылы Дзержинский атындағы Алматы Шекара Әскерлері училищесін ойдағыдай бітіргесін, Күршім, Мақаншы, Жаркент шекара отрядтарында застава бастығының тәрбие істері жөніндегі орынбасары сияқты қызметтер атқардым. Құдай қосқан қосағым Роза екеуіміз 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірдік. “Әке көрген ок жонар” демекші ұлым Дәурен де шекарашы болуды армандайды. Кенжем Дилара болса мамасының қолқанаты. Қызметтен шаршап үйге келгенде қос қанатымның қылықтарын көріп, шаршағанымды лезде-ақ ұмытамын”, – деп аяқтады сөзін Мұхитжан Сабыржанұлы.

Ендігі кезекте ат басын полк клубына бұрдық. Клуб бастығы қызметін талай жылдан бері мүлтіксіз атқарып келе жатқан Галина Петровна Солод ақжарқын адам екен. Клуб ішінде жауынгерлердің өздері еңбектеніп жасаған “Біздің бөлімнің тарихы”, “Ұлы Отан соғысының аяқталғанына – 50 жыл”, “Жыр дүлдүлі Жамбылға – 150 жыл”, тағы басқа да осы сияқты қабырға газеттері, безендіру жағынан болсын, танымдық жағынан болсын құнды дүниелер екендігі сөзсіз. Жауынгерлердің жас қаламынан туған дүниелерге қарап тұрып, олардың халықтар достығы рухында тәрбиеленіп жатқандығына разы боласың. Полкта әр сенбі, жексенбі сайын әскери

патриоттық тәрбие беру саласы бойынша көркем фильмдер көрсетілу дағдыға айналған. Кинозал іші мұнтаздай таза, сахналары көркем безендіріліп, сырланған. Клубтан шыға спорт залы, тренажер залдарын аралап, спорттық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілгендігін көрдік. Полкта құрылған команда талай спорттық жарыстарда жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүргендігін естіп бір көтеріліп қалдық.

Енді кезек – полктағы ең үздік құрамалардың бірінен саналатын қашықтағы байланыс ротасы. Рота командирі майор Александр Юрьевич Поповтың айтуынша: рота Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетті, қашыққа орналасқан құрамалармен үздіксіз байланыс қызметімен қамтамасыз ету үшін жасақталып, техникалық жағынан толықтай қамтамасыз етілген. Бұл ротада өз ісінің үздіктері көптеп саналады. Взвод командирі аға прапорщик Ч.П.Шевцев қызметі басшылық тарапынан жоғары бағаланып, қазір Шекара әскерлері институтында лейтенант әскери шенін алу үшін — экстернат есебінде жедел оқытылуда. Казармада түрлі-түсті телевизор, демалыс бөлмелері жұмыс істейді. Жауынгерлер тынығатын бөлме мұнтаздай таза, әрі жылы. Осы ротада не киер киімге тарығып, не ішер тамағым жоқ деген жауынгерді шам алып іздесеңіз де таба алмайсыз.

Подполковник М.Бірімжановпен сөйлескенімізде, әңгіме арасында жергілікті жердегілер жарықты үнемдеу мақсатында кешкі сағат 7 мен 10-ның арасында жарықты өшіріп тастайтындығын айтқан. “Алғашында қиналғанымызбен кейін ақылдаса келе жарық өшетін уақыттарда қолдан жарық беретін арнайы қуатты мотор ойлап таптық. Қандай деп қызыға сұрамай-ақ қойыңыздар, әскери құпияны ашуға болмайды, сонынан көрсетемін”, – деп қалжыңдаған болатын. Сол есімізге түсіп полк командирінің орынбасарынан сол құпия

моторға апарып көрсетуін өтіндік. Уәдесінде тұрып, жарық беретін моторға алып келді. Бақсақ, өте қарапайым. Дизельді “ресурс” деп аталатын моторды шеберлікпен дәнекерлеп, арнаулы қалыпқа орнатып қойған. Әрі осы жерде санитарлық бөлімге, асханаға, казармаларға жылу беретін 3 пеш қазаны да орналасқан. Айналасын темір шарбақпен қоршап, керек жерлерін дәнекерлеп те тастаған. Пәтер пайдалану қызметінің бастығы аға прапорщик А.Клюниннің ұқыптылығына разы болдық.

Ал, медицина қызметінің бастығы капитан Руслан Еркінұлы Боранбаевтың бұл қызметке келгеніне де 2 жылдай уақыт өтіпті. Тәжірибелі дәрігер – Томск медицина қызметінің түлегі. Руслан Еркінұлы полктың медицина пунктін аралатып көрсетті. Науқастарға барлық жағдай жасалған. Бөлмелер жылы. Асхана мұнтаздай таза. Медициналық пункте қызмет етіп жатқан прапорщик Ш.Бөкейханова, старшина Т.Парашютиналардың шипалы қолдарына науқастар дән риза.

Іссапарымыздың соңғы нүктесі жауынгерлер асханасына жете бере жарық өшті де қалды. Подполковник М.Бірімжанов: “Қысылатын ештеңе жоқ, қазір-ақ жанады”, – дегенінше болмай, дизельді мотордың гүр ете түскен даусына ілесе асхана шамдары жарқырап жана бастады. Ішке кірдік. Кешкі тамаққа дайындық барысы жүріп жатыр екен. Әр жауынгерге тиесілі тағам мөлшерінің тізімін оқып, “Әр жауынгер, әр студенттен бір елі де болса жоғары тұрады”, – деген студенттік мәтелдің растығына іштей сендік. Асхана іші кең екен. жазда күрделі жөндеуден өтіпті.

Тысқа шыққанымызда ымырт үйіріле бастапты. Полк командирі подполковник Г.П.Куликовпен, оның орынбасары подполковник М.Бірімжановпен қоштасып, аялдамаға бет алдық.

Иә, қиындығы мол әскери қызметте бір атаның баласындай тату-тәтті қызмет етіп жатқан егеменді еліміздің

қырағы сақшыларына табыстан-табысқа жете беріндер деп тілек білдірдік.

ӘУЕ ҚЫРАНДАРЫ СЕРТІНЕ БЕРІК

Жақында біз авиация полкінде болып, осы полк командирінің тәрбие және әлеуметтік құқық жөніндегі орынбасары майор Андрей Васильевич ЗАДНЕПРЯНЫЙМЕН сұхбаттасқан едік.

Өмірдерек: Украинаның Днепрпетровск облысының Кривой Рог қаласында туған. Курган қаласының Жоғары Әскери саяси авиация училищесін бітірген. 1987 жылы Тбилиси қаласының шекара әскерлерінің оқу авиация полкінде, 2 жыл аэродром техникалық қызмет көрсету полкінде рота командирінің саяси істері жөніндегі орынбасары, саяси бөлімінің комсомол жөніндегі көмекшісі, полк үгітшісі, 1 жыл басқармада қызмет атқарған. 1993 жылы қаңтар айында Үшарал қаласына тікұшақ эскадрильясы командирінің тәрбие және әлеуметтік құқық жөніндегі орынбары болып ауысты. 1994 жылдан авиapolкте тәрбие және әлеуметтік құқық жөніндегі аға офицер. 1995 жылдың желтоқсан айынан авиapolк командирінің тәрбие және әлеуметтік құқық жөніндегі орынбасары. Үйленген. Бір ұлы бар.

Қазіргі кезеңдегі еліміздегі экономикалық қиындық біздерге де көп әсерін тигізуде. Атап айтсақ, әр мемлекет өз егемендігін алғалы біздерде офицер кадрлармен көп қиыншылықтар кездесуде. Өйткені көптеген офицер кадрларымыз сырттан келгендіктен 1991-1992 жылдары өз елдеріне, көбісі Ресей армиясына ауысып кетті.

Осығанбайланысты әскер қатарымызға көптеген офицерлер мен прапорщиктерді жапастан алуға тура келді. Әрине, олар әскери маман болмағандықтан көп қиыншылықтар кездесуде. Көбіне бәрін басынан бастап үйретуге тура келеді.

Соған карамастан, біздің полк шекараны қорғау жөніндегі Мемлекеттік комитеттің басқармасы қойған барлық талаптарды дер кезінде орындауға тырысуда.

Ал, енді менің атқаратын қызметіме келсек, бұрын саяси бөлімнің орынбасары жарғыға байланысты белгілі бір дәрежеде белгіленген тәртіпке қатысты болса, қазірде онша көп өзгеріске ұшыраған жоқ. Қазіргі жағдайда да жауынгерлермен, офицерлерге саяси-оқу тәрбие жұмысымен, әртүрлі мерекелік кештер ұйымдастыру менің тікелей міндетім. Соған қоса, қазіргі қоғамдағы экономикалық қиыншылықтарға байланысты жекелей де өзіміздің күнделікті тіршілікке байланысты мәселелеріміз де қат-қабат келіп жатады.

Кейде оны да шешуге, атсалысуға тура келеді. Шындықты айтатын болсақ, мысалға бізде бірде-бір дұрыс жүріп тұрған “Уазик” жоқ. Жанар-жағармай жағы өте қиын жағдайда шешілуде. Бұл дегеніңіз, санитарлық талапқа сай емес деген сөз. Асханамызда санитарлық жағдайдың дұрыс болуы үшін қосымша жұмыс істеуге тура келеді. Яғни бүкіл ыдыс-аяқты қайнатып, жуып-тазалауымыз керек, оны істеп те жатырмыз. Кір жуатын ұнтақтар да жетіспейді. Монша мен кір жуатын орын былтырдан бері жақсы жұмыс істеп тұр. Моншаны қалпына келтіру үшін де біраз тер төгуге тура келді. Ол үшін біз моншаға су құятын ыдысты түгелдей өзіміз құрастырып жасап шығардық.

Жоғарыда атап өткенімдей кадр мәселесінде де қиыншылықтар кездесуде. Соның ішінде бөлім командирлері жетіспейді. Запастан алуын алып жатырмыз-ау. Бірақ сенімді ақтамайды. Аласың, біраздан кейін шығаруға тура келеді. Өйткені, көбінің моральдық-психологиялық қабілеті төмен, көбісі ішімдікке әуес болып шығады, карапайым тәртіптің өзін сақтай алмайды.

Мысалы, капитан Скоряновты айтатын болсақ, автокөлік қызметінің бастығы болып 6 ай жұмыс істегенде 600 000 теңге мойнына мінген. Оны жұмыстан шығаруға

тура келді. Екінші бір мысал, капитан Пахомов, лейтенант Кривошеевтерді де ішімдікке салынып, өз қызметтерін дұрыс атқара алмағандары үшін жұмыстан шығардық. Әрине, жапастан келгендердің бәрін бірдей жаман деп айтуға болмайды. Жақында лейтенант Қарабаевты комендант ротасына командир етіп тағайындадық. Жаман емес, жұмысын алып кетті, білімді, талапкер, өз ісін біледі.

Енді жауынгерлер арасындағы демалыс, мерекелік кештерге келетін болсақ. Спорттық мерекелер, 8 наурыз Әйелдер күні мейрамын, қыспен қоштасу, 23 наурыз күні бөлімнің 63 жылдық мерекесін өткіздік. 22 наурыз күні “Наурыз” мерекесін тойладық. Наурыз мейрамы өте көңілді де әсерлі өтті. Ардагерлер сөз сөйлеп, жауынгерлерге өздерінің жақсы тілектерін айтты. Күрес, спорттық, ұлттық ойындар өткізілді. Дастархан жайылып, ұлттық тағамдар қойылды. Кинофильмдер аптасына 2 рет, сенбі, жексенбі күндері көрсетіліп тұрады. Әр казармада телевизор бар. Кесте бойынша жалпы спорттық жұмыс жұмасына 2 рет өткізіледі. Саяси сабақтар, әскери-патриоттық дайындық сабақтарды кесте бойынша жұмасына 3 сағаттан уақытылы өткізіліп тұрады. Біз бөлімге жаңалық енгізіп, сабақ өткізушілерге 18 тақырыпты 3 тақырыптан бөліп-бөліп бердік. Бұл тәсіл сабақ өткізушілерге біраз жеңілдік әкелді. Ал енді жауынгерлерді тамақтандыру жағдайына келетін болсақ “ас адамның арқауы” деген емес пе. Бізде ол жағынан өте жақсы деуге болады. Біздің асханада негізінен әскери қызметкерлердің әйелдері жұмыс істейді. Тамақтың дәмділігімен, сапасын білу үшін арнайы өлшеу таразысы, бақылау тағамдары қойылған. Арнайы тексеруші топ құрылып, тамақтың дәмділігімен, сапасын тексеріп бақылап отырады. Санитарлық тазалығын тексеруде солардың мойнында. Осыған байланысты біз де тамақтану процесі жақсы жолға қойылған.

Киім-кешекпен де жауынгерлеріміз толық қамтамасыз етілген. Қоймадан берілген киімдерді жауынгерлерге уа-

қытында беріп отырамыз. Бір ғана атап өтетін жағдай етіктердің сапасы өте нашар. Кигеннен кейін екі айдан соң жарамсыз болып қалады, тез тозады. Әрине, ол тіккен фабрикаға да байланысты ғой.

Тіс пастасы, сабын, кіржугыш ұнтақтармен толық камтамасыз етілген. Жанар-жағармайдың тапшылығынан кір жуу мәселесі сәл қиындау болып тұр. Биыл қаңтар айының аяғынан бастап ақпан айының аяғына дейін жылу жүйесі бір күн істесе бес күн істемей біраз қиналды. Ыстық судың орнына жылы су ағып тұрады.

Медикаменттер де жеткілікті. Медицина кадрымыз түгелдей толық. Аурулар жататын орынды қайта жөндеуден өткізіп, қайта жөндеуден өткізіп, жабдықтап жатырмыз. Жауынгерлерге 12 орын, офицерлерге 5 орын бөлінген. Күнделікті жауынгерлер денесі тексеріліп тұрады.

Былтырғы күзгі шақырылған жауынгерлердің қорытындысына келсек, 22 адам әртүрлі себептермен міндетті қызметін атқаруға жарамай қалды.

Қазіргі жас жауынгерлерді осыдан 10 жыл бұрынғы жауынгерлермен салыстыруға келмейді. Бірақ қайтеміз, оларға да өзбілгенімізді үйретіп, көп еңбек етуге тура келеді. Бір жақсысы, биыл бізде “қашқын” мәселесі болған жоқ. Былтыр ондай 20 адам болған. Қаңтар айында Боцманов, Епишев, Соколов, Сорокин деген жауынгерлеріміз қару-жарақ қоймасына түсіп, сату үшін қару ұрлаған. Олар дер кезінде ұсталып, қазір істері сотта қаралып жатыр.

Офицерлеріміздің жағдайына келсек, барлық офицерлеріміз пәтермен камтамасыз етілген, бәрі осындағы қалашықта тұрады. Қыста пәтерлеріміз де жылу жүйелі жұмыс істемеді, ыстық су жағы да қиындау болды. “Ауызды қу шөппен сүрте беруге де болмайды”, бізде өзінің іскерлігімен, жақсы жағынан көзге түсіп жүрген тәжірибелі офицерлеріміз де баршылық. Атап өтсек, олар: штаб бастығы полковник Ш.Габбасов, химия қызметінің бастығы аға лейтенант В.Широбоков, штаб бастығының

орынбасары майор М.Исмайлов сияқты азаматтарымыз өз қызметтерін абыроймен атқаруда.

Соның ішінде полк командирі полковник А.Дорофеевтің еңбегі өте зор. 50-ге келсе де ұшақтарды меңгеруде 25-тегі жігіттен бір де кем түспейді. Айта берсек, ол кісінің өмір тарихы да қызық. Әлі күнге дейін ұшақты да, тікұшақты да өзі меңгеріп, ұшып, жастарға үлгі көрсетуде. Осындағы кейінгі ұшқыштарды өзі баулып, канат қақтырған. Полктің аяғынан тік тұрып кетуіне де ол кісінің сіңірген еңбегі өте зор. Қазір барлық ұшаққа экипаж дайын. Оның кейінгі дайындаған ұшқыш қырандары: Анофреев, Пушкин, Канабейских, Елбаевтар қазір көк аспанда еркін самғауда.

Енді біздегі оқу орталығы туралы да бір-екі ауыз сөз айтып өтейін. Оның бастығы майор А.Медведев. Бұл жерде бізде кіші авиация мамандарын дайындайды. Соның ішінде тікұшақ двигательдеріне, авиация жабдықтарына механик қызметкерлерін, радиоэлектронды жабдықтар қызметкерлерін дайындайды. Оқу мерзімі жарты жыл. Бітіргеннен соң сынақ тапсырады. Одан кейін оларды біздің авиация полкке және Үшаралдағы авиация эскадрильясына жібереміз. Техникалық жабдықтарға келетін болсақ, қолда барымызды қанағат тұтудамыз. Соның ішінде инженерлеріміз қолдарынан келген көмектерін аяған емес. Әсіресе, подполковник Елисеев көп көмек көрсетті. Әрине, оқу орталығының да өзіндік шешілмей жатқан мәселелері баршылық. Қайсы бірін айта береміз. Барлық жерлерде де осындай жағдай ғой. Соған қарамай қолымыздан келгенше тырысып жатырмыз. Жұмысымыз жаман емес, алға басуда. Жылдан-жылға келген жауынгерлеріміз жалпы білім жағынан, дене-күш, денсаулығы жағынан әлсіздеу. Дегенмен, бәрін бірдей жаман деуге болмайды. Ішінде жақсы – таланттылары да көп. Былтырғы бітіргендерден аға оқытушы майор А.Асеевтің механиктер тобының курсанттары сынақтарды барлық

пәндерден өте жақсы деген бағаға тапсырды. Қалған мұғалімдер құрамы негізінен жастар. Кейбір пәндерден мұғалімдер жетіспейді. Қайтеміз, қандай жағдайдан болсын жол табуға тырысудамыз.

Шекара еліміздің берік қамалы. Оны біздер қорғаманда кім қорғайды. Еліміздің тыныштығын сақтау біздің абыройлы міндетіміз.

САХНА ТӨРІНДЕ 35 ЖЫЛ немесе Қазақстанның Еңбегі сіңген әртісі Әлкен Амантайұлы Қазақбаевтың есеп беру концерті

Құбылмалы болып тұрған мамыр айының мамыражай бір күнінде астанамыз Алматының қақ төрінде, Орталық концерт залында астана жұртшылығын тәнті етіп, қуанышқа бөлеген бір той өтті. Мамырда не көп, той көп қой өзі. Мамыр Қазақстан халықтарының Бірлігі мейрамы, одан кейін радио күні, Жеңіс күні, Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылған күні, Баспасөз күні қойшы әйтеуір той тойға жалғасып кете барады. Мейлі ғой, әмсе той көп болғанынан жаманшылық көрмеспіз.

Ал мамырдың 12-жұлдызы күні өткен тойдың біз үшін маңызы ерекше еді. Бұл той анау-мынау емес, Республика шекарашылары үшін ыстық болатын. Себебі Отан шекарасына бір кісідей-ақ қызмет еткен, сахна төрінде өзінің құлақ жарар әсем дауысымен ыстық ықыласына бөленген бір туар әнші Қазақстанның Еңбегі сіңген әртісі, Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері ән-би ансамблінің жетекші әншісі Әлкен Амантайұлы Қазақбаевтің сахна төрінде ән салғанына 35 жыл толуына арналған шығармашылық тойы еді.

Атам қазақ кашанда “Той дегенде қу баста домалайды” деп бекер айтты дейсіз бе. Бұл жолы да Астананың

Орталық концерт залы өздерінің сүйікті әншісінің өнерін тағы бір тамашалауға келген көрерменге лықа толды. Залды ине шаншар жер болмады десем, артық айтпаспын. Бұл да болса әншінің беделі, өнерінің құдіреті демеске амалың жоқ.

Шіркін өнер, сен бірде шынға да шығарасың, енді бірде құзға да құлдыратасың. Сен соныңмен де ерекшесің ғой. Осыдан дәл 35 жыл бұрын жіптіктей жап-жас, шашы мойылдай қап-қара жігіт алғаш рет сахна төріне шығып, тізесі дірілдей, жанары жасаурай ән салса, енді бүгін кемеліне келген, тәжірибесі толысқан, шашын ақ қырау шалған, бірақ болдым, толдым деген жігіт ағасы кезінде тағы да көрермендерін өз өнерімен паш етпек.

Манадан бері сахнадан көз алмай, өздерінің сүйікті әншісінің өнерін тамашалауға келіп, ынтыға қарап отырған жұртшылық сахна шымылдығы сырғып ашыла жөнелгенде бір сәт тына қалды. Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері ән-би ансамблінің оркестрі жайғасқан. Бүгінгі тойдың асабасы, яғни концерттің жүргізушісі республика Шекара әскерлерінің апталық газеті “Отан сақшысы – Часовой Родины” газетінің бас редакторы, бір кезде өзінің әскери қызметін осы ансамбілде қатардағы музыкант болып бастап, ансамбілдің бастығына дейін жоғарылаған подполковник Василий Васильевич Шупейкин Әлкен Қазақбаевтің шығармашылық есеп беру концертін қысқаша кіріспе сөзбен ашып, сөз кезегін бүгінгі тойдың иесі Әлекеңнің өзіне берді.

Міне Әлкен Амантайұлы сол баяғы өзгермеген қалпы сахнаға жас жігіттерше ширақ адымдай басып шығып, өзінің ақ қырау шалған басын өз өнерінің құдіретіне табынған көрермендеріне иіп, сәлем берді. Осы арада біз Әлекеңді тағы бір қырынан танығандай болдық. Әлекең тек ән айтып қана қоймайды екен, ол ән шығарумен де айналысады екен. Әп деп шығармашылық кештің беташарын өзінің шығарған “Заставам менің” әнімен бастап кеп

жібергенде бүкіл зал сілтідей тына қалды. Әсем, онша катты да емес, құлаққа жағымды баритон дауыс бүкіл залдағы көрерменді өзіне баурап алғандай. Әлекең салған әнмен бірге сонау шекара шебіне шығып кеткендейсің. Иә, шындығында сахна төрінде 35 жыл ән салған Әлкен Амантайұлының 25 жылы осы шекара өмірімен мидай араласып жатыр. Ширек ғасыр шекарашылар өмірімен етене жақын болу оны Отан сақшыларымен әбден жақындастырып, жымдастырып жіберген. Сондықтан да оған шекара өмірі өте ыстық, қимасындай болып кеткен.

Осы арада Әлкен Амантайұлының осы 35 жыл сахнагерлік өмірінің өткеніне бір сәт шолу жасай кеткен артық болмас. Алматыдан онша алыс емес ауылда өскен қарапайым ауыл баласының әнге деген құмарлығы сонау мектеп қабырғасында-ақ басталған екен. Мектеп қабырғасында жүрген кезінде-ақ мектеп көркемөнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі болыпты. Бұл жерде әнге қабілетін байқаған Әлкен Амантайұлы өзінің өмірдегі әншілік жолын әрі дамыту үшін астанаға жол тартады. Мұндағы оның әншілік өмір жолы Алматы әуежайының мәдениет үйінде жалғасады. Бұл жерде де Әлекең жаман ән айтпайды. Әлекеңнің талантын, дарынын байқаған мұндағы ақылшы ағалары оған нағыз профессионал әнші болуға қолғабыс жасайды.

– Әлкен, сенің орының әнде. Сен тек ән айтуың керек. Әйтпесе Құдай берген мына дауысың босқа қор болып қалуы мүмкін, – дейді оған мұндағы үйірме жетекшісі. Сөйтіп, Әлекең өмірдегі өзінің үлкен жолына бетбұрыс жасайды. Бұл – 1958 жылы болатын. Балаң әнші өзінің бағын сынап көру үшін Қазақ Мемлекеттік хор капелласына конкурсқа катысады. Талант тас жарады дегендей, мұнда да Әлекеңнің таланты басқаларды тәубасына келтіріп, ол хор капелласына әнші болып қабылданады. Міне осы күннен бастап қиындығы мен қызығы қатар жүретін өнер адамының бұралаңы мен бұлтарысы көп өмір жолы басталады.

Хор капелласы қатарында Әлекең он жыл ән салады. Осы жылдар Әлкен Амантайұлы үшін өсу, өрлеу, тәжірибе жинақтау жылдары болды. “Ән айтсаң да жаныңды жеп айтасың” дегендей, құр айқай ән болмайтыны белгілі. Осы он жыл ішінде дауысы да, ән айту мәнері де нағыз әнші болып қалыптасуына үлкен әсер етті. Кім білсін күні бүгінге дейін сол хор капелласында қатардағы әншілердің бірі болып жүре берерме еді, егер де 1968 жылы Шығыс Шекара округінің ән-би ансамблі құрылмағанда. Сонымен 1968 жылы аталмыш ансамбль шаңырақ көтереді. Жаңа да, жас ансамбльге бұл кезде атағы әжептеуір шығып қалған Әлкен Қазақбаевты әншілікке шақырады. Ал, Әлекең болса көп ойланбастан келісімін беріп, осында әнші болып келеді. Міне сол күннен бастап, Әлкен Амантайұлы күні бүгінге дейін үзбей ширек ғасыр бойы еңбек етіп келеді.

Шекарашылар ансамблі анау-мынау жай ансамбль емес. Сенің өнеріңді әсем қалалардағы әсем мәдениет үйлерінде жұмсақ орындықтарда шіреніп отырып ешкім көрмейді. Сенің өнерің сонау таулы-тасты, шөлді, шөлейтті аймақтарға орналасқан бір киырдағы Отан сақшылары – шекарашыларға керек. Сенің негізгі көрерменің де, сыншың да солар. Сондықтан күні-түні ұйқы көрмей, қаншама шақырымдарды артқа тастап жол жүруің керек. Микрофонсыз, сахнасыз кейде тіпті электр жарығынсыз да ән айтуға тура келеді. Міне, Әлекең осындай жағдайларды қаншама рет басынан өткерді десеңізші. Әлекең бұрынғы Шығыс Шекара округі ән-би ансамблінің құрамында Тәжікстан, Қырғызстан, Ресей Республикаларын аралап, сан мәрте өз өнерін көрсетті. Әлекеңнің ізі қалмаған жер бұл республикаларда кемде-кем шығар. Еренқабырға, Алатау, Памир таулары, Қазақстанның шетсіз-шексіз сары далалары, Орал мен Мәскеу, иә айта берсең сол қазағымның даласындай шетсіз-шексіз таусылмайды. Біле білген кісіге 25 жыл бір ансамбльде қызмет ету

оңай емес. Осы ансамбльдің құрамында Әлекең талай рет от пен оқтың арасында болып та қайтты. Яғни, ол жер шарының ең ыстық нүктелері Ауған мен Тәжікте де болды деген сөз. Осындай ерен еңбектерінің арқасында оған 1978 жылы Қазақстанның Еңбегі сіңген Әртісі құрметті атағы берілді. Бұл Әлекеңнің ұзақ жылғы еңбегінің әділ бағасы еді.

Иә, осындай өнердегі өз орны бар, айтсаң ауыз толтыра мақтарлықтай еңбегі бар тамаша әнші Әлкен Амантайұлының бір сәт өзінің өткен өміріне қайта бір шолу жасап, 35 жыл ішінде не тындырдым деп сахнагерлік өнері туралы есеп беруінің жөні бар еді.

Әлекең осы ойын Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитеттің Төрағасына, оның алқа мүшелеріне жеткізгенде төраға да, алқа мүшелері де түгелдей қолдаған болатын. Тек қолдау көрсетіп қана қоймай, тікелей көмек те көрсетті. Осы әсем кештің әдемі өтуі үшін барлық қажетті шаралар жасалынды. Қашанда еліне еңбегі сіңген ердің еңбегін ақтағанға не жетсін.

Міне, сахна төріне жайдың оғындай жарқ етіп қайтадан Әлкен Қазақбаев шыға келген кезде залдағы көрермендер тік тұрып, ұзақ қол шапалақтап құрмет көрсетті. Әлекеңнің орындауындағы қазақтың халық әні “Ауылын сенің іргелі”, Қасым Аманжоловтың әні “Жас дәурен”, Қадыр Аманбалиновтың әні “Гүлім менің”, Сейдолла Бәйтерековтың әні “Дос туралы жыр”, қырғыз композиторы Садарбек Жұмалиевтің “Мейрам шаны”, Украин композиторы Александр Билаштың әні “Два колера”, орыстың халық әні “Живем моя отрада” әндері қанша тындасаң да тындай бергің келетін бір күдіретке ие. Осы әндерге қарап отырып, Әлекеңнің репертуарының бай екендігін, оның қай халықтың әнін болса да шебер орындайтындығына көз жеткізуге болады. Әсіресе Әлекеңнің сүйіп орындайтыны қазақ халқының халық әндері.

Осы біз атын атап, түсін түстеген әндердің бәрі де шекарада шырқалған әндер. Тіптен Сейдолла Бәйтерековтың “Дос туралы жыр” әнін шекараға алғаш таратушы да осы Әлекен. Бүгінде сахнада ол баяғы жас кезінше ерекше бір шабытпен, біресе “Аққурайды” біресе Айсұлу операсынан Серкенің әнін тамылжыта шырқатты-ай келіп. Кей жерлерінде сахнадағы Әлекеңе залдағы көрермендер де қосылып, бүкіл ел болып, ән айтып отырған кез де болды.

Той болған соң кәдесіз болған ба. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті алқасы атынан сөз сөйлеген Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті Төрағасының әлеуметтік, құқықтық тәрбие мәселелері жөніндегі орынбасары полковник Әлмұқан Күлшарыпұлы Әбуғалиев Әлкен Амантайұлының иығына шапан жауып, басына тақия кигізді. Ақшалай сыйлық табыс етті. Ал сахнаға ат жетектеп шыққан “Жаналық” акционерлік қоғамының президенті Анатолий Борисович Цой Әлекеңе барлық жақсылықты тілей келіп, “Қазір елдер “Мерседес”, “Жигули” мінгізетін болса мен сізге дала тұлпарын сыйға тартамын”, – деп Әлекеңе ат мінгізді. Әлекеңнің туысқандары атынан Күлғайша жеңгей, құдашасы Әлима Бекмағанбетқызы өздерінің сый-сияпаттарын тарту етті. Бұл күнгі кешті одан әрі әрлендіріп жіберген сахнаға бір кездері Әлекеңмен қатар ән шырқаған әріптесі, бұл күнде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне қарасты ән-би ансамблінің жетекші әншісі, Өзбекстан Республикасының еңбегі сіңген әртісі Юрий Мурза шыққан кезде жайнап сала берді. Юрий Мурза өзінің әріптесіне деген ыстық ықыласын білдіре отырып, өзі де әнші құрметіне арнап ән салып берді. “Сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді” деген осы да.

Бұл кеште әнші жеке өзі ән салып қана қойған жоқ. Әлекеңнің өзінің төл ансамблінің бишілер тобы бірнеше

рет тамаша би билеп берді. Тіптен өзі бір кезде қатарында ән салған хор капелласының әншілері ән салғанда сүйемелдеп тұруы да қандай жарасымды. Ал, кеш соңында Республика Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің ән-би ансамблінің ұжымы Әлкен Қазақбаевқа түрлі-түсті шетелдік теледидар сыйлағанын айтпасак күнәһар болармыз. Бұныңбәрі әншіге көрсетілген құрмет, оның талантына деген тағзым деп білген жөн.

Тойдың болғанынан боладысы қызық дегендей көптен күткен Әлкен Амантайұлының да шығармашылық кеші ә дегенше өте шықты. Шығармашылық кештен шығып бара жатқан халықтың сөзіне ақырын құлақ түріп қарасаң бәрі де риза.

35 жыл сахна төрінде көрініп келген әннің пірі Әлекеңе әлі де болса сахнадан түспеңіз. Өнер жолында самғай беріңіз. Енді 70 жылдық шығармашылық тойыңыздың да куәсі болайық деп тарастық біз осы тойдан.



ЕМЕННІҢ ИІР БҰТАҒЫ

Өмір-өзен. Өзінің ағысымен кейде бір қалыпта, кейде асып-тасып, арсын-гүрсін сені шыңырауға батырса, кейде жағалауға лақтырып тастайды. Кейде сонау асау толқын-дардың жал-жал биігінен бір-ақ шығарады. Осы өмір-өзеннің ырқымен жүрмей, өзінше бір адами қасиеті бар жанда да болады екен. Оны біздің халық Еменнің иір бұтағы немесе Қарағайға қарсы біткен бұтақ дейді екен.

Сол еменнің иір бұтағы бір беткейлігі болмаса каршадайынан көрген бейнеті мен кешкен қиыншылығына қарамастан туу Қазақстанның батысындағы құм арасынан тәуекелге бел буып, алдында не күтіп тұрғаны беймәлім дүниеге жол тартпас еді ғой.

Талайдың басына ауыртпалығы мен қасіретін ала келген сұм соғыс мұның да отбасын айналып өте алмапты. “Шіркін Сапарғалидың бес ұлы-ай. Бес ұлының өзі бір рулы ауылға татиды емес пе” – деген сөздерді ауылдастары мақтанышпен, әрі қызғанышпен айтатынын бала болса да бұл сол кездің өзінде естіп қалып жүретін. Шіркін, сұм соғым болмағанда расында да сол бес арыс тірі болғанда бұл қандай жігіт боп өсер еді. Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болмас па еді. Әттең дүние-ай. Тіл болды ма, көз болды ма, сол бес арыстың бесеуі де Отан үшін деп майданға аттанып, Сталинград түбіндегі қанды қырғында шаһид болды. Өзегінді өртер өкініштің ең бастысы сол төртеуінің де үйленбей-ақ, опат болуы. Яғни сол бес арыстың ішінде тек Арон ғана үй болып, отау тігіп үлгерген еді. Ал Аронның кіндігінен төрт қыз, бір ұл болған екен. Оның үш қызын да сол лағынет атқыр соғыс жалмаған екен. “Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі” демекші, Ароннан қалған жалғыз тұяқ Ләтиф мың өліп, мың тіріліп, сол қиыншылықтардан аман қалады. Әрине, оған мұны қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген, қандай қиындықта да пана бола білген аяулы анасы, жаны

жәннатта болғыр Файза еді. Ароннан қалған жалғызым ғой. Ішкені алдында, ішпегені артында болсын. Тегі мен өлсем де осым аман болса екен, – деп күніне Құдайдан бес мәрте жалынып сұрап отырады екен жарықтық.

Соғыс кезі. Ел ауыртпалықтан әбден титықтаған кез. Елде қалған кәрі-құртан, шал-шауқан, бала-шаға азын-аулақ егінді талғау етіп, бәрін майданға, майдан үшін деп аузындағы дәмділерін жырып жіберіп отырады. Соғыс болса ауылдың іргесіне тақап қалған. Күнде бір үйге қара қағаз келеді де ел ұлардай шулайды да жатады. Бірақ соған карамай-ақ, белді бекем буып, жауды тезірек жеңіп шығу үшін естерін тез жиып қайтадан жұмысқа кіріседі. Бұл ол кезде алты жастағы бала. Буыны қатып, бұғанағы бекімесе де үлкендерден қалыспай тары қорысады, кейде өгізге, атқа мініп егін бастырысады. Соғыс жас баланы да ерте есейтеді екен. Ойын баласы дегені болмаса, бұлардың қимылы ересектердікіндей. Әкесімен бірге туған төрт бірдей ағасынан қара қағаз келген. Сөйтіп жүргенде 1942 жылдың 22 желтоқсанында әкесі Ароннан Сталинград майданында ерлікпен қаза тапты деген суық хабар келді. Аңырап жар, боздап балалар қалды. Ләтиф енді өз өмірінің бұдан әрі оңайға соқпайтынын, жеңіл болмайтынын бала болса да түсінді. Тек мақсат біреу, ол анасымен соңына ерген жалғыз қарындасына қолғанат болу, шамасы келсе соларды адам етіп шығару.

Сұм соғыс жеңіспен аяқталғанымен елдегі ауыртпалық бірден серпіліп кете қойған жоқ. Барлық жердегідей Бөрлі ауылында да соғыстың зардабы мықтап сезіліп-ақ тұрды. Жокшылық, тапшылық. Тек елдің көңілін көтеретіні “әйтеуір біз жеңдік қой”. Көңілге демей сол ғана, әйтпесе не қарның тоя тамақ ішу, не жарытып киіну деген атымен жоқ. Бөрлінің құмындағы шағын ауыл бұйығы тіршілік кешіп жатқан бір өлара шақ. Сөйтіп жүріп, Ләтиф осында бастауыш класты тәмамдады, жеті жылдықты бітірді. Жалғыз шешесінен басқа көмектесер ағайынның шамасы

белгілі. Өзі де есейіп қалған шақ. Шешесін, қарындасын алып, аудан орталығы Ордаға бір күні көшті де кетті. Ондағы ойы аз да болса өмір көріп, жағдайымыз түзелер ме екен дегені еді. Бір үйлі жан қарап отырған жалғыз сиырды сол жердегі жергілікті мұжықтың қоржын тамына айырбастады да жіберді. Бір бейбақ айтқан екен “Шарасыздан шалға тиіп барамын” деп. Сол айтқандай, мұның бәрі шарасыздықтың салдары еді. Анасы байғұс жалғыз ұл қайда жүрсе ол да сонда. Міне еменнің иір бұтағы осылайша, өздігінше жаңа өмір жолына талпыныс жасаған еді.

Ордадағы орта мектепті бітірген соң жан-жағына қараса елдің бәрі біреуі Орал, біреуі Мәскеу, енді бірі Алматы деп қол жеткендері оқу іздеп кеткелі жатыр. Бұның сенері кім, берері кім. Жетімдік, жоқшылық тағы қысқалы тұр. Шешесінің шамасы анау. Енді не істемек керек. Анасы байғұс болса жалғызының қатарынан калмай, жоғары білім алуын қалайды. Бұл болса ауылда қалып, бір-екі жыл жұмыс істеп барып, оқуға бірақ барғысы келеді.

Сөйтіп жүргенде оқу мерзімі де таяп қалды. Қанша айтқанмен ананың аты ана. Оның сөзін жерге тастауға болмайды. Өмірде анадан күдіретті не бар екен десенізші. Содан арасы біраз күнде жолға жиналды да, Алматы қайдасың деп пойызға шықты. Алматыда бұларды күтіп тұрған нағашысы жоқ. Өмірде көрмеген жер, көрмеген өлке. Бейтаныс бір жұмбақ әлем. Бірақ тумасымен қайсар ұл оған қарап жатпады. Өзімен бірге анасын, соңына ерген қарындасын алды да үлкен өмір жолына аттанып кете барды.

Ол кезде қазіргідей Алматы мен Оралдың арасын жалғастырып жататын ұшақ жоқ. Алматыға қатынас шойын жолмен жалғастырып жатады. Оның өзінде де пойыздың бармайтын жері баспайтын тауы жоқ. Алматыға араға екі-үш апта салып жетеді десем сізе өтірік, маған шын. Міне осылайша, арып-ашып, араға айға жуық уақыт салып жеткен үш жанды астана жатырмамай қарсы алып еді.

Қашанда алға қойған мақсатын орындамай қоймайтын Ләтекең келе құжаттарын Алматы ауыл шаруашылығы институтына тапсырды. “Жыртық үйдің құдайы бар” демекші жолы болып оқуға түсіп кетті. Жалғыз ұлының оқуға түскендегі анасының қуанышын айтсаңызшы. Өлгені тіріліп, өшкені жанғандай болған.

Араға жылдар салып, институтты бітіретін кезде келді. Бұл 1960 жыл болатұғын. Бұл кезде отау тігіп үлгерген еді. Диплом болса қалтада. Енді қайда барса да болады. Астанада қалып бір-екі жыл жұмыс істеп көрді. Бірақ өзінің күшін өндірісте сынап көру үшін Талдықорған облысының Гвардия ауданына қарасты Сарыбұлақ асылтұқымды қой зауытының экономикасын көтеру жолында Ләтиф те қаншама тер төкті десеніңші. Сол жерде директордың орынбасары болып біраз жыл қызмет атқарды. Бұдан соң жоғары білімді маман Ләтиф Аронұлы Алматы облысының Қаскелен, Күрті, Талдықорған облысының Ақсу ауданының “Қызылшар” кеңшарында басшылық қызметтерде болды. Ләтекең қай жерде қызмет етпесін егіншілік мәдениетін көтеріп, шаруашылықтың экономикалық тиімділігін жоғары деңгейге жеткізуде үлкен қажырлылықпен еңбек етті. Ол қай жерде қызметте жүрмесін әсте болдым-толдым деген емес. Қайта іздене, талпына түсті. Соның нәтижесі болар, 1973 жылы Талдықорған облысының Ақсу аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығына жоғарылатылды. Жаны жайсаң жақсы аға 1975 жылдан 1978 жылға дейін Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінде бас агроном және Республиканың теледидары мен радиохабарларында, “Қайнар” баспасында қосымша қызметтер атқарды.

Білікті маман қай жерге болса да керек. Ләтекеңнің парасатын, білімін, қабілетін бағалай білген Қазақ КСР Министрлер Кеңесі өздеріне жауапты қызметке шақырды. Ол жерде де қызметі абыройсыз болған жоқ, қайта арта түсті.

Өзекті мәселелерге байланысты өзінің қырық жылдан астам еңбек майданындағы мол тәжірибесіне сүйеніп жазған, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен жеке кітапшаларының өзі бір төбе. Оған дәлел ретінде: “Балкаш – Алакөл өңірінде күздік бидай өсіру”, “Неиспользованные резервы”, “Влияние доз азотной подкормки на урожай и качество зерно озимой пшеницы при орошений”, “Влияние сроков посева на урожай и качества зерна озимой пшеницы в условиях Балхаш – Алакульский впадины”, “Егіншілікте өнім сапасын арттыру” сияқты материалдары оған куә.

Бұнымен қатар шаруашылықтарды нарықтық экономикаға көшіруге және жекешелендіруге айналдыруға байланысты Алматы, Семей және Орал облыстарының кейбір шаруашылықтарында құрылымдық бөлімдерін, шағын кәсіпорындарды, шаруа (фермерлік) одақтары ассоциясына айналдыру жөніндегі нормативтік-методикалық құжаттар жасалынады. Бұнда да Ләтиф Аронұлының сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Біздің халқымыз жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болсын дейді. Дәл осы балама еменге иір бұтақ болып біткен Ләтиф Аронұлына айтылғандай сезінемін. Бесаспап аға бүгінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетте аударма секторында аға аудармашы болып қызмет істейді. Аударма саласы, оның ішінде әскери аударма оңай шағыла қойылар жаңғақ емес. Бірақ мұнда да ол өзінің шеберлігін, талантын танытып келеді.

– Ең алғаш мен мұнда аудармашы болып келген кезде қазақ тілі басқармада атымен жүргізілмейді екен. Бәрін нөлден бастауға тура келді, – деп еске алады Ләтекең өзінің мұндағы алғаш келген кезін. Ол өзі айтқандай осында қазақ тілін білгісі келетіндер арасында сабақ жүргізді. Шекарашылар апталығы “Отан сақшысы – Часовой Родины” газетінің бетінен “Келіңіз, қазақ тілін үйренейік”

атты бөлім ашып, оны күні бүгінге дейін жүргізіп келеді. Газеттің жаңашыры да. Ол сонымен қатар өзінің атқарып жүрген қызметіне байланысты орысша-қазақша шекара әскери және әскери теңізші сөздіктерін бітіріп өндіріске берді. Енді Шекара Әскерлері қызметкерлерінің бала бақшасындағы бүлдіршіндерге арнап орысша-қазақша сөздік жасау үшін еңбектенуде.

Сөз басында айтып кеткендей Қарағайға қарсы біткен бұтақ болса да Ләтиф ағамыз өнерге бір табан болса да жақын. Оған себеп әкесі Аронның домбырашы, әнші, ұста, ағаш шебері, зергер секілді сан өнерді меңгерген сері болуы мен анасы Файзаның әнші, ақын болуы да әсер еткен шығар. Ләтекең той-думандарда қолына бірде домбыра, бірде сырнай ұстап, оларды құйқылжыта ойнап, ән шырқаған кезде анау-мынау әнші жолда қалады. Бұл да болса оған табиғат берген сый шығар.

Атадан жалғыз Ләтиф аға екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Олардан өрбіген алты немересін сүйіп, ұлағатты аға болып, бақытты, шадыман өмір сүруде. Барлық балаларының да жоғары білімі бар. Үлкен ұлы Ауғанстанда болып, әскери міндетін атқарып келген. Ал анасы Файза немере, шөберелерін көріп, бақуатты қартайып, 94 жасында қайтыс болды.

Орнында бар оңалар деген осы. Ұлағатты, жаны жайсаң жақсы аға міне әке өмірін осылайша жалғастыруда.



ЗАСТАВА ӨЗ ҮЙІҢ БОЛА АЛА МА?

Менің осы материалға осылайша тақырып қоюуыма себеп болған қай отрядтың қай заставасына бармаңыз, алдыңыздан “мен мұңдалап” шығатын “застава твой дом” деген баяғыдан қалған қанатты сөз еді. Осы жолы да арнайы іссапармен барған Жаркент шекара отрядының “Смирновка” шекара заставасында да табалдырық аттап, ішке енген бетте бірден көзге шалынғаны осы қанатты сөз болды.

Әрине қанатты сөз де тұрған ештеңе жоқ қой. Егер ол сөз өз мағынасына қарай іске асып жатса. Біздің ойымызға да келген бетте, әлгі сөзді оқыған бетте оралғаны шынында да застава жауынгерлің өз үйі бола ала ма, болып жүр ме? деген көкейкесті сұрақ еді. Заставада болған күндерде, жұмыс барысында осы сұраққа жауап табуға, жауынгерлер өміріне көбірек көңіл бөлуге тырыстым.

“Смирновка” заставасы Жаркент шаһарынан онша қашықта емес, жақын да емес. Нағыз шекараның өтінде, елдің шетінде тұр. Застава өткен жылдың қорытындысы бойынша жақсы деген бағаға ие болған. Бірақ соңғы кездері бастан бағы тайып, шаруасы шалқаяқтап тұрған застава екен. Сондықтан да болса керек, отряд бастығы полковник Шантас Өтепов “Жаксыны кашанда көріп үлгересіздер. Сіздер алдымен нашар заставаларды көріп байқаныздар. Мүмкін біз білмей жатқан кемшіліктерді сіздер ашып, көрсетіп, көмектесерсіздер” деген. Және осы тексеруге жүрер алдында Республика Шекара әскерлерінің қолбасшысы, генерал-майор Т.Ы.Бұзыбаев тарапынан тексеруші топтың алдына “Тексеру тек біржақты болмай, оларға нақты көмек көрсетілуі керек” деген нақты тапсырма да берілген еді. Қолбасшының тұжырымдамасы отряд командирінің пікірімен дәл келіп, тексеруші топтар алдымен көмек қажет етіп отырған заставаларға жол тартқан еді.

Соның бірі біз болған “Смирновка” шекара заставасы. Сөз басында айтып өткендей, бір кезде алдыңғы қатарлы

заставалардың сапында болған “Смирновка” соңғы кезде неге төмендеп кеткен, не болған деген оймен осы заставаны тексеруге келген топ мүшелері іске кірісіп кеткен еді. Топ жетекшісі майор Жолдас Байменов топ мүшелеріне нақты тапсырмаларын беріп, кімнің немен айналысатынын белгілеген соң застава басшылығын қатыстыра отырып шағын жиын өткізді. Топ мүшелері тәрбиеші офицері подполковник Әділхан Артықбаев, әскери эзирліктің офицері майор А.Амиров және осы жолдардың авторы.

Застава бастығы аға лейтенант Нұрбек Сатылғановтың застава бастығы болып бекігеніне екі-ак ай болыпты. Бұрынғы застава бастығы заставаны көтерудің орнына құлдыратқаны үшін орнынан босатылған екен. Застава өмірі жауынгерлердің күнделікті өмір сүріп жатқан застава казармасынан басталмай ма. Біз де алдымен жауынгерлердің тұрмысымен танысудан бастадық. Күтіп, дұрыстап ұстаудың арқасында ешқандай ескілігі білінбейді. Жауынгерлер жататын бөлме, жуынатын, тамақтанатын, демалатын бөлмелер тап-тұйнақтай таза, жинақы. Қолдағы бар нәрсені ұқсата алғандары көрініп тұр. Мұнда застава технигі, эзірше застава старшинасы міндетін қоса атқарып жүрген мерзімінен тыс қызметтің сержанты Владимир Егорович Таусматовтың еңбегі көп көрінеді. Жалпы заставаның тұрмысы, мәдени өмірі туралы кейінірек сөз қозғармыз. Енді негізгі әңгімеге көшейік.

Заставада шекарашы жауынгерлер кез келген, қиын-қыстау сәттерде қандай жағдай болсын эзір тұру керек. Бұл шекарашылардың бұлжымас қағидасы. Шекара нарядынан тысқары, қосымша топтар, қызмет иттері не істеу керек? Шекара бұзушыны алысқа ұзатпай, дөп басып, қолға түсіру, басқа да төтенше жағдайлардың алдын алу. Міне, өмір болған соң, шекара болған соң одан қашып құтыла алмайсың. Ал ол міндетті мүлтіксіз орындау застава бастығынан бастап заставаның барлық жеке құрамынан біліктілікті, білімділікті, қатаң тәртіп пен жауапкершілікті талап ететіні

белгілі. Міне, осы мақсатта застава дайындығын тексеру үшін майор Ж.Байменовтің нұсқауымен түнемеге “Застава қарулан” бұйрығы бойынша бір рет тексеру болса, ертесінде іздестіру тобының іс-қимылын байқау мақсатында арнайы тексеру өтті. “Застава қарулан” бұйрығы бойынша болған тексеруде шекарашы жауынгерлер өздерінің шеберліктерін, әзірліктерін жан-жақты көрсете білсе, ал іздестіру тобының іс-қимылы кезінде өздерінің кемшілік жақтарын көрсетіп алды. Іздестіру тобы іс-қимылына жауынгерлер жете жаттықпаған. Қызмет иті иіс алмайды. Тіптен ит үйретушінің бұйрығын тыңдамайды. Іздестіру тобы алдына қойылған тапсырманың бірде-біреуін орындай алмауы жауынгерлердің қандай әзірлікте екендігін көрсетсе керек. Амалсыздан бұл жаттығуды сол күні екі-үш рет қайталатуға тура келді.

Ертесінде ертемен тексеруші топ “Смирновка” шекара заставасымен көршілес жатқан Шонжы шекара отрядының “Онопко” шекара заставасымен бірлесіп өткізетін көршілес заставалардың қиылысында күнделікті шекара күзеті кезінде және күрделі жағдай кезіндегі шекара күзетудегі өзара іс-қимылын көруге аттанды Белгіленген межеге жеткен кезде, бізді көршілес шекара отрядының офицерлері күтіп тұр екен. Көршілес шекара заставаларының өзара іс-қимылын практикалық және теориялық тұрғыда жүргізу үшін Шонжы шекара отрядынан полковник С.Серғазиев бастап бір топ офицерлер келген екен. Өзара іс-қимыл операциясына полковник С.Серғазиев пен майор Ж.Байменов жетекшілік етті. Күнделікті шекара күзеті кезі мен күрделі кезеңде екі заставаның жеке құрамы қалай қимылдауы керек, не шаралар жасауы керек деген тақырыпта “Смирновка” шекара заставасының бастығы аға лейтенант Н.Сатылғанов пен “Онопко” шекара заставасының бастығы аға лейтенант Д.Болтенко баяндап берді. Шекаралар қиылысындағы бұл өзара іс-қимыл операцияларын жүргізуді осылайша талқылаудың екі жақ үшін

де тиімді екендігін өмір өзі көрсетіп келеді. Застава бастықтары жас, әрі жаңадан тағайындалғандықтан бұл үлкен сабақ болды деп ойлаймыз.

Заставадағы шекарашы жауынгерлердің әскери әзірлігі нашар. Жауынгерлер сәуір айынан бері бірде-бір рет автоматтан атып жаттықпаған. Автоматтан атудың қарапайым тәсілдерін білмейді. Сол сияқты сапта жүру, химиялық қарудан қорғану құралдарын киюде, спорттық снарядтардан сынақ тапсыруда да нашар екендіктерін байқатты. Тіптен химиялық қарудан қорғанатын киімдерді киюдегі қарапайым тәсілдерді орындай алмай жатты.

Әрине, бәрін жоққа шығарып, ауызды қу шөппен сүртуге болмас. Бұл жерде бар мәселе кадрға келіп тіреліп тұрғанын несін жасырамыз. Застава бастығы жас, тәжірибесі аз десек, ал оған көмекшілікке келген лейтенанттар И.Колесов пен А.Лапшиндер училище қабырғасынан биыл ғана шыққандар. Олардың өздеріне үйрету керек, оқыту керек. Осыны ескерген отряд бастылығы көмекке тәжірибелі офицер майор Жанарбек Мәдединовты жіберген екен. Маманның аты қашанда маман, тәжірибе деген жақсы ғой. Жанарбек келе іске кіріскен екен. Нәтижесі жаман емес сияқты.

Застава жалпы айтқанда қыс маусымына жан-жақты әзірленген. Застава старшинасының міндетін атқарушы мерзімінен тыс қызметтің сержанты В.Таусматовтың айтуынша үстіміздегі қысқа делініп, 6 тонна картоп, 1 тонна жуа, 500 келі сәбіз, қызылша дайындалған. Сол сияқты қияр, помидор, капуста тұздалып сақталуда. Біз застава көкөніс қоймасынан бұлардың бәрін өз көзімізбен көрдік те. Бір айта кетерлік жәйт, барлық жердегідей мұнда да “Медеу” атты шағын кәсіпорынның кесірінен көмір толық жеткізілмепті. Әзірше 15 тонна көмір бар көрінеді. Застава жауынгерлері өздеріне қажетті отындарын дайындап алған. Қолдағы азын-аулақ малға да жем-шөп жеткілікті.

Заставаның қазандық пешін, застава үйін жөндеу үшін өздерін шефтік көмекке алған “Пенжім” ұжымшары биыл цемент, шифр, бояу секілді құрылыс материалдарын берген екен. Және де сырттан электр жарығы жоқ кезде найдалану үшін пеш соғып берген.

Застава жауынгерлерінің өз үйі болуы үшін оған білікті басшылық керек. Ұйымдастырушылық қабілеті мол, жауапкершілігі жоғары, тәжірибесі толысқан іскер басшы болса, шағын ұжымы бар шекаралық застава аяғынан тік тұрып кетері сөзсіз. Қазіргі таңдағы жағдайды біз жете түсінеміз. Қытай халқында мынадай бір мәтел бар көрінеді. Өзі жақтырмаған адамға “Өтпелі кезеңде өмір сүр”, – дейді екен. Қазір біз сол өтпелі кезеңде отырмыз. Бұл уақытша қиындықтар да артта қалар. Бірақ соған дейін де Отан күзетіндегі абыройлы борышымызды естен шығарып алмайық.

ШЕКАРА КҮЗЕТІ ОҢАЙ ЕМЕС

Бұдан бұрын хабарлағанымыздай қараша айының соңғы апталарында мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі комитеттің іс-жоспары бойынша Жаркент шекара отрядының әскери әзірлігі, тәрбиелік-құқық мәселелері жұмысы барысында тексеру жүргізіліп, комитет тарапынан нақты практикалық көмек көрсетілген еді.

Құрамында Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттің әскери саладағы әртүрлі мамандары бар бұл кешенді тексеру барысында отрядтың мемлекеттік шекараны қорғаудағы жеткен жетістіктері мен кеткен кемшіліктері туралы егжей-тегжейлі басы ашылып, нақты тапсырмалар берілді.

Полковник Шантас Өтепов жетекшілігіндегі Жаркент шекара отрядында осыдан тура үш жыл бұрын болған кезімізде жағдай мүлде басқаша еді. Аумағы ат шаптырымнан

да кең әскери гарнизонның сырты қоршалмаған. Гарнизон ішінде мал жайылып жүретін. Сарбаздардың асханасы ескі. Электр жарығы бірде болса бірде болмай, іске кедергісін келтіріп, жұмыстың берекесін кетіре беретін. Сарбаздарды тамақтандыру да кереметтей емес еді. Әйтеуір өлместің күні болатын. Біз сонда ойлағанбыз, мына отрядта тәртіп орнағанша, бәрі орын-орнына келгенше қанша уақыт өтер деп. Ол кезде отрядты жаңадан қабылдап алған подполковник Ш.Өтепов бізге өте жас көрінген көзімізге. Онша сеніңкіремегеніміз де сондықтан болар.

Жоқ, олай емес екен, айналасы үшжылдың ішінде әскери гарнизон сырты талапқа сай құрылыс материалдарымен қоршалып, гарнизон іші көгалдандырылған. Неше түрлі жеміс, көріктендіру ағаштары отырғызылған. Арықтардан сылдырап су ағып жататын болған. Электр энергиясының да проблемасы да шешілген. Жаңадан қуатты қазандық пеш салынып, ол өткен жылы іске қосылған. Жаңадан сарбаздарға арнап асхана салынған. Ол жерде наубайхана да бар. Іс тетігін тапқан шешеді дегендей полковник Ш.Өтепов сол үш жылда он жылдың жұмысын істеген десек артық айтпаймыз.

Бұл мәселенің бір жағы дейік. Мәселенің негізі тікелей шекараны күзетіп тұрған шекарашылар өміріне келіп тірелетіні сөзсіз. Құдайға шүкір, өз егемендігімізді алғалы көрші алып ел Қытай Халық Республикасымен арадағы тоң жібіп, алыс-беріс, қатынасымыз жақсарып, қырғи-қабақ соғыстың беті аулаққа кетті емес пе. Бірақ соған қарамастан мемлекеттік шекараның аты мемлекеттік шекара. Оны күзету, қорғау Қазақстан Республикасының Шекара туралы Заңына сәйкес әрбір қазақстандықтың басты борышы, міндеті. Жаркенттіктер де мұны өте жақсы түсінеді. Және Елбасының, Ата Заңның талаптарына сай қимылдауда.

Шекаралық заставааларда бұрнағы жылдарға қарағанда едәуір ілгерілеушілік бар екендігін байқадық. Мемлекеттік

шекараны қорғауда олар сенімнен шығатыны сөзсіз. Отан күзетінде тұрған сардарлардың да, сарбаздардың да көңіл-күйлері жақсы. Заставаларда тамақ мәселесі шешілген. Айтады ғой “Қарында ки болмаса, баста ми болмайды”, – деп. Расы солай. Мұны отрядта болғанымызда да көрдік. Біз болған “Смирновка”, “Интал”, “Қаракүлдек”, “Қорғас” шекара заставаларында қысқа жетерлік азық-түлік қоймалары тұр. Ет дейсіз бе, көкөніс дейсіз бе, не қажеттің бәрі бар. Басқа заставаларда да солай болса керек. Ал кезінде СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы К.У.Черненко қызмет етіпті деп атағы жер жарған “Қорғас” шекара заставасының жағдайы мүлде бөлек. Сол дақырттың арқасында застава ең қымбат құрылыс материалдарынан салынып, құлпырып шыға келген еді. Бұл күнде әлі сол қалпы. Мұндағы жігіттер сол даңқынан әлі айырылмаған. Отрядтағы айтулы заставалардың бірі екен.

Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитеттен барған тексеру тобы отрядқа келіп түскеннен кейін шағын-шағын төрт тонқа бөлініп, әр бағытта тексеруге кіріскен едік. Жетістіктер де бар екен. Жұмыс бар жерде кемшілік те болады емес пе. Көптеген кемшіліктердің де беті ашылып жатты. Әсіресе жаңадан келген жас офицерлердің біліктілігі төмен, білімділігі саяздау болып жатуы көңілге кірбің туғызады екен. Шекарадағы қазіргі басты проблеманың бірі кадр сапасы десек қателеспейтін шығармыз. Оған куә осы Жаркент шекара отрядында застава бастығына қоюға офицер табылмауы дер едік. Кей заставаларда застава бастығының міндетін отряд штабының офицерлері атқарып жүргенін өз көзімізбен көрдік. Ал оларды айырбастауға лайықты кадр жоқ. Жоғары Командалық Шекарашылар Әскери училищесінің өткен жылғы және биылғы жылғы түлектеріне аса жауапты жұмыс, шекара заставасы бастығын сеніп тапсыруға әлі ертерек. Тәжірибе жоқ. Бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып тұр.

Отрядтың “Смирновка” застава­сы табиғаты құмда­уытты, шөлейтті жерге орналасқан. Қытай шекарасы кол созым жерде тұр. Застава бастығы аға лейтенант Нұрбек Сатылғановтың застава бастығы болып келіп, заставаны қабылдап алғанына екі-ақ ай болыпты. Бұған дейін “Бас­құншыда” застава бастығының тәрбие, әлеуметтік-құқық жұмыстары жөніндегі орыбасары болып екі жылдай қызмет істеген. Мұнда жас бастыққа оңайға соқпасы түсі­нікті. Оның үстіне екі орынбасары да әскери училище қа­бырғасынан биыл ғана шыққан жас офицерлер. Бұларға көп көмек керек. Заставада түк қимыл жоқ. Жұмыс жоқ деуге болмас. Бар. Бірақ көзге көрінбейді, олар көрсете білмейді. “Бірлік бар жерде тірлік бар” демей ме, берлесе жұмыс істеу керек. Сонда ғана жұмысың жандана түсері сөзсіз. Шекара күзеті – қой күзеті емес қой. Мемлекеттік шекара күзеті – мемлекеттік жауапкершілікті жүктейді. Мемлекеттік шекараны күзету әрбір азаматтың абыройлы ісі екендігін естен шығармаған жөн.

ТӘЖІК-АУҒАН ШЕКАРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ШЕКАРАШЫЛАР ҚАШАНДА ҚЫРАҒЫ

Осыған дейінгі жазылған жолжазба­мызда айтып өткендей біз Қазақстаннан барған арнайы топ келген күн­нің ертесімен тағы да екі шағын топқа бөлініп, Қалай-Хумбтың оң қанаты мен сол қанатына жол тарттық. Топ жетекшісі Ю.В.Горбунов, топ мүшелері, батальон коман­дирі Г.В.Игнатенко, подполковник М.Беламанов және осы жолдардың авторы бар, барлығы 4 адам Подкуноб бекінісін бетке алып тартып кеттік.

Подкуноб аспанмен тілдескен Бадахшан тауларының бір сілемі болып табылады. Подкуноб шатқалының жері

жаз айларында тіптен құлпырып кетеді екен. Мұнда жеміс ағаштарының да неше түрі өседі. Тау өзені сарқырап ағып жатыр. Ал біз келген уақыт күздің нағыз белең алған кезі. Барлық дүние сары түске боялған. Таудың бір беткейіндегі қыстақ көрші мемлекет Ауғанстандікі болса, оған қарама-қарсы қыстақ Тәжік Республикасының қыстақтары. Қай қыстақта болмасын егінін егіп, қойын құрттап, күйбен тіршілік көрген бейбіт халық. Бұл бейбіт халыққа ешқандай саясатыңыздың керегі жоқ. Содан кейін де олар соғыс деген пәлекетті жек көреді. Подкунобтағы бақылау постысында болғанымызда жауынгерлер айтады “Бұл жердің халқы бейнетқор келеді екен. Анау таудың жазық жерлерінің бәрін өгіз жеккен соқамен жыртып тастайды да, соған егін салады. Оны күтіп, баптап, жазы. күзі екі рет егін жинайтынын көрдік” – деп. Расында бұлар өз тіршілігімен өздері күн көріп жатқан бұйығы халық.

Сонымен Тәжікстан Республикасында өздерінің әскери борышын, туысқандық көмегін атқарып жатқан қазақстандық атқыштар батальонының бір пұшпағы Подкуноб бекінісіндегі жігіттеріміздің арасында отырмыз. Алғаш боп танысқанымыз осындағы бірінші атқыштар ротасының командирі капитан Елғыз Қыдырбеков болды. Е.Қыдырбеков өзінің жастығына қарамай қандай қиын істе болсын ұтқыр, шалт қимыл танытып кететін өте іскерлігімен бізге ұнады. Ауызекі әңгімеген өте пысық екен. Өзінен гөрі өзгенің жәйін көбірек айтқанды ұнатады.

Ол айтады: “Бізде қазіргі жастар ынжық, жалқау, бойларында отансүйгіштік қасиет жоқ деп жатады. Мен оған сенбеймін. Ол өтірік сөз. Өзіңіз қараңызшы. Жаңа жолда келе жатып та, қазір де көріп отырсыз. Отанынан жырақта, таулы-тастың ортасында қандай қиындық болса да қаймықпай өз міндеттерін орындап жүргендердің бәрі де осы біздің жастар емес пе. Біз олар туралы неге ылғи да жаңсақ пікірдеміз. Мен өзімнің қарамағымдағы

жауынгерлеріме дән ризамын. Олар мені еш уақытта ұятқа қалдырып көрген емес. Қайта кез-келген кезде берген тапсырмаңды мүлтіксіз орындап, өз ойыңнан асып түсіп жатады. Біреулер айтады екен осында (тәжік-ауған шекарасында) олар ақша үшін барады деп. Ол сандырақ дер едім. Кім өзінің жанын қинап, табиғаты бөлек өлкеге ақша іздеп келеді екен. Бізді мұнда жетелеген Отанымызға, Президентімізге берген адал антымыз. Мен ойлаймын, біз бауырлас Тәжік жерін қорғап жүріп те өз Отанымыз Қазақстанның тәуелсіздігін қорғап жүрміз деп.

Осында менің жауынгерлерім өздеріне жүктелген әр түрлі міндеттерді орындап жатады. Солардың арасынан қатардағы жауынгерлер Беркінбек Темірбеков, Ғабит Ұзақбаев, Орынбай Әбсеметов, Бағдат Сержанов, Исақұлов, Жарасұлы, Алтынбаев секілді жауынгерлерді мақтасам артық мақтағаным болмас еді. Бұл жігіттердің бәрі де қалай мақтауға да тұрарлықтай.

Міне, осындай алтын асықтай азаматтары бар Қазақстанның ертең ел қорғайтын қорғанының мықты екендігіне куәгер бізбіз”.

Иә, айтса айтқандай рота командирінің сөзінде жан бар. Көздерінде жасудан гөрі оты бар жауынгерлердің қай-қайсысын сөзге таршаныз, қандай қиындықтан да болса қашайын деп тұрған жоқ. Қайта олар қайда қиындық болса, сонда баруға даяр.

Жауынгерлердің арасындағы саяси-тәрбие жұмыстары да талапқа сай жүргізілуде көрінеді. Рота командирінің тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары аға лейтенант Мырқым Әбуовтың да бұл істе өзіндік тындырып жүргендері мол екен. Жасыратын несі бар, шалғайдағы бекініске кім күнделікті жаңа газеттер әкеп беріп жатыр. Радио болса сөйлемейді. Сонда не істемек керек. Әрине, теледидар Мәскеудің каналын күнде көрсетіп тұр. Ал Алматының каналын бұл жерде көрсетпейді. Ол тіпті мүмкін емес те. Міне осындай қиындықтан шығудың

түрлі жолдарын карастырған М.Әбуов түрлі әдебиеттерді, анда-санда ел жақтан келетін ескі газет тігінділерін карастыра отырып, өз жігіттерінің сауатын ашатындай жап-жақсы оқу құралдарын жасап алған болған. Ол жауынгерлердің санасына жету үшін бүгінгі таңда болып жатқан қызғылықты соңғы жаңалықтарды қосып жіберсең, тіптен қатып кетеді.

Жауынгерлер арасында болғанда ең бірінші сұрайтының қарының тоқ па, жағдайың қалай. Әскери қызметте ешкім ренжітпей ме? Біз де осы жолы осы дәстүрлі сұрақты қойғанбыз. Аталар дәстүріне адалдықтарын танытып келе жатқан подкунобтықтар біздің бұл сұрағымызға күле жауап берген. “Жағдаймыз нашар болса, біз бүйтіп міндетімізді орындай алмас едік қой”, – деген болатын. Шындығында да мұнда азық-түлікпен молынан қамтамасыз етілген. Осы жолы да біраз азық-түлік жеткізіліп берілді. Бізді қуантқаны жауынгерлердің тазалығы еді. Қанша тау-тас кезіп жүрсе де үстері тап-тұйнақтай, жинақы. Тіптен Подкуноб шатқалында үш постыда тұрған жауынгерлердің өзіне қарап сүйсінесің. Подкуноб шатқалында орналасқан бекіністе өздерін тек жақсы қырларымен көрсетіп, жауынгерлерге үлгі болып жүрген офицерлер баршылық екен. Олардың ішінде аға лейтенант Мырқым Әбуов. Подкуноб шекара бекінісінің бастығы капитан Волошноин Валерий, взвод командирі аға лейтенант Тасбол Қадыров, старшина Ербол Құмғанбаевтарды атай кеткен жөн. Осындай жігіттердің іскерлігі арқасында мұнда ешқандай бөтен, артық ауыс әңгіме де жоқ. Бөгде қимыл, бөгде оқиға да болмаған екен. Ол да жақсылықтың нышаны болса керек.

Біз Подкуноб шатқалындағы өз міндеттерін абыроймен атқарып жатқан ерлермен қоштасып, қайтар жолға шыққанымызда қараңғылық айналаны әлдеқашан тұмшалап алған еді. Айналаң сұп-сұр, сұсты тау, аспанда жұлдыздар көрінбейді. Төменде Пяндж өзені ағып жатыр. Оның суы лай. Суың сенің неге лай, Пяндж?..

ЖОЛ БОЛСЫН, ЛЕЙТЕНАНТТАР

Құрылғанына 65 жыл толған торқалы тойын өткен жылы атап өткен Қазақстан Республикасы Шекара Әскерлерінің Әскери институтында жуырда кезекті бітірушілер тобына диплом және лейтенант шенін беру салтанаты болды.

Таңертеңгілік уақыт. Әскери институттың салтанатты жиындар өтетін алаңына Әскери институттың барлық тыңдаушылары курс бойынша сапқа тұрғызылған. Бүгінгі қуаныштың куәгерлері жас лейтенанттар ерекше құлпырып кеткендей. Әншейінде ауласына жорғалаған тышқан кіре алмайтындай тас жабық Әскери институттың есігі бүгін келіп, көрем деушілерге айқара ашылған. Мұнда бүгінгі диплом алайын деп отырған жас лейтенанттардың ата-аналары, туыстары, жора-жолдастары да келген. Алаңның орталық трибунасына Қазақстан Республикасы Шекара Әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Тоқтасын Ысқақұлы Бұзыбаев, Шекара Әскерлері бас басқармасының бөлім бастықтары, Шекара институтының басшылары көтерілді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні аяқталған соң, салтанатты жиынды Әскери институты бастығының міндетін уақытша атқарушы полковник П.Таратута қысқаша кіріспе сөзбен ашты. Содан кейін жас лейтенанттарға диплом, кеудеге тағатын белгі тапсыру салтанаты басталды. Диплом алушылар арасында Әскери институтты өте жақсы деген бағамен бітірген лейтенанттар Владимир Сенакосов пен Мұхтар Кәкімұлы бар.

Үстеріне киген әскери киімдері ине-жіптен жаңа шыққан, өздеріне құйып қойғандай жарасып тұрған жас лейтенанттар бұйрық бойынша аты-жөнін атап шақырған кезде ортаға шығып, төрт жылғы оқығандарының жемісі

– дипломдарын алып, әрі әскери қызмет етуге әзір екендіктерін білдіріп жатты.

Міне, диплом тапсыру салтанаты да аяқталды. Енді салтанатты жиынның негізгі кезеңі басталды. Әскери институт бітірушілерге арналған салтанатты жиынды аша келіп, Әскери институт бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары полковник Серік Жанашұлы Жұбқазиев сөз кезегін Қазақстан Республикасы Шекара Әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Т.Ы.Бұзыбаевқа берді.

– Жолдас лейтенанттар, күні кеше ғана емес пе еді, сіздердің иықтарыңызда шекарашылардың курсант белгісі бар жасыл погонның жүргені. Енді міне, бәрі артта қалды. Бүгін сіздер Әскери институттың кешегі тыңдаушылары жаңа лейтенанттық формада тұрсыздар, – деді генерал-майор Т.Бұзыбаев. Сіздерді алдағы уақытта шекара өмірінің қызметте қиын кезеңдері күтіп тұр. Шекара сынағы – ол оңай емес. Бәріне де көнуге, бәріне де төзуге тура келеді. Өздеріңіздің қайрат-қабілеттеріңізді, жігерлеріңіз бен міндеттеріңізді адал орындау жолында еліміздің сыртқы шекарасын күзетуге тура келеді және сонымен қатар өздеріңізге сеніп тапсырылған карамақтарыңыздағы жауынгерлердің де тағдырына қоса жауап беруге тура келеді.

Қазақстан Республикасы Шекара Әскерлерінің командованиесі сіздерге институт қабырғасында алып шыққан білімдеріңізді енді іс жүзінде көрсетеді деп үлкен сенім артады. Еліміздің шекарасын қорғауға үлкен, тың күш келеді деп сенеміз. Бүгінгі таңда Республикасы Шекара Әскерлері өзінің жаңа статусына сәйкес, замана ағымына орай алға жылжу үстінде. Қазір Шекара Әскерлерінде үлкен өзгерістер болады деп күтілуде. Еліміздің шекара шебінде тұрған әскерлердің беделі соңғы жылдары көтеріліп келеді десем артық айтқандығым емес. Олар өздерінің батыл әрі сол сеніп тапсырылған міндетке абыроймен қарайтындықтарын көрсетіп келеді.

Шекарашылар еліміздің шекарасын қорғаумен қатар ТМД мемлекеттерінің сыртқы шекарасын қорғауда да табандылықпен қызмет етіп келеді. Шекара тәртібін бұзушылардың заңсыз жолмен өтіп кетпеуін қадағалауда құс ұйқылы, сақ шекарашылар ешқашан қалғып кетпек емес. Жасыл күнқағарлы шекарашылардың арқасында үстіміздегі жылдың өзінде 79 шекара бұзушыны ұстады. Олардың ішінде өздерінің мүддесімен де басқадай арам пиғылдарымен де келушілер болғанын несіне жасырамыз. Біздің шекарашыларымыз Тәжік-Ауған шекарасында өздерінің бейбіт мақсаттағы міндеттерін орындау жолында да талапқа сай қимылдар жасап келеді.

– Жолдас лейтенанттар сөздің тоқ етерін айтқанда, сіздердің өз білімдеріңізді, күш-жігерлеріңізді қайда, қалай жұмсауға болатындығына анық көз жетеді. Сіздерден туған Отан көп үміт күтеді. Қымбатты менің әріптестерім, осыдан тура аттай отыз жыл бұрын мен де жасыл погонды курсанттың киімін киген едім. Уақыт неткен зымыран. Төрт жыл ғана емес, зымырап отыз жылдың да өте шыққанын сіздер де білмей қаласыздар. Өйткені, шекара қызметі уақытпен санасуға мұрша бермейді. Олар сағаттап, минуттап, күндер, айлар, жылдар болып өте береді. Сіздерді Қазақстан Республикасы Шекара Әскерлерінің командованияесі атынан, жеке құрам атынан, барлық әскерилер атынан және жеке өзімнің алғашқы офицерлік атақ – лейтенант шенінің берілуімен шын жүректен құттықтаймын.

Қазақстан Республикасы Шекара Әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Т.Ы.Бұзыбаевтың сөзінен соң Шекара Әскерлері Әскери институты бастығының міндетін уақытша атқарушы полковник П.Таратутаға сөз берілді. Әскери институты бастығының міндетін уақытша атқарушы бүгінгі институт қабырғасынан шыққан жас лейтенанттарға сәт-сапар тілеп, алдағы уақыттарда Отанымыздың шекарасын қорғау жолында үлкен беделге ие

болып, институт атына кір келтірмеуге шақырды. Әскери институт бастығынан кейін ата-аналар атынан сөз алған Галия Сүлейменова:

– Құрметті офицерлер, жас лейтенанттар, ата-аналар бүгін бізде өте қуанышты күн. Мен сіздердің барлықтарыңызды осы қуанышты күнмен шын жүректен құттықтаймын. Барлығыңызға сәт-сапар тілей отырып, жанұяда табысты болыңыздар демекпін. Сіздердің аспандарыңыз ашық болсын. Мен ата-аналардың атынан Әскери институт ұжымына үлкен рахметімді айтып, алғысымды білдіремін.

Жас лейтенанттар атынан сөз алған Нұрлан Асылханов өз жолдастары атынан Әскери институттың ұстаздар ұжымын, командованиесіне алғысын айтып, еліміздің шекарасын қорғауда ел сенімінен шығатындарын білдірді.

Шекара Әскерінің Әскери институты бастығының орынбасары полковник С. Жұбказиев институтты бітірушілерге арналған салтанатты жиынды жабық деп жариялаған соң еліміздің Әнұраны ойналды. Аланда тұрған Әскери институттың тыңдаушылары алаңнан салтанатты түрде сап түзеп, шеру тартып өтті. Сапта тұрған жас лейтенанттарға ата-аналарының, туыстарының құттықтауына болады деуі сол-ақ екен, тиын жаңбырша жауды. Ата-аналар мен жас лейтенанттар қауышып, бір-бірімен қуаныштарын бөлісуде. Алқызыл гүлдер аланды жауып қалды. Ендеше, төрт жыл бойғы оқу оңай емес. Оның үстіне міне, жап-жас офицер болып, елінің, ата-анасының үлкен сенімін арқалап отыр. Алда әлі талай ұзақ жол бар. Сол жолдан таймай, елге берген Анттан аттап кетпеу керек.

Осы қуаныш үстінде біз Әскери институтты бітірушілердің ата-аналарын, жас лейтенанттардың өздерін сөзге тартып, пікірлерін білген едік.

Әбдірахманова Рысты Үлкенқызы:

– Балам Әбдірахманов Қуандық осында институтты бітіріп отыр. Өзім Ақмоладан келдім. Өзім зейнеткермін. Балам үш қыздан кейінгі ұлым. Балам жақсы бітірді деп

ойлаймын және өте ризамын, көңілім өсіп, көркейіп тұр. Енді не тілек айтуға болады. Баламның алдына қойған мақсатын ойдағыдай орындап, арманына жетсін деп тілеймін. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болса екен.

М.Жақсыбаева:

– Бүгін менің немерем осы институтты бітіріп отыр. Өзім зейнеткермін. Немеремнің аты-жөні Нұрлан Серғазыұлы. Өзіміз Семей қаласынанбыз. Немереме өте ризамын. Алдағы уақытта осы қарқынынан, талабынан таймаса алға қойған мақсатын орындайды деп сенемін. Не тілесе де тілегіне жетсін. Біз өте қуаныштымыз. Бүгін немеремнің диплом алған қуанышына ортақтасып отырмын. Алдағы уақытта табыс, қуаныш тілеймін. Армандаған арманына жете берсін. Осы айтқандарым Алланың құлағына шалынсын.

Лейтенант Қойшыбаев Сәдуакас Марленұлы:

– Өзім Алматы облысы Қаскелен ауданынанмын. Мен отбасында бірінші болып, әскери киім киіп, офицер атағын алып отырмын. Сондықтан да бұл маған бір жағы қуаныш, бір жағы үлкен сын. Өзіме өте ризамын. Шекарашы офицер болудың онай емес екендігін білемін. Қандай сын болса да қиындық болса да төземін, төтеп беремін деп сенім білдіремін.

Шекарашы офицерлердің бұл күнгі салтанатының соңы спорттық ойындар мен ән мерекесіне ұласты. Әскери институттың стадионында ән-би ансамблі, “Теремок” клубының жас өнерпаздары өз өнерлерін көрсетті. Әскери институттың офицерлері мен тыңдаушылары арқан тарту, кір тасын көтеру, қашықтыққа жүгіру, эстафеталық жарыс секілді спорт түрлерінен жарысты. Қарауыл иттердің өнерін тамашалады жиналған көпшілік. ДОСААФ-тың авиация бөлімінің қызметкерлері де бұл күні құр келмепті. Олар да жиналған жұртшылыққа өз өнерлерін көрсетті. Республикалық Ұланның жауынгерлері сапта жүру, қарумен жүріп, тұру ережелері бойынша өз өнерлерімен елді тәнтгі етті.

Иә, осылайша, Қазақстан Республикасы Шекара Әскерлері Әскери институтын бітірушілердің кезекті легін салтанатты түрде шығарып салу рәсімі кешке дейін созылды.

Жол болсын, жас лейтенанттар! Сендерді алда Отан шекарасы күтіп тұр. Ел тыныштығын күзетуде ел сенімін абыроймен атқарындар.

МАҚПАЛ САЛҒАН ӘНДЕР-АЙ

Мамыр айының мамыражай күндерінің бірінде астанамыз Алматыда, Республика сарайында халқымыздың жезтаңдай әншілерінің бірі, Қазақстан Халық әртісі, Қырғызстан Мемлекеттік, Қазақстан Жастар Одағы сыйлықтарының және де көптеген бүкілдүниежүзілік, бүкілодақтық, республикалық байқаулардың лауреаты Мақпал Жүнісованың концерттік кеші болып өтті.

Көптен бері түнеріп, ашылмай тұрған мамыр күні сол күні жайдары, ашық мінез танытты. Күн шайдай ашылып, гүлдеген жиденің жұпар иісі ауаны баурап алған еді. Алматының ақ жауынынан соң әсем астана қайтадан гүл жайнап шыға келген.

Біздің мақпал үнді Мақпал әншімен таныстығымыз сонау жетпісінші жылдардың аяғы мен сексенінші жылдардың басында болатын. Сол кездерде Қазақ теледидарынан жазушы ағамыз Сәкен Жүнісов “Кеш жарық” деген әдемі бір хабарды жүргізетін. Әрбір апта сайын берілетін бұл хабарды көрермен асыға күтуші еді. Сол қызықты хабардан бір күні Сәкен ағамыз екі бойжеткенді таныстырып, бірін композитор, бірін әнші деді. Композитор деген бойжеткен күйсандықтың жанына барып оны жәйлап ойнай бастады. Ал әнші деген бойжеткен күйсандыққа қосылып, сызылта ән бастады. Артынан білдік, композитор бойжеткен бұл күн де атақты сазгер Ақтоты Райымқұлова екен де,

жас әнші осы Мақпал қыз Жүнісова екен. Мақпалдың сол жолы көгілдір экранға бірінші рет шығып, ағалары Бәкір Тәжібаевтан, Сәкен Жүнісовтан ақ бата алған беті болатын бұл.

Міне содан бері санап отырсақ, он алты жаз, он алты қыс өтіпті. Сол кездегі өмірге келген қыз бала бой жетіп, ұлдар жігіт болыпты. Шіркін уақыт. Мақпал да содан бері кіші сахнадан үлкен сахнаға жолдама алып, халқын әсем әндерімен сусындатып, рахаттандырып келеді. Осы жылдар бір кездегі жас әнші үшін өсу, өрлеу жылдары болды. Алған бетінен қайтпайтын алғыр қыз хылқы қадірлеген сүйікті әншіге айналды.

Астананың қақ төріне орналасқан Республика сарайында Мақпалдың өнеріне жиналған халықта шек болған жоқ. Залда ине шаншар бос орын жоқ. Концерттің алдында байқағанымыз, сыртта артық билет іздеп сабылғандар онда да аз емес еді.

Сонымен концерт те басталды. Концертті жүргізуші “Тамашаның” тарланы, Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі Токсын Құлыбеков сахнаға бүгінгі кештің иесі Мақпал Жүнісованы сахнаға шақырды.

Елінің еркесі Мақпал сахнаға жарқ етіп шыға келгенде зал толы көрермен аяғынан тік тұрып, қол ұрып құрмет көрсетті. Мақпал өзінің концертінің беташарын Серік Тұрғынбеков пен Ғалымжан Тамендаровтың “Туған ел” әнімен бастады. Өзінің сыңғырлаған дауысымен бабында екендігін бір байқағандай болған әнші әуенді-аспапты ансамбльге қосылып, бұрын айтылмаған біршама жаңа әндерін шырқады. Олардың ішінде Марат Илиясов, Лена Әбдіхалықова сияқты жас сазгерлердің де әндері бар екендігі көңіл қуантады. Біздің жалпы концерт бойында бір байқағанымыз, Мақпал ән репертуарында кез-келген автордың әнін қоса бермейтіні болды. Қай әнді айтса да жанын жеп айтатын және соған беріле айтатын Мақпалдың бұл қадамын құп көрдік. Оның

жаңа әндерінің ішінде ойнақы да, мұнды, сазды да әндер жетерлік екен.

Міне, Мақпал ортаға өзіміздің көзіміз әбден үйренген бүрмелі көйлегімен, қос ішекті домбырасымен шықты. Домбыраның құлақ күйін келтірді де, бір-екі рет Кенен атаның он жаспен жүз жасқа дейінгі термесін термелетіп жіберді. Залдағы көрермен термеге де, терменің сөзіне де, Мақпалдың дауысына да мәз. Бұдан соң әнші Мұқағали Мақатаевтың қазақтың ақын қызы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы Фариза Оңғарсыноваға арнаған “Фариза-Фаризажан” әнін (әні Әбиірбек Тінәлиевтікі) нақышына келтіре орындаған кезде зал сілтідей тынды. Кейбіреулер көзіне жас алып та жатты. Мақпал домбырамен бірнеше ән шырқады. Мына нарық заманында тарығып жүрген көрермен Мақпал домбырамен ән салғанда бір серпіліп қалды десек артық айтпаймыз.

Кештің сәнін келтірген тағы бір ұтқыр қойылымды айтпай кетсек, күнә болар. Ол республикамыздың әр түкпір-түкпірінен келген Мақпалдардың өнер көрсетуі болды. Онда да жәй Мақпал ғана емес Мақпал Жүнісовалар. Алғашқы болып, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданынан келген Мақпал Жүнісова Мақпал әпкесіне арнаған арнау өлеңін оқып берді. Одан соң Алматы қаласындағы №4 мектеп-интернатта оқитын Мақпал Жүнісова халық әні “Айқаракөзді” тамылжыта шырқады. Ал, көкшетаулық Мақпал Жүнісова Латын Америкасының “Ламбада” биін биледі. Сахнада өнер көрсеткен қай Мақпал болмасын болашақта да өнерпаз Мақпалдардың өсіп келе жатқанын көрсетті.

Мақпал Жүнісова көп балалы отбасынан шыққаны белгілі. Мақпалдың өз бауырлары да өнерпаз екен. Сіңлісі Арай Жүнісова да сахнада домбырамен ән айтып берді. Дауысы құдды Мақпалдікіндей.

Мақпал соңғы кездері қазақ әндерін айтумен қатар, орысша әндер айтуға да көшкен екен. Ол қадамы да

жаман емес. Несі бар, көрермен жылы қабылдап жатса, орыс әндерін айтуда Мақпалға жарасып тұрған жоқ па. Осы концертте де Мақпал көрермендер сұрауына орай бірнеше орыс әндерін шырқады. Ал соңғы кезде жас сазгер, әнші Ержан Байкозовпен қосылып, бірнеше ән айтып жүргенін көгілдір экраннан көрген едік. Осы жолы да осы жігіт екеуі қосылып, тамаша әндер орындап, көрермен көңілінен шықты.

Мақпал Жүнісованың концертіне арнайы келген Қазақстанның Халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың, Қазақстан Жастар Одағы, Физули атындағы бүкілдүниежүзілік сыйлықтардың лауреаты, акын, “Балдырған” журналының редакторы Тұманбай Молдағалиев әнші қарындасына арнаған өлеңін оқыды. Өз рахметін айтты. Балетмейстер Болат Аюханов құттықтап гүл шоқтарын ұсынды.

Республика сарайында тамаша бір ән тойы өтті сол күні. Үш сағатқа созылған ән кешінен шыққан көрермен халық түнгі Алматыны бастарына көтере “Шіркін Мақпал салған әндер-ай” деп бара жатты. “Кей кештерден шаршап шығасың ғой. Ал мына ән кешінен керісінше қанатыңа қанат байлап, қуатыңа қуат қосып, бір тынығып қайтып барасын”, – деген жылы сөздер де естіліп қалады арасынан.

Иә, өнер құдіреті деген осы ғой. Қашанда өнерді сүйген, өнерді кастерлеген өнер адамдарын пір тұтқан халықпыз ғой. Жезғандай әнші Мақпал Жүнісоваға да бұл күнгі өнер сүйгіш қауымның алғысы ұшан-теңіз еді. Соны паш еткендей Алматы түнін торлап алған ала бұлттан жауын тамшылары тырс-тырс тама бастаған. Бірақ ешкім үйіне асығар емес...

ТУҒАН РЕСПУБЛИКАҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІЗ

Кезінде Кеңестер Одағының айбынды Армиясы өзін оккупациялаған Армия емес, керісінше, қорғаныс мақсаттағы Армия деп қанша дәріптесе де бұл айбынды Армиядан дүниежүзіндегі азулы мемлекеттердің өзі қаймығатын. Сол азулы мемлекеттерді ауыздықтай білген Армиядан осыдан бес жыл бұрын тәуелсіз елдің жаңадан тәй-тәй басқан қорғаныс әскеріне қалған мұра не еді? Ол шашылған әскери техника, тоз-тоз болған, тоналған әскери казарма, әскери объектілері болатын. Одақ тарардан сәл уақыт бұрын шығыстағы ұлы көршіміз Қытай мен арадағы жылымыққа байланысты Орта Азия Әскери Округі таратылды да, оған қаратылып келген әскери құрамалар мен бөлімдер түгелдей Түркістан Әскери Округіне берілді. Ал мызғымас Кеңестер Одағы тарих сахнасынан кеткеннен соң Түркістан Әскери Округінің ешкімге керегі болмай қалды да ол өзінен-өзі өмір сүруін тоқтатты. Міне сол Түркістан Әскери Округінің Қазақстанда орналасқан 10-Армиясы және де көптеген әскери құрамалар, бөлімдер, бөлімшелер негізінде Республика Президенті Н.Назарбаев Қазақстан Республикасының қорғаныс қажеттілігін атқаратын алғашында Қорғаныс Комитетін, соңыра Қорғаныс министрлігін құруға Жарлық берді. Өзі алғаш құрылған күннен бастап оның Бас колбасшысы болып келе жатқан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы бес жыл ішінде Қазақстан Қарулы Күштерінің аяғынан нық, тік тұрып кетуіне барлық жағдайды жасады және де жасап келеді.

Сол Кеңестік мұрадан қалған шашылған дүниені қайтадан қалпына келтіру, тарихи өзгеріске байланысты тарихи Отанына кеткен әскери кадрлардың орнын бес жыл ішінде түгендеп толтыру, әрине, тек айтар ауызға ғана жеңіл болғаны белгілі. Әйтпесе осы бес ғасырға бергісіз бес жыл ішінде ешкім бізге сырттан ештеңесін әкеп бермегені де белгілі.

Сол 1992-1993 жылдар біздің өз көзімізбен көрген, күз болған кезеңдерді бір сәт көз алдымыздан өткізіп көрейікші. Құлазып қалған әскери гарнизондар. босқа қалған пәтерлер. Әскердегі былықтар. Жауынгерлердің әскерден кашуы, неше түрлі қылмыстарға бой ұру. Бәрі-бәрі мипалау болып араласып кеткен қоғамның кері әсері еді. Сол кезде ел Президенті өте көрегендік жасады. Егер көрегендік жасамай, ел қорғанысының тізгініні тәжірибелі колбасшы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Кеңес Одағының Батыры (кейіннен №1 Қазақстан Халық қаһарманы) армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовке бермей басқа біреудің қолына ұстата салғанда онсыз да құлдырап тұрған әскеріміздің жағдайы не болар еді. Генерал С.Нұрмағамбетов жасыратын не бар, нөлден басталған дүниенің іргетасын құйып, қабырғасын берік қалады десек еш қателеспейміз. Қазір іргетасының, негізінің беріктігіне байланысты тәуелсіз елдің Армиясы бірқатар дамыған елдердің армиясы қатарында екендігіне ешбір талас жоқ. Соның айқын айғағы бауырлас ел Тәжікстанда өз қызметтерін өтеп жатқан қазақстандық жауынгерлердің ерлігі. НАТО-ның Бас Хатшысының Алматыда болуы, қазақстандықтардың Америка Құрама Штаттарындағы, Орта Азиядағы бітімгерлік батальондар құрамындағы әзірлікке қатысуы. Солардың құрамында жаттығу өткізуі. Айта берсеңіз, осы бес жыл ішінде әскеріміздің беделі үшін атқарылған істер баршылық екен.

Әлбетте, кез келген мемлекеттің егер ол қорғанысқа дайын болмаса өмір сүре алмайтыны белгілі. Егемен ел болдың ба, онымен коса әскері де болуы заңды. Ал қорғану үшін оның нақты әскери доктринасы, ұлттық қауіпсіздігінің тұжырымдамасы болуы тиіс. Осы жағынан келгенде бізде қалай деген заңды сұрақ туары сөзсіз. Біздің әскери доктринамыз қорғанысқа бағытталған, оған бейбітшілік сипаты тән. Қазақстан қандай да бір әскери топтар құруға тіпті де ұмтылмайды. Керісінше

олардың басқа аймақтарда мүлдем болмауына күш салады. Оның басты мысалы етіп Қазақстан-Қытай шекарасындағы демилитандыру жөніндегі Қытаймен ынтымақтастық орнату мәселесін айтар едік. Өткен жылы Қытайдың Шанхай қаласында, үстіміздегі жылғы Мәскеу қаласындағы Ресей, Қытай, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан арасындағы шекаралар ауданында Қарулы Күштердің санын қысқарту туралы Келісімдері де бейбіт сүйгіш Қазақстан Республикасының ұстап отырған саяси бағытын айқындап берсе керек.

Әскердегі тәртіп, жалпы жағдай жылдан жылға жақсы жағына қарай қалыптасып келе жатқанын тілге тиек ете кеткен жөн. Армияда реформа қарқын алып келеді. Бір кездерде бүкіл баспасөз жарыса жамандап жазатын әскерилер өмірі бұл күнде енді тек жаман жақтарын емес, жақсы жақтарын да көрсететін дәрежеге жеткен. Рас, әлі де болса шешімін таппай жатқан проблемалар жетерлік. Бірақ көш жүре түзеледі деген емес пе. Әлі де болса калыпқа келтіретін күн тәртібінен түспей тұрған мәселелер төңірегінде аз айтылып та, жазылып та жүрген жоқ.

Бес жыл ішінде кеткен кемшіліктерді сараптай отырып, көптеген игі істерге қол жетіп келеді. Солардың бастысы көптен бері кемшіліктің көкейінде жүрген көкейкесті мәселе әскер қатарына азаматтар шақыру еді. Жуырда оның да оңтайлы шешімі табылды. Мәселе екі жаққа да тиімді етіп шешілді. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің ұйғарымы бойынша әскерге шақыру бабында біраз өзгерістер болды. Мысалы үшін әскерге шақырылушыларды региондарға бөліп-бөліп шақыру дегенді қалай түсінуге болады. Бұған дейін әскерге шақырылып келгендер кім қай жерден шақырылса да бұйрық болған жерге түсетін. Енді олай емес. Енді оңтүстік өлкеден шақырылған азаматтар оңтүстік облыстарда, солтүстік өлкеден шақырылғандар солтүстік облыстар аумақтарында әскери

қызметін өтейтін болады. Неге десеңіз, кең байтақ Қазақстан территориясының климаты әр аймақта әр қилы. Оңтүстіктің жазы ұзақ, қысы жылы болып келсе, солтүстікте керісінше қысы ұзақ, жазы қысқа әрі салқын болып келеді. Осыны ескере келе жігіттердің климаттық аймаққа бейімделуі ұзақ әрі қиындау болып келетін болғандықтан да оларды өз региондарына сай шақыру тиімді болмақ. Екінші бір жаналық – бір әскери бөлімге бір облыстан шақыртылған азаматтарды топтап түсіруге жағдай жасау. Бұл эксперимент бұған дейін сынақтан өткен. Өткен жылдардағы бір шақыртуда Екібастұз қаласынан шақыртылған азаматтарды бір әскери бөлімге орналастырады. Нәтижесінде не болды дейсіз ғой. Өте тамаша. Нәтиже өз жемісін берді. Бұл әскери бөлімде жершілдікке бөлініп төбелесу, әскерден қашу сияқты келеңсіз көріністер сап тиылды. Керісінше, бір қаладан шақырылған азаматтар өздерінің әскери борышын қазір тамаша өтеп жатыр. Ал Екібастұз қаласының әкімшілігі бұл әскери бөлімді шефтік қамқорлыққа алған. Өздерінің жерлестері қызмет етіп жатқан бұл әскери бөлімге бірнеше рет сыйлықтар тарту етті. Міне, сондықтан да биылғы көктемгі шақырту кезінде бұл экспериментті одан әрі жалғастырып, облыс-облыстан шақыртылған азаматтарды жұбын жазбай бір бөлімге түсіру іске асырылмақшы.

Кеңес Одағы тұсынан пайдаланылып келе жатқан жалпыға бірдей әскери заңда үйленген, екі баласы бар азаматтар әскер қатарына шақыртылудан босатылатын. Енді бұл заңға да өзгеріс енгізіліп отыр. Яғни, енді үйленген азаматтардың бір баласы болса, ол әскер қатарына шақыртылмайды. Ал, үйленген, бірақ бірақ баласы жоқ азаматтарды шама келгенше өздері тұратын мекен-жайға жақынырақ орналастыруға жағдай жасалынбақшы.

Міне, үстіміздегі жылғы көктемгі шақырту өзінің осындай үлкен-үлкен өзгерістерімен басталып отыр. Мұндай

игілікті істер біздің Отан қорғаушы азаматтарымыздың өздерінің борышын алаңсыз атқаруы үшін жасалынып отырғаны түсінікті.

Қазақстан Қарулы Күштеріне қарасты Республика Шекара Әскерлерінің сардарлары мен сарбаздары да өздерінің төл мерекесін лайықты табыстармен қарсы алды. Еліміздің шекара шебінде күзетте тұрған шекарашылар ел Президенті мен үкіметіміздің алға қойған міндеті мен мақсатына сай қызмет етіп жатқанын мақтанышпен айта аламыз. Шекара күзетінде шекара отрядтары мен застава-ларында қырағылық күннен-күнге арта түсуде. Солардың қатарында генерал-майор Х.Берқалиев, полковниктер Ә.Ілиясов, В.Жучковтар басқаратын әскери бөлімдер мен офицерлер Тимур Кәрімбеков, Тұрғанбек Стамбеков, Арман Жармағанбетов сияқты шекарашы офицерлер әскерилер арасында үлгі тұтарлықтай өз қызметтерімен көзге түсіп келеді. Егемен елдің шекарасы да берік деп нық сеніммен айтуға болатынын жасыл күнқағарлы шекара-шылардың бүгінгі қызметтерінен-ақ көруге болады.



САМҒАЙ БЕР, “ШЕКАРА ҚЫРАНДАРЫ”

Сіз тау қыранының өз балапанының қалай баулитынын көргеніңіз бар ма? Тау қыраны еркіндікті, жүректілікті, сұстылықты өзіне серік еткен тау тағысы ғой. Сол қыран қанаттанған балапандары ұядан ұшып шығуға қорқақтап бұғып жатқан кезінде қанатымен итеріп-итеріп құз басындағы ұясынан төмен қарай құлатып жібереді екен. Ұядан еркінен тыс құлап түскен қыран балапаны осылайша ұшуға үйренетін көрінеді. Бұл да болса тәкаппар тау қыранының өз ұрпағын ерлікке, батылдыққа баулуының ең басты шыңы болса керек.

Тау қыранының жағдайы әлгіндей екен, тау баласы ше. Тау баласы тау тағысы секілді тауға қарап өседі. Тауда өскен бала, бұла боп өседі деген сөз бекер болмаса керек. Мен де Парменді алғаш көргенде сол тау қыранына баладым. Оның қай қасиеті болмасын, тау ұлына лайық еді. Тау қыраны талмай, ұзаққа, сонау биіктерге самғай ұшса, біздің кейіпкеріміздің де ұшар биігі, алар асуы әлі алда. Мүмкін бұған дейін алған асуы да бар шығар. Бірақ қырандар қашанда сол биікте қалады емес пе.

1993 жыл болатұғын. Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің жаңадан құрылып, енді-енді аяғынан тік тұрып келе жатқан кезеңі еді. Алғашқы қиындықтар артта қалып, кететіндер кетіп болып, енді тек қолдағы бар мүмкіндікті пайдалана отырып, шекара жағдайын жақсарту жұмыстары қызу жүріп жатқан кез. Осы қысылтаян кезде Шонжы шекара отрядына басшылыққа келген іскер жігіт полковник Ә.Илиясов отрядтағы тәртіпті, кадр мәселесін бір ыңғайға келтірген соң отрядтың мәдени өміріне де ден қоя бастады. Қараусыз қалған клуб үйі жөнге келіп, енді ансамбль мүшелерін жасақтау күн тәртібінде тұр еді. Отряд командирінің есігін имене ашып кірген ұзын бойлы, кара торы, арық сіліңгір жігіт біраз бой үйретіп алған соң Әбекеңе аспай-саспай өз жағдайын баяндаған.

Ал, Әбекең болса “сен өз жағдайыңды кейін айта жатарсың. Қолыңнан не келеді. Аспаптарда ойнай аласың ба? Ансамблді аяғынан тік тұрғыза аласың ба?” – мәселеге төтесінен көшкен еді. Келген жігітте қайтпас кайсардың бірі екен. “Әбеке-ау, мен де сол жөнінде айтайын деп келе жатқан жоқпын ба”, – деп миығынан күлген.

Сол командирде болған әңгімеден кейін, бұл күнде атағы бүкіл республика шекара әскерлеріне кеңінен тараған “Шекара қырандары” ансамблінің тұсауы кесіліп негізі қаланған еді. Ал, сол ансамбльдің тұсауын кескен өкіл әкесі Әбдіразақ Ілиясов болса, ансамбльдің шыныкер әкесі Пармен Сатыбалдиев еді.

Парменнің өзі айтады. – Мен 1993 жылы отряд командирі Ә.Ілиясов пен командирдің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары полковник В.В.Абрамовтың ықпалымен отрядқа әскери қызметке келген едім. Өзім өнер адамы болғандықтан, маған отрядтың бұрыннан бар, бірақ қараусыз қалған ансамблінің жұмысын жолға қою міндеті жүктелді. Рас, ансамбльдің аты бар. Бірақ заты жоқ. Аты да анау-мынау емес “Кристалл” деп аталады екен. Сол “Кристалл” ансамблі сол атпен 1995 жылға дейін жүрді. Яғни сол атауды өзгертпестен біз басқаша жағдайда басқаша ансамбль құрдық. Алғашында әрине оңай болған жоқ. Көп аспаптар жетіспейтін. Бар аспаптардың өзінің тозығы жеткен, тіптен кейбіреулерін жоғалтып та алған. Содан көп жылғы тәжірибемнің осында көп көмегі тигенін несін жасырайын. Өнерге қабілеті бар деген азаматтарды ақырындап ансамбль қатарына тарта бердік. Басында 3 адам болды. Келе-келе 6 адамға жетті. Сарбаздар арасынан өнерлі жастар келіп көмектесіп жүрді. Біздің аяқ алысымыздың тәуір екендігіне, ертеңгі болашағына көзі жетті ме, отряд басшылары су жаңа, соңғы үлгідегі музыкалық аспаптар, аппаратуралар сатып алып берді. Оларына мың да бір рахмет. Еңбегің жанып, оның бағалана білгені қандай жақсы.

Иә, азғана уақыт ішінде сарыауыз балапаннан қыран боп самғап ұшқан “Шекара қырандары” ансамблінің жетекшісі Пармен Тәліпұлы кім еді. Ол осы өлкенің төл баласы. Туып-өскен жері Шонжы ауылы. Мектепте жүргенде-ақ өнерге әуес, музыкалық қабілеті зор болған Пармен мектеп бітіргеннен соң әскери борышын Германияда өтеді. Осында жүріп өнерпаз жас “Десант” аспапты-әуендер тобының сапында өнер көрсетеді. Ол кезде бұл топтың атағы бүкіл Кеңестер Одағы бойынша әскери бөлімдер арасында дүрілдеп тұрған болатын. Сол атағы жер жарған топтың мүшесі бола білу екінің бірінің маңдайына жазыла қоймайтыны тағы анық.

Мерзімі бітіп, әскер қатарынан оралады да келе өнер өлкесіне жүзіп жүре береді ғой. Құдай берген талант бар. Он саусағынан бал тамып тұр, әншейін. Би дейсіз бе, күй дейсіз бе, ән дейсіз бе, музыкалық аспаптарда ойнау дейсіз бе, кез келгеніне салып, сынап көріңіз. Қамшы салдырмайды-ау сабазың. Алғашында аудандық мәдениет үйінде жай ғана гитарда ойнаушы болып жүрді. Балапан қанат қатайды. Парменнің ұйымдастыруымен ұйғыр халық ән-би ансамблі “Бахор” дүниеге келді. Енді бұрынғыдай емес, Пармен Тәліпұлының аты жер-жерге таныла бастады. Яғни, “Бахор” ансамблін Пармен елге таныта білсе, “Бахор” Парменді елге танытты. Кейін талантты жігіт Республикалық ұйғыр халқының “Арзу” ән-би ансамблінде қызмет етті. Ол тек сол бір ансамбльдің көлемінде шектеліп қана қойған жоқ. Ол балалар бақшасында, кәсіптік-техникалық училищелерде де өз өнерінің нәтижесін көрсетіп, оларға қол ұшын беріп жүрді.

Бұрынғы “Кристалл” ансамблі 1996 жылдан бастап “Шекара қырандары” деген атқа ие болды. Қырандар десе дегендей, ансамбль қатарына кілең сайдың тасындай іріктелген өнерпаз жандар жиналды. “Арзу” ансамблінен Парменнің шақыруымен Исмаил Юсупов келді. Ол

ритм, соло гитарда ойнайды. Шымкенттің мәдени-ағарту институтының түлегі Нұрлан Букешов ансамбльдің тұрақты мүшесіне айналды. Үрмелі аспаптардың шебері Мұрат Хитяков та көрермендер алғысына ие. Ансамбльдің әншісі Бақыт Сауранбаев тек ән айтып қана қоймайды. Ол ән текстерін жазумен де шұғылданады. Яғни, ансамбльдің жас ақыны. Таяуда ансамбль құрамы тағы бір жас әншімен толықты. Ол Шонжы орта мектебінің 9-сынып оқушысы Лаура Жұмакеева. Лаура болашағынан көп үміт күттіретін жас. Дауысы сондай сыңғырлап тұр. Тек көп ізденіп, көп тер төге білсе, тоқырап қалмаса болғаны. Міне ансамбль құрамында осындай өз өнерлерімен көрермендердің қуанышына бөленген жайсаң жандар жетерлік. “Шекара қырандары” ансамблі отрядқа қарасты барлық шекара заставаларында болып, өз өнерлерін көрсетіп қайтты. Сол сияқты аудан орталығы Шонжы ауылында да бірнеше мәрте концерт берді. Тіптен 22 наурыз, 9 мамыр, Республика күні сияқты мерекелер “Шекара қырандарынсыз” өтпейді десек өтірік емес. Жуықта ансамбль Нарынқол бағытындағы шекарашыларға концерт қойып қайтпақшы. Ансамбль жетекшісінің айтуынша, жол жөнекей Нарынқол. Кеген ауылдарында да өз өнерлерін көрсетіп қайтпақ ойларында бар. Несі бар, өнер көпке ортақ деген. Жақсы істің олар да куәсі бола білгені жөн.

Біз Шонжыға барған кезде қар сүбесі әлі сөгіле қоймаған ақпан айының аяқ шені еді. Содан бері де айдан астам уақыт өтіпті. Қазір гүлге оранған көктем айы, көкек айы. Осы мақала жазылып жатқан кезде “Шекара қырандары” мүмкін ел күзетінде тұрған шекарашылар ортасында жүрген болар. Сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз жан Пармен Тәліпұлы Сатыбалдиевтің жігіттері мен қыздары тау-тасты кезіп, қырандар мекендеген өлкені әнге бөлеп жүрсе ер еңбегінің жемісінің жанғаны. Қазіргідей мына қиын заманда елдің еңсесін әнмен,

жырмен көтеріп, ел алғысына бөлену де өзінше бір ғанибет емес пе.

Еңдеше, іске сәт, “Шекара қырандары”! Әркашан самгай беріндер, қанаттарын талмасын.

КӨКТЕМ КЕЛДІ ГҮЛІН АЛЫП

Келді көктем гүлін алып, табиғаттың жырын алып. Шіркін, көктем. Сені кім жырламаған, кім әнін арнамаған. Сен туралы жазылар ән де, жыр да мәңгілік таусылмас, сірә. Аяулы акын, ақиық акын Мұқағали Макатаев, көктем деп, сол көктемді мәңгілік жырына айналдырып, сол жыр тәңірі төрінде мәңгілікке қалған жоқ па еді.

Жыл маусымының тамаша бір осы кезені расында ғажап-ау. Бәрін айт та, бірін айт, сол гүл көктеммен бірге келер Наурыз көжені айтсанызшы. Әлі есімде, күні бүгінге дейін сол қаз қалпында көз алдымда. Көктем айы туа. Наурыз келе апам марқұм жерошак қазып, келіге салып бидай түйіп, сол түйіліп, ақталған бидайға қыстай сары майдай сақтап келген соғымның сүр етін қосып, қала берді құрт-ірімшігімен, айран, қатығын қосып: бір қазан етін Наурыз көже пісіретін. Ішсен тіл үйірілер, құнарлылығы мен дәмділігіне айтып сөз жеткізгісіз сол көжені “құдайы көже” деп те айтып жатушы еді. Ол кезде бүгінгідей Наурызды ашық-жарқын тойлау қайда-а-а-а. Біз төменгі кластың оқушылары халықта наурыз деген мереке бар екендігін білмек түгілі естігенде емеспіз. Бірақ әлгі апаларымыз жарыса жасайтын Наурыз көжені таласатармаса түгін қалдырмай ішіп алатынбыз.

Шіркін, қазақы көңіл-ай десеңізші. Сөйтсек, әкелеріміз бен аналарымыз өздерінің сона-ау балалық шағында қызық думан етіп өткізетін Наурыз тойларын еске алады екен ғой. Сол дәстүрді ашық айта алмай, баяғыша тойлай алмай әйтеуір дәм ғой, ас қой, оған ешкім онша мән бере

коймас деп өздерін өздері алдаусыратып Наурыз көже жасап, ырымдайтынын біз сол кезде сездік пе екен.

Содан Наурыз айының ортасынан аса бере апам марқұм пісіріп, бүкіл көршінің тайлы-таяғына дейін таратып беретін. Наурыз көжесінің эстафетасын енді сол көршілердің өздері іліп әкететін. Сөйтіп, қашан сәуір аяқталғанша кезектесіп наурыз көже беру мерекесі таусылмаушы еді-ау.

Сол аналарымыз өздерінше, хал-қадірінше, атап өтпек болып жұқалап та болса жеткізетін Наурыз мейрамы араға жарты ғасыр салып ортаға қайта оралып еді. Онда да халқымыздың біртуар азаматы, ақын Мұхтар Шаханұлының қылышынан қан тамған “оқшантайдағы адам” Колбиннің қаһарынан қаймықпай, оған “Наурыз мерекесі ол діни мейрам емес, бүкілхалықтық жанару, жасару мерекесі” деп батыл айта білуі нағыз ерлікке паранар емес деп кім айта алады.

Наурыз тек жанару мейрамы ғана емес, ол жыл басы, Шығыс календары бойынша Жаңа жыл. Қорада қой қоздап, сай-салаға су толып, бәйшешек гүлдеп, көк шығып табиғат соны бір тіршілікке енетін Наурыз айында жаңа жыл келді деу қандай ұйқасып, кірігіп, жарасып тұр. Жер-Ана бусанып, жан-жануар тірлікке еніп Самарқанның көк тасы еритін кезге жаңа жыл тұспа-тұс келуі әрине табиғаттың өз заңы.

Міне, тағы бір жыл өтті. Бәрі де кеше ғана сияқты болатын. Наурыз тойын тойлап, астанада, ауылда бір мәре-сәре болғаны. Тіптен өткен көктемнің де кеткеніне бір жыл толыпты-ау. Жаныңды тебірентер гүл көктемнің құдіретіне ғашықтар да бас иген. Сондықтан да болар қолына қалам ұстап, жазу ауруына ұшырағандардың көктем туралы қалам тербеменгендері кемде-кем.

Сағындырған жыр көктемі, гүл көктемі, жан көктемі тағы келіп жетті қырқама.

Көктем, гүл көктем құтты болсын! Наурыз құтты болсын, ағайын!

ТАУҒА ШЫҚ БИІКТІКТІ КӨРГІҢ КЕЛСЕ

*Шықтым да жұттым таудан саумал ауа,
Көз салдым маңғаз жатқан маң далама.
Тауға шық биіктікті көргің келсе,
Көкесі биіктіктің тауда ғана.*

Сөз басы

Бұл очерктің кейіпкері есімі елге әйгілі ғұлама немесе әлемге аты шыққан арқалы ақын, болмаса белгілі бір әскербасы емес. Тек бар болғаны, жасы отызға әлі жетпеген, есінен әлі кешегі сарбаздың саптама етігі кетпеген, бүгінде Шонжы шекара отрядына қарасты “Қостөбе” деген шекара заставасының бастығы, небәрі аға лейтенант Тимур Кәрімбеков.

Тимурдың “Қостөбе” шекара заставасына бастық болғанына да оншама көп уақыт бола қойған жоқ. Бас аяғы бір жыл 8 ай. Бұл аз ба, көп пе оған уақыт өзі төреші. Ал бізге жас та болса бас болған застава бастығы туралы жазуға кенес берген Шонжы шекара отряды бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары полковник Валерий Васильевич Абрамов пен осы бөлім бастығының орынбасары подполковник Николай Иванович Мечетин болатын.

Біз әдеттегідей іссапарымызды осы кісілердің кабинетіне кіріп, іссапарға келу іс-жоспары, мақсатымен таныстырудан бастаған соң В.Абрамов пен Н.Мечетин “Сіздерге тәртіпті, барлық талапқа сай қызмет етіп жатқан озат застава туралы жазу керек болатын болса онда бірден “Қостөбе” шекара заставасына барғандарыңыз жөн. Бұл застава қазір мығым тұрған застава”, – деп бір ауыз сөзбен қайырған. Бізде “Ұрыста тұрыс жоқ”, – дегендей оны бара көрген жөн болар, деп, сол бағытқа жүргелі тұрған автокөліктің шаужайына жармасып, жолға шыққанбыз. Халық айтса қалт айтпайды ғой қашанда “жақсыны көрмек үшін”

деп. Жол ақысы жүрсең өнеді. Сөйтіп, Шонжыға жеткен күні-ақ жолға шығып кеткенбіз.

Балалық шаққа саяхат

Біз “Қостөбе” шекара заставасына күн екіндіге ауа келіп жеткенбіз. Жігіттер алдын-ала хабарланып қойған ба, әйтеуір бізді күтіп сақадай-сай тұр екен. Застава жағдайын кейінге қалдырып, жұмысымызды оның бастығынан бастағанды жөн көрдік. Ол да өзіміз сияқты ет пен сүйектен жаратылған адам. Ата-ана, мектеп тәрбиесін көріп өскен. Одан кейінгі өмір жолы, иә одан кейінгі өмір жолы қиындығы мен қызығы қатар жүретін әскери өмірге жалғасып келеді.

Өзі туралы айтқанды онша ұната қоймайтыны бірден көрініп тұр. Онысын біз ұяңдығына, қарапайымдылығына балап, суыртпақтап сыр тартып отырмыз.

Тимур осы өлкенің жігіті. Неге десеңіз, 1969 жылдың мамыражай көктемінде Шонжы ауылында дүниеге келген. Өзі қатарлас балалармен құлын-тайдай бірге өсіп, бірге ойнап күліп жүріп уақыт шіркіннің зымырап өте шыққанын да білмеptі. Шонжыда орыс мектебінде оқитын. Күнде осы жердегі шекарашылар отрядының кернейлеткен ертеңгілік шеруімен оянып, кешке солардың әскери сапта айтқан әнімен төсекке жатып жүретін. Кей кездері сыптай, катып киінген әскерилерге қызыға көз тастап тұрып, өзі де солардай болсам деген бала қиялының көкірегінің бір түкпіріне берік ұялап қалғанын да байқамапты.

Сол бір бала қиял мұны Алматы қаласындағы республикалық әскери мектеп-интернаттың табалдырығынан бір-ақ аттатқан. Медициналық сараптан да, емтихандарда да сүрінбей өтіп, әскери мектептің шәкірті болып шыға келді. Бұл 1984 жыл болатын. Әскери мектепке баруына ата-анасының да көп ықпалы болғаны сөзсіз. Әкесі болса Шонжыда малдәрігері, анасы өзі оқыған Шонжы орта мектебінде орыс тілі пәнінен дәріс беретін. Зиялылар

жанұясынан шыққан мұның әскери болсам деген қадамын құп алған. Содан Алматыдағы әскери мектепті 1986 жылы бігіріп шықты.

Өмірде сәтсіздіктер де жиі кездесе береді емес пе. Офицер болуға енді бір-ақ қадам қалды ғой дегенде өмір өз дегенін істеді. Әні-міне деп жүргенде Алматы Жоғары Шекара училищесіне құжат қабылдау бітіп кетіпті. Енді не істемек керек. Салып ұрып әскери комиссариатқа барсын. Ол жердегілер бұған әзірше құжат қабылдап жатқан Калининград қаласындағы Жоғары әскери теңіз училищесіне баруға кеңес берді. Және шекарашы болғын келсе, ол училищенің шекарашы факультеті бар деп қосып та қойды. Ойланып жататын уақыт жоқ, бірден келісімін берген. Сөйтіп, дәм айдап орыстың сонау түкпірдегі қаласынан бір-ақ шыққаны бар.

“Өзің жақсы болсаң, қай жерде де бір кісілік орын бар”, – деп бекерге айтпайды емес пе. Ол жерде тәртібі де, сабағы да жаман болған жоқ. Қатарының алды болды. Тіптен бір-екі рет Қазақстанға, Алматыға ауыстыруын сұрап училище бастығына рапорт та жазып көрді. Олар болса мұны жібергілері келмеді. Кім білсін, егер де сол училищедегі шекарашылар даярлайтын факультеті жабылып қалмағанда, бұл күнде ол теңізші болып шығар ма еді. Тағдыр деген қызық қой.

Заставада

Тимурдың заставаға келуінің өзі де жатқан бір тарих. Ол осында келместен бұрын алғашында Калининградтағы әскери теңіз училищесінде оқығанын айттық. Ол жерде факультет жабылған соң Тимур салып ұрып Шонжыға кайтып келіп, бір кезде өзі есігінен аттағанды арман қылатын отрядқа мерзімінен тыс әскери қызметкер болып орналасты. Одан бір жылдай қызмет еткен соң, рота командирі мұның көзінің оты бар екендігін, қайтсем де әскери болсам деген арманға берік бел байлағанын біліп, Қиыр Шығыстағы

Находка қаласындағы 5 айлық прапорщиктер даярлайтын мектепке жібереді. Оны бітірген соң өзін сол оқу орнына жіберген жіберген жерге қайтып келіп, оқу-жаттығу минометтік дивизионына келіп қызметке кіреседі.

Қай жерде, қай оқуда болмасын балаң жігіттің ойынан қайтсем де шекарашы офицер болып шығамын деген арманы осы дивизионда жүргенде орындалғандай болды-ау. Мұны рота командирі Алматы қаласындағы шекарашылар училищесіне экстернатқа оқуға жіберді. Қысқа мерзімде лейтенант атағын алып шыққан ол, енді нағыз шекарашы ретінде қызметін “Онопко” шекара заставасында застава бастығының орынбасары болып бастайды.

Міне, осы кезден бастап, жас жігіттің өсіп, өрлеу кезеңі басталады. Айналасы бір жылдың ішінде қазіргі өзі басқарып отырған “Қостөбе” шекара заставасына бастық болып, әскери шені өседі. Бірақ артқан сенімді адал атқарған ұлдан айналасың ғой. Ол бұл сенімді өзіне үлкен абырой санап, заставаны бір жылда отрядтағы, республикадағы ең үздік шекара заставасы етіп шығаруы жас жігіттің іскерлігі емей немене?!

1996 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген жан-жақты тексеруде аға лейтенант Тимур Кәрімбеков басқаратын шекара заставасы Қазақстан Республикасы Шекара Әскерлерінің “Үздік шекара заставасы” құрметті атағын жеңіп алады. Осы еңбегіне орай оған: Отрядтың Озат шекара заставасы, Озат бөлімшесіне, Озат аға нарядка вымпелдерімен марапатталып, еткен еңбек, төккен тер зая кетпейді.

Біз жас жігіттің алыстағы заставаны аз уақыт ішінде қалай алға алып шыққандығы жөнінде айтып беруін сұраған едік, қашанда аз сөйлеп, көп іс тындыруға әуес Тимур оған бір-ақ ауыз сөзбен жауап қайтарған.

– Менің мұндай дәрежеге жетуіме әрине біріншіден отряд бастығы полковник Әбдіразақ Ілиясовтың еңбегі, көрсеткен көмегі зор. Ол кісі қаталдығымен қатар адам-

дарға шынайы көмек көрсете білетін білікті жан. Содан кейін Нарынқол шекара комендатурасының коменданты аға лейтенант Жәнібек Төлебаевты айтар едім. Ж.Төлебаев қай кезде қысылсаң жаныңнан табылады. Әрқашан ақыл-кеңесін аямайды. Бірнеше жыл застава бастығы болып бай тәжірибе жинақтаған. Сол тәжірибесін бізге үйретуден жалыққан емес, – деп Тимур өзіне көмегі тиіп жүрген жандарға ақ алғысын білдірген еді.

Біз заставада болған екі күнге жуық уақыт ішінде застава өмірімен толық танысып шықтық. Застава басшылығы толықтай жас жігіттер екен. Застава старшинасының өзі көрші заставада қысқа мерзімде қызмет еткен екен. Бірақ жас болса да өз ісіне мығым. Ал застава бастығы болса жауынгерлер арасында күнделікті тәрбие, оқу жұмыстарын жүргізіп келеді. Соның нәтижесінде заставадағы шекарашы жауынгерлер бір кісінің баласындай тату-тәтті өмір сүріп, қызмет етіп жатыр. Жауынгерлер әскерден қашудың не нәрсе екенін білмейді де.

Заставаны аралап жүріп оның қосалқы шаруашылығын да көріп шықтық. Жылқыөзалдына, сиырлары, шошқалары бар екен. Қысқы мал азығын мол етіп дайындап алған. Бұрынғыдай емес, қазір көрші ұжымшарлар біреуге көмектеспек түгілі өз шаруаларын күйттей алмай кеткен жоқ па. Сондықтан бәрін де өзің жасауға тура келеді. Өткен жаз айында осы заставаны шефтік көмекке алған Кеген ауданы қатырып тұрып монша салып беріпті. Кегендіктер мұнымен қоса әр мейрам сайын келіп жауынгерлерге магнитофон, фотоаппарат, қалам-қағаз, сабын, тіс жуатын паста секілді қажетті заттар әкеліп береді екен. Шефтік көмек көрсетушілерге шекарашылар дән риза.

Шекарашы жауынгерлер арасынан өздерінің жақсы қызметтерімен көзге түсіп жүргендерді де атай кеткенді жөн көрдік. Бөлімше командирі Алмас Жалғасбаев, қатардағы жауынгерлер Виктор Головлев, Ерғанат Артықов, Руслан Сыражетдинов, Жанат Иманғазиев, Бекжан

Қаныбековтар. Озат заставада бұдан басқа да озаттардың өсіп шығатынына сенім мол.

Біз “Қостөбе” шекара заставасының жаужүрек жігіттерімен қоштасып, жолға шыққанда қыстың қысқа күні таудан әрі асып, өз ұясына алаулай батып бара жатқан кез еді. Қызметтерің өрге өрлей берсін деп ақ тілек айтып, жолға шықтық.

Сөз соңы

Иә, айтса айтқандай өмірбаяны бір парак қағаздан аспайтын жас жігіттің аз сөйлеп, көп іс тындырғанын өз көзімізбен көрдік. Тимур болса тек шекарашы офицер ғана емес, ол үлгілі жанұя басы да. Жолдасы дәрігер. Жанұяда Әділхан деген ұл өсіп келеді. Кім білсін, күні ертең ол да әке жолын қуып шекарашы болмасына. “Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі” демей ме.

Біздің кейпкеріміз аға лейтенант Тимур Кәрімбековтың бұл шыққан биігі бер жағы деп білейік. “Тауға шық биіктікті көргің келсе”, – деп ақын айтқандай оның шығар биіктері әлі алда болса керек.

ҚЫТАЙДЫҢ ҰЛЫ ҚОРҒАНЫ

Адамзаттың таңғажайып тарихи мұраларын ауызға алғанда кішкентайымыздан санамызға сіңісті болып кеткен жер шарындағы жеті ғажайып тарихи ескерткіш – Мысыр пирамидалары, Вавилон баспалдағы, Кіші Азияның Эфес қаласындағы әйел құдай Артемида ғибадатханасы, Оңтүстік Грециядағы Олимпия тауындағы алтыннан сомдалған Зевс құдайының әйелі, Кіші Азиядағы Галикарнас мавзолейі, Родос аралындағы Колосс жауынгерінің мүсіні, Ніл дарияның құйылысындағы Фарос аралында тұрғызылған Александрия маягі еске түседі. Ал жер шарында өзге де талай-талай кереметтер толып жатыр.

Оның бәрі де кезінде таптық қоғамның символы делініп, адамзат парасатының айшықты үлгілері екендігі сондай-ақ, олардың құрылуындағы тарихи әлеуметтік себептері жиі ескеріле бермейтін.

Көршіміз Қытай елі өз тарихын бес мың жыл бұрын қазіргі Хуанкэ (Сары өзен) мен Чанжянь (Ұзын өзен) дарияларының арасында жасаған аңыздағы ерлерден бастайды. Олар өздерін Хуашия әулетіміз дейді. Бүгінде Қытай елін қытай тілінде “Жонго” дейді. (ежелгі “Шовуэн” деген кітапта бар). Мағынасы “Орта жазық” деген сөз. Демек, ежелгі Қытай мемлекеті Хуанкэ мен Чанжянь дарияларының орталық жазықта ірге көтергені белгілі. Қытай халқының төрт мың жылдық сенімді жазба тарихы бар. Ал қытай жазуының жарыққа шығу тарихы алты мың жылды қамтиды. Қытай тарихы Батыс Жоу патшалығының бірінші жылынан, яғни біздің жыл санауымыздан бұрынғы 841 жылдан, күні бүгінге дейін жыл реті бойынша өте жүйелі баяндалады.

Ал біз тілге тиек еткелі отырған Қытай қамалының тарихы да тіптен әріде жатыр.

Қытай тарихының Шүнчию-Жанго бектіктері дәуірінде (б.д.д. 770-221 ж.) аталмыш қорғанның қабырғалары қалана бастаған. Сол кезде Қытай жерінде бой көтерген бектіктер өздерінің солтүстігіндегі көшпелі тайпалардың шабуылына төтеп беру үшін әрқайсысы өздері екі арадағы шекараға биік қорғандар тұрғызған. Қытайдың ең ертедегі тарихи кітаптарының бірі “Zuozhuan” (Солтүстік шежіресі): “Біздің жыл санауымызға дейінгі 657 жылы Шу бектігінің жерінде биік қамал салынды”, – делінген. Бұған қарап, Қытай қамалы жайлы деректердің өте арғы кезеңдегі тарихи құжаттарда хатқа түскендігін байқауға болады. Қытайдың Жанго яғни соғысқұмар бектіктері дәуірінде (б.д.д. 475 – б.д.д. 221 ж.) Чи, Шу, Вэй, Ян, Жау, Чин, Жоншан бектіктерінің бәрі де өз мемлекеттерінің жерінде биік қамалдар тұрғызған. Біздің дәуірімізге де-

йінгі 221 жылы Чин Шэжуаң Қытай топырағындағы аталмыш хандықтарды бірлікке келтіріп, біріккен Чин патшалығын құрды. Сол кезде шығыста Қыдырхан (Хинган) тауларынан батыста Каспий бойына дейінгі өлкені еркін меңгеріп тұрған көшпелі ғұндар күн сайын күшейіп, өздерінің оңтүстігіндегі Хуашя тұқымына – Қытай жұртына тоқтаусыз шабуылдап кіріп тұрады. Ол кезде ат құлағында ойнаған ғұндардың шабуылы алдында Хуанкэ мен Чунжянь өзендерінің атырау жазығында жасайтын, әскері дерлік жаяу-жалпы Қытай жұрты тіптен дәрменсіздік танытып отыратын. Ғұн аттылары қиқу салып келген бойында олардың мал-мүлкін, азық-түлігін торғын-торқасын ақыр-тақыр тонап алып, алыс қыр өлкесіне қайтып кететін.

Қытай жұрты өздерінің солтүстік бүйірінен күнде тиісіп құйындай құтырынып жүрген осынау атты халықтың алдында амалсыздан дағдарып, оларға қарсы тұрудың айла-амалдарын іздеді. Чин Шэжуаң алты бектіктің басын қосып, Қытай жұртын алғаш біріктіргеннен кейін б.д.д. 214 жылы Чин, Жау, Ян, бектіктерінің солтүстігіндегі бұрынғы барлық биік қамалдарды бір-біріне қосып Қытай қамалының алғашқы біртұтас ұзын желісін құрады. Чин Шэжуаң кезінде бір-бірімен тұтастырылған сол қамалдың батысы Инь-Шань (Шұғайғұз) тауының шығыс мүйісіне дейін, ал шығысы Ляудоңға дейін жетті. Сол кезден бастап қытайлар оны мың шақырымдық ұзын қамал, яғни “ван-ли-чаң-чэң” деп атады. Чин хандығы құлағаннан кейін қытай тарихында бірінен соң бірі өмірге келген Хан, Солтүстік Вэй, Солтүстік Чи, Солтүстік Жоу, Сүй патшалықтарының бәрі де өз кезінде солтүстіктегі көшпенділерден – атап айтқанда, ғұндардан соң дала өлкесін билеген жұржан, тели, түрік, түркеш, сиянби тектес ұлттардан қорғану үшін Қытай қамалын үздіксіз кеңейтіп, биіктетіп һәм ұзартып отырды. Неше миллиондаған қытай шаруалары басқа жұмыстарды жиып қойып, тау-өзендерді басып,

жапан далалардан өтетін сонау ұлы қорғанның неше мың шақырымдық ұзына бойында жұмыс істеді. Сол кезде Қытай халқы үшін екі бірдей апат үнемі төніп тұратын. Оның бірі – Хуанкэ мен Чунжянь өзендерінің тасқын суы болса, енді бірі – осы аталмыш көшпенділердің тұтқиыл шабуылы еді.


Сөйтіп, Қытай қамалы моңғол әулеттері осы елді билеген кезге дейін үздіксіз салынумен болды. Кейін моңғол әулеті құлап, Қытай жұртының билігі қайтадан хан әулетіне – Мин патшалығының қолына өткен кезде олар солтүстіктегі моңғол, ойрат тектес ұлттардың шабуылынан қорқып, Қытай қамалын қайтадан жаңалап, бекемдеуге кірісті. Соның нәтижесінде Қытай қамалының бір ұшы батыстағы Жя-ю-гуанға, енді бір ұшы сонау Шығыс теңізге – Шанхайгуанға дейін жетті. Сол кезде қытайлар мұны қоршама қорған (бян-чан) деп атапты. Ол деген сыртымызды түгелдей қоршап болдық деген сөзі еді. Енді бір деректерге карағанда, қытайлар одан әрі өздерінің теңіз шекараларын да қоршап алмақ болыпты.

Бірақ Қытай қамалы Қытай жұртын жудан сақтап қала алмады. 1644 жылы солтүстіктегі Манжу әулеті Ұлы қорғанды бұзып өтіп, қытайлық Мин хандығын аударып тастап, манжулар билеген Шин хандығын құрды. Манжулар да солтүстіктегі атты ұлттардың қатарына жататын. Олар тіпті Қытай елін 1911 жылға дейін биледі. Бірақ өздері де қытайланып кетті. 1911 жылы Қытайда буржуазиялық-демократиялық төңкеріс болып, манжулар тақтан тайдырылып, оның орнына “Жонхуа минго” үкіметі құрылды. Бірақ олар үшін Қытай қамалын кеңейтіп құрудың қажеті қалмады. Өйткені, манжулар Қытай елінің іргесін Шығыс Түркістанға дейін кеңейтіп берген еді. Ендігі кезде Қытай ұлтының есті азаматтары үшін бұл қорған тарихтың ыңғайсыз көрінісі ретінде сезілетін болды. Өйткені шетелдіктер оны Қытай елінің ежелгі шекарасы ретінде меңзейтін.

1989 жылы мамыр айының соңында М.С.Горбачев Қытайға сапарға барғанда Қытай қамалын көзден көшірді. Сол кезде тілшілер одан: “Қытайдың Ұлы қамалын көріп, қандай әсер алдыңыз?” дегенде, онын “Ұлы қорған шынында да керемет екен, бірақ халықтар мен халықтардың арасына ендігері мұндай қамалдың қойылғанын қаламас едім”, — дегені есімізде. Ол кез Қытай зиялыларының Ұлы қорғанға Қытай халқының тарихтағы мешеулігі мен дәрменсіздігінің символы ретінде баға беріп жатқан кезі-тұғын. Бірақ, ілешала 1989 жылғы студент-оқушылар әрекетінің тыныштандырылуынан кейін елдің үгіт-ақпарат құралдары оны қайтадан Қытай халқының ақыл-парасатының, еңбекшілдігінің символы ретінде дәріптейтін болды.

Кей жерлерінің биіктігі 8,5 метр, көлденеңі 6,5 метр, жалпы ұзындығы 6700 шақырым келетін бұл алып құрылысты бұрындары қазақтар “Ақ қамал” десе, шығыс елдерінің кейбірі “Ескендір сепілі”, “Сәдичин” деп атапты.

“Қисса сұл-әнбие” деген кітапта оны Ескендір Зұлқарнайын шығыстан қаптап келе жатқан қара тобыр — “нәжүт-мәжүттерді” тосып алу үшін салдырыпты делінеді. Иә, оның тегі аңыз екені белгілі. Орыс халқының мақалдап сөйлегенде “бұл арада Қытай қамалы жоқ” деп сөйлейтін дағдысы да бар, ол бір нәрсенің ара-қатынасының тіптен алшақ екендігін білдіру үшін айтылады.



БОСТАНДЫҚ ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ҚОРҒАЙЫҚ

Өз қауіпсіздігіміз бен аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету үшін, біз күшті мемлекет болуға және көршілерімізбен берік және достық қарым-қатынаста болуға тиіспіз. Сондықтан ең жақын және тарихи достас көршіміз Ресеймен арадағы сенім мен тең құқылы қарым-қатынасымызды дамытып, нығайта береміз. ҚХР-мен өзара тиімді негіздегі осындай сенім мен тату көршілік қатынастарымызды жалғастырамыз. Қазақстан Қытайдың гегемонизмге қарсы, көршілес елдермен достыққа бағытталған саясатын құптайды

І-ұзақ мерзімді басымдық: ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

*“Сақтықта қорлық жоқ”
(Халық даналығы).*

Адамзат дамуының бүкіл тарихи мемлекеттің алға басуы және тұрақты өсуі жүзеге асырылатын қажетті шарттардың бастауында ОНЫҢ ҰЛТЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ САҚТАЛУЫ тұрғанына куә. Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, нығайтып, ұрпақтарға қалдыру қажет. Біздің ұрпақ еңсере алмай, өздеріне қалдырған ауыртпалықтар, қиыншылықтар мен проблемалар үшін болашақ ұрпақ кешірер. Егер біз өз мемлекеттілігімізден айырылып, егемендігіміздің стратегиялық негіздерін, өз жерлеріміз бен ресурстарымызды қолымыздан шығарып алсақ, бізге кешірім жоқ. Әрине, болашақты бағамдаудың мұндай қисыны кез келген ішкі және сыртқы жағдайларда ұзақ мерзімді кезеңге арналған Қазақстан саясатының стратегиялық

бағыты үшін уақыты жағынан үздіксіз болуы керек. Бұл Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының бірінші стратегиялық басымдығы болуға тиіс.

Әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі ретінде мемлекеттің дербес саясатын әлемнің азулы мемлекеттерімен тең дәреже же жүргізіп отырған бүгінгі Қазақстан үшін бірінші кезекте тұрған мәселе – экономикалық дербестікке қол жеткізу десек, одан кейінгі кезекте елдің Ұлттық қауіпсіздігі мен ішкі саяси тұрақтылығы дер едік. Бұл жөнінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз кезегінде айтып та жүр, жазып та жүр. Осы мәселені шешу үшін жасалған “Қазақстан – 2030” стратегиялық маңызы бар бағдарлама – Қазақстан жұртшылығы тарапынан кең қолдау табуда.

Осыған орай таяуда біздің тілшіміз Шонжы шекара отрядында болып, отрядтың тәрбие және әлеуметтік-құқықтық мәселелері жөніндегі офицерлерімен жолығып, арнайы “Дөңгелек үстел” басында әңгіме өткізген болатын. Бұл “Дөңгелек үстел” басындағы әңгіме-сұхбаттың басты тақырыбы Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы негізгі тараптарының бірі “Ұлттық қауіпсіздік” жөнінде болды. “Дөңгелек үстел” басындағы сұхбатқа отряд командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық мәселелері жөніндегі орынбасары, подполковник Николай МЕЧЕТИН, бөлімнің аға офицерлері майор Серік УАЖАНОВ, майор Наиль АЛДАЕВ, Нарынқол шекара комендатурасы комендантының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық мәселелері жөніндегі орынбасары, аға лейтенант Александр ШАПОВАЛОВТАР қатысты.

Подполковник Н.МЕЧЕТИН – отряд бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық мәселелері жөніндегі орынбасары:

— Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы маңызды мемлекеттік бағдарламалық құжат. Үкіметтің, Елбасының бұған дейінгі бағдарламаларына қарағанда аталған Жолдау — үлкен ізденістердің саралауларынан туылғаны көрініп тұр. Ең бастысы, мұнда бастан өткеріп отырған кезеңдегі еліміздің артықшылықтары мен аяқтан тартар кеміс тұстары ашық айтылған. Осындай ашықтық шыншыл саралауға негіз болған. Бізге шындықтың бетіне тура қарау керек. Осы тұрғыдан алғанда Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының 1-ұзақ мерзімді басымдық: “Ұлттық қауіпсіздік бөлімінде “Бесіншіден — Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз. Халық пен мемлекет арасындағы бұрынғы тығыз байланыс едәуір босаңсып кетті, ал жеке мемлекеттік мүдде арасындағы жана байланыс әлі қалыптаса қойған жоқ. Бақытымызға қарай, бұқаралық салада адамдар мен мемлекет мүдделерінің ортақтығын түсіну пісіл-жетіліп келеді. Адамдардың тұрмысының жақсаруына орай, ол сезімнің нығая беретініне күмәнім жоқ. Бұл әр азаматтың жақсы тұрмысының өзі, ол тұрып жатқан мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігіне байланысты екені сияқты, бір қарағанда, қарапайым ақиқатты пайымдауды жеделдетеді”, — деп түйіндеуі әскерилер алдына қойылар талаптың жоғары екендігін көрсетсе керек.

Міне осы өмірлік тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып, Шонжы шекара отрядының барлық офицерлері, әскери қызметкерлері, қызметкерлері мен жұмыскерлері өздерінің жұмысын қайта құрды десем артық айтпас едім. Елбасының бұл Жолдауы біздің алға жол көрсетер шамшырағымыз болғаны біз үшін үлкен күш, үлкен көмек болды.

Майор С.УАЖАНОВ — *бөлімнің аға офицері:*

— Менің алдымда да қазір Қазақстанның болашағына бағдар жасаған мақсаттарын айқындаған екі құжат жатыр.

Бірі 1992-1996 жыл аралығындағы Қазақстанның “Ішкі және сыртқы саясат очерктері” мен “Қазақстан – 2030” Ел Президентінің халыққа Жолдауы.

Екі құжатты салыстырып қарасаң – Қазақстан мемлекетінің жаңа белеске, көрінер көкжиегі өзгеше белеске көтерілгендігін байқаймыз. 1992 жылы Президентіміз айқындаған Тәуелсіздігіміздің негізін қалау, кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамыту нарықтық экономиканың механизмдерін қалыптастыру, саяси тұрақтылыққа жету мақсаттарының негізі бүгінгі күні өмір шындығына айналып отыр.

Екінші құжат, өзінің ауқымдылығымен, ұзақ мерзімді мақсаттар қою мен оларды іске асыру стратегияларының айқындалуымен, нақтылығымен және жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Қазақстанның саналы азаматы ретінде осы Жолдауға қатысты пікірлерімді көпшілікке жеткізуді жөн көрдім.

Біріншіден, айтайын дегенім, әскери қызметкер ретінде Президент ұсынған Ұлттық қауіпсіздік қаматамасыз ету жүйелерін толық қолдаймын. Қазақстанның көрші мемлекеттерімен тең құқылы және достық қарым-қатынастары ұлттық қауіпсіздіктің беріктігіне көңіл бөлетін жаймен қатар мына мәселеге назар аударуды ұсынар едім. Ол – Қазақстанның әскери доктринасын одан әрі реформалауда кадр сапасына жете мән берілсе.

Екіншіден, әскердегі жемқорлыққа, паракорлыққа ба-тыл тосқауыл қою керек. Олай болмайынша әскеріміздің беделін көтеріп, әскерилердің өмірін жақсарта алмаймыз.

Үшіншіден, Жолдаумен таныса отырып, болашағымызға шынайы көзқараспен қарай бастадым. Бұл Жолдау менің түп Темірқазығыма айналды десем артық айтпаймын.

Майор Н.АЛДАЕВ – бөлімнің аға офицері:

– Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы – еліміздің болашақ дамуының стратегиялық моделі. Жолдауда еліміздің жалпы даму стратегиясын

айқындайтын, оны жүзеге асырушы құрылымдардың механизмін ұсына отырып, ықпал ететін факторлар мен дәлелдерді келтіреді. Мақсатқа жетудің перспективалық мүмкіндіктеріне қол жеткізу үшін саяси сапалылық пен біліктілік, еліміздегі тұрақтылық пен татулық, әлеуметтік-экономикалық және ішкі-сыртқы саясат тұрақтылығы қамтамасыз етілуі керек. Осы жерде ең бастысы бізге қажеттісі Ұлттық Қауіпсіздік мәселесіне баса назар аударылды. Бұл – Тәуелсіздігіміздің кепілі.

Аға лейтенант А.ШАПОВАЛОВ – Нарынқол шекара комендатурасы комендантының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық мәселелері жөніндегі орынбасары:

– Өз басым ХХІ ғасырдың табалдырығында тұрып, болашақтың тарихи жемісін көру бүгінгі буынның маңдайына жазылған бақыт деп ойлаймын. Оған қол жеткізуде Президенттің ұзақ мерзімді жеті басымдық қатарына кәсіпқой мемлекетті баса атап өтуі кепіл болса керек.

Осы Жолдаудағы Ұлттық Қауіпсіздікті қолдай отырып, өз басым мамандығымның саласындағы кәсіби шеберлігімді арттыра отырып, Қазақстанға қызмет етуді өзімнің перзенттік борышым деп санаймын.

Подполковник Н.МЕЧЕТИН:

– Бағанадан бері бәрі біраз әңгіменің басын қайырып-ақ тастадық. Енді сөзден гөрі істеліп жатқан нақты әңгімеге көшейік. Менің өз басым Президент Жолдауымен мұқият танысып шыққан соң, бұл маңызды құжаттың өмірлік екеніне толық көзім жетті. Содан кейін отряд командирі бар, штаб бастығы бар, тыл жөніндегі орынбасары ақылдаса келіп осы Жолдауды басшылыққа ала отырып, ортақ пікірде перспективалық жоспар жасадық. Ол жоспарды жасамас бұрын Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауымен отрядтың жеке құрамын толық таныстырып шықтық. Бұл жерде айта кеткен жөн, біз талқылаған жоқпыз, таныстырдық. Халықтың қолдап, болашаққа деген сенімі артқанының куәсі болдық.

Біздің отряд баска отрядтарға қарағанда жас отряд болғанымен өзіндік қолтаңбасы, бет-бейнесі қалыптасқан – іргелі шекара отрядтарының бірі. Отрядта бірнеше ұлттың өкілі қызмет етіп, өмір сүріп жатқан көпұлтты, интернационалды отряд болып саналады. Ал басты мақсат – Отан шекарасын күзету! Тәуелсіздігімізді, бостандығымызды мүлтіксіз қорғау. Бұл міндет Жолдаудың ұлттық қауіпсіздік тарауында анық айтылғанын тағы бір еске сала кетсек артық бола қоймас. Сол басты міндетті абыроймен атқару жолында күндіз-түні бір тынбай Отанға, елге, Президентке адал қызмет етудеміз.

Майор С.УАЖАНОВ:

– Мен осы жерде өз сөзімде Елбасының таяу арада Алматы қаласындағы Қазақстан Әскери академиясының курсанттары мен оқытушы-офицерлерімен кездесуде болғандағы сөйлеген сөзінен бір үзінді келтіре кетсем деп отырмын. Елбасы былай деген еді: “Елімізде әскери қызметкерлерді әлеуметтік қорғау деңгейін көтеру үшін көп жұмыс істелуде. Лауазымдық жалақы мен әскери шеніне байланысты төленетін жалақы өсірілді, қызмет етудің ерекше жағдайы, қызмет еткен мерзімі мен құпиялылық үшін бірқатар қосымша ақы мен өсім төлеу енгізілді. Біздің әскери қызметкерлеріміздің лауазымдық жалақысы ТМД елдеріндегі ең жоғары жалақылардың бірі болып табылады. Әскери қызметкерлерге санаториялық-курорттық емдеу үшін ақшалай өтем төлеу қайта жаңғыртылады. Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Жаңа Заңда әскери қызметкерлерге арналған жеңілдіктер сақталады”. Міне, біз бұдан не көреміз. Бұдан біз Елбасының Ұлттық қауіпсіздікке ерекше мән беріп, әскерилерге деген әкелік көзқарасының дұрыс жақтарын көреміз. Ел Президентінің жоғарыда келтірілген сөзін біз, іс жүзінде өз өмірімізде кездестіріп, пайдаланып жүргеніміз өтірік емес қой. Ендеше, жоқ, жоқ дей бермей, бір мезгіл айналамызға да жіті көзбен қарап қойған жөн болар еді деп ойлаймын өз басым.

Майор Н.АЛДАЕВ:

– Мен бөлімде негізінен тәртіп мәселесімен айналысамын. Тәртіп әскердің әкесі деп тегін айтпаған болар. Расында әскерде тәртіп қожырап кетсе күніміз не болар еді. Сондықтан мен әскердегі тәртіп мәселесін бірінші кезекке қойған болар едім. Онсыз біздің ұлттық қауіпсіздігіміз де сенімді бола алмауы белгілі.

Осы отрядқа келгеніме де онша көп уақыт бола қойған жоқ. Бірақ ұжымының ауызбірлігі маған ұнады. Мұндағылар бір-бірімен өзара түсіністік қатынаста қызмет істейді екен. Ол деген жақсы емес пе. Президентіміздің өзі де бізден осыны талап етіп отырған жоқ па? “Бірлік болмай тірлік болмайды”, – деп. Ендеше бірлесе еңбек етейік, жұмыла қызмет етейік демекпін.

Аға лейтенант А.ШАПОВАЛОВ:

– Біздің комендатура отрядтан ең шалғайда орналасқан. Жерінің бәрі таулы болып келеді. Қысы өте қатты. Қар қалың болады. Тіптен қыс күндерінде таудағы заставаларға жол қатынасы қиындап кетеді. Бірақ сондай қиындықтарға карамастан жағдайдан шығуғатырысамыз. Өйткені, Отан – Ана талабы солай!

Біз де Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын оқып, таныстық. Комендатураға қарасты барлық заставалар бұл маңызды құжатты басшылыққа алып, қазір соған орай жұмыс істеп жатыр. Болашақтағы шамшырағымыз бола бермекші...

НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ:**Қарулы Күштерді реформалау – уақыт талабы.**

Біз алдағы уақытта да ұлттық-қауіпсіздік пен ішкі саяси тұрақтылықты нығайта түсуді, экономикалық өрлеуді қамтамасыз етуді, денсаулық сақтау және білім беру жүйелерінің қызметін жақсартуды, энергетикалық ресурстарды тиімді түрде пайдалануды, инфрақұрылымды дамытуды, кәсіби үкімет пен жер-жерлердегі басқару органдарын құруды жалғастыра беретін бола-

мыз. Мен таяу болашаққа арналған жоспарды және тұтас алғанда стратегияны орындау барысын қатаң қадағалап отырмақпын. Бұл жөнінен лауазымды адамдар маған жүйелі түрде есеп беріп отыратын болады.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ:

Міне, бас аяғы екі сағатқа созылған газетіміздің Шонжы шекара отрядындағы көшпелі “Дөнгелек үстел” басындағы әңгімесі аяқталды. Әңгіме барысында тәрбиеші-офицерлер көкейде жүрген көп ойларын жасырмай, бүкпесіз айтып отырды. Бірақ оның бәрін газет бетінде жариялауға мүмкіндігіміз болмағанның соң, тәрбиеші-офицерлердің Ел Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауына байланысты айтылған мәселелерді оқырман қауымы назарына ұсынғанды жөн көрдік. Қазіргі таңда әскерде тәрбиеші-офицердің иығына артылып отырған жүк оңай емес. Олар қандай іс болсын басы-қасында болып, жауынгердің саяси шындалып шынығуына көп көңіл бөлгендері қажет. Осы орайда Шонжы шекара отрядындағы тәрбие және әлеуметтік-құқықтық мәселелері жөніндегі бөлім офицерлеріне, әскери қызметкерлерінің атқарып отырған ісіне көңіл тоярылықтай. Әрине, жұмыс болған соң кемшілік те болады ғой. Бірақ ол кемшіліктерге дұрыстап ден қойса орынорнына келетін кемшіліктер деп білген жөн. Мұндағы бар қимыл Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауының тұжырымдарын іске асыру. Отряд жеке құрамы сол жолда жұмыла қызмет етуде.

АСПАНТАУЛАР АЯСЫНДА

Отрядта

Шонжы шекара отрядына өткен жылғы ақпан айынан кейін жол түсіп тұрғаны осы. Көпеш нәрсе өзгере қоймапты. Тек адамдар ғана жаңаланған. Біреулер басқармаға, басқа отрядтарға қызмет бабымен ауысып кеткен. Ал, олардың орнына келгендер отряд өмірімен енді-енді біте қайнасып жатқандай. Мұнда басқалар ауысса да ауыспайтын бір-ақ адам бар. Ол отрядтың штаб бастығы подполковник Михаил Михайлович Онучин ғана. Бұл жігіт өзінің әскери өміріносы шекара отрядынан бастап, лейтенанттықтан подполковник дәрежесіне дейін дейінгі аралықта, осы отрядта атқарып келе жатқанын орынды мақтан етеді. Іскер жігіт.

Отряд бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық мәселелері жөніндегі орынбасары, подполковник Николай Иванович Мечетиннің кабинетінде шағын бас қосудан кейін ертеңгі барар жолымызды белгілеп алғанбыз. Мен отрядтың штаб бастығы М. Онучинмен бірге аспантаулар аясын мекендеген Нарынқол бағытына баратынымды естіп қуанып қалдым. Ендеше, жер жәннаты, Қазақстан Швейцариясы аталған, қасиетті де киелі Нарынқол жерін көру, ондағы ел күзетінде тұрған ерлермен тілдесу бір бақыт, бір ғанибет емес пе. Сөйтіп, ертең ертемен “Қарасаз қара шалғын өлеңде өстім, жыр жазсам қайран жұртым елендестің” дейтін ақиық тау ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған жеріне жол тартатын болдық. Бізбен бірге отрядтың тәрбие және әлеуметтік-құқық бөлімінің аға офицері майор Серік Уажанов та бірге жүрмекші.

Жолда

Уәде Құдай сөзі. Ертесімен ертелегіп штаб бастығының су жаңа “Уазигімен” жолға шықтық. Жол ақысы жүрсе өнеді деген емес пе.

Қаңтардың шыңылтыр аязы мәшине терезелеріне аққырау болып жабысып алған екен. Таулы өлкенің қысы бөлек қашанда. Айналаң аппақ қар, аппақ әлем. Тау жолы да жыланша ирелендеп алыстарға бастайтындай.

Біраз үнсіздіктен кейін мәшине ішіндегі жолсеріктер бір-бірімен тіл табысқандай әңгіме-дүкен құрысқан. Әңгіме арқауы көбіне-көп биылғы жылдың қаһарлы қысына келіп соға береді. Оның да өзіндік себебі бар. Көп жылдан бері бұл өлке де биылғы қыстай қыс болмаған екен. Қар да калың түсіпті. “Қардың қалың жауғаны – ол береке. Бірақ қыс халықтың әбігерін алып тұр”, – дейді штаб бастығы.

Біз штаб бастығынан отрядтың қыс маусымына қалай дайындалғанын, шекара заставаларындағы жағдайдың қалай екендігін сұрап, сөзге тартық.

– Рас, биыл қыс қатты болып тұр, – деп бастаған өз сөзін штаб бастығы. – Біз де соны сезгендей қаһарлы қысқа ерте әзірленді. Әсіресе, қыс кезінде жол қатынасы қиындап кететін таудағы заставалардың жағдайын бірінші жасауға тырыстық. Оларға қажетті мөлшерде қыстық азық-түлік, отын, көмір, жанар-жағар май жеткізіп бердік. Сонымен қатар қалған заставаларды да толығымен бар қажетті нәрсемен қамтамасыз еттік. Бұл істе отрядтың тыл басқармасы өте үлкен жұмыстар атқарды. Жігіттер берген сөзінде тұра білді. Қазір бара көресіз, барлық заставалар қыс қаһарына қарсы тұрарлықтай әзірленген, – деп аса бір көңілді кейіппен жауап берген штаб бастығы.

Кеген асуынан аса бере алыстан мұнартып Еренкабырғаның құдіреті, аспантаулардың тәжіндей болып, Хан Тәңірі шыңы қылаң берді. Мен Хан Тәңірінен сүйсіне көз алмай отырғанымды байқады ма, Михаил Михайлович сөзге араласты. – Хан Тәңірі бұл өлкенің айбары ғой. Бірақ біз біле бермейміз. Мұнда Хан Тәңірінен де биік шың бар. Ол анау көрініп тұрған “Жеңіс” шыңы. Бірақ елдің бәрінің жүрегіне жақын болғандықтан Хан Тәңірін биік деп санайды, – деген. Мен болсам, болса болар, бірақ Хан

Тәңірі қашанда сол тәкаппар, ешкімге бас имеген мәңгілік биік қалпында қалатыны сөзсіз ғой дедім жәй ғана. Аспантаулар аясын тамашалай отырып бұрынғы аудан орталығы, бұлкүнде жәй ғана ауыл атанған Нарынқолға да келіп қалғанымызды сезбеппіз.

Нарынқолда

Біз Нарынқол шекара комендатурасында коменданттың кабинетінде отырмыз. Мұнда бізді коменданттың тәрбие және әлеуметтік-құқық мәселелері жөніндегі орынбасары аға лейтенант Александр Анатольевич Шаповалов қарсы алған болатын.

Нарынқол комендатурасының тарихы әріден басталатын байырғы комендатуралардың бірі. Алғаш Кеңес үкіметі орнаған кезде бұл өлкеде де шекарашылар келіп қоныстанған болатын. Міне, сол кезеңде жас Кеңес үкіметін сыртқы жаулардан қорғау мақсатында алғашында шекаралық застава, кейіннен комендатура құрылған екен. Содан бері Отан шебін күзетіп тұрған шекарашылар өз міндеттерін абыроймен орындап, берген сертте тұра білген. Ал, аға ұрпақтың бүгінгі ізбасарлары сол аталар дәстүріне адал екендігін танытып келеді. Ол өз алдына бір әңгіме.

Аға лейтенант А.Шаповалов бізді “Нарынқол” шекара заставасының бастығы аға лейтенант Игорь Сергеевич Лешинмен, застава бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқық мәселелері жөніндегі орынбасары лейтенант Бахтияр Арзиевпен таныстырды. Застава бастығы И.Лешин бұған дейін “Онопко” атындағы шекара застава бастығының орынбасары болған екен. Алматы жоғары командалық шекарашылар училищесін 1995 жылы бітіріпті. Мұнда келгеніне тоғыз айға жуық уақыт болған екен. Ал оның орынбасары Бахтияр Арзиев, Алматы жоғары командалық шекарашылар училищесінің өткен жылғы түлегі. Алғашқы әскери өмірін Нарынқол заставасынан бастағанына Бахтияр дән риза. – Мұнда алғаш келгенімде маған майор

С.Уажанов көп көмегін тигізді, – дейді Бахтияр. Қазір екеуі бірлесе, жұмыс істеп, заставаның алдыңғы қатарлы застава болуы үшін күш салуда екен. Оны біз өз көзімізбен көрдік. Екі қабатты етіп салынған застава барлық талапқа сай жауап беретін дәрежеде жауап береді десек еш қателеспейміз. Застава іші тап-тұйнақтай таза, жылы. Азық-түліктің барлық түрі бар. Заставаның өзінде қосалқы шаруашылығы бар екен. Мұнда бір ерекше айта кететін жәй, застава шекарашылары мен жергілікті халықтың арасындағы қарым-қатынас ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеде көрінеді. Шекара күзетінде жергілікті тұрғындар шекарашыларға барынша көмек көрсетіп, бірге қимылдайды екен. Ал, ерікті халық жасақшыларының жетекшісі мамандығы электрик жігіт Юрий Бірбаев болса барлық істердің ұйтқысы дер едік. Ол қажет кезінде қарамағындағыларын тез жинап, нақты тапсырма беріп, шекарашыларға үлкен көмек көрсетіп жүр. Ерікті халық жасақшыларының мүшелері арасында өздерінің белсенділігімен көзге түсіп жүрген Әбілғазы Әбдіханов, Қырғызбек Айтаханов секілді жігіттер шекарашылардың сенімді көмекшілері. Ерікті халық жасақшылары жөнінде застава бастығы осылайша ерекше бір мақтаныш сезіммен айтып беріп еді.

Қоштасарда застава бастығы И.С.Лешин: “Жұмыс істеуін істеп жатырмыз ғой, бірақ бәрібір де “Қостөбе” шекара заставасына жете алмай-ақ қойдық. Болашақта солардан озуға бар күшімізді саламыз”, – деген болатын. Біз де жақсыны көрмек үшін деп жолбасшылыққа аға лейтенант А.Шаповаловты алып, күн екіндіге ауа Қостөбе қайдасың деп жолға шықтық.

Қостөбеде

Қостөбе ауылы Нарынқолдан таяқ тастам жерде десе де болады. Бірақ қыстың күні жол кесудің өзі қиындау емес пе. Ақырындап жүріп бір сағатқа жетер-жетпестен

Қостөбе ауылына да келіп жеттік. Бұл Қостөбе де өткен жылы осы уақытта болған едім. Ол кезде застава бастығы аға лейтенант Тимур Кәрімбеков болатын. Әлгінде Тимурды комендатурадан көргенмін. Қызметі, шені өсіпті. Коменданттың орынбасары болып тағайындалған екен. Капитан шенін алыпты. Сол кезде ол туралы қатырып тұрып очерк жазғаннан кейін бе, кейіпкерім көзіме оттай басылған. Амандасып, қызметімен құттықтаған едім. Орынына жас, жас та болса өз ісіне бас іскер жігіт барыпты деп естігем. Мың естігеннен бір көрген артық дегендей енді сол жігітті, озат заставаны өз көзімізбен көру үшін келе жатырмыз.

Қостөбе ауылын қақ жара өтіп, ауыл шетін ала орналасқан заставаға келдік. Застава алдында біз көрмеген заставаның жаңа бастығы қарсы алды. Өзін лейтенант Кенжебек Жақсылықов деп таныстырған жігіттің жүзі жылы екен. Қазақ айтады емес пе, жүзі жылыдан түңілме деп. Озат заставаны көруге келдік деп қалжыңдап жатырмыз. Расында, Шонжы шекара заставасының “Қостөбе” шекара заставасы өткен жылдың қорытындысы бойынша, Республика Шекара Әскерлері бойынша жүлделі бірінші орынды жеңіп алған екен. Бұл бірінші рет емес, осыменқатарынан үшінші рет жеңімпаз атанып отыр. Жүлделі орынды жеңіп алу оңай ғой. Бірақ оны ұстап тұру қиын деген емес пе. Расында заставаның бұрынғы даңқын желге ұшырмай, өткен жылы да сол атақты сақтап қалу ерлік дер едім. Бұл істе бұрынғы застава бастығы капитан Тимур Керімбеков те, қазіргі застава бастығы лейтенант Кенжебек Жақсылықовтың да сіңірген еңбегі зор болса керек. Әрине, бұл екеуінің ғана еңбегі десек, басқаларға обал болар. Застава бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқық мәселелері жөніндегі орынбасары лейтенант Мансур Әлиев, застава бастығының орынбасары лейтенант Дмитрий Пушкарев, застава старшинасы мерзімінен тыс қызметтің аға сержанты Константин Михайловтардың да қосқан еңбегі бар.

Застава өміріменоткен жылы жете танысқан едім. Осы жолы да асықпай көріп, жауынгерлермен әңгімелесіп, бұрынғыдан да кеңірек танысуға мүмкіндік көп болды. Айтпақшы, сол күні кешке отрядтың штаб бастығы подполковник М.Онучин заставаға жүлделі бірінші орын алғаны үшін берілетін “Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің озат шекара заставасына” ауыспалы белгісін салтанатты түрде табыс етті. Біз сол қуаныштың куәсі болдық.

Ертеңінде алдымызда “Сүмбе” шекара заставасы күтіп тұрды. Ол жөнінде келесі жолжазбамызда жазуды жөн көрдік.

Сүмбеде

“Қостөбе” шекара заставасынан соң, жолымыз Сүмбеге түсті. Түс ауа Сүмбе ауылына да келіп жеттік. Сүмбе Райымбек ауданындағы үлкен, комақты ауылдардың бірі, әрі бірегейі болып саналады. Бір кезде аудан орталығы болған Нарынқол ауылынан кейінгі екінші орында. Міне, сол іргелі ауыл Сүмбеге де келіп жеттік. Бұл Сүмбе қазақ балалар жазушысы, көзінің тірісінде-ақ классик атанған Бердібек Соқпақбаевтың мәңгі өлмес шығармалары “Бастан кешкен” мен “Өлгендер қайтып келмейдідегі” қайта-қайта кездесе беретін Сүмбе емес пе. Бұл Сүмбе акиық ақын, арқалы ақын Мұқағали жырларында жиі кездесетін Сүмбе емес пе. Иә, сол Сүмбе ауылында Шонжы шекара отрядына қарасты “Сүмбе” шекара заставасы орналасқан. Аспантаулар аясында орналасқан Сүмбе ауылының шет жағын ала мекендеген шекарашылар заставасы табиғаты әсем жерге қоныс тепкен екен. Таудың сұлу сілемдері бұл аймақты қыстың өзінде әсемдендіріп жібергендей ме, қалай. Көрсен, көз тойғысыз.

“Сүмбе” шекара заставасы да байырғы заставалардың бірі. Өзіндік тарихы бай. Қазіргі заставада қызмет етіп жатқан офицерлер мен жауынгерлер сол аталары, әкелері мен ағалары қалыптастырып кеткен дәстүрді одан әрі

жалғастырып, Отан күзетін қырағылықпен атқаруда көрінеді. Застава бастығы Николай Владимирович Абрамовпен әңгімелесіп отырмыз. Бір көргеннен кез келген адамды өзіне баурап алатын ашық-жарқын мінезі бар екен. Сөзіне ісі сай екендігі көрініп-ақ тұр. Алдымен заставаны аралап көрмес бұрын заставаның жалпы жағдайымен танысу мақсатында застава бастығымен кеңінен әңгімелесіп алуды жөн көргенбіз. Бұл заставаға Одақ тарап, көптеген офицерлер өз Отандарына оралған 1991-92 жылдардан бері бастық құтаймай қойған екен. Осы Николай Владимирович келгелі застава өз еңсесін көтергендей болыпты. Николай Владимировичтің заставаны аяғынан тік тұрғызуына басқа заставада застава старшинасы болып қызмет еткені көп көмегін тигізген. Өзі осы өлкенің азаматы. Мерзімді әскери қызметін Забайкалье әскери округінде өткізген ол, әскерден оралысымен Шонжы шекара отрядының “Онопко” шекара заставасында мерзімінен тыс әскери қызметтің аға сержанты болып, әскери өмірін одан әрі жалғастырады. Ол бұл застава да төрт жылдан астам застава старшинасы болып, шекара өмірінің қыры мен сырын жетік меңгерді десе де болады. Содан іскер жігіт Алматы қаласындағы шекарашылардың Әскери Жоғары командалық училищесінің экстернат бөлімін бітіріп, лейтенант шенін алады. Шекарадағы еңбегін бағалаған отряд басшылары Николай Владимировичті “Сүмбе” шекара заставасына застава бастығының орынбасары етіп жібереді. Кейін застава бастығы қызмет бабымен жоғарылап кеткен кезде Николайды ойланбастан застава бастығы етіп тағайындайды. Уақыт неткен зымыран десеңізші. Одан бері де біраз уақыт өтіпті. Өзінен гөрі өзгелер туралы көбірек айтқанды жақсы көретін жігіттен суыртпақтап сыр тартқанда айтқаны осы болды.

– Застава үлкен ауылдың ішінде тұр, – деген застава бастығы бір сөзінде. – Сүмбе ауылы бір кезде дүрілдеген

ұжымшарлардың орталығы болатын. Қазір де жаман емес. Ұсақ-ұсақ ұжымшар, кооперативке бөлініп кеткенімен ауылдың қаймағы әлі бұзылған жоқ. Жергілікті халық пен шекарашылардың арасындағы байланыс әуелден жақсы жағынан қалыптасқан. Қазір де солай. Халық, ұжымшар бізге қолдан келген көмегін аямайды. Жаз, күз айларында біз де оларға хал-қадірімізше қолдан келген көмегімізді көрсетеміз. Олар да бізді істеген еңбегімізге қарай ренжітпеуге тырысады. Шекара күзетінде де ерікті халық жасақшылары негізгі тірегіміз болып отыр. Шекаралы аймақтың адамдары емес пе, әрбір күдікті нәрсені бізге дер кезінде хабарлап отырады, – дейді застава бастығы ағынан жарылып.

Мыңсөзден бір көрген артық дегендей застава жағдайын көзбен көргенді мақұл көрдім. Екі қабатты етіп салынған застава үйін аралап жүрміз. Қаншама отрядтың, қаншама заставасында болып жүрген жауынгерлер казармасында кілем төселінгенін, не кілем ілінгенін көрмеппін. Ал, мұнда шекарашылар казармасының еденіне кілем төселген, қабырғасына кілем ілінген. Казарма іші жылы, әсем етіп безендірілген. Бейне бір бірінші дәрежелі қонақ үйге келгендей әсер аласыз. Қазақ айтатын қыздың жинаған жүгіндей дейтін осындай-ақ болар. Жауынгерлердің жуынатын, бос уақыттарын өткізетін, тактикалық сабақ өткізетін бөлмелері де тап-тұйнақтай. Әр нәрсе өз орынында тұр. Әлгінде застава бастығының бұрынғы застава старшинасы екендігін айтып кеткенбіз. Расында старшиналығы заставаны осылайша жайнатып, қоюға көп әсерін тигізгені көрініп-ақ тұр. Бірақ біраз жерден байқағанымыз бұрынғы застава старшинасы болып істеп, кейіннен застава бастығының жоғарылатылғандардың барлығы да Николай Владимирович сияқты десек артық айтқан болар едік. Іскер жігіттің аты қашанда іскер жігіт қой.

Заставаның өзінде қосалқы шаруашылығы бар екен. Онда застава қажетін өтейтін шошқа, сиыр, жылқы ба-

ғылатын көрінеді. Қысқы азық-түліктің бәрі жеткілікті түрде қоймада сақтаулы. Мұндағы аспаздар тура ресторандағыдай бірінші класты маман аспаздар. Тамақтың түр-түрін жасағанда ресторан, кафелеріңіз әдірем қалсын. Аға аспаз қатардағы жауынгер Ерлан Байкенов Алматыдағы арнайы аспаздар мектебін бітіріп келген екен. Бәрі де осы жігіттің аркасы. Ол әсіресе қазақы ет дайындаудың (бесбармақ) шебері болып шықты.

Шекара күзетінде, заставаың ішкі өмірінде қызмет саласын дұрыс атқаруға застава бастығының көмекшілері лейтенант Қазыбаев, застава технигі прапорщик Нурик Тохтахуновтардың да сіңірген еңбегі зор екендігін застава бастығы мақтанышпен айтады. Әсіресе осында көп жылдан бері қызмет ететін техник Н.Тохтахуновтың көмегі зор, – дейді ол. Тохтахуновтың арқасында заставадағы барлық техника жүріп тұр. Ақылдасып, бірлесіп пішкен тон қашанда келте тігілмейтіні белгілі. Жігіттердің алыстағы заставада Отан күзетіндегі елеулі еңбектерін көріп, көңіліміз толайып қалды. Әмсе, жолдарыңыз бола берсін, Отан сакшылары, деп біз жолға шығарда өз тілегімізді білдірдік.

Қайтарда

Қайтар жол туралы бұл шағын жолжазбада айтпаса да болар еді. Бірақ осы қасиетті өлкеден аттанарда “Отан шекарасы берік күзетте, ол қашанда құлыптаулы” деген коменданттың орынбасары Александр Анатольевич Шаповаловтың сөзі еріксіз еске түсіп, бір, екі жол болса да жазуға итермелеген.

Қайтар жолда жергілікті телехабарларын тарату редакциясына соқтық. Оған да мұрындық болған А.Шаповалов. Жергілікті хабарларын тарату редакциясы мен шекаралық комендатура арасында да іскерлік байланыс орнаған екен. Тележурналистер шекарашылардың жылт еткен жақсы хабарларын эфирге шығарып отыратын көрінеді. Бізге А.Шаповалов осы туралы айтқанда жақсыны неге

көрмеске деп аттың басын телехабарлар редакциясына бұрғанбыз. Телехабарларын тарату редакциясының бастығы облысқа, республикаға белгілі тәжірибелі журналист Алтынбай Сикымбеков екен. Алтекеңді мен бұрыннан білетінмін. Бірақ мұнда деп ойлаған жоқ едім. Құшақтасып, амандасып жатыр. Мұнда да салихалы әңгіме болды. Алтекең шекарашылардан өз көмегін аямайтыны туралы уәде берді. Уәде Құдай сөзі. Оны болашақта көре жатармыз.

Ертесіне ертелетіп. Нарынкол – Шонжы жолымен қайдасың, Шонжы деп тартып отырдық.

МИКРОФОНДЫ ҚАЖЕТСІНБЕЙТІН ӘНШІ

Адал, ары таза азамат, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген әртісі, белгілі әнші Әлкен Амантайұлы Қазақбаев туралы бір үзік сыр.

Мен Әлкен аға туралы жазуды көптен бері ойлап жүруші едім. Бұл ой маған сонау 1993 жылдың қараша айында келген болатын. Әлкен ағамен алғашқы танысуымызды өзі де қызық. Ол туралы әңгіме кейінірек. Ол кісіні алғаш рет көргенім туралы айтайын. 1992 жылы тәуелсіз еліміздің тұңғыш тойланған көктем мерекесі 1-мамыр мейрамының ашылу салтанатында қос ат жеккен пәуеске үстінде өзінің зор дауысымен де, зор денесімен де елді сүйсінткен әнші дауысы бүкіл алаңды жанғыртқан еді. Бұл ғажайып дауыстың иесі кім екен деп елендеп тұрғанымызда алаңдағы дауыс күшейткіштен “Алаңда ән шырқап келе жатқан Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі Әлкен Қазақбаев” деп саңқ ете қалғаны. Бұрын естімеген бейтаныс есім. Кім болды екен деген де қойғанбыз. Содан тағдырдың жазуымен дәм айдап, арада бірер жыл өткен соң Республика Шекара әскерлерінің газеті “Часовой Родины” редакциясына бара калдым. Өзім де осы газетке

біржола ауыссам ба деп жүрген кезім болатын. Бас редактор Василий Васильевич Шупейкиннің кабинетіне салып ұрып кіріп келсем, кабинетте екі иығына екі кісі мінгендей, келбетті, сұлу өнді бір қазақ отыр екен. Жас орта жастан асыңқыраған. Екеуіне де қол беріп амандастым. Әлгі еңгезердей қазақ менің ажырая карады да “қазақшысың” болды алғашқы сөзі. “Иә, қазақпын”, – деп жатырмын. Біреу мені қазақ емессің деп айтатындай, басымды қоса изеп. “Қазақ болсаң неге дұрыстап амандаспайсың. Ассалаумағаллейкум деп ер жігіт ауыз толтырып амандаспаушы ма еді, антұрған” демесі бар ма. Қысылғаннан жан терім шықты. Бас редакторға бір, әлгі қазаққа бір жалтақ-жалтақ қарай беремін. Менің ыңғайсыз жағдайда қалғанымды Василий Васильевич те түсінді ғой деймін, “Сағидолла, танысып қойындар, бұл ағаң Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі. біздің шекарашылар эн-би ансамблінің атақты әншісі Әлкен Қазақбаев деген болады” дегені. Әлгінде ғана төбеме қарай үлкен қысыммен ақтарылғалы тұрған каным қайтадан орнына түсіп, өзім бір көрсем деп жүрген абзал ағаның атын естігенде сілейдім де қалдым. Сол жерде қайтадан жөндеп танысып, Әлкен ағаға мамыр тойындағы алаңда эн шырқап, сол әнімен мені өзіне ғашық еткенін айтып жатырмын. Ол кезде алыстан көргеннен түрін шырамытып қалғаным кешірім өтіндім. Сол жерде Василий Васильевич: “Жазатын кісін осы кісі. Сен осы кісі туралы қатырып тұрып очерк жаз. Үлкен газеттерге жаз. Еңбегі сіңген адам. Эн айтқанда микрофонды да қажетсінбейді”, – деп менің болашақ кейіпкерімді де, ол туралы жазылатын очерктің атын да тауып берген еді. Міне, үлкен жүрек азамат – Әлкен аға туралы жазу туралы ой менің басыма сол кезде келіп еді.

Бас редактордың кабинетіндегі сол әңгімеден соң мен араға екі-үш күн салып, ағаның сол кездегі Гоголь көшесі мен Наурызбай батыр көшесіндегі үйіне іздеп барған едім. Ағаны үйінен таптым. Төртінші қабаттағы үш бөлмелі

үйінде бәйбішесі екеуі баппен шәй сораптап отыр екен. Мені көрісімен энеүкүнгідей емес, қалбалақтап-ақ қалды. Сырт киімімді шешіндіріп, төрге оздырып жатыр. Сол күні аға екеуміз ет пісірім демей-ақ қояйын, бие сауымдай уақыт отырып, кеңінен әңгімелестік. Аға өзінің өнер өлкесіндегі өмір жолдары, бел-белестері туралы кеңінен айтып берген еді.

Адамның мойны бір нәрсеге жар бермесе эне-міне ден жүре беретіні белгілі ғой. Сол эне-міне деп жүріп аға туралы жазылар очерктің ауылы алыстай бергенін байқамай қалыппын. Тек ол кісі туралы 1996 жылы мамыр айында Алматыдағы Орталық концерт залында болып өткен сахнадағы өнеріне 35 жыл толу құрметіне арналған кештен кейін толғанып отырып, ғұмырнамалық есеп іспеттес бір беттік материал жаздым. Сөйтіп аға алдындағы айыбымды осылайша жуғандай болғанмын. Сөйтіп жүргенде ағатайым алпыс деген асқаралы асуға да жеткенін байқамаппыз. Уақыт қандай алдамшы, қандай өткінші десеңізші. Алпыс жас. Бірақ Әлкен аға өткеніне еш өкінбейді. Қайта өміріне, тағдырына әншілікті қалап бергеніне дән риза. Сол ақжолтай ағаның алпысқа толу торқалы тойына арналған мүшел той материалын жазуды бас редакторымыз тағы да маған тапсырма берді. Бұл жолы енді ешқайда бұлтара алмайтынымды сезген болар. Мен де көп ойланбастан осы материалды жазуға отырдым.

Осы арада сәл шегініс жасап өтейін. Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері ән-би ансамблінің сексенінші жылдардағы бастығы, қазір “Отан сақшысы – Часовой Родины” газетінің бас редакторы подполковник В.В.Шупейкин Әлкен Амантайұлымен алғаш рет танысқаны былай деп еске алады.

– 1973 жылдың күзі болатын. Әскерге жаңадан алынған кезім. Ансамбль бастығы подполковник М.К.Клещин: – Старшина жас әртісті концерттік формада киіндір деп бұйырды. Ал старшина болса, маған бұрын киілген,

бірақ онша ескі емес концерттік форма әкеп берді. Әпсәтте әлгіні киіп алдым. Маған құйып қойғандай шапшақ, жарасып тұр. Менің мәз болып қалғанымды көрген старшина “Білесің бе, үстіндегі киімнің кімдікі екенін. Ол біздің атақты әншіміз Қазақбаевтікі”, – деді. Мен ішімнен Қазақбаев, Қазақбаев деп екі-үш рет қайталадым да оны көруге асық болдым. Алғашқы бір аптада аңызға айналған Қазақбаевпен дайындық, таныстық деп жүріп кездесудің сәті түспеді. Тек кезекті концерттен соң кешкілік қонақүйге барып Әлкен Қазақбаевпен танысудың сәті түсті.

Ол мені көрген бетте: – Жарайсың, Васек, өте тамаша ойнадың, “күшік”, деп аркамнан қағып, бауырына басты. Ал мен болсам, бұл кім дегендей бетіне карамаймын ба. Сөйтсем, менің алдымда еңгезердей, көзінен от шашқан, мейірімді, жылы жүзді Қазақбаевтың өзі тұр. Мен атақты әншімен осылай танысып, сол күннен бастап екеуміз ағалы-інідей боп, бір-бірімізді тіптен сен деп кеттік.

Иә, Әлкен Амантайұлының кейінгі жас толқын інілеріне әсте жақсылық жасап жүретінін біз де естігенбіз.

Әлкен ағаның әнші болып қалыптасуына о баста Құдай берген талантпен бірге әкесі мен анасынан жұққан қасиеттің де бар екендігіне еш шүбә келтіре алмаймыз.

Әлкен ағаның өзі айтады:

– Анам Мәрия ән салғанда бүкіл ауыл тамсана тыңдаушы еді. Дауысы өте әдемі болатын. Кез келген әнді келістіре салғанда бүгінгі халық әншілері әдірем қалсын. Әкем Амантай да кереметтей демесем де өз хал-қадірінше әншілігі, серілігі бар кісі еді. Сондай қос әншіден туған мен қалай әнші болмаймын, – деп риясыз күледі.

Әлкен Амантайұлы Алматыдан онша алыс емес, мына тұрған “Луч Востока” колхозының орталығында дүниеге келіп, есейіп, ер жетеді. Сол жерде оның сонау алыс сапарға, өнер өлкесіне шақырған арман жолы басталады. Қаршадай баланың әнге құмарлығын байқаған ұстаздары оны мектеп көркемөнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі

етіп сайлайды. Бұл жерде әнге қабілетін байқаған Әлкен Амантайұлы өзінің өмірдегі әншілік жолын одан әрі дамыту үшін астанаға жол тартады. Мұнда оның әншілік өмір жолы Алматы әуежайының мәдениет үйінде жалғасады. Бұл жерде де Әлекең жаман ән айтпайды. Әлекеңнің талантын, дарынын байқаған ақылшы ағалары оған нағыз профессионал әнші болуға қолғабыс жасайды.

– Әлкен, сенің орның әнде, сен тек ән айтуың керек. Әйтпесе, Құдай берген мына дауысың босқа қор болып қалуы мүмкін, – дейді, оған мұндағы үйірме жетекшісі. Сөйтіп, Әлекең өмірдегі өзінің үлкен жолына бетбұрыс жасайды. Бұл 1958 жылы болатын.

Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері Бас басқармасының маманы Ләтиф Аронұлы айтады:

– Мен республикамыздың еңбегі сіңген әртісі, әнші Әлкен Қазақбаевтай кең диапазонды, қысылмай, әнді еркін шырқайтын әнші көргенім жоқ. Әсіресе, халық әндерін қалай құлпыртып жібереді. Сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді деген сол емес пе, Әлкен әлі күнге дейін сахнадан түскен жоқ.

Оның тағы бір жарқын қасиеті, ақкөңіл, ақпейілділігі, ешкімнің бетінен қақпайтын адамгершілігі дер едім. Мен өзім шығарған екі-үш әніме нота жазып беруін сұрағанымда бір сөзге келместен әндеріме нота жазып, тіптен түсіндіріп те берді. Мұндай адамға Қазақстанның халық әртісін берсе де көптік етпес еді.

Балаң әнші өзінің бағын сынап көру үшін Қазақ Мемлекеттік хор капелласына конкурсқа қатысады. Талант тас жарады дегендей, мұнда да Әлекеңнің таланты басқаларды тәубасына келтіріп, ол хор капелласына әнші болып қабылданады. Міне, осы күннен бастап, қиындығы мен қызығы қатар жүретін өнер адамының бұралаңы мен бұлтарысы көп өмір жолы басталады.

Хор капелласы қатарында Әлекең он жыл ән салады. Осы жылдар Әлкен Амантайұлы үшін өсу, өрлеу, тәжірибе

жинақтау жылдары болды. “Ән айтсаң да жаныңды жеп айтасың” дегендей құр айқай ән болмайтыны белгілі. Осы он жыл ішінде дауысы да, ән айту мәнері де нағыз әнші болып қалыптасуына үлкен әсер етті. Кім білсін күні бүгінге дейін сол хор капелласында қатардағы әншілердің бірі болып жүре берер ме еді, егерде...

Әлкен ағаның өмірлік жары Алтын женгей айтады:

– Мен Әлекеңмен отасқаным астыз отыз бес жылдан асты. Бұл аз ба, көп пе, оған уақыт төреші. Өзімнің бар өмірімді Әлекеңнің жанында өткізгеніме өзімді бақытты санаймын. Рас, қиындықтар болды, жасырмаймын. Өмір болған соң бәрі болады екен. Әкем айтып отырушы еді “қай қиындықтың бір жақсылығы болады” деп. Сол рас екен. Осы Әлекеңмен өткізген 35 жылдың қалай зымырап өткенін де білмей қалыппын. Жаман болған жоқпын. Екеуіміз екі ер бала, бір қыз бала тәрбиелеп өсірдік. Бәрін оқытып, адам қылдық. Қатарынан кем етпей жоғары білім алып бердік. Енді немере сүйіп отырмыз. Бақыт деген осындай-ақ болар.

Иә, сонымен егер де 1968 жылы Шығыс Шекара округінің ән-би ансамблі құрылмағанда, Әлекең сол хор капелласында қатардағы әншілердің бірі болып жүре берер ме еді. Сонымен 1968 жылы аталмыш ансамбль шаңырақ көтереді. Жаңа да, жас ансамбльге бұл кезде атағы әжеп-теуір шығып калған Әлкен Қазақбаевты әншілікке шақырады. Ал, Әлекең болса көп ойланбастан келісімін беріп, осында әнші болып келеді. Міне сол күннен бастап, Әлкен Амантайұлы күні бүгінге дейін үзбей ширек ғасыр бойы еңбек етіп келеді.

Шекарашылар ансамблі анау-мынау жай ансамбль емес. Сенің өнеріңді әсем қалалардағы әсем мәдениет үйлерінде жұмсақ орындықтарда шіреніп отырып ешкім көрмейді. Сенің өнерің сонау таулы-тасты, шөлді, шөлейтті аймақтарға орналасқан бір қиырдағы Отан сақшылар – шекарашыларға керек. Сенің негізгі көрерменің де, сыншың да солар. Сондықтан күні-түні ұйқы көрмей,

каншама шақырымдарды артқа тастап жол жүруін керек. Микрофонсыз, сахнасыз кейде тіпті электр жарығынсыз да ән айтуға тура келеді. Міне, Әлекең осындай жағдайларды каншама рет басынан өткерді десеңізші.

Подполковник Василий Васильевич Шупейкин айтады:

– Оны ансамблдегі әріптестері де, округтегі оны білетін офицерлер де “трактор” дейтін. Бір жылда 192 концерт беру ердің ерінің-ақ қолынан келер. Күршімнің ми қайнатар ыстығы, Памирдің биіктігі, Пржевальскінің жолсыз соқпақтары, тұрмыстық тауқымет бәрі-бәрі Әлкен Амантайұлы үшін ештеңе емес болатын.

– Амантаич, сау бол, – деп қоштасып жатамыз.

– Аман бол, Васильич, – деп қолыңды қысып жолға шығып бара жатады. Әйтеуір бір тыным көрмейтін.

Әлекең бұл күнде де тынымсыз жан. Шашын ақ қырау шалып, Құдай берген алтындарынан немере сүйіп, ата атанып отырса да әлі тың. Ешкім Әлкен ағаны алпысқа келді деп ойламайды да. Қайта қырықтағы қылшылдаған жігіттей сахнаның көркіне айналып кететінін көріп таң қалмасқа шараң жоқ.

Алатаудың етегінде туып, тауға қарап өскен тау баласы тау мінезімен халқының қолтаптауына ие болып, асқаралы асудан асқан екен. Қашанда аман болыңыз, жезтаңдай, күміс көмей халық әншісі Әлкен аға!



МӘСКЕУДЕН БАТА АЛҒАН МЕРЗІМІНЕН ТЫС ҚЫЗМЕТТІҢ СТАРШИНАСЫ САХИДЯМ БАРАТОВА ТУРАЛЫ МӨЛТЕК СЫР

Бәрі де ойламаған жерден басталды. Мектеп бітірген жас қыздың алдында кім болам? деген сан қилы сұрақ тұрары өзінен-өзі белгілі. Сахидям да сондай сергелдең шақты басынан өткеріп тұрған кезі еді. Анасы айтады: “оқуыңды одан әрі жалғастыр, бағыңды байлама, бұл жақтағы бізді ойлама. Жоғарғы оқу орындарының біріне бағыңды сынап көр”, – дейді. Ал, бұл болса анасын, соңына ерген алты бірдей кішкентай бауырларын ойлайды. Бір жағы анасына көмектескісі келеді. Өзіне салса жоғарғы оқу орнына барғысы жоқ. Сонда қайта бармақ.

Көп ойланбастан аудандық әскери комиссариаттың есігін ашқан. Жас кезінен-ақ елгезек, бірбеткей боп өскені осы жолы пайдасын да тигізген. Әскери комиссариаттағылар қаршадай қыздың екі жылдық әскери қызметке барғым келеді дегеніне сенгілері келмейді. Тіпті күлкі еткендей ме, қалай? Ал, бұл болса намысқа тырысып, алған бетінен қайтпай қойды. Ол кезде КСРО Қорғаныс министрінің 19 жасқа толған қыз балаларды ішінара, өз еркімен арнайы мамандандырылған әскери қызметке алу туралы бұйрығы бар болатын. Сахидямосыны жақсы біліп алған еді. Әлгілердің алдына қайта-қайта барғыштап жүргені де сол бұйрыққа сенгені еді.

Қайтпас, қайсар қыздың талабын қайтармайық деді ме, әскери комиссариаттың әскери комиссары бұның құжаттарын тегіс қабылдап алды да, жауабын күтуін сұрады. Ал бұйрық сол кездегі ел астанасы Мәскеуден, Қорғаныс министрлігінен келу керек екен. Ол қай кезде келеді. Келгенде қандай бұйрық болады. Оны бір Құдай білмесе, ешкім жарытып ештеңе айта алмайды да. Содан сарылып күту басталады. Қойшы, әйтеуір, күндердің күнінде азаматша Сахидям Сәйдалимқызы міндетті әскери

қызметке алынсын деген бұйрық та шықты-ау. Жас қыздың сол күнгі қуанышын айтып жеткізу қиын.

Әскери комиссариаттағылар мұның алдына Қазақстанның екі қаласы Қапшағай, Алматыны және Тәжікстанның астанасы Душанбе қаласын ұсынды. Сахидям қабырғасымен кеңесе келе Қапшағайды дұрыс деп тапты. Міне, сөйтіп жас қыздың болашақ өмірінің нақты түйіні осылайша шешілген еді.

Қапшағайдағы байланыс полкінде қызмет етті. Сол кезде Мәскеуден тексеру жиі келетін. Әр түрлі шендегі, әр түрлі әскери адамдар бұл қызмет ететін әскери бөлімге келіп, бір абыр-сабыр болатын да жататын. Бір күні сондай кезекті тексеру кезінде бұл кезекші радист ауырып калып, соны ауыстыра қоймасы бар ма. Бір кезде бұл отырған радистің кішкене бөлмесіне сау етіп бір топ әскерилер кіріп келгені. Орталарында шалбарында баттиған қызыл жолағы бар еңгезердей біреу бар. Ол кезде генералды қайдан білсін. Кейін білді ғой бәрін. Әлгінің шалбарындағы қызыл жолағына қызыға қарай бергені есінде қалыпты. Бірақ дәуде болса осы үлкен бастық шығар деген оймен, қойған сұрақтарына нақпа-нақ жауап беріп, айтқандарында бұлжытпай орындағандары да есінде. Әлгі дәу бұған риза болды ғой деймін, “Жарайсың, қызым. Қолыңнан іс келетіні көрініп тұр. Алдыңнан жарылқасын”, — деген еді. Сол генералдың сол сөзі демеу болды ма, Сахидям сол күннен бастап әлгі жұмыста тұрақты бекіп қалды. Кейіннен өз өмірін әскери өмірге арнауына да сол генерал тілегі де себепкер болған шығар, кім біледі.

Арада зымырап екі жыл да екі жыл да өте шықты. 1975 жылы мерзімді әскери қызметтен босағаны туралы бұйрыққа қол қойылды. Енді не істемек. Өзі туып-өскен Көкталға қайтып келген. Бауырлары бұл кезде өсіп қалғанымен әлі жас. Оларға көмек керек. Және өзінің есіл-дерті әскери боламын деген мақсат. Қайтадан сол баяғы әскери комиссариатқа келіп жұмыс сұраған. Олар да баяғыдай емес, жылы

қарсы алып, әскери комиссариатқа паспортистка болып жұмысқа орналастырды. Бұл да болса дәтке қуат.

Сонда жүріп өзінің өмірлік жары Сергеймен танысты. Сергей осы жердің тұрғылықты жігіті екен. Шонжы ауылының шет жағын ала орналасқан “Межколхозстройда” жұмыс істейтін көрінеді. Көп ұзамай көңілдері жарасып, отау тікті. Сахидям Сергейді азғырды ма, жоқ әлде Сергей Сахидямды азғырды ма, қойшы, әйтеуір екеуі де өз істеп жүрген жұмыстарын тастап, сол кезде жаңадан құрылған Шонжы шекара отрядына әскери қызметкер болып орналасты да алды. Сергей болса арнайы курстан өтіп келіп, прапорщик шенін алды. Ал, бұл болса әскери қызметте жүргенде алған мерзімнен тыс қызметтің сержанты болып шыға келді. Сөйтіп, Сахидямның алдыға қойған мақсаты осылайша орындалса, жолдасы Сергей де әскери қызметкер атанған еді.

Содан бері де санап отырса ширек ғасырға жуық уақыт болып қалыпты. Өмірге алғашқы қыздары Самира келді. Ол қазір Алматы Халыаралық Журналистика институтының парсы тілі факультетінің екінші курсына оқиды. Одан соң дүниеге келген Венеарсының өзі Республикалық медициналық колледжінің бірінші курс студенті. Ал, сүт кенжелері Индира жеті жаста.

– Мен өз өміріме ризамын. Өзімді бақыттымын деп санаймын, – дейді Сахидям бізбен әңгімесінде. Анам бізбен бірге Шонжыда тұрады. Жолдасым екеуміз жаман қызмет еттік деп ойламаймын. Қандай жұмысты болса да абыройлы орындауға тырыстым. Тек, анамның өкініші “Сен бізге қарайлап, жоғары білім ала алмай қалдың ғой” – дейді. Ол кісі менің заң қызметкері болуымды қалаған еді. “Менің өмірім онсызда жақсы болды ғой, мама”, деймін мен оған еркелей, – дейді Сахидям.

Рас, өмірін өзі қалаған мамандыққа бағыштаған Сахидям Сәйдалимқызы Баратова Мәскеуден алған ақ батаның арқасында өз ортасында сыйлы болған, құрметтелген жан.

Жолдасы Сергей Полатұлы Баратов та Шонжы шекара отрядындағы ақсақал прапорщиктердің қатарында. Бұл отбасылы әскери жандар туралы отряд басшылығы да жақсы пікірде. “Жақсының артынан тек жақсы сөз ереді” деген осы емес пе.

Көктемнің қарлығаш мерекесі халықаралық әйелдер күні қарсаңында мерзімінен тыс қызметтің старшинасы Сахидям Сәйдалимқызына біз де өмір жасыңыз ұзақ, денсаулығыңыз мықты, әскери қызметіңіз жемісті болсын дегіміз келеді.

ӨТКЕН КҮНДІ ЕСКЕ АЛСАҚ... **Ән-би ансамблі ардагерлерімен сұхбат**

Өзінің өнерімен ел күзетіндегі шекарашыларды, қала берді барлық жұртшылықты тәнті етіп жүрген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Шекара әскерлерінің ән-би ансамблінің құрылғанына жуырда 30 жыл толды. 30 жыл уақыт біле-білген кісіге аз уақыт емес. Сол кезде келген сәбилер бұл күнде орда бұзар жасқа келген болатын.

Сонау 1968 жылдың сәуір айының басында еліміздің күн шығыс бөлігін күзетіп тұрған шекарашыларға мәдени қызмет көрсету, олардың рухын көтеру мақсатында өмірге келген ән-би ансамблінің осы 30 жыл ішінде жүріп өткен тарихы өзінше бір шежіре. Өткен күннен белгі бар деген осы. Сол өткен күнді еске алатын ардагерлер қазір де ансамбль қатарында саптан қалмай, өздерінің әлқадірінше еңбек етіп келеді. Солардың бірі алғаш құрылған күннен бастап күні бүгінге дейін ансамбльдің ыстығы мен суығына бірдей төзіп келе жатқан, жуырда ғана асқаралы алпысқа толған абзал жан Әлкен Қазақбаев.

Біздің тілшіміз ансамбльдің 30 жылдық торқалы тойы қарсаңында ансамбль ардагерлері Сергей Евгеньевич РЫЖОВ, Әлкен Амантайұлы ҚАЗАҚБАЕВ және Әлибек

Әбілқасымұлы ЖАНҒЫРБАЕВҚА жолығып, сұхбаттасып, төмендегі сұрақтарға жауап беруін сұраған еді.

1. Ансамбльге ең алғаш келген кезіңіз есіңізде ме?
2. Ансамбль құрамында өткізген сәттеріңізден ерекше қалған кез?
3. Бірге істеген әріптестеріңіз арасынан кімді айрықша атар едіңіз?
4. Балаларыңыздың арасынан жолыңызды қуғандары бар ма? Яғни әке дәстүрі өз жалғасын тапты ма?

Сергей Евгеньевич РЫЖОВ – Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі, ансамбльдің көркемдік жетекшісі:

1. Әрине, бәрі де бүгінгідей көз алдымда. Неге ұмытайын оны. 1970 жылы күзде әскер қатарына шақырылдым. Соның алдында ғана Алматы қаласындағы П.Чайковский атындағы музыкалық училищені ойдағыдай бітіріп шыққан едім. Музыкалық мамандығымның бар екендігін ескерді ме, әскери комиссариаттағылар мені бірден құрылғанына екі жыл болған Қызыл Тулы Шығыс Шекара округінің ән-би ансамбліне әскери міндетімді өтеуге жазды да жіберді.

Үстімде сыптай әскер киімі. Бас тап-тақыр. Жаңа орта, әскери өмір. Бірақ мұнда келіп жатқандар да әскери өмірге жаңа-жаңа үйреніп жатқандар екен. Мені жатсынған жоқ, бірден өз орталарына қабылдады. Ең алғаш танысқаным жуан дауысты, баритон әнші Әлекен. (Әлкен Қазақбаев) болды. Сол күннен басталған арамыздағы әріптестік, достық қарым-қатынас бүгінге дейін үзілген емес.

Содан зымырап екі жыл да өте шықты. Мерзімді әскери қызметімнің де уақыты бітіп, әскер қатарынан босанатын кез жетті. Енді не істемек керек. Мен көп ойланбастан бірден консерваторияға құжаттарымды тапсырып, сол жылы консерваторияның студенті атандым. Арада жыл-жып 5 жыл өтті. Қолыма табақтай диплом тиді. Енді мен жоғары білімді музыка маманымын. Онда да анау-мынау емес, жоғары білімді дирижермін. Жұмыс іздеп бас қатырмай, қайтадан өзім қатарында екі жыл қызмет еткен

шекарашылардың ән-би ансамбіліне салып ұрып қайта бардым. Ондағылар мені қайтадан қуана қарсы алды. Бұл 1977 жыл болатын. Міне, содан бері осы ансамбльмен өмірім біте қайнасып, бірге келемін. Қатардағы жауынгер, ансамбльдің мүшесінен, хормейстер, ансамбльдің көркемдік жетекшісіне дейінгі аралықтың бәрінен жүріп өттім. Оны өзім мақтан тұтамын.

2. Қашанда өміріне елеулі өзгеріс әкелген сәттер өмірбақи есте қалатыны сөзсіз ғой. Ондай сәттер менің өмірімде аз кездескен жоқ. Балаң көңіл шығар мүмкін. Ең бірінші рет ансамбльдегі еңбегім ақталып, сол кездегі Кеңестер Одағы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің құрмет грамотасымен марапатталғанда балаша қуанғаным бүгінгідей әлі есімде. Бұл менің алғашқы алған наградам еді. Одан кейін 1984 жылы ұзақ жылғы еңбегім бағаланып, Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі құрметті атағына ие болдым. Ол кезде мұндай атаққа екіншісі бірі ие бола бермеуші еді. Әсіресе әскери әртістер. Бұл да менің өмірімнің бір белесі деп білемін.

Ал Ауғанстанның қан сасыған жерінде концерт қойғанымыздағы әсерімді әлі күнге дейін айтып жеткізу өте қиын. Біз Ауғанның “Базайхумбад”, “Сархад”, “Гүлхана”, “Бандерпост”, “Тергаран” секілді жерлерінде концерт қойдық. От пен оқтың астында жүрген жауынгерлердің ерік-жігерге толы, мұң араласқан жүздерін көргенде толқымаған бір жан жоқ. Біз де сол от пен оқтың астында жүріп, қолымыздан келгенше бар өнерімізді көрсетуге тырыстық. Ал, одан бұрын қатардағы жауынгер кезімде ансамбльмен бірге тұңғыш рет шыққан гастролім Күршім шекара отрядындағы қойылған концерт күні бүгінгідейдей жапдымда қалыпты. Айта берсек, әңгіме көп қой. Қызықты жылдардың бәрі артта қалыпты.

3. Өзіммен бірге істеген, істеген істерін, қылықтарын, өнерін айта жүрсе дегендей әріптестерім көп болды. Олармен ансамбльде жүрген кезде бір кісідей бауыр басып кеттік. Әрқайсысының жөні бөлек. Ансамбльдің ал-

ғашқы бастығы, подполковник Михаил Кузьмич Клещин, бүгінде саптан қалмай келе жатқан Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі Әлкен Қазақбаев. композитор, Қазақ ССР-і хор капелласының бұрынғы директоры Тұрлыбек Әділханов, ансамбльдің сексенінші жылдардағы бастығы, бұл күнде “Отан сақшысы – Часовой Родины” газетінің бас редакторы Василий Васильевич Шупейкин менің өнерпаздық өміріме көп әсер еткен жандар десем артық айтпаспын.

4. Әрине, өз ізбасарым бар екендігін мақтан тұтамын. Менің өзім де өнерпаз жанұядан шықтым емес пе. Әкем де, анам да музыка мамандары. Әйелім, қарындасым ән айтып, би билейді Үлкен ұлым жоғары білімді музыка маманы. Эстрада әншісі. Әндерді өңдеумен де айналысады. Кіші ұлым Алматыдағы бір кезде өзім оқып, білім алған П.Чайковский атындағы музыкалық училищені бітірді. Әке жолын қуды деген осы емес пе.

Әлкен Амантайұлы ҚАЗАҚБАЕВ – Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі, ансамбльдің жетекші әншісі:

1. Сендер мен туралы жазуындай-ақ жазып келесіңдер. Оларыңа рахмет! Мына ағаларың көп мақтанып кетті демендер. Өздерің сұрап жатқан соң бәлсінбей айтайын. Мен осы ансамбль алғаш рет отау тігіп, шаңырақ көтерген күннен бастап күні бүгінге дейін істеп келе жатқан жалғыз адаммын. Яғни, менің де осы ансамбльде қызмет еткеніме тура 30 жыл болыпты. Ең алғаш ансамбль 1968 жылы, көктеммайында құрылған кезде мен республикалық филармонияда әнші едім. Осылай да осылай, Алматыда Қызыл Тулы Шығыс Шекара округінде ән-би ансамблі құрылады екен. Соған көмек керек, барасыңдар ма? – деп бізді, бес әнші жігітті шақырып алып, филармония директоры сөйлеспей ме. Бізде не сөз бар, ұрыс та тұрыс жоқ, бірден келісімімізді бердік. Барамыз дедік. Сөйтіп, бес жігіт, яғни мен, В.П.Балабанов, А.П.Афанасьев, В.А.Ткаченко, В.Е.Галкин бар, бәріміз қаздың баласындай тізіліп, қайдасың жаңа ансамбль деп тартып отырдық.

Қайран жиырма бес дейтін, ол кезде қылшылдаған жас кезіміз. Еш нәрседен тайынайық деп тұрған жоқпыз. Келсек, 20-30 шақты адам жиналған екен. Ансамбль бастығы подполковник Михаил Кузьмич Клещин, хормейстері Марат Сиазов деген жігіттер екен. Танысып, білісіп, аз уақытта бауыр басып кеттік. Әншінің аты қай жерде де әнші ғой, бауырым. Біз ансамбльге бірден кірігіп кеттік.

2. Ансамбль құрамында өткізген 30 жыл мен үшін өте ыстық жылдар. Оның әр күні, әр айы, әр жылы бөлек-бөлек айтатын шежіреге толы. Ол тарих. Мен еңбек еткен 30 жыл ішінде ансамбліміз сол кездегі КСРО шекара округтері арасындағы өнер байқауына төрт рет қатысыпты. (1972, 1973, 1975, 1975, 1983 ж.ж.) Сол байқауларда үнемі екінші орынды иемденген екенбіз. Ол кезде атағы жер жарған Ленинград, Киев шекара округтері ән-би ансамбльдерімен иық теңестіру деген онай емес шырағым. Қандай ғажап, қандай керемет еді. Әсіресе бірінші рет 1972 жылы осы Алматыда өткен аймақтық байқау әлі есімде. Сол кезде баскалардан оқ бойы озық болып, жүлделі бірінші орынды иемденген едік-ау. Содан кейінгі бір есте қаларлық жәйт, біз барған жерімізге тек шекарашыларға концерт қойып қана қоймай, жергілікті тұрғындарға да концерт қойып беріп, алғыстарына бөленіп жатушы едік.

3. Әріптестер дегенде не дуге болады. Жаңа да айттым ғой, бұрынғы ескікөзден қалған мен ғана деп. Одан кейін мына Серега, Сергей Рыжов жүр. Күні кешегі бастығым Вася, (Василий Шупейкин) да жақсы әріптес бола білді. Ал, А.Ф.Скопченко, Е.Ермаков, В.Гречколар тамаша биші еді. Бишілер бізге кейінірек келсе де бұл жігіттер өз билерімен бізді тез-ақ баурап алған еді. Әттең, қазір ондай бишілер жоқ қой. Кейінірек, олардың қатарын В.Копьев, Г.И.Пичугина, Л.Холкина, В.Калашникова, О.Плешковалар толтырды. Олар жыл он екі айдың 6-7 айында сапарда жүрсе де бір шаршадым деп айтпайтын.

4. Соңғы сұрағына ұяттымын. Женгенді өзің білесің. Үш бала бар. Үшеуі де өмірден өз жолын тапты. Бірақ бір де біреуі менің жолымды қуған жоқ. Оған өкінбеймін де.

Әлибек Әбілқасымұлы ЖАНҒЫРБАЕВ – Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі, ансамбльдің жетекші әншісі:

1. Менің әншілік өмірім бала кезден басталды десем артық айтпаспын. Оған себеп әртістер жанұясынан шыққаным болса керек. 1978 жылға дейін Орта Азия Әскери округінің ән-би ансамблінде әнші болып істедім. Өзім Семей қаласындағы музыкалық училищені бітірген едім. Бірді айтып бірге кете беремін. Содан САВО-ның ән-би ансамблінде алаңсыз қызмет етіп жүргенмін әнші болып. 120-дан астам адамы бар үлкен ансамбль. Көркемдік жетекшісі Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген өнер қайраткері, композитор Владимир Лисица деген мықты. Ансамбль мүшелері де “сен тұра тұр, мен айтайын” деген өңшен ығай мен сығайлар. Бір күні мені сырттай бақылап жүретін болуы керек, Шекарашылар ән-би ансамблінің бастығы подполковник М.К.Клещин өзіне шақырады. Оны бұрыннан білуші едім. Шақырған шаруасы “Әлибек, сен бізге керексің. Бізге ауысып келсейші. Жағдайдың бәрі болады”, – дейді. Содан дәм-тұз тартып шекарашы болып шыға келдік. Міне, содан бері Құдайға тәуба осы ансамбльдің ыстығы мен суығына төзіп келе жатқан жағдай бар.

2. Халқымыз бекер айтпайды ғой, “Өткен күнде белгі бар”, деп. Сол сөз рап-рас. Осы ансамбль құрамында бұрынғы Кеңес Одағының бірқатар жерлері мен елдерін, отқа оранған Ауған жерін аралап, концерт бердік. Сондағы қойылған әрбір концерт өзінше ерекше бір сәттер емес пе.

Шекарашылар ән-би ансамбліне ауысып келгеннен кейінгі ең бірінші шыққан гастроль Мақаншы шекара отряды болды. Ол кезде Мақаншы шекара отрядының даңқы дүрілдеп тұрған кез. Озат отрядқа концерт қойып, мен де озат атанып қайтқаным есімде. Осы ансамбльде жүріп

1984 жылы Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі атандым. Бұл да болса еңбегімнің жанғаны емес пе.

3. Әріптестер көп қой. Өмірімді әскери әншілікке арнаған сон әскери адамдармен көп жүрдім. Алғашқы ұстаздарым, ансамбль бастығы Клешин, Лисица, бүгінде иық тіресе еңбек етіп жүрген Әлекең, Сергейлер менің қиындықта қасымнантабылатын қимастарым.

4. Мен өмірден өз жолымды тапқан бақытты жанмын. Әлгінде айтып кеттім ғой, өнерлі жанұядан шықтым деп. Әкем Қазақстанның халық әртісі Әбілқасым Жаңбырбаев күні бүгінге дейін қатардан қалған жоқ. Өткен жылы 70-ке толды. Жетпіске толса да қартайдым деп қарап отырған жоқ. Семейдің драма театрында әлі еңбек етіп келеді. Ұлым Шәкен музыкалық мектепті бітірді. Қазақ айтпай ма, “Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі”, – деп. Сол айтқандай өнер әкеден басталып, балама дарып, жанұялық дәстүрге айналды.

– Әңгімелеріңізге көп-көп рахмет!



ЕЛБАСЫ БОЛҒАН ЗАСТАВА

Үстіміздегі жылдың сәуір айының бас шенінде Алматы облысының Ұйғыр, Райымбек аудандары территориясына орналасқан Шонжы шекара отрядына жолымыз түскен еді. Бұл жолғы сапарды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Шекара күзеті жөніндегі Комитетінің баспасөз қызметі болатын. Бұл сапарға жалғыз біз емес, бізден басқа да әріптестеріміз – республикалық “Казахстанская правда” газетінің де қызметкерлері бірге болды.

“Сәуір болмай, тәуір болмайды” деп халық қалт айтпайды ғой. Дегенмен де біз жолға шыққан күні көктемнің екінші айы – сәуір өзіндік мінез танытып тұр еді. Түнімен шелектеп құйған жауынның соңы қарға ұласқан. Ертеңінде де сол ақ жауын әлі басыла қоймаған еді. Біз сіркіреп тұрған жауын астында нар тәуекел деп жолға шыққанбыз.

Шонжы шекарашылар отрядына түс ауа жеттік. Жолда екі-үш шекарашылар өткелдерінен өттік. Қырлы-сайлы асуларды артқа қалдырдық. Жолда қар жатты. Ұзаққа созылған қыстың соңғы қары болса керек дестік.

Шонжы шекара отрядында бізді майор Наиль Файзрахманұлы Алдаев күтіп алды. Әзербайжан, грузин, түрікмен қазақ тілдерінде еркін сөйлеп, түсінісе алатын жігіт. Ол Шонжы шекара отрядында тәрбие, құқық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлімнің аға офицері болып қызмет атқарады екен. Өз ісін жетік білетін майталман маман болып шықты. Уағында Түркіменияда, Әзербайжанда, Закавказьеде азаматтық борыштарын атқарып, ыстық нүктелерде шыңдалған жігіт.

Бізді тіке сонау Қытаймен шектескен таулы аймаққа алып баратынын айтқанда сәл-пәл толқығанымыз да бар.

– Байынқол заставасына тарталық, – деді ол.

Шонжы шекара отрядынан біз баратын Байынқол заставасына дейін 240 шақырым жер. Оның үстіне “УАЗ” ав-

токөлігіміз біраз жерге өрге өрмелейтін тұстары бар екен. Демек, жол ұзақ. Жол қысқарсын деп, Наиль Алдаевты сөзге тартып келеміз.

– Шекарашылар застава­сы – шағын мемлекет секілді, – дейді ол. – Өз заңдылықтары, өз тәртібі бар. Жауынгерлер жанарынан қағыс калатын титтей де нәрсе бол­мауы керек. Ең бастысы, заставада ұйымдасқан ұжым бол­маса, ол застава емес, солқылдақ өткел, шекара бұзу­шылардың каймағы десе де болады. Біздің әрбір басқан қадамдарымыз, жүріс-тұрысымыз, өзара қатынасымыз “олардың” назарында тұр. Жасыратын жоқ, басқан қа­дамымызды аңдып жатқандар да бар. Демек, біз неге негізгі қызметімізден беймақұрым болуымыз керек. Ба­лық басынан шіриді, командир әлжуаздық танытса, күні ертең жауынгері жағасын жайлауға жібереді. Шекара бұзушыларға керегі осы. Сондықтан №1, №2, №3 деп бөліп-жарып карамай-ақ қояйық, шекарашылар отряды­ның басшылығы әскери алғы шепке әуелі шыңдалу мек­тебінен өткен “азулы” офицерлерді жібереді. Заставада олар әдеттегідей темірдей берік тәртіп орнатады...

...Біз барған “Байынқол” шекара застава­сы шынымен­ақ түкпірде екен. Айналасы тау. Хан Тәңірі шыңы да осы застава­ның үнемі қырағы күзетінде. Әдетте басылым беттерінде заставада қанша жауынгер қызмет етеді, қанша бақылау нүктелері жұмыс істейді, оны жазбайды. Мемлекеттік құпия болып саналады. Дегенмен, пәлен жауынгерді кез келген сәтте өре тұрғыза алатын, әр сәтте, әр уақта мемлекетіміздің алғы шебінде Жеріміз, Еліміз тыныштығын сақтауға мұрындық бола алатын жігіттердің аты-жөнін айтпасқа болмайды. “Байынқол” застава­сына бір кездері Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының өзі барып, сондағы жауынгерлердің тұр­мыс жағдайларымен, қызметтерімен жете танысқан еді. Содан бері мұнда берік тәртіпке негізделген жақсы үрдіс қалыптасқанға ұқсайды. “Байынқол” застава­сын

жас лейтенант Әділбек Мусин басқарады. Бір қарағанға “сарыауыз” болып көрінгенімен, өз ісін жетік меңгерген кәсіпқой офицер. Сарбаздарын алдында құрдай жорғалатпағанымен, командирге құрметпен, ілтипатпен қарайды, әрбір талсырмасына тиянақтылық танытады.

– “Байынқол” застава­сы күрделі учаскелердің бірі, – дейді Әділбек. – Жан-жағы тау, сарқырама өзені де бар, Демалыс дейтін жоқ бізде. Таулы аймақта жүрген кезде шекарашылар қай тұста қар көшкіні болады, ауарайының жай-жапсарын бәрі-бәрін білуі шарт. Бізде әрбір жиырма сағаттан соң жаңа тәулік басталады. Нарядтағы, кезекшіліктегі жауынгерлерден басқасы күндізгі 10-нан кешкі сегізге дейін демалуы мүмкін. Былайша айтқанда, күндік тәртіпке негізделмейтін өзіндік заңдылығымыз бар.

Кез келген бөлімшедегідей бүкіл жауапты іс старшинаға артылады. Ол шаруашылыққа да, жауынгерлердің жүріс-тұрысына да, тамағына да, қосалқы шаруашылықтарына да жауап береді. Старшина “тіс­қаққан” болса, бұл учаскеге басшылары аса алаң болмайды деген сөз. Сондай старшина бұл заставада да бар. Оның есімі Эрнст Әшімов. Қазақтың қарапайым қарадомалағы. Өз ісіне берік. Шаруашылықтарының бәрі тап-тұйнақтай. Шекара күзететін төрт-бес жүйрік жылқысы бар, Спрут, Альфа секілді тіміскі иттері қылмыскерді талауға дайын, оның үстіне ірілі-уақты мал асырайды, үндік-тауығы және бар, нан пісіретін қондырғы тапалары да үздіксіз жұмыс істейді. Жігіттердің қарны тоқ. Олай деуіміздің негізі бар. Әрбір жауынгер күніне 250 грамм ет, 950 грамм нан жейді. Төрт мезгіл тамақтанады. Әсіре айтқандық емес. Бұл тұрғыда іс әжептеуір тиянақты жолға қойылған. Керек кезінде асыранды малын сойып алады. Сарбаздар сиыр сауып, күн сайын сүт ішеді. Күбі пісіп, май жейтін кездері де аз емес.

– Шаруашылықтарың дұрыс-ақ екен, ал енді шекараны бұзған қаскүнемдер болды ма? – дейміз старшинаны қыспаққа алып.

– Мен өзім 1996 жылдың қазан айынан бері осы заставада қызмет етіп келемін. Әрбір шенгел, әрбір арық пен қуыс маған жете таныс. Әрине, жерімізге алара қарап, байлығына көз қырын тастап жүретін жеке-дара адамдар болады. Оларға табан асты тосқауыл қоймасаң, басыңа шығып кетеді. Қытайдан қыр асып келетін сондай “малтабарлар” таулы аймақта өсетін құнды шөптерімізге, құнарлы өсімдік тамыюларына қызығады. Реті келсе, марал мүйізін қағып кетуден де қаймықпайды. Бірақ, ондайларға қазір жол жоқ. Оның үстіне жергілікті малшылармен, орманшылармен жақсы байланыстар орнатқанбыз. Олар да өздерін мемлекет алдындағы жауапты қызметкер ретінде сезінеді, өздерін “Шекарашымыз!” дейді. Малшылар мен саятшыларымыз керек кезінде тиісті жәрдемдерін беріп отырады.

Тиісті жәрдемге келейік. Мемлекеттік шекараға орнатылған белгі маңында жері жыртылған бейтарап белдеу, тікен сым болады. Белдеуге кез келген із түсуі мүмкін. Ол қасқырдың, қабанның, тіпті барыстың ізі де болуы кәдік. Ол із көзге шалынса, белгілі бір тұтқалар арқылы малшылар оны заставаға хабарлайды. Жәрдемнің бұл бір түрі ғана. Қажеттілік болып жатса, олар қаскүнемді “кұрыққа” түсіру операцияларына да қатысады.

“Байынқол” заставасының саяси-әлеуметтік мәселелерге жауап беретін офицері, лейтенант Марат Бейбітов қырағы жауынгерлерді газет бетінде атап өтуін сұрайды. Сарбаздар арасында көшілгері жүруге ұмтылыс танытатын, сонымен қатар өз жолдастарына әжептеуір сеп көрсетіп жүретін жігіттеріміздің барына қуандық. Мәселен, қатардағы жауынгер Ерғали Асабаевтың, сержант Ғалым Әбдірахмановтың, қатардағы жауынгер Ардақ Кенжаевтың есімдерін ерекше атап өтуге тұрарлық. Олар – әскери даярлық үздіктері.

...Шекарашылар өмірі қиын. Шекарашылар өмірі қызық та. Қиын болатын себебі, мұндағы әрбіз сарбазға еліміздің алғы шебін күзетудегі үлкен жауапкершілік жүктелген. Зерде, сауаттылық, тәжірибе, біліктілік, шапшаңдық бәрі керек. Топография, биология, толып жатқан “графияларды” білмесен қиын. Компаспен де, компассыз да жұмыс істейтін кездер кездеседі. Жаумен бетпе-бет ұшырасатын сәттер де кезігуі мүмкін. Бәрі мүмкін...

Қызық болатын себебі, толысасың, шыңдаласың, өсе-сің, өрлейсің. Ең бастысы, ел-жұртына, ата-анасына, іні-қарындас, аға бауырларына мұндағы сарбаз жинақы, жіптіктей болып оралады.

Бір айта кететін жәйт, “әлімжеттік” дейтін дерттен мұндағылар арылғалы қашан. Үлкенге құрмет көрсетеді, кішіге үлкен ізет жасайды.

Сөз соңында Әділбек Мусин “әлімжеттік” мәселесіне тоқтала отырып, ол “модадан” кеткенін әңгіме арқауына айналдырды. ҚР Қорғаныс министрінің тиісті бұйрығына сәйкес әрбір сарбаз күн сайын таңертенгісін дәрігерлік тексеруден өтеді. Шамалы жарақат табы анықталса, қызметтік тергеу жүргізіледі. Бұл – барша офицердің міндеті. Қазір заң қатал. Өні-міні елге қайтамын деп отырған “шал” кінәлі болып шықса, әскердегі “борыш” жалғасын табады. Ол кімге керек? Сондықтан, ондай дерттің барыншыны керек, біз ұмыта бастадық дейді.

Лайым, солай болсын. Бізге жібі түзу, дені сау сарбаз керек...

ЕЛІН СҮЙГЕН ЕР БАЙТАСОВ

Қазақтан шыққан санаулы генералдардың арасынан өзіме оттайыстық бір адам бар. Олқанымен де, жапымен де, ышынымен де нағыз шекарашы боп бұл пәниден бақылыққа аттанған, марқұм деуге ауыз бармайтын аяулы аға, абзал аға генерал-майор Баһадүрбек Байтасұлы БАЙТАСОВ. Жаны таза, ары таза абзал ағаның мен үшін ерекше болатын өзіндік себептері де бар еді...

“Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған” деп ұлы Абай айтқандай, бұл жалғанда ерекше жаратылған адамдар ешқашан өлмек емес. Сондай жанның бірі генерал Баһадүрбек Байтасов.

Баһадүрбек ағамен таныстығым осы Шекара әскерлері газетіндегі қызметім ә деп басталғанға тап болып еді. Дәл сол кезде “Шығыстағы көне қақпа” атанған Қызыл Тулы Зайсан шекара отрядының құрылғанына 70 жыл толып жатқан кез болатұғын. Ал, Баһадүрбек аға болса осы отрядты табаны күректей алты жыл басқарған. Ол кезде Кеңес пен Қытай арасының нағыз шиенелісіп, нағыз шырқау шегіне жеткен кез. Оның үстіне Қызыл империяның тұсында басқа ұлттың өкілі табан аудармай бір жерде, үлкен отрядта бастық болу некен саяқ еді емес пе. Ендеше артына жақсы сөз қалдырған Баһадүрбек Байтасовтың қандай жан болғанын осыдан-ақ байқай беріңіз.

Міне, мен сол кезде генерал Байтасов туралы алдыменен өзіміздің “Часовой Родиныда”, соңыра орталық газеттерге “Баһадүр болған Байтасов” деген очерк жазып жариялатқан едім. Ағаға сол газеттердің бір-бір данасын апарып, бергенімде, дән риза болғаны күні бүгінгідей көз алдымда. Кім білген ол кезде, аға туралы қайтыс болғаннан соң да қалам тартам деп ойлаппын ба. Аға тың, сергек жүріп, аяқ астынан қайтыс болып кетті емес пе. Бұл күнде абзал ағаның мені көрген сайын “Балам, халың қалай, жақсы ма. Шенге, атаққа қызықпа. Оның бәрі өткінші.

Бәрінен де адамгершілігің болсын. Адам бол” дейтін алтын сөздерін де сағындым. Тіптен кейде маған ағамен арамыз бұрынғыдан да бетер жақындап бара жатқандай көрінеді.

Енді міне, Шекара әскерлерінің құрылғанына 80 жыл толуы қарсаңында аға туралы тағы да жазуға тура келіп отыр. Ол кісі бұл даталы күнді көре алмай кетті. Ал өзі еңбегі сіңген шекарасына 80 жыл толып отырған кезде аға туралы жазса несі айып. Ағаның өмірбаянына бір сәт шегініс жасай кетейік.

Республикамыздың Оңтүстік облысында дүниеге келген Баһадүрбек Байтасұлы жастайынан құлағына қазақи салт-дәстүрді сіңіріп, оңтүстік өлкесінің қаймағы бұзылмаған инабаттылық иірімдері арасында өскенін жасырмайтын. Сондықтан да болар, кейіннен әскерилер арасында лауазымды қызметтер атқара жүріп те өзінің адами кредосынан бір ауытқып көрмепті. Соның зиянынан пайдасын мол көріпті.

Оңтүстік өлкеде мектеп бітірген балаң жігіт 1941 жылдың көктемінде әскери борышын өтеуге аттанады. Тып-тыныш қана өтіп жатқан әскердегі өмірді қанқұйлы неміс-фашист басқыншыларының сол жылдың жазында тұтқиыл жасаған шабуылы быт-шытын шығарып, ел басына күн туған кезең келеді. Міне сол кезде балаң жігіт Баһадүрбек Байтасов та қолына қару алып, неміс-фашист басқыншыларына қарсы күреске аттанады.

– Ең алғаш соғысқа кіргенім 1942 жылдың қыс айы еді, – деп еске алады Баһадүрбек аға. Оңтүстік – Батыс майданының құрамындағы 224 батальонда артиллерист болып зұлым жауға қарсы бірнеше ұрыстарға қатыстым. Бұл Оңтүстік-Батыс майданы кейінірек Украинаны жаудан азат етуге қатысты.

1944 жылы Баһадүрбек Байтасовқа таңдаулы сержант ретінде шекарашы офицерлер даярлайтын оқу орнына жолдама береді. Бұл кезде баяғы балаң жігіт емес, әбден ысылған, қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткеріп, талай

жойқын жорықтарды артта қалдырған тәжірибелі жауынгер болатын. Оқу орны Ленинград қаласында екен. Ол жерде екі жыл оқып, лейтенант шенін алғаннан соң 1946 жылы еліміздің шығысына жол тартады. Тағдыр мұны Тәжікстан шекарасына әкеледі. Шекараның аты шекара. Алапат соғыс енді-енді аяқталғанымен, әлі де болса соғыс бұлты ыдырамай тұрған кез. Оның үстіне Тәжікстан арқылы өтетін мемлекеттік шекараны қорғау да оңай емес. Бірақ бала кезден бірбеткей өзіне де өзгеге де қатаң талап қоя білгіш, тік мінезі мұнда да жақсы қызмет етуіне көп көмегін тигізді. Бұл заставадан бірде-бір шекара бұзушы ішке бір адым да аттап баса алмады.

Шекарадағы өмірі солай бір қалыпты өте берер ме еді, әлде қайтер еді. Бәрі де ойламаған жерден болды. Шекара күзетінде жүргеніне төрт жылдан асып бара жатқан уақыт еді. Бір күні отряд бастығы бұның қолына КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери институтына жолдаманы ұстатып тұр. Бұл түкке түсінбей аңтаң. “Жолың болсын, батырым. Бұл сенің еңбегіңнің шын бағаланғаны. Көп ойланба, бар. Болашағың алда, өкінбейсің” – деген сөзі әлі есінде сайрап тұр. Расында одан ұтылмапты. Қайта тереңірек алған білімі қиындығы мен қызығы қатар жүретін әскери қызметінде көп көмегін тигізіп, жеңілдіктеріне себеп болды да.

МҚК әскери институтынан соң тәжірибелі шекарашы өзінің шекарадағы қызметін Қырғызстанда жалғастырды. Қырғыз-қазақ ежелден бір туған, бауырлас халықтар. Екі халықтың еншісі де бөлінбеген. Сол туысқан халықтың шекарасын күзету Баһадүрбек үшін үлкен мәртебе болып көрінген еді. Қырғызстан шекарасын күзетіп жүріп өзінің Алтайы, Алатауы әсте бір есінен шықпайтын. Қазақстанның Қытаймен шекарасы Қырғызстанға келіп, одан әрі жалғасып кете береді. Осы ұзыннан-ұзақ шекара екі бауырлас халық үшін ортақ шекара. Күн-түн демей, ат үстінде өткізген күндер, бүгінде алыстап кеткенімен өзіне

бір түрлі ыстық көрініп тұратыны да сондықтан болар. Бұның табаны тиген Тарбағатай таулары мен Бактының баурайлары, Алтайдың әсем сілемдері, бәрі-бәрі дәл қазіргідей көз алдында. “Түйенің қомында, аттың жалында” жүрген уақыттың өзі бір дәурен екен ғой, шіркін, – деп бүгінде Баһадүрбек аға күрсіне еске алып еді.

1962 жылы Қазақстанның шығысындағы Зайсан шекара отрядын басқаруға келген кезде жағдай онша мәз емес еді. Көршілес жатқан Қытай мемлекеті мен КСРО арасындағы қырғи қабақтық, бұл жерге де өз ызғарын шашып-ақ тұрған. Шекараның ағы шекара. Оған мықты әрі сак болмасаң болмайды. Арандатушылық деген күн сайын болып жатады. Баһадүрбекті жауапты отрядқа бастық етіп қоюында да үлкен мән жатқан секілді. Себебі, шекарада жинаған бай тәжірибесі бар. Сенімге әбден лайық жан Оның үстіне айналып кетейін, шекара офицерлері де шетінен сенімге лайық, сайдың тасындай іріктелген жігіттер еді. Әсіресе солдаттар мен сержанттарды айтсаңшы.

Зайсан шекара отрядында өткен 6 жыл байырғы шекарашы офицердің өміріне үлкен белгі қалдырып, өшпестей өзгерістер әкелген жылдар болды. Кемеліне толысып, нағыз қызмет етер қылшылдаған жасында майор шенінде отряд басқарып, бұл жерде полковник шенінде қызмет бабымен жоғары өрлеп кетуі де сол Зайсандағы жылдардың жақсылығы емес пе. Отанның ушығып тұрған шекарасында қызмет ету бір жағы үлкен абырой болса да, бір жағы асқан жауапкершілікті жүктегені белгілі. Керек десеңіз, отбасы ортасында отырып, дұрыстап, демалып, көңіл көтере алмайтын да. Бірақ одан жаман болған жоқ. Сол кездегі КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Семичастнидің қолынан “КСРО-ның Құрметті чекісі” белгісі атағын алды. Кеудесіне жауынгерлік Қызыл Жұлдыз орденін қадады. Ал өзі басқарған шекара отряды Қызыл Ту орденімен марапатталды. Мұның бәрі қарапайым қазақ отбасы ортасынан шыққан жалынды

офицер Баһадүрбек Байтасовтың еңбегі емес деп кім айта алсын.

“Тау таумен кездеспейді, адам адаммен кездеседі” деген халқымыздың нақыл сөзі тектен тек айтылмаса керек.

— Бірде, Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясы жүріп жатқан кез болатын. Сессия арасындағы үзілісте дәлізде шылым шегіп тұрсам, еңгезердей бір орыс жігіті келіп қыпсыра құшақтай алғаны. Өзім сасып қалдым. Менің сасып қалғанымды сезді ме әлгі жігіт аман саусыз ба, Баһадүрбек Байтасұлы. Шынымен-ақ танымай қалдыңыз ба? Мен сіздің Зайсандағы жауынгеріңіз Литовченкомын ғой дегені. Міне, қызык. Арада отыз жыл өтсе де ұмытпаған. Өзі Ақтөбе облысының бір ауданында аупарткомның бірінші хатшысы екен. Көрдін бе, басқа-басқа шекарашылар әркез бауырмашыл болатынын тағы бір дәлелдеген жоқ па”, — деп Баһадүрбек аға өткен күннен тағы бір қызыкты естелік айтып беруші еді. Міне соның бәрі де бүгінде сағыныш.

Зайсан шекара отрядынан соң Б.Байтасов екі жыл Қызыл Тулы Шығыс Шекара округінің басқармасында қызмет етті. Одан соң 16 жыл қатарынан Қазақстан ДОСААФ Орталық Комитетін басқарды. Генерал-майор Б.Байтасов ДОСААФ-тың басшылығында отырған жылдары болашақ Отан қорғаушыларды даярлау өте жоғары дәрежеде жүргенін бүгінде екінін бірі мақтанышпен сөз етеді десек артық айтпаймыз. Бәкең сол атаққа лайықты қызметте істеді.

Елін сүйген Ер Байтасов саналы ғұмырының жартысын қадірлі де қиын мамандық әскер өміріне арнап, расында да өз халқының Баһадүрі бола білді. Өзі өлгенімен, артына өшпестей із тастап кетті. Кіндігінен шыққан қос қанаты Нәзия мен Инжуі оның өмірінің жалғасы іспетті. Немерелері де шауып жүр. Екі қос қанатының екеуі де жоғары білімді дәрігер. Нәзия медицина ғылымының кандидаты. Отбасында отырған ағаның өмірлік серігі де дін аман, денсаулығы Құдайға шүкір, жақсы.

“Артында бар оналар” деген осы да.

ЖҰЛДЫЗЫ ОНЫҢ ЖОҒАРЫ

Жаркент шекара отрядына барған сайын жауынгерлер арасында өзінің адами қасиетімен де, білімділігі және өнерлілігі қасиетімен де ерекшеленетін жан туралы жазғым келетін де тұратын. Бірақ қанша оқталсам да соның бір оңтайлы кезі келе қоймаушы еді. Бұдан бұл отрядта дәл сондай адам жоқ екен деген ұғым тұмауы керек. Бары бар ғой, бірақ шекара өмірінің күнделікті күйбің тірлігі өзіне тартып алып кете беретін. Менің осы ойым – Жаркентке барған соңғы сапарымда іске асты десем қателеспеспін. Отряд бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық мәселелері жөніндегі орынбасары, аузын ашса көмейі көрінер аккөңіл, ақиық жігіт полковник Молдағалым Өзбековке осы ойымды жеткізген кезде: “Өте дұрыс айтасыз. Бізде ондай жандар жеткілікті. Солардың бірі жас та болса өз ісіне бас, клуб меңгерушісі прапорщик Арман Қырықбаев деген жігіт”, – деген еді Молдағалым Әбдіғалымұлы.

Отрядтан Молдекең айтқан Арман атты жігітті тауып алу қиынға соққан жоқ. Мен жұмыс істеп отырған кабинетке салып ұрып өзі-ақ жетіп келді. Ұзын бойлы, қара торы, жас жігіттің үстіне киген шап-шақ әскери киімі, оның сәлемдесуі, жастыққа тән шалт қимылы, ә-дегеннен-ақ маған бірден ұнады. Содан ба әйтеуір әңгімеміз бірден жарасып-ақ кеткен.

Арман қызығынан шыжығы мол клуб меңгерушісі қызметіне өткен жылдың қаңтар айында келіпті. Оған дейін отрядтың тәрбие және әлеуметтік-құқық басқармасында аға техник болып қызмет істеген көрінеді. Клуб меңгерушілігін қабылдап алмас бұрын Алматыдағы Жоғары командалық шекарашылар училищесінде қысқа мерзімде офицерлерді даярлайтын курсты бітіріп келген екен. Енді қазір лейтенант атағын күтіп жүрген кезіне дәл келіппіз. Бұйырса офицерлік шені де таяу күндері келіп қалар деп, сөз арасында тілегімді білдіріп те қойдым. Арманмен

асықпай әңгімеге көшкенмін. Өзінің осы әскери өмірге қалай келгендігі туралы қызыға әңгімелейді.

– Мен де әрбір бала секілді мектепте жүрген кезден-ақ әр түрлі мамандық иесі болуды қиялдаушы едім. Бала көңіл бірде ұшқыш, бірде агроном, бірде инженер болуды қалайтын. Кім ойлаған үстіме әскер киімін киіп, Отан қорғаған шекарашы боламын деп. Бәрі де аяқ астынан басталған жоқ па. Өзіммен құлын-тайдай бірге тете өскен ағайым Бақыт мектеп бітіре салысымен сонау алыстағы Украинаның шеткі бір қаласы Львовқа тартты да кетті. Ондағы ойы сол жердегі саяси қызметкерлер даярлайтын әскери училищеге оқуға түсу. Талаптанған ер қоя ма, сол жылы сол училищенің курсанты болып шыға келді. Кейін демалысқа ауылға келген кезде сымбатты денесіне құйып қойғандай шап-шақ әскери киіміне қызығатынмын. Оңаша да өзім де киіп көріп, қызықтайтынмын.

Міне, сөйтіп жүріп, мені де әскери өмір біртін-біртін өзіне тартып бара жатқанын байқамай да қалыппын, – деп еске алады алыста қалған бұла шақтары туралы Арман өз әңгімесінде.

Иә, өмір жолы сан тарау, 1988 жылы Арман өзі туып-өскен жері Жаркент ауылының іргесіндегі Үлкен Шағанда орта мектепті бітіріп, үлкен өмірге жолдама алғаны да күні бүгінгідей көз алдында. Мектепті бітіріе салып ауылдан ұзап кетуді қоя тұрып, аудан орталығындағы жарты жылдық шоферлер дайындайтын курсты бітірді. Одан кейін әскер қатарындағы екі жыл Забайкальде өтті. Әшейінде әскери өмірге бейім тұратын балаң жігітке әскердегі екі жыл үлкен сабақ болды. Ендеше, өзін-өзі іштей әскери сапқа даярлап жүрген азаматқа бұл таптырмас үлкен мектеп емес пе.

Әскердегі екі жыл да екі күндей болмай өте шыққан. Енді не істемек керек. Ендігі ойы шекарашы болу. Шекаралы аймақта туып, шекаралы аймақта ержеткендіктен бұған шекарашылардың қым-қуат өмірі аса таңсық емес.

Өзі де шекара бұзушыларды ұстауға көмектескені бар. Арман көп ойланбастан осындағы шекара отряды басшылығына жолығып, өз ойын айтқан кезде мұндағылар да көп қарсылығын білдіре қоймаған еді. Міне, Арманның шекарашының жасыл күнкағарын киіп, сапка тұрғанына да содан бері бес жылдан асыпты. Өзі жақсы адамға қай жерде де бір орын бар деген емес пе, келгелі жаман аты шығып көрмепті. Егер мұның қызметіне отряд басшыларының көңілі толмаса, қысқа мерзімдік офицерлер даярлайтын курсқа жіберер ме еді.

Әріптестері ардақтаған Арманның анасы Гүлжамал апаймен де жақынырақ танысудың реті келді. Үш бала өсіріп, тәрбиелеген бақытты ана Арманның әкесінің осылардың қызығын жете көре алмай кеткендігі болмаса, мына өмірге риза екендігін риясыз ашық көңілмен айтады. Екі баласы Бақыт пен Арманның да әскери болғанына да шын жүректен қуанышты екендігін де жасырмайды. Ал, баланың үлкені Гауһар болса ол да өмірден өз жолын тауып, жоғары білімді дәрігер атанып отыр. “Бұл да болса құдайдың берген бағы ғой, Тәуба”, – дейді Гүлжамал апай.

– Арман клубқа бастық болғалы үйге мезгілімен келгенді қойды. Жұмысы бұрынғыдан да ауырлап, жауапкершілігі артып кетті. Бірақ сондай да болса Арманның бір шаршадым дегенін естіген жоқпын, – Арманның жұбайы, нәзік жанды Эльвира келін.

Расында клубта болып жатқан әрбір түрлі мәдени шаралар Армансыз өтпейтін көрінеді. Оны біз Арманмен болған екі-үш күнде анық көрдік те. Бір қызығы мұндағы жауынгерлер де Арманға өте ізетпен қарап, өздеріне үлгі тұтады екен. Бұл да болса Арманның өз ортасында ортақ тіл таба білуінің арқасы ғой деп білеміз.

Міне, жаздың тағы бір ұзақ күні асықпай барып өз ұясына қонған. Айналаны жаздың мақпал түні түмшалап алғалы қашан. Аспан кеңістігін де, сонау алыстағы құс жолы бойында бір жұлдыз ерекше жарқырайды. Арман болса

қазір ғана біткен концерттен алған әсерінен әлі айығар емес. Бүгін тағы бір жұмыс күні бітті. Ертең тағы да оны жаңа істер күтіп тұр. Ал, алда қаншама ұзақ жолдар жатыр. Клубтың есігін мықтап бекітті де, үйіне қарай асыға беттеді. Үйдегі қос ботасы Айбегі мен Мараты алдынан папалап шығып, мойнына асыла кеткенде дүниедегі бар нәрсені ұмытқандай болады. “Шіркін, бала деген тәтті ғой...”, – деп ойлап қойды ол.

Жігіт жұлдызы әрқашанда жоғары болса жарасар. Ендеше, жұлдызың жоғары, тасың өрге домалай берсін. Арман!



ТАҒЫ ДА КУРСАНТТАР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Өмір бір орнында тұрып қалмайды. Ол үнемі алға жылжып, адамдардан аларларыңды алып қалыңдар, асығыңдар дегендей үнемі үздіксіз қозғалыста болады. Міне, күні кеше ғана сияқты еді, Жоғары Командалық шекарашылардың әскери училищесі сапынан жүзден астам курсанттың үлкен өмірге жолдама алғандары. Енді әнеміне дегенше үлкен өмірге жолдама алған курсанттардың ізбасарлары да қабылдау емтихандарын тапсырып бітіп, өздері де иықтарына курсат погонын тағудың аз-ақ алдында тұр.

Жуырда біз бір топ әскери журналистер Қазақстан Қарулы Күштері Жоғары Командалық Шекара училищесінің оқу-жаттығу орталығында болып, осында бақ сынап жатқан талапкерлер арасында болып қайтқан едік. Оқу орталығы іші абыр-сабыр. Талапкерлер соңғы сыннан сүрінбей өту үшін барын салуда. Соңғы сынақтар өтіп жатыр екен. Бәрін ұршықша иіріп, училище бастығының бірінші орынбасары подполковник Тұрғанбек Стамбеков жүр. Мұнда да қатаң тәртіп керек. Өйтпейінше бар еткен еңбегіңнің зая кетері сөзсіз. Осы жерден уәделескен уақыт бойынша училище бастығы генерал-майор Тұрсын Ғабиденұлы Айжоловты кездестіріп, сұхбаттастық. Журналистерге жаны жақын, өзі де әдебиет десе ішкен асын жерге қоятын Тұрсын Ғабиденұлы бізді жатсынбай, жатырқамай, бірден әңгімеміз жарасып кете барды.

– Биылғы жыл өткен жылға қарағанда ауырлау болып тұр, – деп бастады училище бастығы өз сөзін. Неге десеңіздер, жылдан жылға әскери оқу орындарына құжат тапсырушылар саны артпаса кемімеуде. Соның қатарында біздің училище де бар. Биылғы жылы біздің училищеге құжат тапсырғандар саны мыңнан артылып түсті. Ал, училищедің бар болғаны үш факультет бар. Осы үш факультет бойынша қабылданатын талапкерлер саны үш жүздің ар жақ,

бер жағында. Яғни, бізде бәйгеден озып келген мыңнан бірінің ғана түсе алатынын естен шығармаған жөн. Әскери өмірді қалап, Отан қорғайтын азамат боламын деп келгеннен соң біз олардың құжаттары заңға сай келсе бәрінің де емтихан тапсырып, өз мүмкіндіктерін сынап көруіне жағдай жасаймыз. Биыл да сөйттік. Келген талапкерлерді әр факультет бойынша (мұнда 3 факультет бар. Шекара әскерлері, Ішкі әскерлер және мемлекеттік байланыс) рота-ротаға бөліп, оларды жеке топтар бойынша орналастырдық. Емтиханды осы оқу орталығында тапсыратын болғандықтан, жылдағы жатақ орындарды алдынала дайындап, асхананы тәртіпке келтірдік. Сөйтіп, талапкерлердің алаңсыз емтихандарын тапсыруына жағдай жасадық. Бекітілген, белгіленген тәртіп бойынша талапкерлерүш сабақтан (Қазақстан тарихы, орыс тілі және дене тәрбиесі пәні) емтихан тапсырды. Сондай-ақ, осы жерден талапкерлер тағы да қосымша медициналық байқаудан өтті. Ондағы ойымыз болашақ офицерлер сапына кім көрінгеннің кездейсоқ кіріп кетуінен сақ болу.

Міне, емтихан да, медициналық байқау да бітті. Кімнің аты сөреден келгенін енді-енді біліп жатыр. Жаңа әңгіменің басында айттым ғой, биыл талапкерлер болды деп. Бір орынға бес адамнан келді. Ал, соңғы емтиханның өзінде бір орынға 1,5-2 адамнан келгені бұл мамандыққа деген елдің көзқарасының өзгергенін көрсетсе керек. Бәрі жақсы-ау. Оқысын, офицер болсын. Оған ешкім қарсы емес. Бірақ білімі өте төмен, саяз денсаулығы нашар, салмағы жоқ талапкерлерді біздің училищеге әскери комиссариаттағылар не ойлады екен деп қынжыласың. Кейбіреулер орыс тілінен диктант жаза алмаса, кейбір балалар өз елінің тарихын білмейді деген не деген сұмдық. Тіпті спорттың мақұрм талапкерлер кездесті. Турникке он-он бестен тартыла алмаған жігіт жігіт пе. Ондай жігіттерден ертең қандай офицер шықпақ. Олар ертең оқып та жарытпайды ғой. Мұны мен әдейі айтып отырмын. Бұл жылда қайталанатын

ауру болды. Құдайға шүкір, қазір бұрынғыдай емес, әскеи бола, офицер болам деген талапкерлер жетерлік. Таңдап алуға мүмкіндік мол. Сондықтан жергілікті жерлердегі жауапты адамдар, әсіресе әскери комиссариаттағылар іріктеу жұмыстарына немқұрайлы қарамаса екен. Ол дегеніміз – Отанының болашағына немқұрайлылықпен қарау деп түсінуіміз керек.

Әрине, бес саусақтың бәрі бірдей болмайтыны секілді, талапкерлер арасында өздерінің жап-жақсы дайындығымен көзге түскендер де баршылық. Үш жігіт мектепті алтын медальға бітіріп келген екен. Олар бірден қабылданды. Сол сияқты Шекара әскерлері сапында прапорщик, мерзімінен тыс қызметте жүріп, ысылған жігіттер де басқа талапкерлермен бірдей емтихан тапсырып, сыннан мүдірмей өтіп, курсант атанып отыр. Отанымыздың болашақ сардарларын сапалы етіп даярлап шығару біздің басты міндетіміз болып қала бермекші, – дейді училище бастығы генерал-майор Т.Айжолов.

Иә, училище бастығы айтса айтқандай бүгінде оқу орталығындағы емтихандар бітіп, қарбалас сәт те тынған. Курсанттар қатары жаңа талапкерлермен толығып жатыр. Біз олардың Отан күзетіндегі ертенгі берік сақшылары болатынына бек сенімдіміз.



ТУҒАН ЖЕР ӨЗІҢ ДЕГЕНДЕ...

Туған жер өзің дегенде жүрегім әркез дүрсілдер. Ән шарықтай барып, әсем аяқталды. Зал сілтідей тынып қалған. Сахнаға жүгіре басып шыққан концертті жүргізуші жігіт “Сіздердің тындағандарыңыз Бәкір Тәжібаевтың “Туған жер” әні, орындаған ансамбліміздің жас әншісі, қатардағы жауынгер Руслан Кеңесханов”, – дегенде манадан бері әсем әнге елтіп, тынып қалған зал ішін кенет жаңғыртқан шапалақ үні кернеп кетті. Ән де, әнді салған әнші де құдірет екен. Ол құдірет алыста жүрген жауынгердің елге деген, туған жерге, ата-анаға деген сағыныш құдіреті емес пе. Міне, әннің де, зал толы жауынгерлер жүрегін тербеп алғаны осы сағыныш құдіреті болатын. Сол күнгі концерттен соң Руслан отрядтағы барлық жауынгерлерге туысындай өте жақын болып кетті. Ал клуб меңгерушісі прапорщик Арман Қырықбаев қоярда-қоймай жүріп, Русланды клуб жанынан ұйымдастырылған фольклорлық ансамбльге мүше етіп тартты. Ондағы ойы талантты жігіттің тауы шағылып, далада қалмаса екен еді. Руслан ансамбльге келген алғаш күннен-ақ жаңа бір леп жаңа бір күш келіп қосылғандай болған. Халық әндерін нақышына келтіре орындайтын Руслан ә-дегеннен-ақ әріптестерінен оқ бойы оза шапқанын әуелгіде өзі де байқамай қалған болатын. Жалпы, шекара күзеті Күштерінің арасында жаркенттік өнерпаздарға тең келер ешқайсысы жоқ деп жатады. Мүмкін, солайы солай шығар. Оның да өзіндік себебі бар. Мұнда отряд бастығы полковник Шантас Өтепов пен отряд бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық мәселелері жөніндегі орынбасары полковник Молдағалым Өзбековтер өнер үшін барын беруге әзір. өздері де өнерге жақын жандар. Сондықтан да болар, биыл осымен үшінші рет аймақаралық байқауларда жаркенттік өнерпаздар үнемі бірінші орында келеді. “Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын” деген осындай-ақ болар.

Отряд клубы жанынан ұйымдастырылған фольклор ансамблінің құрамында кілең сайдың тасындай өнерпаз жігіттер жиналған. Руслан Кеңесханов домбырада ойнап, ән айтса, қатардағы жауынгер Нартай Үмбетов, Алтынбек Тағлымов домбырада, Сәбит Тұрсынов бас домбырада, Пернехан Неметов сылдырмақта, Қапаш Мұсабеков дауылпазда, Данияр Жақышев кіші дауылпазда, Аймырза Жаманқұлов баянда ойнайды. Сіз егер ансамбльдің сүйемелдеуімен бір ән тыңдай қалсаңыз, сырлы сөз әлеміне қалайсұңгіпкеткеніңіздіөзіңіздесезбейқаласыз. Ансамбль репертуары өте бай. Негізінен халық әндерінен тұрады. Сонымен бірге қазіргі кезгі жас композиторларымыздың да әндерін өз репертуарларына қосқандығынан ұтпаса ұтылып отырған док. “Бізге отряд басшылары көп көмек көрсетіп отыр. Барлық музыкалық аспаптар жеткілікті. Өткен жылы бірнеше домбыра сатып алып берді. Біз тек отрядта концерт берумен шектелмейміз. Заставаларға шығып өз өнерлерімізді көрсетеміз. Тіпті кейде мерекелік кештерде ауыл сахнасына да шығып өнер көрсететініміз бар”, – деп мақтан етеді ансамбль жетекшісі Аймырза Жаманқұлов. Осы Аймырзаға мен бірнеше ән айтқызып, тыңдадым. Ашық дауыстағы таза тенор шаныша сыңғырлап тұр. Музыкалық асрартыңкез келген түрінде ойнайды. Өзі 1993 жылы музыка училищесін бітірген. Арнайы музыкалық мамандығы бар. Арман айтады: “Бұл жігіттің сегізқырлы, бір сырлы мінезіне қарап біз оркестрге дирижер, ансамбльге жетекші етіп қойдық”, – деп. Баянда ойнағанда қолы қолына жұқпайжы. Ал, орыс халқының халық аспабы балалайканы шерткенін айтсаңызшы. Балалайкада небір тамаша туындыларды аса шеберлікпен шертеді. Таңға дейін тыңдасаңыз да ешбір жалықпайтыныңыз сөзсіз. Осындай өнерпаз жандардың Жаркент шекара отрядында шоғырлануы да отрядтың бағы ма деп қаласың. Аймырзамен кеңірек отырып, әңгімелесіп, таныстық. Бұл жігіт туралы кейінірек кеңірек

жазу ойда бар.

Күдіретіңнен айналайын, қоңыр домбыра, қай қазақты өзіне баурамаған. Домбыра үні шыққан жерде елеңдемей тұрмайтын казак некен-саяқ шығар. Тағы да домбыра күңгірлеп, саз сырнай сұңкылдап, оған сылдырмақ, дауылпаз үн қойып, сахнаны тағы бір халық әні кернеп кеткен. Шіркін деп ойлайсың, осы кезде әсем әуен сазына жанынды балқыта отырып, саусағынан бал тамған осы жігіттердің өнерін фольклорлық ансамблдердің байқауына апарып, сынап көрер ме еді. Сонда көрер едік-ау, өнердің шын күдіретін. Өнер жолында жүрген жігіттер Отан күзетінде тұрған шекарашы жауынгерлердің көңілін көтеріп, оларға рух берумен қатар, өздерінің де бағын бір сынап көрсе несі айып.

Міне, қолтығына домбырасын қысып алып, енді бірі сылдырмағын, енді бірі саз сырнайын алып, дайындық өткізетін бөлмеген жиналып жатыр. “Нартай, сен бүгін домбыраңның үстіңгі шегін сәл босата түс. Кешегідей шіңкілдеп қалып жүрмесін. Сен Сәбит бас домбыраны босқа сабалай бермей, бір мезгіл басқаларға да қарасайшы”, – деп ансамбль жетекшісі Аймырза әзіл-шыны аралас, әріптестерінің кешегі дайындықта мүлт кеткен жерлеріне өзінше баға беріп жатыр. “Өлең айтсаң да жаныңды жеп айтасын” деген осы-ау расында. Өнер өрінде жұлдыздарың жоғары бола берсін, жаркенттік өнерпаздар.



ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ БЕЛЕСІНДЕ

Соңғы жылдары өр Алтай, асқар Алтай баурайына қоныс тепкен қос облыс қосылғаннан бері бұл өлкенің де берекесі кіріп, шаруасы оңала бастағанға ұқсайды. Оған өзіміз куә болған көптеген игі істер куә.

Қарашаның дене тітіркендірер кара суығында жол қапшығымызды арқалап, жолсапарға шыққанбыз. Жол мақсаты – көру, есту, білу қала берді ұту. Ал беталысымыз Қазақстанның шығыс өлкесі Шығыс Қазақстан облысы, оның ішінде Күршім ауданы, Марқакөл бағыты. Негізгі міндет осындағы іргелі шекара отрядтарының бірі Күршім шекара отряды. Осы отрядтың құрылғанына 30 жыл толғалы отыр. Отряд жас болғанымен тарихы бай Қазақстан мен Қытай шекарасының әжептеуір жерін қырағы күзетіп, абырой биігінен көрініп келе жатқан отряд. Міне, осы отрядтың өткені мен арғы, бергісін көріп, білу мақсатында жолға шыққан едік. Бұл өлкеде күздің кара суығы әбден күшіне енген шақ екен. Қыс қыр астында деп қазақ бекер айтпайды ғой. Алтай таулары ақ көрпеге оранып алыпты. Түнделетіп отрядқа жеткен бізді отрядтың тәрбие және әлеуметтік-құқық мәселелері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары майор Василий Иванович Наздрянов қарсы алып, орналастырған болатын. Ертесіне ертемен тұрып, жұмысқа кірістім. Отряд бастығы, полковник Абай Брекешов кезекті еңбек демалысында екен. Ал, оның орнындағы отряд бастығының тыл істері жөніндегі орынбасары, подполковник Николай Александрович Разумов мұнда жаңадан келсе де отрядқа жанды басшылық жасай білетін іскер жігіт екені көрініп тұр. Әңгімені әріден бастағанбыз. Негізінен, мақсатымыз шекара отрядының 30 жылдығын жазу болғандықтан тарих қойнауына тереңірек үнілуге тырыстық, сонымен, отряд тарихына көз салсақ.

Бәрімізге белгілі, алпысыншы жылдардың аяғына қарай Қытай мен Кеңес үкіметінің арасы тым нашарлап,



**Қайта оралмас
сағынышты сол
күндер.
Бақанас ауылы
1991 жыл.**







1998 жыл.

Прапорщик
Лаура Ғабдуллина.
Жоспар талқылау сәті.



Өнер тарландары ортасында.



Қания апада қонақта. 1998 жыл.



**Қайран он сегіз! Кеңес әскері қатарында.
Киев қаласы. 1976 жыл.**



**Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы,
Армия генералы Сағадат Нұрмағанбетовпен бірге.**







Үлкен немере Зере. Жаңа жылдық ертеңгілікте.



Жазира тұрмысқа шыққанда.



Гүлайым және Роза.



Ерназдың Әскери Ант қабылдау кезінде.

**Қарындасым
Гауһар Разаққызы.**



Кезекті сұхбат. Далалық әскери полигон.



**Генералдар А.Шабдарбаев, Б.Закиев.
Зайсан шекара отряды.**



**Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданының әкімі
Басшы Әзірхановтың қабылдауында.**



**Алматы облысы мәслихатының
хатшысы Ермек Келемсейт.**



**Полковниктер Нұрлан Сағымбаев, Бірлік Ақшолақов,
Сағидолла Сиқымбаев.**



2008 жыл.



Қытайлық делегациямен кездесу.



2009 жыл.



**Қазақстан Журналистер
одағының төрағасы
Сейітқазы Матаевтың
қолынан сыйлық алу сәті.**





Ғылым докторы, ақын, журналист Әнуар Тарақ.



Жазушы ағалардың ортасында.



**Құдамыз Шаймүшіреп, құдағи Қайыпжамал.
2003 жыл. Алматы қаласы.**





Аймақтық алқадан сон.



екі үлкен мемлекет арасындағы қырғи-қабақ соғысының нағыз шырқау шегіне жеткен кезі болатын. Міне, осы кезде мемлекеттік шекараны берік қорғау үшін жаңа күш, жаңа леп керек болды. Осыдан келіп, шығыстағы көне қақпа Зайсан шекара отряды құрамынан Күршім шекара отрядын құру туралы 1967 жылдың қараша айында КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің жаңадан 134 шекара отрядын құру туралы Бұйрығы шықты. Сөйтіп, келер жылы, яғни, 1968 жылдың 1-желтоқсанында Қызыл Тулы Шығыс Шекара округінің құрамында Күршім шекара отряды пайда болды. Міне, сол күннен бастап жыл сайын 1-желтоқсан әскери бөлімнің құрылған күні ретінде аталып өтіп келеді. Содан бері тура табаны күректей 30 жыл да сырғып өте шығыпты.

Сөз басында айтып кеткендей жаңа отрядқа Қызыл Тулы Зайсан шекара отрядының II шекара заставасы берілді. Оның ішінде орталығы Алексеевка селосында орналасқан “Алексеевка” шекара комендатурасына “Алқабек”, “Қарачилик”, “Аршалы”, “Александровка” секілді жеті шекара заставасы бекітіліп берілсе, “Өрел” шекара комендатурасына (орталығы Өрел селосы) “Орловка”, “Владимировка”, “Өрел”, “Чиндагатуй” секілді төрт шекара заставасы бекітіліп берілді. 1968 жылдың бірінші желтоқсанында Зайсан шекара отряды Күршім шекара отрядына 303 шақырымға созылып жатқан тағы да шекара учаскесін береді. Міне дәл осы күн отрядтың туған күні болып қалады. Ал, жаңа отрядтың аяғынан қаз тұрып кетуіне көп ықпал еткен алғашқы отряд бастығы, полковник Н.Гуляев, отряд саяси бөлімінің бастығы полковник И.Ержолдиндер мемлекеттік шекараны қырағы күзететіндіктері туралы ант береді. Сонымен қатар, жас отряд алғашқы күннен-ақ жергілікті халықпен қоян-қолтық араласа отырып, мемлекеттік шекара күзетіне жұмыла кірісіп кетеді. Олар өздерінің әскери дайындықтарын үнемі көтеріп, құрылыс жұмыстарын қатар жүргізе отырып және

жергілікті тұрғындарға көмек көрсетуді де ұмытпайды.

Жетпісінші жылдары шефтік көмек көрсететін мекемелердің демеуімен “Бобровка” шекара комендатурасы салынып, пайдалануға берілсе, 1979 жылы “Кокжота”, 1978 жылы “Акалаха” шекара заставалары қаланып пайдалануға берілді.

Сексенінші жылдары шефтік көрсетушілердің көмегімен “Алексеевка” және “Өрел” шекара комендатурасы, “Алкабек” шекара заставасы қайта салынды. Кеңестер Одағының тарих сахнасынан кетуіне байланысты “Акалаха” шекара заставасы Ресей Федерациясына берілсе, “Арчаты” шекара заставасы қысқарып қалды. Осы уақыт аралығында “Қарачилик” шекара заставасы қайта салынып, іске қосылды. Өзіндік тарихы бар Күршім шекара отрядында осы отыз жыл ішінде офицер деген қасиетті атаққа кір келтірмей, тамаша қызмет ете білген офицерлер өсіп шықты. Солардың қатарынан: майор И.Ивасик, подполковник Г.Балым, майор В.Грачев, майор А.Карпенко, подполковник В.Скиба, подполковник А.Смышляев, майор А.Орлов, полковник В.Шупейкин, подполковник Н.Махуров, прапоршиктер В.Пономаренко, Е.Назаров, Н.Мартынов есімдерін айрықша атай кеткен жөн. Ал, бұл күнде әлі де болса қатардан қалмай, жастарға үлгі-өнеге болып жүрген аға прапоршиктер В.Семкин, Н.Якуб, Н.Ходеевтар шекара әскерінің алтын қорлары.

Отрядтың ерлік істерге толы тарихы өте бай дедік. Енді солардың бірнешеуін тілге тиек ете кетейік.

1932 жылдың сәуір айы. “Алексеевка” шекара заставасына тісіне дейін қаруланған ақ гвардияшы офицер Бычинский дегеннің бандасы тосыннан шабуыл жасайды. Олар 300-ден астам, ал застава бастығы Глазунов бастаған шекарашылардың саны 19. Салыстырып қараныз, кімнің күші басым екенін. Күші басым жаумен шайкаста ержүрек шекарашылар түгелдей ерлікпен қаза тапты. Бірақ қарулы бандылар тобы көмекке асыққан басқа шекарашылардың

күшімен талқандалды. Бұл күнде ержүрек шекарашылар ерлікпен қаза тапқан шекара заставасында солардың қаһармандығын еске түсіретін зәулім ескерткіш бой көтерген. Әскерге алынған жас жауынгерлер тәуелсіз Қазақстанның шекарасын берік қорғайтындықтары туралы осы жерлен ант беріп жатады.

Жетпісінші, сексенінші жылдары Күршім шекара отрядының әскери қызметшілері Ауған жерінде өздерінің интернационалдық борышын өтеп қайтты. Олардың арасында прапорщиктер В.Семкин, Н.Якуб, Н.Ходеевтер де бар. Ал жауынгер Александр Алфимовтың ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Ол күші басым дұшпандармен шайқаста ерлікпен қаза тапты. Бұл оқиға қалай болған еді. 1980 жылдың 1-желтоқсаны болатын. Дұшпандар әдеттегінен тұтқиылдан шабуыл жасайды. Ал, Александр болса ауыр жараланып, сорғалаған қанына карамастан қарсы келген дұшпанға ітулеметтен оқ жаудырып, қаншама жолдастарының өмірін қорғап қалады. Бірақ өзі де ерлікпен қаза табады. Қайтыс болғаннан кейін ол “Қызыл Ту” орденімен марапатталады.

Мұндай ерліктер бейбіт күндерде де өз жалғасын тауып жатты. “Алексеевка” шекара комендатурасының коменданты Н.Демченконың ерлігін жасыл күнқағарлы жауынгерлер ешқашан ұмытпақ емес. Майор Н.Демченко сол күні нарядтан тыс болатын. Өзі алматылық. Кезекті еңбек демалысын алып, жанұясымен елге барып демалып кайтпақшы болып жүрген. Бұл ойының бәрін кенеттен болған қайғылы оқиға тас-талқан етті. Шекара жанына жақын отырған шопан үйіне шақырусыз келген “қонақ” Қытайдың әскери азаматы бүкіл қару-жарағын асынып келіп, шопанның өзін, оның ержеткен балаларын атып, өлтіріп, шопанның әйеліне тамақ істеуді бұйырады. Шопан әйелі оны тамақтандырып болған соң, көзі ілініп кеткенін пайдаланып, жалаң аяқ, жалаң бас қашып шығып, шекарашыларға белгі беріп үлгереді. Шекарашылар дабыл бойынша көтеріліп, объектіні тез қоршағанымен,

ол қаруланған, қауіпті еді. Қолындағы қол гранаталарын лақтырып, олардың жолын біраз бөгейді. Міне, осы кезде өз өмірін құрбан еткен майор Н.Демченко жарылғалы тұрған гранатаға қарамай, опасызбен бетпе-бет келіп, оны залалсыздандырып үлгереді. Бірақ, бәрі де кеш еді. Сол жерде шекара бұзушы да, майор Н.Демченко да қаза табады. Бұл ерлік емей немене. Қаза болғаннан кейін майор Н.Демченко “ҚызылТу” орденімен наградталды. Ал, “Александровка” селосында оған ескерткіш орнатылған.

КСРО тарағаннан кейін оның орнын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы басқаны белгілі. Міне, осы ТМД мемлекеттерінің арасында сыртқы шекараны бірігіп қорғау туралы келісім бар. Соның бірі Тәжік-ауған шекарасы. Осы мазасыз шекарада өзара келісімге орай Қазақстан батальоны да тұр. Бұл батальон өзінің жауапкершілігімен көзге түсе білуде. Бұл батальонның құрамында жүрген күршімдік шекарашылардың да еңбегі орасан зор. Әкелер дәстүріне адал екендіктерін таныта білуде. Солардың қатарында сержант Раджан Батырханов есімі ерекше аталады. Неге десеңіз, Раджан бейбіт күннің батыры. 1994 жылы ауған жағынан өтіп келе жатқан бандылармен шайқас кезінде өзінің командирін жауып тұрған оқтан қорғап, өзі мерт болады. Бірақ командирінің, басқа да бірнеше жауынгерлердің өмірін сақтап қалады. Шығыс Қазақстан облысы, Қатон-Қарағай ауданында туып-өскен ержүрек шекарашы қаза табады. Бірақ оның ерлігі өлген жоқ. Ер шекарашы Қазақстан Президентінің Жарлығымен “Айбын” орденімен наградталып, өзі оқыған мектепте Раджанның ерлігіне арналған бұрыш ашылды.

Бір кездері, сонау азамат соғысы жылдары Алтай атты әскерінің негізінде құрылып, кейіннен Зайсан шекара отряды болған үлкен отрядтан енші алып шыққан Күршім шекара отряды Қазақстан-Қытай шекарасын күзетуде 303 шақырымға жуық жерді (оның ішінде құрғақта 133 шақырым, суда 170 шақырым) қорғап тұр. Шекара сол

жақтан Қара Ертіс арқылы Акалаха, Каракала өзендеріне дейінгі аралықты күзетіп тұр. Негізгі аймақ Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік территориясынан бастау алып, Ресейдің Таулы-Алтай автономия облысына дейінгі аралыққа созылып жатыр.

1976 жылы мемлекеттік шекараны күзету кезінде жоғары көрсеткішке жеткені үшін, әскери тәртіпті нығайтып, социалистік міндеттемесін орындап шыққаны үшін озат деп танылып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақстан Министрлер Кеңесінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алады.

Енді әр жылдары отрядты кім басқарған екен, сол кестеге көз салыңыз.

1968 жылдан 1974 жылға дейін полковник Н.Гуляев, 1974 жылдан 1977 жылға дейін полковник Е.Саипенко, 1977 жылдан 1981 жылға дейін полковник В.Неверовский, 1981 жылдан 1987 жылға дейін майор В.Прохода, 1987 жылдан 1993 жылға дейін подполковник А.Солдатченков, 1993 жылдан 1998 жылға дейін полковник В.Жучков, қазіргі уақытта полковник А.Брекешев басқарып отыр.

Шекара – мемлекетіміздің елдігін білдіріп тұратын бұл қасиетті орынға әрқашан тағзым ету ләзім. Ал, күршімдіктер өздерінің отыз жылға жуық уақыт ішіндегі шекара белдеуін абыроймен күзетіп, шекарашы қасиетті ұғым екенін сөздерімен де істерімен де дәлелдеп келеді.

МАҚСАТ АЛҒАШҚЫ ҮШТІККЕ ЕНУ**(өмірбаян беттерінен)**

Подполковник Мамлюк Марипұлы Исмаилов 1961 жылы Алматы облысы, Ұйғыр ауданының Шонжы ауылында қызметшінің жанұясында дүниеге келген.

1978 жылы Алматы қаласындағы Жоғары Командалық шекарашылардың әскери училищесіне түсіп, оны 1982 жылы ойдағыдай бітіріп шыққан.

1982 жылы Закавказье шекара округіне қызметке жіберіліп, онда әскери қызметті Артачи шекара отрядында застава бастығының орынбасары болып бастаған. Одан кейін Азербайжан республикасында Мегрен шекара отрядында қызмет еткен. 1985 жылы Қызыл Тулы Шығыс шекара округіне ауысып, Шонжы шекара отрядында әуелде застава бастығының орынбасарынан отряд штаб бастығының орынбасары аралына дейінгі қызметте болады. 1998 жылдың ақпан айынан Күршім шекара отрядында штаб бастығы. Отряд бастығының бірінші орынбасары. Үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары Әскери Академиясына сырттай оқуға түскен. Үйленген. Бір ұл, бір қызы бар.

Жақсы көретін спорт ойындары – футбол, волейбол, суға жүзу. Сонымен бірге әртүрлі жеңіл автомобильдердің құлағында ойнайды.

Жуырда ғана өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өткен Күршім шекара отряды қазіргі таңда өтіп бара жатқан жылды табысты аяқтау үшін жұмыла қимылдауда. Жуырда жолымыз түсіп, осы шекара отрядында болып қайтқан едік. Қара Ертістің бойын жағалай қонған ел қыс қамымен жүрсе, біздің шекарашылар мемлекетіміздің шекарасын күзетуде өз қырағылықтарын арттырған үстіне арттыра түскен. Орта бұзар отыз жасқа келген күршімдіктердің кешегісі

мен бүгiнiн салыстыра отырып, отряд жағдайымен кеңiнен танысып шыққанбыз.

Алғашқы кездесiп, әңгiмелескен адамымыз отряд бастығының бiрiншi орынбасары, штаб бастығы пoдполковник Мамлюк Марипұлы Исмаилов болды.

– Мамлюк Марипұлы, сiз осы шекара отрядының штаб басшылығына келгелi көп уақыт бола қойған жоқ. Бiрақ көптi көрген, көптi бiлетiн тәжiрибелi офицерсiз. Отрядтың сiз келгенде жағдайы қалай едi, қазiргi жағдай қалай? Осындағы ұйымдастыру жұмыста отряд жайлы көзқарасыңыз қалай?

Сұрақ төтесiнен қойылып отыр. Бiрақ шамам келгенше жауап беруге тырысып көрейiн.

Мен осы шекара отрядының штаб бастығы болып осы жылдың ақпан айында келдiм. Келген кезде отряд анау едi, мынау едi деп айтудан аулақпын. Бiрақ отряд өткен жылдың инспекторлық тексеру қорытындысы бойынша ең соңғы орынға ие болыпты. Оған көптеген объективтi де субъективтi себептер болған. Соның бастысы, әскери тәртiптiң нашарлап кеткендiгi дер едiм. Дәрекi қылмыс жасаушылар саны артып кеткен. Оның үстiне өзiңiз бiлесiз, өткен жылғы жаз айларында Алтай тауларында болған өрттi сөндiру кезiнде болған оқиғада отряд өмiрiне өзiнше әсерiн тигiзгенiн айта кеткен жөн болар. Мiне осындай келенсiз отрядтың орыннан бiрақ шығуына әкеп соққан. Жалпы, Күршiм шекара отряды табиғаты қатал Алтай өлкесiне орналасқан. Күнi кеше ғана отыз жылдығын атап өткен отрядтың шекара заставалары Зайсан шекара отрядынан басталып, Ресейдiң Алтай өлкесiне барып тiреледi. Осы аралықта табиғаты қатал Күршiм ауданы, бұрынғы Марқакөл ауданы жатыр. Мен өзiм осыған дейiн әскери қызметiмдi өтеген Шонжы шекара отрядына, Шонжы ауданына қарағанда бұл жердiң өзгешелiгi өте көп екен. Бiрақ табиғаты қатал екен деп қарап жатқан шекарашылар жоқ. Отряд басшылығы бас болып, Тәуелсiз Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, жұмыла қызмет етудеміз.

– Дұрыс екен. Ал енді, өткен жылғы кемшіліктен қалай қрытынды шығармақсыздар? Соңғы орыннан алға жылжу үшін не істемек керек? Әрбір істе белгілі бір жеңіске жету үшін алға қойған белгілі бір мақсат болуы керек қой. Алда қандай мақсат бар.

Күршім шекара отряды Қазақстан мен Қытай шекарасын қорғауда 303 шақырым шекара аймағын күзетіп тұр. Мұның ішінде құрғақтағысы 133 шақырым, су бойымен өтетіні 170 шақырым. Енді өзіңіз ойлап қараңыз, осыншама қашықтыққа созылған мемлекеттік шекараны қырағылықпен күзету оңай шаруа емес қой. Өзіңіз айтқандай, ол үшін не істемек керек. Енді соған тоқтала кетейік.

Отряд басшылығының құрамы толық жанарды. Отряд бастығы болып, тәжірибелі офицер, бұрынғы штаб бастығы, шекараның барлық буындарынан өткен полковник Абай Брекешев тағайындалды. Отряд бастығының барлық саладағы орынбасарлары да түгелдей жаңарды. Енді бізге тек жаңаша бастау ғана қалды.

Біздің алға қойған басты мақсатымыз – барлық күшжігерді толық жұмылдыра қойып, Күршім шекара отрядының бұрынғы жеткен жетістіктеріне қол жеткізіп, жақсы атын қайтару. Ол үшін бізде қазір жағдай да, мүмкіншіліктер де бар. Әскерде алдыменен темірдей тәртіп, табыс болмайтыны белгілі. Ал, табыс өздігінен келмейді. Алдыменен қолға алғанымыз босаңсып кеткен тәртіпті бір жөнге келтірдік. Соның нәтижесі болар, қазір тәртіп бұзушылар саны өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда едәуір азайды деп айтуға толық негіз бар. Әсіресе тәртібі қожырап, отрядты артқа сүйреген орталық оқу пунктiнiң жұмысын жолға қойып, басшылығын толық ауыстырдық. Одан кейiн коменданттық ротаның бас-

шылығын жаңартып, бұл жерде жастарға сенім арттық. Ол отряд командирінің төтенше жағдайда іске қоса қоятын ішкі резервтегі механикаландырылған маневрлік тобына айрықша мән беріп, мұнда да біраз тер төгуге тура келді. Оның резервте тұр деген аты болмаса, заты онша емес екен. Мұны да қатарға қостық. Әрине, мұның бәрі айтуға жеңіл болғанымен, атқарылуы оңайға соққан жоқ.

Ендігі біздің алда тұрған тағы бір басты міндет – қатарымызға жаңадан қосылған жас офицерлерге жан-жақты тікелей көмек көрсетіп, олардың қатарымызға тезірек кірісіп кетуіне себеп болу. Жыл сайын Алматыдағы Жоғары Командалық шекарашылардың әскери училищесін бітірген жас офицерлер қатарымызды толықтырып келеді. Олардың теориялық білімі болғанымен, іс жүзінде тәжірибесі аз. Қазір бізде қырыққа жуық жас офицерлер өздерінің әскери қызметтерін өтеп жүр. Міне, олардың да ертең білікті де, тәжірибелі шекара офицері болып шығуына көмектесу, тәрбиелеу, үйрету біздің басты міндетіміз болып қала бермек. Жалпы біздің алға қойған мақсат – қайткен күнде биылғы жылдың қорытындысы бойынша алдыңғы үш орынның біріне ие болу.

– Күриім шекара отрядында мен өзім болған шекара заставаларында қажетті техникалардың жорыққа аттануға сақадай-сай тұрғанын көрдім. Бұған да бір себеп бар шығар?

Әрине себепсіз салдар болмайды ғой. Отряд бастығының техника істері жөніндегі орынбасары болып келгеніне онша көп уақыт болмаса да өз іскерлігімен көзге түсе білген капитан Айдын Бакытұлы Сұлтанғазиевтің көп еңбегі бар деп ойлаймын. Қазір әрбір шекара көмендатурасында 2 “УАЗ-469” автокөлігі, 1 “ГАЗ-66” автокөлігі бар. Қаңырап қалған 20 автокөлік жөнделіп, жүріп жүр. Сол сияқты бір-қатар автобронды машиналар жөндеуден өткізілді.

– Мамлюк Марипұлы, шефтік көмек көрсетушілердің отрядқа көмегі бар ма? Болса қандай көмек көрсетіп жатыр?

Шефтік көмек көрсетушілерге өкпеміз жоқ. Отряд пен облыс аудан аралығында өте тығыз байланыс орнатылған. Отряд бастығы, полковник А.Т.Брекешев пен Шығыс Қазақстан облысының әкімі В.М.Метте арасындағы өзара келісім арқасында қазір шефтік көмек көрсетушілер жұмысы жандана түскен. Бізді тікелей өз қарамағына алған мекемелер Өскеменде де, Зыряновскиде де, Күршімде де жетерліктей. Құрғақ қасық ауыз жыртады дегендей, құрғақ сөзбен емес, нақтылай факиіге сүйенсем – шефтік көмек көрсетушілердің арқасында екі застава жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Соның бірі өзіңіз көрген “Николаевка” заставасы. Солардың арқасында желтоқсан айының басында отряд жанынан 1 балабақша пайдалануға берілді. “Қарачилик”, “Владимировка”, “Матвеевка” шекара заставалары толық күрделі жөндеуден өткізіліп, бүкіл қазандық пештері, жылу жүйелерін жаңалап ауыстырып берген Өскемен қаласындағы УМЗ промкомбинаты секілді мекемелерге айтар алғыс мол.

Негізінен, шефтік көмек көрсетушілерді біз әрбір шекара заставасына бекітіп бергенбіз. Тіпті, енді шефтік көмек көрсетушілерді отрядтың өзіндегі әрбір бөлімдерге де бекітіп бердік. Олар іске кірісіп те кетті.

– Енді бір сұрақ. Отрядтың қысқы маусымға әзірлігі қалай?

Отряд қысқы маусымға толық әзірлене білді деп айтуға болады. Бірақ мұнда бір айта кететін басты мәселе жаңадан қатарға қосылатын жауынгерлерді қысқы киім-кешекпен қамтамасыз ету проблема болып тұр. Егер осы мәселе өз шешімін тапса бәрі де өз орын-орнына келер деп сенемін.

– Бағанадан бері отрядтың кеткен кемшілігі, міндеті, проблемасы туралы айтып жатырмыз. Енді отрядта үлкен табыстарға қол жеткізіп жүрген заставалар туралы да айта кетсеңіз?

Әскери қызметтің бір ерекшілігі мынау жақсы, мынау жаман демей бәрінен бірдей талап ететіндігінен де болар.

Бізде де ананың көзі жақсы, мынаның өзі жақсы демей, істеген ісі, атқарған қызметіне қарай марапаттап жатамыз. Соған орай, өз бағасын алған шекара заставаларын айтатын болсам, “Қарачилик” заставасы (застава бастығы, аға лейтенант Рахман), “Александровка” заставасы (застава бастығы, аға лейтенант Сүлейменов), “Владимировка” заставасы (застава бастығы, аға лейтенант Попов), “Зеленый Лог” заставасы (застава бастығы, аға лейтенант Колпаков) осылардың атына алғыс айтар едім. Комендатуралар арасында “Өрел” шекара комендатурасы алда келеді. Коменданты Әубәкіров кезектен тыс капитан шеніне ие болды. Сол сияқты “Бобровка”, “Алексеевка” шекара комендатуралары атына да жылы лебіздер білдіруге болады.

– Мамлюк Марипұлы, мизмұнды әңгімеңізге көп-көп рахмет. Бұдан да биік жетістіктерге жете беріңіздер. Алға қойған мақсаттарыңыз орындалсын.

ТІЛҢ МЫҚТЫ БОЛСА – ӨРТТІ ДЕ ӨШІРЕСІҢ, ЖАУДЫ ДА КӨШІРЕСІҢ

Үстіміздегі жылдың ақпан айының аяқ шенінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтының Мәдениет үйінде еліміздің әскерилері арасында тұңғыш рет “Әскери жоғары оқу орындарының күнделікті қызметіне мемлекеттік тілді ендірудің өзекті мәселелері” – деген тақырыпта ғылыми-практикалық семинар болып өтті.

Болып өткен ғылыми-практикалық семинарға Әскери институт басшылығы мен қызметкерлерінен басқа Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясының мемлекеттік тіл тобы мен мемлекеттік тіл кафедрасының, ҚР ҰҚК Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша департаменті кадрлар басқармасының, ҚР ҰҚК ұлттық ғылыми-техникалық орталығының,

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің, ҚР Ішкі істер министрлігі Академиясының, ҚР Қарулы Күштері Академиясының, “Қаз.селден қорғау” мекемесінің, Алматы қалалық әкімшілігі Тіл басқармасының, Алматы қаласы Медеу ауданы әкімшілігі мен ішкі саясат және әлеуметтік орта бөлімінің Қазақ тілі жөніндегі мамандары, бұқаралық ақпарат өкілдері қатысты.

Практикалық семинардың күн тәртібінде мына мәселелер қаралды. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу, қызметкерлерге қазақ тілін оқыту, саптық дайындықты мемлекеттік тілде жүргізу, терминдерді колданудағы бірізділік. Практикалық семинардың мақсаты: әскери жоғары оқу орындарының болсын, мекемелердің болсын күнделікті қызметіне (мұның ішіне жоғарыда айтылған салалардың барлығы кіреді) мемлекеттік тілді ендірудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін айқындау мақсатында тәжірибе алмасу, жұмыс барысында кездесіп отырған барлығымызға ортақ қиындықтарды, проблемаларды жою үшін қажетті мәселелерді шешу.

Міне, Қазақстан әскерілері өз тарихында бірінші рет бас қосып, Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында пікір алысу семинары өзінің күн тәртібіне осындай-осындай қадау-қадау мәселелерді қойды. Мәселе қою бар да оның орындалуы бар емес пе. Күн тәртібіне қойылған мәселелер, жалпы семинар өз дәрежесінде өтті ме деген ортақ сұрақ қоятын болсақ, бұл семинар алғаш өткеніне карамастан толыққанды семинар болды, бүгінгі күннің өзекті мәселесін қозғай білді деп, анық айтуға болады.

Алдыменен семинардың қалай өткеніне тоқталайық. Жиналғандар алдында, ҚР ҰҚК Әскери институты Мемлекеттік тіл бөлімшесінің бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты Салтанат Сланқызы Дүйсенова жиынның мақсатымен және жұмыс тәртібін таныстырып өтті. Бұдан соң ҚР ҰҚК Әскери институтының бастығы, полковник Марат Әлімжанұлы Мәжитов институттың

күнделікті қызметінде мемлекеттік тілді ендіру шаралары туралы баяндама жасады. Баяндама өз баяндамасын бұрынғы ескі әуенмен емес, мемлекеттік тілде жасады. Қазақ тілін бір қазақтан артық білетін институт бастығы Марат Әлімжанұлы баяндамасын майын тамыза жеткізіп берді, жиналғандар алдында.

– Еліміз егемендік алған сегіз жыл ішінде елдің елдігін, бірлігін білдіретін қаншама толымды істер атқарылды, – деп бастады өз сөзін баяндамашы. Соның бірі мемлекеттік рәміздердің қатарына жататын мемлекеттік тіл – қазақ тілін өмірге енгізу, оны елдік дәрежеге көтеру үшін қаншама жұмыстар атқарылып келеді. Рас, мемлекеттік тілді өмірге дендеп енгізуде көптеген қиыншылықтарға кездесіп келе жатқанымыз жасырын емес. Әсіресе бұл жағдай әскерилер арасында кенжелеп қалғанын айта кеткен жөн. Сондықтан да, бүгінгі өзіміз бас қосып отырған семинарда барды бар деп, жоқты жоқ деп ашықайтайық демекпін. Неге десеніздер, қазақ халқында “Ауруын жасырған өледі” деген нақыл сөз бар, сол айтпақшы біз өз кемшілігімізді өзіміз айтпасақ, оны өзіміз түзетпесек бізге кім түзетіп, кім істеп береді? Біздің институт басшылары, қызметкерлері ақылдаса келіп, бүгін осы өздеріңіз қатысып отырған практикалық семинарды өткізуді жөн көрдік. Мемлекеттік тілді дамытуда қаншама қордаланып қалған проблемалар баршылық. Мемлекеттік тіл туралы бір емес екі ретарнайы Заң қабылданды. Тіпті еліміздің Ата Заңының беташар бабында Мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп анық жазылып та қойылған. Сонда біз өз Ата Заңымызды сыйламасақ, мемлекеттік заңдарды сыйламасақ ел тәуелсіздігін қайтып қана қорғамақшымыз. Міне, мәселенің түп-төркіні шешілер кез туды. Бізден ел Президенті Н.Ә.Назарбаев та осыны талап етіп отыр. Мемлекеттік тіл мәселесі әрине бір күннің ісі емес, ол бізге, біздің болашағымызға қызмет ететіндей, біздің күнделікті өмірде мемлекеттік дәрежеде қолданатындай биікте болуы керек. Қазақстандағы мемлекеттік тілді дамыту Заң 1997

жылы шілде айында шықты. Содан бері не істелінді, сең бұзылды ма, жоқ әлде “Баяғы жартас, сол жартас” бетінде тұр ма? Осы сұрақтар көптен бері менің көкейімде жүр еді.

Өздеріңіз ойлап қараныздаршы. Қазір Қазақстан әскерінің 80 пайызға жуығы жергілікті ұлт балалары. Біздің Әскери институтта оқып жүрген курсанттардың жетпіс пайыздан астамы жергілікті ұлт балалары. Жыл сайын бұл көрсеткіш өспесе, кемімейді. Мұндай жағдай тек біздің ғана институтта емес, еліміздің басқа да әскери оқу орындарында кездесетін жайт. Сондықтан, мемлекеттік тілдің біз үшін алар орны ерекше ме, әрине ерекше. Ендеше, “ұрыста тұрыс жоқ” деген, күнделікті қызметке мемлекеттік тілді біртіндеп ендіру төңірегінде келелі ой қозғайық, пікір тастайық, тіптен пікір таластырайық. Жоқ, жоқ дей бергенмен бізге ешкім еш жақтан ештеңесін әкеп бермес. Бәрін істейтін де, жасайтын да өзіміз. Мемлекеттік тілді енгізуде қолбайлау болып отырған кедергілерді жоюда бірлесіп шешкенге не жетсін.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ҚР ҰҚК Академиясының профессоры, филология ғылымдарының докторы Айман Мырзалықызы Алдашева сөз алды.

– Мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясы қазақ терминологиясы және қазақша ресми-әскери тіл, аударма мәселелерімен айналысатын маманмын. Бүгінгі мына Әскери институтта өтіп жатқан семинардың біз үшін – тікелей мемлекеттік тілді дамытудың маңайында жүрген мамандар үшін берері мол деп отырмын. Бұл өзі көптен күткен, толғағы жеткен мәселе еді. Құр айқай мен бос сөзден ешнәрсе шықпайтынын өмір өзі көрсетіп берді емес пе. Бос сөзден, құр айқайдан бір нәрсе шығатын болса, осы кезге дейін тіліміз өз дәрежесіне дейін көтерілмес пе еді. Сондықтан, құр сөзден іске көшер кез жетті деп білемін.

Менің нақты айтпағым, құжат әзірлеуде кездесетін қиындықтар төңірегінде болмақшы. Әсіресе, терминдер төңірегінде. Қазақшаға аударған осы екен деп, кейбір

терминдерді шұбалаңқы ғып жібереміз. Бізге сала құлаш термин сөздердің қажеті шамалы. Нақты, дәлме-дәл аударма керек. Құжат сөзі көп сөзділікті қажетсінбейді. Ресми құжаттарды толтыруда осындай кейбір мәселелер көп кедергісін тигізуде. Ол үшін не істеу керек? Мұнда терминдерді аударуда ақылдасып, кенесіп бір орталықтан аударса. Сонда, жөн-жосықсыз аударма бір ізге түсер еді. Қашанда “Кенесіп пішкен тон келте болмайды” ғой. ҚР ҰҚК Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Департаменті кадрлар басқармасы Мемлекеттік тіл тобының жетекшісі, капитан Болатбек Төлетаев өз сөзінде іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіреде кездесетін басты қиындық ретінде қазақ тіліндегі терминдердің көп вариантты болатындығын атап көрсетті. Сондықтан, терминдердің қазақ тіліндегі нұсқасын жасағанда, сөздіктер дайындағанда бір жүйедегі ортақ шешімді қолдану қажеттігін айтты.

Қызметкерлерге қазақ тілін оқыту мәселелері туралы бірінші сөзді ҚР ҰҚК Академиясы мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі, майор Ботагөз Қазбекқызы Мырзалина алды. Өз сөзінде кафедрада осы салада атқарылып жатқан шаралар туралы мәлімет бере келіп, мемлекеттік тілді оқытып-үйрету жұмыстарындағы өз іс тәжірибелерімен көпшілікті таныстырды. ҚР ҰҚК Академиясындағы тағы бір құптарлық және үйренерлік іс – курсанттардың топ-топқа бөліп оқытылуы дер едік. Мысалы, мұнда мектепті қазақ тілінде бітіргендер қазақ топтарында, орыс тілінде бітірген курсанттар басқа топта білім алуда. Бұл жерде осылайша топқа бөліп оқыту мемлекеттік тілдің аясын кеңейтуге көп жеңілдіктер тудыратынын өмір тәжірибесі көрсетіп отыр.

Семинарға қатысқан Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институты бастығының бірінші орынбасары, полковник Б.Ошамбаев мемлекеттік тілді ендіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстармен қысқаша шолу жасады.

Сонымен, “Әскери жоғары оқу орындарының күнделікті қызметіне мемлекеттік тілді ендірудің өзекті мәселелері” атты семинар қорытындысы не көрсетті? Семинар баяндамашылар мен сөйлеуші шешендердің сөздерің тыңдай келіп, мынадай қорытынды жасады.

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясатының одан әрі сындарлы түрде жүргізілуіне атсалысу.

2. Әскери жоғары оқу орындарының мемлекеттік тілді дамыту, оқыту, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту жөніндегі іскерлік байланысын орнату. Мүмкіндігінше, әскери ұйымдардағы, орындардағы мемлекеттік тіл бөлімшесінің, кафедралардың бас қосуларын ұдайы өткізуді ұйымдастыру. Ұйымдар ісінің үйлестірушілерін белгілеу.

Негізгі үйлестіруші – С.С.Дүйсенова.

Үйлестірушілер: кафедра және МТТ бастықтары.

3. ҚР ҰҚК органдарында қолданылатын әскери терминологияның, саптық жарғы үлгілерінің қазақ тіліндегі нұсқаларын дайындап, тұтас сөздік жасау ісін қарастыру.

Тілдің мықты болса – өртті де өшіресің, жауды да көшіресің деп бостан-бос айтылмаған болар. Ел Президенті, Бас Қолбасшымыз Н.Ә.Назарбаевтың талабы бойынша Мемлекеттік тілге көшу үстіміздегі жылдан бастап жүзеге аса бастады. Кейбір оқу орындары, мекемелер мен өндірістік орындар Мемлекеттік тілге толық көшті де. Әскери институтта өткен семинар – әскерилер ортасында да сеннің бұзылғанын көрсетіп берді. Ал, осы практикалық семинардың өтуіне мұрындық болып, оның өз дәрежесінде өтуіне көп еңбек сіңірген, тер төккен ҚР ҰҚК Әскери институты мемлекеттік тіл бөлімшесінің бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты Салтанат Сланқызы Дүйсенова осында қызмет істей бастағанына екі-ақ ай болса да өзінің тілге деген, елге деген жанашырлығын шынайы таныта білді деп нық сеніммен айтуға болады. Қашан да ел жүгін көтеретіндер осындай ұлтжанды азаматтар мен азаматшалар емес пе.

АРЫСТАН ШЫҚҚАН БЕС БАТЫР

Тарихы сонау жиырмамыншы жылдардан басталатын Арыс қаласындағы балалар үйінен 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде бес бірдей батырдың шығуы – үлкен мақтаныш, әрі үлкен бедел емес пе. Бұл балалар үйінен атақты-атақты ғалым жазушылар, Еңбек қайраткерлері де шыққан екен. Қазақ ССР-нің тұңғыш Сыртқы Істер министрі, дипломат, академик, профессор Төлеген Тәжібаев осында бес жасынан бастап тәрбиеленген. Қазір балалар үйі Төлеген Тәжібаев атында. Қазақ жазушылары арасында тұңғыш сатиралық роман жазған, сатира сардары, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Садықбек Адамбеков ақсақал да осы балалар үйінің түлегі. Яғни, бұл балалар үйі қалай мақтанам десе де орны бар. Ал енді осы балалар үйінен шыққан Бес Батыр кім еді? Олар Бейсен Онтаев, Иван Макарович Журба, Берген Исаханов, Нағи Ілиясов, Садық Смайлов. Аттары тарих бетіне алтын әріптермен жазылған бұл бес Батыр туралы қанша жазылып, айтылса да аздық етпес.

Осы Бес Батыр туралы газет оқырмандарына толық мағлұмат беру мақсатында жуырда газет тілшісі Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қаласындағы №1 Төлеген Тәжібаев атындағы балалар үйіне арнайы іссапармен барып қайтқан еді.

Жол мұраты – жету

Арыстан шыққан Бес Батыр туралы идея тастаушы газеттің Бас редакторы еді. Іздесең таптырмаймын мұндай фактіден құр қалу күнә болар. Естіген бетте дегбіріміз қалмай, бірден жолға жиналған едік. Ұлы Жеңістің 55 жылдығы қарсаңында нағыз таптырмайтын тақырып. Бір балалар үйінен бес бірдей Кеңес Одағының

Батыры шығуы бұрынғы Кеңестер Одағына қараған бірде-бір республикада жоқ шығар.

Тәуекел деп жолға шыққанбыз. Көңіл күпті. Неге десеңіз, қазіргі мына нарық заманында бәрін күтуге болады ғой. Балалар үйі нарық заманына шыдас бермей, жабылып қалса не істемекпіз деген ой еді. “Көрмеген жердің ой-шұңқыры көп” дегендей, Арыс қаласына келіп жеткенше осы ойдың жетегінде болған едік. Жоқ. Атақты балалар үйі нарыққа шыдас беріпті. Қайта жағдайлары басқа жерлердегі балалар үйіне қарағанда тәуір ме деп қалдық. Ал, жоғарыдағы күдігіміз балалар үйіне келіп, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Әлібай Шегебаевты көріп, әңгімелескеннен кейін мүлдем адыра қалды. Қырықтың мол ішіндегі, аузын ашса жүрегі көрінетін жаны жайдары жігіт ағасы бізбен бұрыннан танысындай бірден шүйіркелесіп кеткен еді.

Өткен шаққа саяхат немесе бес батыр жайлы аз ғана мағлұмат

Күннің жексенбі екеніне қарамай жұмысқа келген Әлібай мырзаға негізгі шаруамызды айтып, бірден іске кірісіп кеткенбіз. Әлібайдың осында қызмет істей бастағанына төрт жылдан асыпты. Балалар үйінің кешегісі мен бүгінгісінің майда шүйдесіне дейін көзді жұмыс тұрып айтып береді. Өз ісінің жетік маманы, жанашыры екендігі көрініп тұр. Алдыменен Әлібай бізді балалар үйінің тарихымен кеңінен таныстырды. Сонымен әңгіме ауасы біздің сонау Алматыдан ат арылтып келген негізгі шаруамыз Бес Батырға қарай ауысқан еді. Әлібай “Олай болса, балалар үйінің тарихи өлкетану музейі бар. Соны аралай, көре жүріп әңгімемізді сабақтайық”, – деген. Сонау жиырмасыншы жылдары салынып, сол кездегі жетімектерге пана болған көне үй бұл күнде балалар үйінің тағы бір кәдесіне жарап тұр екен. Яғни, бұл үйге балалар үйінің тарихи музейі орналасыпты.

Музей ішін аралап жүрміз. Өткеннен салауат деген осы. Сарғайған тарих беттері. Музей үш бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің өзіндік айтар шежіресі өз алдына бөлек-бөлек әңгіме – жансыз бейнелер, әр түрлі құжаттар, атақты адамдардың тіршілігінде пайдаланған бұйымдары сонау тарих танымынан сыр шерткендей. Сол үш бөлімнің үлкен бөлімі Бес Батырға арналыпты. Арнайы бір бөлме түгелдей осы Бес Батырдың өмірбаяны, балалық шағы, жорық жолдары, соғыстан соңғы бейбіт өмірдегі атқарған істері төңірегінде түрлі мұрағаттарға бай екен.

Бес Батырдың бесеуі де бұл күнде өмірде жоқ. Соғыстан аман-есен оралып, бейбіт өмірге араласып, үйлі-баранды болып, бала сүйіп, немере көріп, жастары келіп, пәнилік болған екен. Солардың ұрпақтары күні бүгінге дейін өздерінің әкелері, аталары тәрбиеленген осы балалар үйінен қол үзбей, жиі келіп, араласып тұратын көрінеді. Ұрпақ жалғастығы деген осы да.

Бес Батыр жайлы біз балалар үйінің тарихи музейінен, оның директоры Искенов Икрам Искенұлы, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Шегебаев Әлібайдан мол мағлұмат алдық. Жергілікті ардагерлермен әңгімелестік. Сөйтіп, Бес Батыр жайлы жазуға толық материалдар жиналған еді.

Өмірбаян беттерінен

Жеңіс! Жүрекке қандай ыстық, қандай жылы сөз. 55 жыл бойы бейбіт таң атты, бейбіт күн шықты. Айналайын ардақ тұтар еліміздің қаһарман ұл-қыздары-ай! Сендер болмасандар, Жеңіс таңы атар ма еді?!

Елдің елдігі, ердің ерлігі сынға түскен сол алапат кезде, халқының бостандығын, елінің тыныштығын қатыгез жаудан қорғап қалған жаужүрек батырлар жайлы аңыз-әңгімелер мен өлең-жырларын ғана оқып, көркем фильмдерін көргеніміз болмаса, олар жайлы сыр шертермін деген ойда болған жоқ едік. Енді міне, Арыстан шық-

қан Бес Батыр жайлы, олардың ерліктері туралы жазу пешенемізге бұйырыпты.

Енді, тарих беттерін парактап, зұлым жаумен шайқаста ерлерше шайқасқан Бес Батырдың ерлік жолдарына, өмірбаян беттеріне үңіліп көрейік.

Бес батырдың бірі – Нағи Ілиясов

Ол 1920 жылы Сыр бойындағы қара шаңырақты қазақ ауылының бірінде дүниеге келді. Балалық шағын ашжалаңаш Арыс балалар үйінде өткізді. Кейіннен Кеңес өкіметінің арқасында көңіл көзін ашты, білім алды. 1939 жылы ол Ташкент педагогтік училищесін бітіріп, өзінің туған топырағына ұстаз болып оралды. Арада екі жылдан кейін Ұлы Отан соғысы басталып кетіп еді.

Міне сол сұрапыл соғыс Нағи әкемізді де майдан шебіне шақырды. Сөйтіп, 1942 жылдың қыркүйегінде ол Сталинград майданының 152-ші атқыштар бригадасы жеке артиллериялық дивизионның барлаушысы ретінде Халхута маңында қан құйлы жаумен алғашқы айқасқа шықты.

Ол Отан соғысын Сталинградты қорғаудан бастап, Ұлы Жеңіс жолын одан әрі Элиста, Ростов, Донбасс, Киев, Житомир, Тернополь және басқа көптеген қалалар мен селоларды фашист басқыншыларынан азат ету жолындағы небір аласапыран шайқастарға араласты.

Сондай-ақ, ол Польша, Венгрия, Австрия Чехославакия жерін жаудан тазартып, Будапешт, Прага, Вена сияқты қалаларды фашистік Германияның құрсауынан азат етті. Жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай орындап, Дунайды көктей өтіп, Венгрия астанасы – Будапешт қаласын азат етуде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 24 наурызындағы Жарлығы бойынша Н.Ілиясовқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен Алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды. Ол Қызыл Аландағы Жеңіс Парадына қатысу құрметіне ие болды.

Ал енді бейбіт күндердегі еңбек жолының өзі бір әңгіме, бір тарих. Оның партия, кеңес, шаруашылық орындарындағы атқарған әр түрлі қызметтері кайнаған өмір, күрес пен тартыстың нағыз ортасы болды. Өмірінің соңғы күндеріне дейін ол халыққа деген адалдығы мен парасаттылығын, қажымас қайрат-қайсарлығы мен жаңашыл іскерлігін танытқан жан.

Оның өмірі ылғи да күреске толы. Себебі, неміс-басқыншыларына қарсы ерлікке толы күресі, одан кейін бейбіт өмірдегі етектен тартқан ескіліктің кеселі, көпкөрнеу жасалған кесапат қылықтарды жою жолындағы күресі дер едім. Ол осы екі майданда да жеңіске жетті. Абыройлы болды.

Осы жерде мен сәл шегініс жасайын. Ол ардақты асыл ана Гүлбаршын жайлы бір-екі ауыз сөз еді. Ақ шашты ана Нағи ақсақалмен 1946 жылы тұрмыс құрып, бес құрсақ көтерген екен. Тұңғышы – Нұрлан, одан кейінгісі Алма, ортаншылары – Темірлан, соңғысы Ринат, кенжесі – Болат. Бәрі де жоғары оқу орындарын бітірген білікті мамандар. Бүгінгі күні еліне ерен еңбектерімен өз үлесін қосып жүр. Алма – педагогика ғылымының кандидаты, доцент, Ринат – химия ғылымдарының кандидаты, Болат болса, Венгрияда оқып, дәріс алып келген тіл маманы, қазір Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер министрлігінде жауапты қызметте. Қадірлі ана Гүлбаршын шеше қазіргі уақытты бірнеше немере сүйіп, соларды бағып-қағып отырған бақытты жан.

Бес батырдың бірі – Берген Исаханов

Берген Исаханов 1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс ауданында туды. Қазақ, КПСС мүшесі, “Красная Нива” колхозында мақташылар бригадасын басқарды. 1943 жылы февральда майданға аттанады, майданда Қызыл Тулы 69-Сева атқыштар дивизиясы қатарында болды. Днепр өзенінен өтерде ерекше ерлігімен көзге түсті.

1943 жылы 30 октябрьде Б.Исахановқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Гомель алынды. 69-шы атқыштар дивизиясының жауынгерлері ұрыспен Днепрге жетті. Дамылдау кездерінің бірінде атқыштар бөлімшесінің командирі сержант Исаханов жауынгерлерге Армия саяси бөлімінің жана ғана алынған листовкасын үлестіріп берді, онда былай делінген:

“Жауынгер, сенің алдыңда Днепрдің арғы бетінде, қан құйлы жау өзіміздің Совет жерін әлі де таптауда, Совет адамдарын өлтіріп, оларға қорлық көрсетуде, ғажайып Украинаның қалалары мен селоларын өртеп, ұл-қыздарын құлдыққа айдауда. Днепрдің оң жағалауынан олардың сені көмекке шақырған үні естіліп тұр. Қызыл Армияның жауынгері, сенің әйелің, қарындасың, сүйген қызың немесе сенімен қатар соғысып, соғыс күндерінің барлық тауқыметін бірге тартқан жолдасыңның әйелі мен қарындасы шақырып тұр”.

Тездет жауынгер! Оң жағалаудағы Украинаны құлдықтан құтқар! Өзіміздің Совет адамдарын құтқар! Тездет, жауынгер! Днепрдің арғы бетіне жет! Днепрден өтуге қай минутта болса да әзір бол!”.

Сөйтіп, 1943 жылғы 15 октябрьге қараған түні рота Днепрден өтуге бұйрық алды. Осы тапсырманы орындауға тиісті десантшылар тобына Б.Исахановтың бөлімшесі де енді.

Қайықтың жағаға жетуін күтпей-ақ, Берген: “Еріндер соңымнан жолдастар!” – деп суға қарғып түсіп, жағаға бірінші болып шықты. Автоматтан жүре атқылап, сәл кідіріп, граната лақтырды да бірінші болып траншеяға қарғып түсті. Біздің даңқты жерлесіміз өз ерлігімен жауынгерлерді алға бастап әкетті, бетпе-бет ұрыста фашист солдаттары бірінші траншеядан кейін екінші және траншеялардан да қуып шығарылды. Десантшылар өздері босатып алған ұлтарақтай Совет жерінен айырылмады. Таң жарығымен бір топ Совет солдатты өз полкінің басқа бөлімшелері өзеннен тыныш өтуіне жағдай жасау үшін жау назарын басқа

жакқа бұрып жіберу мақсатымен мылтық пен пулеметтен оқ боратты. Олар көздеген мақсатына жетті. Гитлершілер батырлар тобына өршелене оқ жаудырды.

Қалжыраған, бірақ Жеңіске деген сенімі зор Совет солдаттарына қарсы фашистер кешке қарай атака жасады. Исаханов бастаған батырлар ерлікпен шайқасты. Олар төніп келе жатқан жауды өздеріне ондаған метр жерге жақындатып, оқтың астына алды. Жау атакасы тойтарылды.

Гитлершілер келесі күн де қарап жатпады. Тірі қалған десантшыларға қарсы танкілерін қарсы атакаға шығарды. Күші басым жаумен ұрыс ұзаққа бармады. Теңдесі жоқ ерлік пен батырлық көрсеткен Исаханов өз жауынгерлерімен жаудың үш танкісін қиратты, қалған танкілер кейін қашты. Бұл мезгілде біздің барлық бөлімшелеріміз Днепрдің оң жағалауына өтіп үлгерді.

Бес батырдың бірі – Иван Журба

Иван Макарович Журба 1915 жылы Қостанай облысының Камено-белоярское селосында өмірге келді. 1922 жылы оның ата-анасы Қызылорда қаласына көшіп келеді. 1930 жылы ата-анасы бірдей қайтыс болып, жас Ваня тұлдыр жетім қалады. Сөйтіп, барар жер, басар тауы қалмай, қаңғып жүрген кезде Ташкент балалар үйінен бірақ шығады. Ол жерде ұзақ болмай, Ваняны олар Қызылорда қаласындағы №1 балалар үйіне жібереді. Содан соң, 1932-33 жылдары №8 Арыс балалар үйінде тәрбиеленеді. Теміржол техникумын аяқтаған соң Орынбор теміржолында техник-механик болып еңбек етеді. 1938 жылы педагогикалық институтқа түсіп, оны соғыс басталардан сәл-ақ бұрын бітіріп шығады. Ал, 1941 жылы желтоқсан айында Иван Макарович соғысқа аттанады.

Майдан шебінде ол офицер шенін алады, партия қатарына кіреді, №23-ші гвардиялық атқыштар бригадасы, мотоатқыштар батальонының командирі лейтенант И.Журба Киевті азат етуге, Днепрді алуға қатысады.

1943 жылдың суық күзі. Күздің сүйегіңе дейін өтетін суық, жылауық жаңбыры төпеп тұр. Бірақ Кеңес әскерлерінің көңілі көтеріңкі, көз ұшында Киев қаласы.

Журба басқарған әскери бөлім фашистердің тыл жағынан, яғни Киевтің солтүстік-батыс жағын орап өтіп, 4 қараша күні күтпеген жерден жойқын соққы береді. Сөйтіп, олар жаудың Пушей Водицадағы қорғанысын бұзып, жарып өтеді. И.Журбаның қарамағындағы батальоны Фастов-Белая Церков бағытындағы темір жол бойын басып алып, Устиновка стансасын жаудан босатады. Бұл жерде олар немістің 18 офицерін қолға түсіреді. Олардың арасында үш генерал және полковник бар екен. 11 қараша күні журбалықтар Трилессы стансасы жағынан жаудың тура тылынан соққы береді. Бұлармен бірге Белая Церковь ауданы маңайында 250 кекшілдер туған жерді жаудан тазартуға қатысады.

Днепр шайқасындағы жанқиярлық ерлігі және Киев қаласын азат етуге қатысқаны үшін Иван Макарович Журбаға 1944 жылдың 3 қараша күні Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Арыс балалар үйінде Иван Макаровичпен бірге тәрбиеленген Садықбек Адамбеков, Пахирдин Асыллов, Алексей Мирошников, Закир Рахымбаевтар Батыр туралы жақсы пікірлері мен лебіздерін үнемі естелік етіп айтып отырады.

Иван Макарович 1980 жылы қайтыс болды.

Бес батырдың бірі – Садық Смаилов

Садық Смаилов 1911 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс ауданында туды. Қазақ. Сегіз жасында әкешесінен жетім қалған ол бірнеше жыл бай-кулақтарда жалшылықта жүреді. 1930 жылы жеті класты бітірген соң Орынбордағы жұмысшылар факультетіне оқуға түседі. Жас жігітті ауыр сырқат оқуды тастап кетуге мәжбүр етті. Жазылған соң ол Арыста балалар үйінде тәрбиеші болып істеді.

1933 жылдан 1935 жылға дейін Қызыл Армия қатарында болды. 1942 жылы Садық Смайлов майданға келіп, 492 танкіге қарсы жойқын артиллерия полкінің қатарында шайқасты.

Мелитополь, Мелитополь... Укаинаның оңтүстігіндегі осы шағын қала үшін 1943 жылдың күзінде қатты ұрыс болды. Біздің бөлімдер оған басып кіріп, шет аймағына бекініп алды. Жау жаңа күш, көп танк әкеліп ұрысқа қосты. Ен даладағы осы қаланың көшелерінде кескілескен ұрыс болды. Сол соғыста танкіге қарсы зеңбіректі басқарған біздің жерлесіміз ерекше көзге түсті.

...Көше бойымен жер-көкті күркіретіп қаһарлы “жолбарыстар” келеді. Бронды үш жалмауыз шынжыр табандары шықырлап Садық Смайловтың расчөті зеңбірегімен паналаған үйге қарай бет алды. Аға сержант батыл шешім қабылдады: танктерді ілгері өткізіп жіберіп, ту сыртынан соқпақ болды. Олар зеңбіректі бұзылған үйге қарай алып келді. Міне танктер зеңбіректер қатарласты, оның қатарынан өтіп те кетті.

– Атындар! Бірінші “жолбарыс” жана бастады.

Атындар! Екінші танк те өртенді. Үшінші танкке де оқ тиіп тұрған жерінде шыр көбелек айналып кетті. Осы кезде жау автоматчиктері расчөтке қарай лап қойды. Аға сержант пен тірі қалған екі жауынгер жекпе-жек ұрысқа кірісті. Бес неміс жер жастанып, қалғандары қаша жөнелді. Жау атакасынан түк те шықпады. Садық Смайловтың зеңбірегі шөпті қорғап қалды.

Ұлы Отан соғысында Садық Смайловтың расчөті көптеген шайқастарға қатысты. Бірақ сол шайқастардың ішінде ұмытылмастай бір шайқас бар. Ол тап осы шайқаста Батыр атағын алды.

1943 жылғы 1-ші қарашада СССР Жоғары Советі Президиумының Указы бойынша немістің күшті бекініс шөбін бұзып өтіп, Мелитопольді азат ету жөніндегі Командованиенің тапсырмасын орындау үстінде көрсет-

кен ерлігі үшін ол Кенес Одағының Батыры деген Жоғары атаққа ие болды. Мелитополь үшін болған ұрыста С.Смайлов моральдық зор әзірлікпен келді. Ол бұл кезде кемеліне келген, шыныққан, өмірден көп тәжірибе алған жауынгер болатын.

Ер жүрек жауынгер басқарған зеңбірек талай рет жақыннан дәл көздеп неміс танктері мен автомашиналарын жойды. Ол жаудың жеті танкісін, өздігінен жүретін екі “фердинанд” зеңбірегін және 300-ден астам солдаты мен офицерін жойды.

Бес батырдың бірі – Бейсен Оңтаев

Бес батырдың бірі – Бейсен Оңтаев Арыс қаласының түлегі. 1922 жылы туған. Әке-шешесінен жастай айырылған Бейсен балалар үйінде тәрбиеленеді. Соғыс басталардан бұрын Шымкент қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, Шәуілдір, Киров аудандарында су маманы болып қызмет істейді.

Майданға 1942 жылы аттанады.

Алғаш соғысқа кірместен бұрын немістер тас-талқан еткен “Каменка” селосында дивизионның музыкалық батальонында музыкант болып әскери қызметін бастайды. Бұл дивизион 69-шы атқыштар дивизиясына бағынатын және қорғаныста тұрған еді. Осы жерде жүріп Бейсен Оңтаев алғы шепке концерттік құраммен жиі шығып тұрады. Ол жерлерде өзінің бұрынғы полктастарын көріп, мұның да есілдерті майдан шебіне бару болады. Сөйтіп, командиріне өзі алғы шепке жіберуді өтініп рапорт жазады. Мұның рапорты қабыл алынып, 120-шы атқыштар полкінің барлау взводына барлаушы етіп, жіберіледі. Осылайша, Бейсен барлаушы болып шыға келеді.

1943 жылдың 9-10 қазанында бұлардың полкі Днепр жағасындағы Радуль елдімекеніне келіп тоқтайды. Осы жерден Днепрге шабуыл жасалмақшы.

14 қазанда Днепрді алу жөнінде белгілі болады. 15 қазан күні таңғы сағат алтыда қалың тұманға қарамастан 30 адам қайыққа мінеді. Бұлармен бірге қайыққа подполковник Сидоров та қоса отырады. Қайықтың тұмсығына Бейсеннің қанды көйлек жолдасы Домулла пулеметпен жайғасқан. Оның жанында Бейсен отыр. Домулланың міндеті егер жау жағы сезіктеніп қалса, қайықтардың жылжуын қамтамасыз ету. Міне, өзеннің ортасына дейін қайық жылжып келеді. Немістер ештеңе сезер емес. Қалай көк түтіннен шыға келді, немістер біздің қайыққа қарай пулеметтен, минометтен оқты қарша боратты. Бұлар да қарап қалған жоқ. Қарсы оқ атуға көшеді. Ал, Домулланың пулеметі сайрап қоя берген кезде қайықта отырған жауынгерлер жағаға қарай уралап лап қойды. Немістердің қорғанысы небәрі жарты сағатқа жетті. Немістердің окоптарын, траншеяларын басып алып, олар мен біздің жауынгерлер қолма-қол ұрысқа кіріскен. Осы қолма-қол ұрыста немістің бір офицері мен алты жауынгерін өлтіреді. Ал немістер біздің жауынгерлерге екінші лекте қарсы шабуылға шыққан кезде Бейсен автоматпен 15 жаудың көзін жояды. Осы ұрыста Домулла өзінің пулеметімен жауға қарсы дәл оқ атып, қарсы жақтың қимылын дер кезінде үзіп отырады. Оның арқасында біздің жауынгерлер бекініп үлгереді. Ал, Домулланың оғынан ондаған жендеттер жер құшып жатты. Бейсендер тобы Домулланы өздерін шабуылда қолдап тұруы үшін бекініске қалдырады да майданның екінші, үшінші шебін басып алу үшін алға кетеді. Жауынгерлер майданның екінші, үшінші шебін басып алады. Бейсен үшінші шепте немістің байланысшы офицерін тірідей қолға түсіреді. Тұтқынды Домулланың алдына айдап келіп, оған сыйлайтынын айтады. Домулла болса бұл тілді подполковник Сидоровқа жеткізу керектігін айтады. Сидоров тұтқынмен аз тілдескен соң оны өзеннің арғы бетіндегі полк командирі Бахматьевқа жеткізу керектігі жөнінде бұйрық береді.

Бейсен тұтқын офицерді арғы бетке аман-есен алып өтіп, полк командирінің қолына табыс етіп, қайтадан майдан шебіне қарай қайықпен жүзбекші болып жатқан кезде жау оғы сол қолынан жарадар етеді. Осы жерден Бейсенді Радуль селосына жеткізіп, одан әрі госпитальға емделуге жіберіледі. Осылайша, Бейсен Оңтаев Днепрді алуда нағыз ерлерше шайқаса білді. Днепрді алудағы ерлігі үшін Бейсен Оңтаевқа 1943 жылдың 30 қарашасында Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Бейсен Оңтаев соғыстан елге аман-есен оралып, ұзақ жыл Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы Монтайтас ауданында мектеп директоры болып абыройлы қызмет істеді. Ұрпақ өсіріп, немере сүйіп, бақытты өмір сүрді.



АДАМДАР АУЫРМАСЫН

Адам боп өмірге келгеннен соң ауырмай-сырқамай тұрмайсың. Сол, басың ауырып, балтырын сыздаған сәтте шыбын жаныңа араша іздеп табарың – дәрігер. Адам жанының шипагерлерін кейбіреулер күнкілдесе де “Ақ желеңді абзал жандар” деп атауын өте орынды дер едік. Мәселе олардың ақ желең кигенінде емес, олардың дертке дауа, емі шипа болуында емес пе. Сондықтан да олардың алдында үлкен де, кіші де, ғұлама мен қараша да, қызметкер мен жұмыскер де бас иіп жататындығы. Ал, әскери дәрігердің арқалар жүгі жәй дәрігерлерден екі есе зіл батпан десек ешбір қателеспейміз. Отан қорғауда, қиыр шетте ел күзетінде жүрген, күн-түн дегенді білмейтін әскерилердің денсаулығының мықты болуын, ауырмай-сырқамауын, ауыра қалса тез жазылып, қатарға қосылып кетуін қатаң бақылайтын әскери дәрігерлер туралы біз әлі толық бағасын беріп болған жоқпыз.

Біз бүгінгі әңгімемізге сондай әскери дәрігерлердің бірі, өз ісінің білгір маманы, Зайсан шекара отряды медициналық қызметінің бастығы, хирург-дәрігер, медициналық қызметтің майоры Ермек Мырзабекұлы САПАРҒАЛИЕВТІ сөзге тартқанды жөн көрген едік. Жыл сайын маусым айының соңғы жексенбісінде тойланатын медицина қызметкерлері күні қарсаңында Ермекті төл мерекесімен құттықтай отырып, отрядтағы медициналық қызметтің хал-ахуалы жайында әңгімелеп беруін сұраған болатынбыз.

– *Әр азаматтың өзіндік өмірбаяны, өмірдегі болады. Туып-өскен елі, жері, ортасы дегендей. Одан соң оқу орны, қызметі, осы тұрғыда не айтар едіңіз?*

– Мен осы Зайсан ауданының түлегімін. 1986 жылы Семей қаласындағы медициналық институтты хирург мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Алғаш жолдама-

мен дәрігерлік жолым Ұлан ауданының аудандық ауруханасында басталды. Одан соң Зайсан ауданында аудандық ауруханада лор-хирург болып қызмет істедім. Бас дәрігердің орынбасары болдым. Содан 1993 жылы арнайы шақыртумен осы отрядтың медициналық жәрдем көрсету пунктіне дәрігер-терапевт болып орналастым. Сол кезде азаматтық ауруханадан келген дәрігер мен ғана екенмін. Бұл кезең маман-кадрлардың ауыс-түйіске түсіп жатқан кезеңі ғой. Көп офицер-дәрігерлер туған елдеріне, тарихи отандарына қайтып жатты. Оларды да кінәлауға болмайды. Жағдай солай болған соң, не шара?

Міне осы кезде өзімнің әскери әріптестеріме қол ұшын беруге келген едім.

Содан 1994 жылы Зайсан шекара отрядының медициналық қызметінің бастығы болып тағайындалдым. Бұл жұмыс маған екі-үш есе жауапкершілік жүктеді. Неге десеңіз, бұрын жәй ғана, қатардағы дәрігер болып жүрген кезде тек өзіме, емделушілеріме ғана жауап берсем, енді үлкен бір ұжымға иелік етуге, бүкіл отрядтың жауынгер, офицерлерінің денсаулығына жауап беруім керек. Сондықтан, өз жұмысыма қайта бір қарап, істі жаңаша ұйымдастыруыма тура келді.

– Дұрыс-ақ екен. Сол кезде өзіңіздің ізіңізді ала, осы медициналық жәрдем көрсету пунктіне қызметке келген дәрігерлер болды ма? Болса кімдер еді?

– Неге болмасын. Болды ғой. Олар қазір де осында. Абыройлы қызмет етіп жүр. Менің сенімді көмекшілерім әрі әріптестерім. Мысалы, капитан Ілдербаев осында психоневролог болып қызмет істеп жүрсе, Дидар Құсайынов далалық оқу орталығының дәрігері.

– Соңғы жылдары әскерге өңшең ауру-сырқау, салмағы жеңіл балалар алынады деген сөздер жиі айтылып жүр. Сіздердің мерекелеріңіз болса-дағы осы сұрақ төңірегінде әңгіме қозғай отырайық. Неге десеңіз, қазақ айтады ғой “Ауруын жасырған өледі” деп. Бұл өзекті проблема күн

тәртібінен әзірге түсе қояры беймәлім. Сондықтан, осы мәселе төңірегінде кеңінен әңгімелеп берсеңіз?

– Әрине, сұрақ қойылған соң оған жауап беру парыз. “Достық өзінше, қызмет өзінше” демеуші ме еді. Расында, сіз қозғап отырған әңгіме көптен бері айтылып келеді. Бұл өзі ауру болғанда әскерге кері әсері, кесірін тигізіп келе жатқан ауру болып тұр. Сонау 1993-1994 жылдардан бастау алатын осы проблеманы шешу үшін әскердегі барлық қызметкерлер бірлесіп күресіп келеміз. Осы орайда әңгіменің бір ұшы әскери комиссариаттарға тиіп жатады. Кеңес Одағы кезінде шекара күзетіне іріктелген, денсаулығы мықты жігіттер алынатын. Біз де алғашқы күннен бастап сол талапты қойып келеміз. Бірақ, “кім өзінің сүтті қызын берсін” дегендей, аяқ-қолы балғадай, денсаулығы тау қопарардай жігіттерді сайдың тасындай етіп жинап алуға әлі ертерек болып тұр. Оған біріншіден әскери комиссариаттарға өкпе арту орынды болар еді. Неге десеңіз, әскерге шақырылған бала саны толмай жатса, жанағы өзіңіз айтқандай ауру-сырқау, салмағы жеңіл жігіттерді әскерге қойдай тоғыта салады. Бұл болмайтын іс екенін ескермейді. Екіншіден, көптеген ата-аналар денсаулығы мықты балаларын әскерге жібермеудің сан алуан жолдарын қарастырып, алып қалып жатады. Үшіншіден, шыныққан, спортпен айналысатын жас жігіттерді арнайы спорт әскери бөлімдеріне бізге жеткізбей қағып кету фактілері де жиі кездеседі. Міне, осыдан барып, бізге әлгііндей әлжуаз жігіттердің тобы келетіні. Бірақ біз де қолды қусырып қарап отырған жоқпыз. Әскерге алынған баланы алғашқы келген күні алдымен салмағын өлшейміз. Денсаулығын тексереміз. Содан соң ол баланың салмағы тиісті коэффициентке жетпесе бөліп алып, сол салмақсыз балалардан арнайы бір топ құрып, күшті тамақтармен жеке тамақтандырамыз. Сөйтіп қатарға қосамыз.

– Негізінен, әскерге алынған жігіттердің арасынан қандай ауру түрлері жиі кездеседі?

— Әскер дегеніміз — қоғамның бет-бейнесі. Мұнда сіздің балаңыз өз әскери борышын қалай өтеп жүр? Ол неге ауырды деген сұрақтар да жиі қойылатыны белгілі. Шақырылған азамат әскерде ауырмайды. Ол осыған дейін ауырған болуы мүмкін. Негізінен, жиі кездесетін нерв-жүйке аурулары да кездеседі. Тіптен, жүйкесі ауыратындар әскерге алынбауы керек қой. Бірақ, сондай аурулардың жауынгерлер арасынан кездесетіні өкінішті-ақ.

Шақырылған азамат әскерге келгеннен соң ол әскери борышын өтеуі керек. Ол енді ауылдағы еркелікті, бос-белбеулікті тастауы керек. Өйткені, ол әскерге демалуға келген жок қой. Жүгіреді, секіреді. Түрлі әскери жаттығуларға қатысады. Содан алғашқы кезеңде жүдейді. Бұл жүдеу заңдылық. Сол кезде кейбір аурудың қозып кетуі де мүмкін. Міне, біз осының алдын алу үшін профилактикалық шараларды жүзеге асырамыз. Аурушаң балаларды қатаң дәрігерлік бақылауға аламыз.

— *Әскерге шақырылып жатқан жастарға көңіліңіз тола ма?*

— Мәселе, көңілдің толуы, толмауында емес қой. Келгесін азамат Отан алдындағы, ата-ана алдындағы әскери борышын адал атқарып, аман-есен өскен орта, туған жеріне оралса, одан артық не керек. Біз бен сізге ел күзеті үшін басқа елден жасак әкеп бермейді. Өзіміздің жастарымызды дұрыстап тәрбиелеп, баулып соларды Отан күзетіне тарта білуіміз керек. Жастарға қояр кінәм жоқ. Тек, аздап идеология жетпей жатыр.

— *Медициналық жәрдем көрсету пункті отрядтағы барлық әскери қызметшілерге ортақ шығар?*

— Әрине, Медициналық жәрдем көрсету пункті ескі үйге орналасқанымен, 30 төсектік ауруханасы бар. Мұнда жауынгерлер де, офицерлер де жатып, ауруларына орай ем қабылдай алады. Дәрі-дәрмек жеткілікті. Зайсан қаласындағы ауруханамен арадағы байланысымыз өте жақсы. Ол жерде жоғары категориялы дәрігерлер бар. Кей аурулар

туралы солармен ақылдасып отырамыз. Кей кездері аяқ асты операция сол жерде жасалынады. Сол сияқты Алматы қаласындағы Шекара қызметінің Орталық әскери госпиталімен ынтымақтаса жұмыс істеудеміз.

– *Өзіңіз дәрігер-хирургсіз. Жолдасыңыз да дәрігер болар?*

– Дәл таптыңыз. Жұбайым Нұргүл өзіммен бірге қызмет істейді. Мамандығы дәрігер-гинеколог. Қызымыз өсіп келеді.

– *Ермек Мырзабекұлы, мазмұнды әңгімеңізге рахмет! Мерекелеріңіз құтты болсын! Ал енді, өз әріптестеріңізге төл мерекеде не айтар едіңіз?*

– Рахмет! Әріптестерім жанұяда тату-тәтті, бақытты өмір сүрсін. Қызметтері жемісті болсын. Әрқашан жүздерінен қуаныш кетпесін. Ауырмасын дегім келеді.

БАР ҒҰМЫРЫН ШЕКАРАҒА АРНАҒАН

Саналы ғұмырының 32 жылын ортақ Отанымызды қорғауға арнап, әскери өмірдің ыстығы мен суығына төзе білген, бұл күнде зейнеткерлікте болса да қатардан қалмай еліміздегі жас ұрпақ тәрбиесіне кеңінен араласып жүрген жаны да таза, ары да таза эзаға Хамит Исмағұлұлы Абилов асқаралы алпыстың асуына шығыпты.

Эзаға туралы жазу көптен бері ойымда бар еді. Жазғанда ол кісінің бұрынғы шекарашы-офицер, әріптес екендігін ғана емес, тұла бойы тұнған адами, кісілік қасиеттерін, ұлағатты жан екендігін көрсетсем деп ойланатынмын. Енді, міне соеың сәті түскен секілді.

Өзі туралы көп айта бергенді онша жақтыра қоймайтын, бір көрген кісіге томаға-тұйық, ішімдегіні тап дейтіндей көрінетін Хамаға тілін таба білсеңіз тек өзі туралы ғана емес, халқымыздың арғы тарихы, бергі тарихы туралы сыр шерткенде Хамағаның кілең орыстың ішінде өскендігіне,

оқып, білім алғандығына, қызмет еткендігіне қайран қалмасқа шараң қалмайды.

Менің Хамит Исмағұлұлымен таныстығым да қызық болған еді. Әскери газетке жаңадан қызметке кіріскен кездер еді. Қанша айтқанымен қарға тамырлы қазақ емеспіз бе, елден келген ағайын Бауыржан Момышұлы атындағы республикалық әскерилендірілген мектеп-интернаттың құжат қабылдау тәртібін біліп беруімді сұраған болатын. Бұл мектеп-интернатты естуім болмаса, көрген емес едім. Сонда да болса ағайынның көңілін қимай мектептің бастығы туралы білетіндерден сұрастырып көрсем, айта-тындары “Ой ол кісі өте қатал. Өзі шекарашы-офицер болған. Анау-мынауды онша жақтырмайды. Саяқ адам деген” секілді біраз сөздер естіп қорқыңқырап қалған едім. Бірақ неде болса көрейін деп ағаның алдынан бірақ шықтым. Шашын аққырау шалған жігіт ағасы жүзі сұстылау көрінгенімен жүрегі жылы екендігі бірден байқалған. Бірден әңгімеміз жарасып кеткен. Оның үстіне өнерге бір табан жақындығы болар, ой-пікірлерімізде бір жерден шығып жатты.

Содан бері де арада жылжып, қаншама жылдар өтті. Ағаның сырттай тілеулесі болып мен жүрдім. Бүгінде өзі басқарып отырған осы мектеп-интернатты алғаш қабылдап алған кезде ер жасы елудің ішінде болса, енді басын аққырау шалған асқаралы алпыстың асуына шығыпты.

Болашақ шекарашының балалық балғын шағы Ресейдің Қазақстанмен көршілес облысы Челябинің Пласт атты қаласында өтті. Ол осында туып, осында ер жетті. Қарапайым еңбек адамдарының жанұясында өмірге келген ол ата-баба мекені – атамекен ұғымын жастайынан санасына сіңіріп өсті десек артық айтпаспыз. Жанұяда бұдан басқа тағы да үлкен екі ұл және қыз бар еді. Соғыстан соңғы жылдар. Өте қиын бір кезең болатұғын. Соның да салдары болар екінің бірі орта білім алуға шамалары келмей жатушы еді. Ал Исмағұл қария, балаларының бәрінің де

орта білім алуына көп көңіл бөлді. Хамит үйдегі баланың кішісі болса да мен кіші екенмін, үйдің кенжесі екенмін деп бір ретте ата-анасының алдында еркелік не болмаса бөгде қылық танытып көрмеді. Заманына сай ерте ер жетті. Мектептен соң бала Хамит көп ойланбастан Челябині металлургия зауытының жанындағы кәсіптік-техникалық училищесінде оқуын жалғастырып, жөндеуші-слесарь мамандығын алып шығады. Осы жерде ғой, Хамиттің өзінің отандастарын, қазақ жастарын бірінші кездестіргені. Ол кезде партия шақыруымен Қазақстан Магниткасын көтеру үшін Республика жастарын орта буын жұмысшы мамандығын игеру мақсатында байтақ Отанымыздың Ресей, Украина секілді Республикаларына оқуға жіберіп жатқан кезі. Сондай жолдамамен бір топ қазақ жастары да Оралдағы атақты Челябині металлургия зауытына топ ете түспей ме. Хамиттің де көктен сұрағаны жерден табылып, осы жерде өзінің қазақ екендігін шын сезінген еді. Олармен тез тіл табысып, достасып та кетеді. Керек жерінде тілмаштық-аудармашылық қызмет атқарғандығы да бар. Міне, сонда болашаққа қиялдай қараған балаң жігіттің елге деген сағыны тұңғыш рет кеуде түкпірінен қылаң берген еді.

Өмірінің үлкен жолын завод жұмысшысынан бастаған Хамитті тағдыр шекарашылар соқпағына өзінен-өзі әкеліп салып жіберген секілді. Неге десеңіз, ол өзі оқу бітіріп, орта буын жұмысшы мамандығын алған зауытта жұмыс істей жүріп, 1963 жылдың жазында әскер қатарына шақырылады. Тағдыр емей немене. Зауыттың жалын отында шындалып өскен қайратты жасты еліміздің Қиыр Солтүстігіндегі шекара отрядына шекарашы етіп жібереді. Заполярдегі оқу-жаттығу отрядында сержанттар даярлайтын мектепте тоғыз ай оқып, оны ойдағыдай бітіріп шығады. Содан сержант Хамит Абилов осы округтегі 100-ші шекара отрядының 1-ші шекара заставасында бөлімше командирі болып, Отан алдындағы азаматтық

борышын одан әрі жалғастырады. Ол осы жерде КПСС мүшелігінің кандидаттық мерзімін бітіріп, партия қатарына қабылданады. Қазір біз өткенге қара бояуды қалыңырақ етіп жаққанды “модаға” айналдырып алдық қой. Бірақ ол кездегі жастардың өсуіне, үлкен биіктерден көрінуіне КПСС қатарында болудың қандай дәрежесі болғандығын несің жасырамыз. Бұл туралы ағаның өзі де былай деп ағынан жарылады: “Әскер қатарында жүргенде менің партия қатарына қабылдануым былайғы өміріме ерекше бетбұрыс жасады. Олай дейтінім, сол кездегі заманға байланысты, сұранымға байланысты елдегі ең беделді партия, КПСС мүшесі болмайынша менің осы күнгі дәрежеге жетуім неғайбыл еді. Партия мүшесі болуым әскери өмірде үлкен баспалдақтардан өрлеуіме көп септігін тигізді”. Иә, әзаға рас айтады. Қарапайым қазақтың баласы 1966 жылы күзде әскер қатарынан оралған соң сол баяғы Челябині зауытындағы жұмысына қайта тұрады. Пысық жігіт аз ғана уақыт ішінде өзі еңбек ететін цехта ұжым арасында үлкен беделге ие болады. Соның нәтижесінде алғашында партбюро мүшесі, содан соң цехтық партия ұйымының хатшылығына сайланады. Осылайша өмір бірқалыпты өте берер ме еді, егер де 1968 жылғы КПСС Орталық Комитетінің Кеңес – Қытай арасындағы жағдайдың ушығуына байланысты елдегі Шекара әскерін нығайту туралы Қаулысы шықпағанда. Осы Қаулы негізінде елдің шығыс шекарасын күшейту мақсатында шекара әскері қатарына коммунистерді жаппай әскер қатарына шақыру жүргізіле бастаған. Міне осы кездерде мерзімді әскери қызметін шекарада өткерген Хамит Исмағұлұлыда қарап жата алмады. Әскери комиссариатың шақыруы бойынша қайтадан шекарашы киімін киіп, Москва Жоғары Командалық шекарашылар училищесінде қысқа мерзімді офицерлер даярлайтын курсты өте жақсы бітіріп, лейтенант шенін алып шығады. Шекарашы офицердің алғашқы қызметі елдің оңтүстік

шекарасы Түркіменстанда басталады. Алғаш рет застава бастығының саяси істер жөніндегі орынбасары, одан кейін застава бастығы қызметтерін абыроймен атқарады. 1972 жылы тәжірибелі-офицер аздаған дайындықтан соң, өзінің іскерлігіне және түркімен тілін жақсы меңгеруіне байланысты шекара отрядының жедел бөліміне ауыстырылады. Содан отряд бастығының жедел істері жөніндегі орынбасарлығына дейін көтеріледі.

Қашанда қолынан іс келетін іскер жандар биік шындардан көріне береді ғой. 1974 жылдан 1979 жылға дейінгі Мәскеу қаласында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жоғары мектебінде оқыған жылдар Хамиттің тек білімін ғана көтеріп қойған жоқ, оның адами қасиеттерін, кісілік келбетін де қалыптастыра білді.

Жоғары мектеп табалдырығынан шыға салысымен сол кезде бүкіл дүние жүзінің назарын аударып тұрған, жалындап жатқан Ауғанстанға жіберіледі. От пен оқтың арасында жүрген бес жыл Хамит Исмағұлұлының өміріне өшпестей із тастап кетті. Өмір мен өлім арасында жүріп қаншама қандыкөйлек достарынан қапылыста айрылып қалды десеңізші! Өкініштен іш өрттей жанады. Осында жүріп өзімен бірге қызметтес болған өз ісінің білгір маманы, бірнеше жыл бірге жүрген әріптесі тәжік жігіті аға лейтенант Хусинитдин Гиасов қапылыста ауыр жараланып, қаза табады. Жас жігіттің өлімі Хамитке де көп ой салып кеткен еді.

Хусинитдин каза тапқан соң, оның әйелі босанып, ұлды болады. Ұлының атын әке аманаты бойынша өзіне ұқсастырып Сераджиддин деп қояды. “Ат тұяғын тай басар” дегендей Хамит аға Хусинитдиннің ұлының ер жетіп, қатарға қосылуын үнемі қадағалап жүрген екен. Сераджиддин ер жетіп, 8-класты бітірген соң сонау Тәжікстаннан осында алдырып, өзі басқарып отырған бауыржаншылар мектебіне қабылдатып, оның жақсы азамат болып, орта білім алып шығуына көп еңбек етеді. Сол Сераджиддин өткен жылы бауыржаншылар мектебін

ойдағыдай бітіріп, еліне үлкен азамат болып оралды. Бұдан біз Хамағанның берген сертіне берік, жүрегінің кең, Алатаудай асқақ екенін көреміз.

Бастықтың тәрбие істері жөніндегі орынбасары Серік Мизамбеков айтады: “Хамит Исмағұлұлы Сераджиддинге басқалармен бірдей қарады. Басқа тәрбиеленушілерге қандай талап қойылса оған да сондай талап қоя білді”. Яғни ол кісінің принципшілдігі, талап қоя білгіштігі, ешкімді алалап, бөле жармайтындығы осы бір қарапайым мысалдан да көрініп тұрған жоқ па.

Ауғанстан жеріндегі бес жылдың белгісіндей болып, оның кеудесінде “Қызыл Жұлдыз” орденімен Ауғанстан Демократиялық Республикасының III-дәрежелі “Жұлдыз” ордені жарқырайды.

Ауған жеріндегі отты нүктеден аман-есен оралған шекарашы-офицерді қайтадан Арктика шекара отрядына әскери қызметке жібереді. Өзінің өткеніне көз жүгірте отырып, Хамит аға былай деп еске алады: “Менің бұрынғы Кеңестер Одағының ұлаңғайыр территориясында аяғым тимеген жер қалмаған шығар. Ақ теңізден қиыр шеттегі Чукоткаға дейін, Шпицберген аралдарынан Солтүстік жарты шарға дейін. Жаңа Жер аралдарынан Таймыр, Якутия, Ненец автономиялық округтеріне дейін болдым емес пе. Мен бұл жерлерде тек болып қана қойған жоқпын өмірімнің ең бір қызықты шағы – жастық шағымның ұмытылмас күндерін өткіздім. Шамалауымша Отанға жаман қызмет етпеген сияқтымын”.

Бала кезден жүрек түкпірінде сарала сағыныш күйінде сыр болып бүгіп жатқан туған елге Хамит Исмағұлұлының оралу сәті тек 1986 жылы түскен еді. Әскери адам Отанның бұйрығын бұлжытпай орындаушы адам. Бұйрық қайда десе, жанұяңды алып сонда тарта бересің. Бұл жолғы бұйрық Туған елге, атамекенге болғанда Хамаған қуанбады деп кім айта алсын. Сол кездегі КСРО-дағы ең үлкен маңызды шекара округтерінің бірегейі Қызылтулы

Шығыс шекара округінің штабына бөлім бастығы болып ауысады. Ол кезде бұл штабта жергілікті ұлт өкілдері некен-саяқ еді. Келе іске құлшына кіріскен Хамиттің жолына 1986 жылғы Алматыда өткен Желтоқсан оқиғасы кері әсерін тигізбей қалған жоқ. Оның өзі сол оқиғаға тікелей қатыспаса да қазақ деген аты бар емес пе. Сен қазақ ұлтынан екенсің. Саған мұндай үлкен лауазымды орын жоқ. Сол кездегі тоталитарлық заманның заңы осылай болып келетін. Көзге шұқымаса да иек қағыстарынан ақ сені шеттете бастағаны анық көрініп тұрушы еді. Бұл қысымға шыдауға да болатын. Бірақ ешкімнің алдында бас иіп, жасқаншақтап көрмеген тік мінез, бірбеткей жан, көп ойланбастан бір кездегі өзі оқып, білім алған Алматы Жоғары Командалық Шекарашылардың әскери училищесіне кафедра бастығы болып ауысып кете барды. Осы жерден құрметті демалысқа полковник шенінде шықты. Абыройлы, беделді болды. Зейнеткерлікке шыққаннан соң да құр қарап жатпай азаматтық тұрғыдағы еңбекке араласты. Алматыдағы ғылыми-зертеу институтына жұмысқа тұрып, селдің және жер сілкінісінің алдын алу шаралары, қорғану жолдары бөліміне бөлім бастығы болып тағайындалды.

Бір күні сол кездегі Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің Мемлекеттік Білім беру комитетіндегілер шақырды. Шақырғанда жай шақырып қана қоймай, құрылғанына небәрі бірер жыл болған оқу орны Бауыржан Момышұлы атындағы әскери мектеп-интернатқа бастық болып баруын сұрайды. Ал, осыған дейін бастық болып істеп келген полковник Ким Серікбаев саптағы офицер болғандықтан Мемлекеттік Қорғаныс комитеті Төрағасының кеңесшісі жұмысына ауысқан екен. Өзін мұнда кім ұсынғанын онша түсіне қоймаған Хамит Исмағұлұлы алғашында бірден келісе кетуге жүрексінеді. Оның үстіне жасөспірімдермен жұмыс істеу, бала тәрбиесі. Қалай да қалай болар екен деген ой ішін жегідей жейді. Бірақ қазақ айтқан емес пе

“Тәуекел түбі жел қайық, өтесің де кетесін” деп. Аталар сөзіне тоқтаған ол нартәуекел деп мектеп-интернатты қабылдап алады.

Бұл 1992 жыл болатын. Міне, содан бері де арада зуылдап 8 жылдай өте шығыпты. Қазір бұл әскери мектеп-интернат Хамит ағаның екінші үйі десе де болады. Уақытының көбі осында өтеді. Арада өткен 8 жыл ішінде әскери мектеп-интернат танымастай өзгерген. Мектеп базасы түгелдей жаңартылған. Тәрбиеленушілердің сапалы білім, саналы тәрбие алуы үшін мұнда барлық жағдай жасалған. Сондықтан да шығар, жылдан-жылға мұнда оқуға тілек білдірушілер саны көбеймесе, азаймай отырғандығы. Әскери мектеп-интернат түлектерінің алды қазір еліміздің Отан қорғау жолында абыройлы қызмет атқарып жүр.

Хамит ағамен қайда болса, сонда бірге жүріп, бірге болып, әскери жанұяның бірлігін бір кісідей сактай білген өмірлік жары Мереке Шәкіржанқызы екеуі Майра, Лейла деген екі қыз тәрбиелеп өсіріп, бақытты жанұя құра білді. Мереке апайдың мамандығы – дәрігер. Қыздарының екеуі де жоғары білімді мамандар.

Биылғы жылдың желтоқсан айында қазақ халқының біртуар ұлы, халық батыры, артына өшпестей із қалдырып кеткен ұлы адам Бауыржан Момышұлының туғанына 90 жыл толғалы отыр. Сол Батыр атындағы әскери мектепке ие болып, сол мектепті Батыр өсиетіне сай ұстап отырған Хамит Исмағұлұлы үстіміздегі қыркүйек айында 60 жасқа толды. Екеуі де мерейтой. Бұл мүмкін уақыт үндестігі болар. Аға мен інінің жан дүниелерінің іштей ұғынысуы десе де болар.

Жаны да таза, ары да таза, елін ерекше сүйе, қадірлей білетін, шынайы ұлтжанды, эзаға, Хамит Исмағұлұлына Асқаралы алпысыңыз құтты болсын! Әлі де биік-биік асулардан аса беріңіз, ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын деген игі тілек айтқымыз келеді!

ЕКІ ЗАСТАВА, ЕКІ ТҮРЛІ ЖАҒДАЙ

Биылғы қыс Қазақстанның бүкіл аймағында нағыз қыс қаһарының қандай екенін танытқандай болды. “Кәрі құданың” қытты сыны, әсіресе алдындағы он шақты уақ-жаны мен бірен-саран аша тұяғына қарап отырған қоңыртөбел ауыл адамдары үшін ауыр тиді. Еліміздің оңтүстік-шығыс аймағына жататын Алакөл өлкесі де қыс қыспағынан құр алақан қалған жоқ. Ежелден-ақ Ебінің желімен аты шыққан бұл өлкеде Ұлу жылының биылғы қысы жылдағыдан да қатты болды. Оның қатты болғанын Наурыз айының орта шенінде осы өлкеге аяқ басқан бізге де сезіліп тұрды. Жергілікті халықтың айтуы бойынша сонау қоңыр күзде, қазанның аяғын ала бере жерге түскен қардың соңы күздің қара суығына ұласқан. Біз келгенде қалың түскен қардың сүбесі әлі сөгілмеген қалпы жатыр екен.

Осындай өлкеде, ел шетінде, мемлекеттік шекара күзетінде жүрген шекарашылардың жауынгерлік ерліктерін қанша жазса да артықтық етпес.

Ұшарал шекара отряды Шекара қызметіне қарасты бүкіл құрамалар мен әскери бөлімдер арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай жарыстың бастамашысы болды. Бастама көтеру бір басқа да, оны іс жүзіне асыру бір басқа ғой. Бастамашыл отрядтың жай-жапсарымен танысып, білу отряд командирі полковник Талғат Есетовтің кабинетінен басталған еді. Табиғаты қатал өлкеде қызмет етіп жатқан бастамашыл отрядтың шекарашылары көптеген игілікті істерді қолға алып жатыр екен. Оны біз командирдің кабинетінде өз жұмыстарына есеп берген отряд офицерлерінің сөзінен естіп-білдік. Бірақ “көп естігеннен бір көрген артық” дегендей, шекара отрядының шынайы өмірін көру үшін жолға шыққанбыз. Бағытымыз отрядтың “Покатиловка” және “Тополевка” шекара заставалары.

Тау басында қар жатыр

Отрядтың “Покатиловка”, “Тополевка” шекара застава-лары тау бөктеріне орналасқандықтан да таулы заставалар аталады. Екі застава да отрядпен құрдас. Отряд құрылған кезде бұл заставалар да құрылған. Жолбасшымыз отряд бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Андрей Моисеенко бірінші болып “Тополевка” шекара застава-сына баратыны-мызды айтқан. Қыс бойы бұл екі заставаға жол түспей, біз келердің алдында ғана жол ашылған екен. Ойымызда “қыстай қалай күн көрді екен?” – деген сұрақ қылаң бергені де рас. Қар қалың түскен. Оны жол бойы көріп келеміз. Бір машина әзер сиятын жолды қуалай жүріп келе жатқан “УАЗ” егер жолдан ғайыптан тайып шығып кететін болса, мәселеңіз бітгі дей беріңіз. Омбы қарға омалып, не ары, не бері шыға алмай қалатын сұры бар. Алматыда көктем. Ал бұл өңірде әлі көктемнің нышаны да байқалмайды.

Түс ауа заставаға әрең жеткен біз, жігіттердің жүзінен жинақылықты байқадық. Қашанда заставаның көзі, құла-ғы бола білген старшина іскер болса кез келген застава аяғынан тік тұрып кетеді деп бекер айтылмаған ғой. Біз де жұмысымызды старшинаның шаруашылығынан бастадық. Застава старшинасы прапорщик Дмитрий Юрьевич Левинский бұл істе екі жылдан астам қызмет істеп жүрген тәжірибелі старшина екен. Ұшаралдың төл тумасы. Әскерден соң Ұшарал шекара отрядында әскери қызметін жалғастыруға өз еркімен сұранып қалыпты. Өз ісіне әбден төселгенін көрсетіп тұр.

Заставаның іргетасы 1969 жылы қаланған екен. Содан бері қаншама рет күрделі жөндеуден өткенін кім білсін, қарағайдан салынған үйдің әбден ескіргені көрініп тұр. Казарма көне болғанымен застава офицерлері мен жауынгерлері қолдан келген тірліктерін істеуде. Застава өмірін көрсететін қабырғаға ілінген көрнекі үгіт ана-дайдан көз тартады. Жаксы, әсем етіп безендірілген

“Застава өмірі” стендіне ілінген “Жауынгерлік парақша”, “Найзағай”, “Тікенек” қабырға газеттерінен-ақ застава өмірінің ішкі көріністерін айна-катесіз көргендей боласыз. Мұнда застава бастығы аға лейтенант Иван Петрович Кривенцов пен оның тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмыстары жөніндегі орынбасары лейтенант Қыдыралиевтің еңбегі екендігі көрініп тұр. Тәрбие тәртіптен басталады десек, тәртіп мәселесі заставада алдыңғы қатарда, – дейді застава бастығы. Соның да әсері болар соңғы екі-үш жылдың көлемінде заставада қызмет орнын тастап кету, қашу секілді келеңсіз көріністер бой көрсетпепті. Аға лейтенант И.Кривенцов осы заставаны қабылдап алғанға дейін отрядтың басқа заставаларында застава бастығының орынбасары, застава бастығы болып, тәжірибе жинақтап, істе ысылған. Оның өзі айтады: “Мен осыған дейін “Шолақ” заставасында бастық болдым. Ал, “Тополевка” мен “Шолақтың” арасын жер мен көктей. Екі застава да екі түрлі жағдай. Неге десеніз, “Шолақ” заставасына қарағанда бұл заставада адам күші көп, әрі күзететін шекара аймағы да жетерлік. Кейде мен екі заставаны салыстыра қарағанда маған “Тополевкадағы” жұмыс күрделілірек болып көрінеді”. Расында қыс ерте түсіп, көктем кеш шығатын “Тополевка” заставасында қызмет етудің күрделілірек екендігі көрініп тұр.

Застава бастығының сенімді көмекшілері кіші командирлер екендігі белгілі. Бұл орайда әскери дайындықтың озаттары сержанттар: С.Сатыбалдиев, Е.Бақтыоразов, ефрейтор Алхатовтар сенім үдесінен шығып жүрген жауынгерлер екен. Сержант С.Сатыбалдиев осындағы жастардың бастамашыл тобының жетекшісі болса, сонымен қатар аға шекара нарядшы. Осының бәрін үлгеріп, заставадағы жауынгерлер арасындағы тәртіптің ұйтқысы болып жүрген сержантқа застава басшылығы дән риза. С.Сатыбалдиев енді әскер қатарында келісім-шартпен одан әрі қызмет етуге калмақшы.

Застава сөз басында айтып кеткеніміздей қыс маусымына жан-жақты дайындалыпты.

– Қысқа арналып 5 тонна картоп, 300 килограмм жуа, қажетті мөлшерде сәбіз, кызылша, ұн, жарма дайындалып, қыс бойы шекарашы-жауынгерлердің қажетіне жарады. Застава да ет үзілген жоқ. Оның сыртында жиырмадан астам шошқа бағылып отыр. Етке сұраныс туған кезде соларды пайдаландық. Оның сыртында жуырда колбаса, жұмыстқа, сары май әкеп берді. Яғни, тамақ жағынан ешқандай проблема болған жоқ, – деген старшина сөзінен соң, біз подполковник А.Моисеенконың бұл заставаларға қыстай жол болған жоқ деген сөзінен кейін, застава қыста қалай күн көрді екен деген сұрағымызға нақты жауап алғандай болдық.

Бәрі дұрыс-ау. Бірақ атқарылған жұмыстармен қатар көңілге кірбің ұялатар әттегенайлардың да бар екендігін несін жасырамыз. Застава үйі ескі дедік. Өз күштерімен жылда жөндеу жүргізгендей болады екен. Бірақ оның көзге көрініп жатқаны шамалы. Мысалы, заставада әжептеуір кітапхана бар. Кітап қоры да әртүрлі. Бірақ бәрі де оқылатын кітаптар. Осы кітапханаға арналған бөлме тура от жағатын қазандықтың үстіне орналасқан да, бөлмеге астындағы қазандықтан майда, қара тозаң толып қалады екен. Сөредегі кітаптардың бәрін қап-қара тозаң басқан, ол жерде отырып кітап оқу мүмкін емес. Кітаптардың жағдайы әлгіндей. Бұл мәселенің бер жағы ғана. Шекарашы жауынгерлер өздерінің тікелей міндеті – мемлекеттік шекара күзетін қалай атқарып жатыр? Енді соған тоқталайық. Застава жауынгерлері арасында тәрбиелік-құқықтық мәселелер жөніндегі оқулар жүйелі жүргізілгенімен әскери жаттығулар талапқа сай жүргізілмегелі көп уақыт болыпты. Заставада қар еріп, жер қарайған соң Үлкен Басқанда бекет қояды. Ал оған дейін де шекарашылар бос қарап жатпауы керек қой.

Шолғыншы, іздестіру тобы секілді шекара нарядтарының жаттығуларын неге жиі-жиі өткізіп тұрмасқа. Бұл

шекара заставасында мемлекеттік шекара бұзушы кездеспегелі көп уақыт болыпты. Бірақ та сақтықта қорлық жоқ деген емес пе. Қашан да қандай жағдайға әзір тұру бүгінгі күннің басты талабы.

Застава бастығы И.Кривенцов “Талапқа сай айына бес рет мемлекеттік шекара бұзушыны ұстау туралы оқу-жаттығуларын ұйымдастырып отырамыз. Мұнда бұл жаттығулардың үшеуі түнгі мезгілде, екеуі күндізгі мезгілде болады”, – дейді. Мүмкін солайы солай шығар. Бірақ менің бұл жолы шекара нарядынан репортаж жазсам деген ойым құр киял болып қалды. Мұнда ондай мүмкіншілік болған жоқ. Заставада төрт ит бар. Оның үшеуі әлі толық үйретілмеген, тек біреуі ғана із кесуші ит. Багира аталатын осы иттің иесі, нұсқаушысы кіші сержант А.Бурыкин итінің де өзінің де әлі жөнді бір жаттығуға қатыспағанын айтады. Ал, жиі-жиі жаттығуға қатысып, өз міндетіп атқарып тұрмаса, иттің де өз қабілетінен айрылары сөзсіз.

Застава да бір автомашина бар екен. Оны жүргізу үшін жанармай керек. Қыстай бос тұрған машина енді қажет болуы мүмкін. Бірақ, жанармай тапшы. Старшина айтады: жеткізіп берген жанармайлары бір-екі күннен аспайды деп. Сол сияқты дизельді майдың да шамалы. Біз кейінірек, отрядқа келген соң осы мәселе төңірегінде отряд тыл бастығының орынбасары майор А.Ларионовпен сөйлескенімізде: “Ол заставаларға қыс бойы жол болған жоқ. Міне енді жол түсті. Қанша қажет етеді, сонша жеткізіп береміз”, – деп ақталғандай болды. Жалпы, не нәрсені болсын, дер кезінде орындаған дұрыс қой.

Заставадағы кадр мәселесіне қояр кінә жоқ. Застава бастығы аға лейтенант И.Кривенцов, старшинасы прапорщик Д.Левинский қолдарынан іс келетін жігерлі жастар.

Тау басына орналасқан “Тополевкадағы” жағдаймен танысып, застава жауынгерлерімен әңгімеден соң, жолымыз көршілес жатқан “Покатиловка” заставасына түсті. Көршілес дегенмен де екі заставаның арасы әжептеуір жер екен.

“Шатырын мықты болсын”

Отряд бастығы полковник Т.Есетов өзінің кабинетінде болған шағын мәжілісте “Покатиловка” шекара заставасында шекара күзетіне мерзімді әскери қызметтің жауынгерлері орнына келісім-шарттың әскери қызметкерлерін қойсақ деген ойымыз бар деген болатын. Несі бар, бағалы бастама. Егер командирдің бұл ойы іске асып жатса, біріншіден, етекте жатқан елдің жастарына жұмыс болар еді, екіншіден шекара күзетіндегілердің жауапкершілігі артып, артық-ауыс қылмысқа тосқауыл қойылар еді. Оның үстіне қаншама қаражат үнем десеңізші. Бірақ бұл әзірше болашақ жоспар ғана. Енді заставаның бүгінгі тіршілігіне келейік.

“Покатиловка” заставасының іргетасын осыдан бір ғасыр бұрын осы өлкені қорғауға келген орыс-казактар қалаған екен. Осылайша тарихы әріден басталатын заставаны кейінірек ақ боп, қызыл боп соғысып жатқан кезде қызылдар келіп паналаған. Сол кездің көненің көзіндей болып қос қоржынға ұқсас застава үйі енді бүгінгі ұрпаққа қызмет етуде.

Бұл заставаның жағдайы көршілес заставаға қарағанда онша мәз емес екендігі бірден көзге ұрып тұрды. Жуырда ғана застава бастығы ауысып, застава бастығы міндетін аға лейтенант Фуат Мирғалимов уақытша атқарып жүр екен. “Қонақ аз отырып, көп сынайды” деген ғой, заставаның тозығы жеткен көне үйі көзге қораш көріне берді.

Олай дейтініміз, бір кездегі қызыл әскерлердің қоражайы болған ағаш үйге кейіннен застава мәртебесі берілген соң, қосымша тағы бір үй жапсарластыра салынған. Қазір осы қосақталған екі үйдің де шатыры ескіріп, ортасына түскелі тұр. Қалай қар еріп, жауын жауады, казарманың әр жерінен тамшы тамып, берекеңді кетіреді. Бұл үйдің шатыры осындай болса, едені оданда сорақы. Шіріген еден ағаштары ауыстырылмағалы қашан. Мұнда да сол “Тополевкадағыдай” жағдай. Қолдан келгені әктеу, әрі кетсе сырлау. Оның өзінде қытай бояуының сапасы нашар.

Күзде жасаған жөндеу жұмыстарының көктемге жетпей оңып кетіп жататыны да сондықтан, застава бастығының міндетін атқарушы аға лейтенант Фуат Мирғалимов подполковник А.Моисеенкоға заставаның осындай мүшкіл халін айтып жагты. Ол болса қағазға түртіп алды. Кім білсін, «өлмеген құлға жаз да жақын ғой», мүмкін жаз айларында бір жақсылық болып қалар.

Заставаның шекара күзеті аумағы өте үлкен. Өткен жылы екі мемлекеттік шекара бұзушыны ұстапты. Биыл әзірше тыныш. Оған мына қаһарлы қыс та көмек болған шығар. Күн жыли Сарыбөктер асуына шекара бекеті қойылмақшы. Застава бастығы айтады, екі-үш рет “Шолғыншы” шекара наряды бойынша оқу-жагтығу ұйымдастырдық дейді. Ал, заставада із кесуші итті іздесең емге таппайсың. Бір ит алып келген екен, оның өзі күзет иті болып шығыпты. Оның үстіне ит қызметі нұсқаушысы жоқ. Штат бар, ал маман жоқ. Сонда арнайы із кесуші итінсіз олар қандай оқу-жагтығу ұйымдастырып жүр?

Застава үйі ескі болғанымен мұнда жұмыс бір орнында тоқтап тұр деп айтуға болмас. Застава бастығының міндетін уақытша атқарушы Ф.Мирғалимов осыған дейін мұнда застава бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық мәселелері жөніндегі орынбасары болып қызмет істепті. Қазір бұл орынға отрядтан Әлібек Таупеев келіп орналасып жатыр екен. Екеуі де жас болғанымен, қолдарынан іс келетін жігерлілік таныта білуде. Тек аздап, көмек, ақыл-кеңес беріп отырса болғаны. Көмек деген сол, тағы да қайталап айтамыз, үйдің шатырынан бастау керек. “Шатырың мықты болсын” деген емес пе.

Жауынгерлердің демалыс бөлмесі әсем безендірілген. “Қорғаушы – Защитник” қабырға газеті уақытылы шығарылып тұрады. Аудан орталығы Сарқанд қаласына жақын болғандықтан ба, мұнда тамақ мәселесінен көп қиындықтар жоқ көрінеді. Екіаша ауылының тұрғындарымен жақсы байланыста. Шекараны бүкіл

халық болып қорғайды деген қағидаға орай, арадағы байланыс нығая түскен. Әсіресе, мектеп оқушылары өздерінде болатын спорттық ойындар мен ән-би кештеріне жауынгерлерді өздері де бізге жиі қонаққа келіп тұрады.

Иә, екі застава, екі түрлі жағдай, негізінен мұндағы проблема бір-біріне ұқсас. Әсіресе айтпай кетпейтін бір жайт жер мәселесі екі заставаның да басын ауыртып отырған ортақ мәселе болуда. Анығырақ айтсақ, қазір Республика көлеміндегі Жер туралы Заңға байланысты жерді жалға беру жүріп жатыр. Осыны арқа сүйеген кейбір тұрғын халықтар застава маңындағы жерлерге де көз сүзіп отырған сыңайлы. Бірақ құзырлы орындар Қазақстанның сүйемдей жеріне дейін көзінің қарашығындай күзетіп отырған шекарашыларға азын-аулақ бөлінген жерді дауға салдырмас.

Сосын, бір көңілге көлеңке түсірер жайт – отрядтан келген бөлім офицерлерінің тек тексеруші болып келіп, түк бітірмей, бос қайтатыны екен. Олар осындағы жас офицерлерге көмектерін көрсетіп, айқайламай, ұрыспай, дұрыс бағыт-бағдар беріп отырса, біз көбісінің айтпай кеткен кемшіліктер болмас еді деп ойлаймыз. Елдің шетінде, желдің өтінде жүрген шекарашыларға жасамаған жақсылықты кімге жасаймыз?!

Екі заставада болғанда көңілге түйген көп ойлардың негізгісі осы еді.

АСТАНА МӘРТЕБЕСІНЕ САЙ БОЛСАҚ

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ел ордасы Астана қаласына көшірілуі ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өте көрегендік саясаты болды.

Бұл күнде Астана қаласы көркіне көрік, ажарына ажар қосып, күн сайын көркейіп, өсе түсуде. Әсем астанамыздың тыныштығын күзетуде еліміздің шекарашылары да Ата Заң талабына сай қызмет көрсетіп келеді.

Астана халықаралық әуежайында, еліміздің бас қақпасы атанып отырған әуежайда шекара тәртібін күзетіп жүрген астаналық шекарашылар туралы айтып беруді өтініп, Астана шекаралық бақылау отрядының бастығы полковник Нығымет Әбілқайырұлы ҚОНАҚОВТЫ сөзге тартқан едік.

Өмірбаян беттерінен

Полковник Нығымет Әбілқайырұлы ҚОНАҚОВ Қостанай облысының Қарасу ауданында дүниеге келген.

Қарасу ауданында орта мектепті бітірген соң, әскерде азаматтық борышын атқарып, одан соң, Алматы қаласындағы кинотехникумды ойдағыдай бітіреді. Бір кездегі балалық арманы орындалып, сол кездегі алып держава Кеңестер Одағындағы үлкен оқу орындарының бірі Алматы партия мектебін қызыл дипломмен бітіріп, өзінің туған өлкесі Қостанай облысында партия, кеңес органдарында қызмет істеген.

Қостанай обкомында жүріп жолдамамен Мәскеу қаласындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жоғарғы мектебіне оқуға түсіп, оны 1983 жылы қызыл дипломмен бітіріп шығады. Одан кейін еліміздің Қызылорда, Павлодар, Қостанай облыстарында қызметте болады.

1998 жылы Қостанай шекаралық бақылау-өткізу бекеті бөлімінің бастығы, 2000 жылдан Астана шекаралық бақылау отрядының бастығы болып қызмет етіп келеді.

Үйленген. Отбасында үш бала, екі немересі бар.

– Нығымет Әбілқайырұлы, Елордамыз Астана қаласы ертегінің алыптарындай жыл сайын, ай сайын емес, күн сайын өсіп, көркейіп, гүлденіп келеді. Астана мәртебесі де халықаралық ортада мерейі үстем болып, өсе түсуде. Ал, Астананың әуе қақпасы, бас қақпасы әуежай екені белгілі. Ат басын Астанаға тіреген кез келген ресми қонақта, ресми емес қонақта алдымен осы әуежайға келіп тірелетіні белгілі. Осыған байланысты бір сұрақ, біздің шекарашыларымыз осы келген қонақтарды қарсы алып, шығарып салу кезінде өздеріне жүктелген міндет үддесінен көріне алып жүр ме?

– Дұрыс айтасыз. Астана қаласы еліміздің орталығы атанғаннан бері мұнда жұмыс ауқымының көбейгені бүгінгі өмір талабына сай ғой деп ойлаймын. Қонақ аз отырып, көп сынайды демей ме. Ендеше сол Астанаға келген шетелдік азамат болсын, ТМД мемлекеттерінің азаматы болсын, олар Қазақстан деген егемен елге келгенін ұмытпауы керек. Олар тәуелсіз, дербес елдің шекарасын аттап тұрғанын бірден-бір сезінетін орны осы әуежайдағы шекарашылардың бақылау-өткізу бекеті болып табылады. Еліміздің бас қаласына келген әрбір азаматтың республика заңдарының талаптарына сай, құжаттарының дұрыс болуын қадағалау, тексеру, біздің шекарашы бақылаушыларымыздың негізгі міндеті. Қай елден қандай қонақ келмесін, ел заңына сәйкес құжаттары болса, біздің құшағымыз әрқашанда ашық. Егер заң тәртібін бұздыңыз екен, онда әңгіме басқаша. Әрине, біз жазалаушы орган емеспіз. Кейде кейбіреулеріне түсіністікпен де қараймыз. Неге десеніз, Астана бас қала болғандықтан, біздің жұмысымыз сол

жоғары талаптан шыға білуіне күш саламыз. Астана еліміздің айнасы, бет пердесі екендігін ешқашан естен шығарған емеспіз Жаңа өзіңіз айтып кеткендей, әрбір шекарашы бақылаушының қызметіндегі мәдениетгілік, іс-қимыл астаналықтардың мәртебесіне сай болуы керек. Осы мүддеден келгенде біз өзімізге қойылған талап дәрежесінен шығып келе жатармыз-ау деп ойлаймын.

– Астанаға көбіне-көп ресми делегациялар келіп жатады. Оның үстіне іскер адамдар легі, Астанаға қол ұшын берсем дейтін фирмалар мен кәсіпорындар мен кәсіпорындар өкілдері, басқа да қонақтар легі күндіз-түні бір тынбай келіп жататыны белгілі. Осылардың бәріне бірдей тексеру жүргізу кезінде бақылаушылар үлгере ала ма? Жалпы әуежайда қанша қызмет көрсету бөлімі бар?

– Мұнда бірден басын ашып-айырып алатын мәселе – Астана әуежайындағы ұшақтарды қабылдау Алматыға қарағанда әлдеқайда азырақ. Салыстырмалы түрде алып қарасаң, біздің әуежайға келіп қонатын ұшақтардың деншілігі жолаушылар ұшағы. Ал жүк тасымалдау ұшағы ілуде шалу болмаса, бізге көп қона бермейді. Сондықтан, алматылық әріптестерге қарағанда бізде жұмыс жеңілірек. Бірақ, жұмыс жеңілірек екен деп қол қусырып қарап отырған біз жоқ. Жұмыс екі ауысымда жүргізіледі. Менің ойымша әзірше біздің шекаралық бақылау отрядына бір бөлім жетеді. Ол қазіргі таңда жұмыс жасап жатқан жолаушылар бөлімі. Бұл бөлім қызметкерлері бізді толық қанағаттандырады. Екі ауысымда бақылаушылар графикті бұзбастан, өздеріне жүктелген міндеттерін мінсіз атқарып келеді десем артық айтпаспын. Жұмыла көтерген жүк жеңіл деме ме.

– *Нығмет Әбілқайырұлы, енді отряд тарихына оралсақ. Сіз басқарып отырған отряд жаңа отрядтардың бірі болғанымен де, әрбір ұжымның өзіндік тарихы болады емес пе? Бәрі неден басталып еді?*

– 1998 жылға дейін Алматы шекаралық бақылау отрядына қарасты Ақмола әуежайы шекаралық-бақылау бекетінің негізі қаланыпты. Ол кезде Ақмола әуежайы қазіргідей халықаралық дәрежеге ие бола қоймаған кез. Облыс орталығы. Келімді-кетімді жолаушылар аз. Қазіргідей күндіз-түні ұшып келіп жататын ұшақтар саны да аз. Сондықтан, мұнда шағын ғана Алматыға бағынатын бір бөлімше жұмыс істеген ғой. Содан астана қаласы өз мәртебесіне ие болғаннан бері, келіп-кетушілер көбейген кезде, осы отрядты құру керек болған. Содан, 1998 жылы Астана шекаралық бақылау отряды құрылды. Бұл отрядтың қарамағына Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Павлодар әуежайындағы шекаралық бақылау-өткізу бөлімшелері қаратылды. Сөйтіп, қатарға тағы бір үлкен отряд келіп қосылады.

– *Полковник мырза, сіз отрядты қашан қабылдап алдыңыз? Және қабылдап алған кезде отрядтың жағдайы қандай еді?*

– Мен осы отрядқа дейін Қостанай қаласындағы Қостанай әуежайы шекаралық бақылау-өткізу бекеті бөлімінің бастығы едім. Содан, 2000 жылы маған жоғары басшылық тарапынан осы отрядты басқару туралы сөз болды. Сөйтіп, мен бұл отрядты 2000 жылы ақпан айында қабылдап алдым. Міне, содан бері екі жылға жуық уақыт та өте шығыпты. Алғаш мен бұл отрядты қабылдап алған кезде жағдай өте аянышты еді. Офицер кадрлар жетіспейді. Ешқандай құжат жоқ. Сол штаттағы бар офицерлердің өзінің тұрақты отыратын орны жоқ. Штатта үш-ақ офицер бар екен. Кадр, қаражат және штаб бөлімінде. Бұл үш офицермен не істеп, не тындыра қоярсың.

Отрядты қабылдап ала салысымен, бірден білек сыбанып іске кірісіп кеттім. Алдымен, кадр мәселесін шешіп алу керек болды. Ақырын-ақырын сөйлесе жүріп, қолынан іс келеді-ау деген офицерлерді басқа әскери бөлімдерден, жапастан өзіме шақыра бастадым. Бірақ,

көбісі кашқақтайды. Неге десеңіз, Астана суық десе, енді біреуі пәтер жоқты сылтауратады. Бірақ, соған қарамастан, жұмыс жүре берді. Әр жерде қонақтап жүрген отряд қызметкерлеріне тұрақты орын тауып беру керек болды. Бұл жерде Шекара қызметінің Директоры көмекке қол ұшын берді. Бітіп тұрған Орталық аппараттың штабынан орын беріп, біз сонда келіп орналастық. Оған дейін әуежай ғимаратында жолаушылар тексеру бөлімі қызметкерлерімен бірге таласа, тармасып, тар бөлмелерде тығылып отыр екен. Кадр мәселесіне келгенде, әрине, алдымен саптағы офицерлерді, қатардағы әскери қызметкерлерін жинап алуды бірінші кезекке қойдым. Өйткені, бізге көп кадрлар керек еді. Содан кейін штаб офицерлерін түгендедім. Алғашқы кездері асығыстықтың салдарынан шекарашы бақылаушылыққа кім көрінгенді ала берген. Олардың не білімі сәйкес келмейді, не қызметі талапқа сай емес. Енді солардың орнына талапқа сай кадр жинақтау керек болды. Міне, мен алғаш отрядқа келгенде жағдай осындай еді.

– *Нығымет Әбілқайырұлы, үстіміздегі жылдың наурыз айында сіз біздің газетіміздің тілшісіне берген сұхбатыңызда “Қазіргі таңда бізді қинап тұрған басты мәселе пәтер жағы. Көптеген офицерлеріміз әлі үйсіз жүр” деген болатынсыз. Енді мен де осы сұраққа қайта оралсам ба деп отырмын. Қазақта “Үй болмай, күй болмайды” деген дана сөз бар. Қазір үй мәселесі қалай шешілді? Әлде баяғы күй сол бетінде қалды ма?*

– Әрине, “Үй болмай, күй болмайтыны” пешенеден белгілі ғой. Рас жұмысқа тұрған офицерлеріміз үйсіз жүріп көп қиналды. Көп қиыншылықтар көрді. Қазір бұл проблемалар шешілді. Шекара қызметінің басшылығы қордаланып қалған бұл мәселені бір-ақ күнде шешіп берді. Үй ала алмай жүрген он екі офицеріміз түгелдей үйлі болып қарық болды да қалды. Тіпті, үйленбеген жас офицерлердің өздеріне де, сол бізге берілген үйден бір үш бөлмелік, бір екі бөлмелік пәтерді жатақхана етіп берді.

Бұдан артық қандай қамқорлық керек. Ал офицерлерге берілген үйді өзіңіз көрген боларсыз, жаныңа не керек, барлық жағдай жасалған. Тек бар да кіре бер.

Мен сізге мынадай бір қызық жайтты айтып берейін. Үй беру туралы шешім шыққаннан кейін, барлық үй алушыларды жұбайларымен қоса кабинетіме шақырып, салтанатты түрде құттықтап, пәтер кілтін табыс еттім. Содан бәріміз барып, жаңа пәтерді аралап көрдік. Мұндай жағдайды ешқайсысы күтпеген ғой. Қуанып, бәрі мәресәре болып жатыр. Бір сәт бұрышта бүрісіп отырған бір келіншекке көзім түсіп кеткені. Бажайлап қарасам, сұры бұзылып, көзі бақырайып кетіпті. “Қарағым-ау, елдің бәрі қуанып жатыр ғой, саған не болды” деймін ғой, бәйек болып. Сөйтсем, “Аға, мен мұндай тосын жағдайды күтпеп едім. Біз ешқашан пәтер ала алмайтын шығармыз деп ойлайтынмын. Сіз әлгі мезетте қолыма кілтті берген кезде есімнен танып қалыппын”, – дейді. Міне қызық, қуанған мен қорыққан бірдей деген осы екен ғой, деп күліп жатырмыз.

– *Полковник мырза, қыс қыр астында. Оның үстіне Арқаның қысы өзіңіз білесіз, нағыз бабында болатын қыс қой. Осы қыс маусымына әзірліктеріңіз қалай?*

– Қыс мезгілі дегенде не деуге болады. Біз мұнда бірінші жыл қыстап отырған жоқпыз. Жағдайдың бәрін білеміз. Бірақ қыстан қысылмай шығу үшін барлық жағдай сонау жаз айларынан басталған болатын.

Шекара қызметінің Орталық аппараты Алматы қаласынан Астана қаласына қоныс аударуына байланысты біз “екінші объект” атап кеткен мекен-жайымызға көшіп жатырмыз. Бізге қалалық әкімшілік тура қаланың ортасынан бұрынғы балабақшаның үйін берген. Сол үйді жаз бойы жөндеуден өткізіп, дайын еттік. Сол ғимаратта штаб, казарма, асхана орналасқан. Жылу жүйесі іске қосылды. Қарамағымызда елуге жуық сарбаз бар. Олар үшін ғимараттың бірінші қабатынан жайлы етіп казарма

жасадық. Қысқа қажетті азық-түлік жеткілікті. Жаңадан үшінші комендатураны құрып, ол қазір іске кірісіп те кетті. Жалпы қыс маусымына әзірлік ерте басталып, дер кезінде бітті деп айтуға қақымыз бар. Астана қысы ешкімнің маңдайынан сыйпай қоймайды. Біз оған әрқашан да әзір болуымыз керек.

– *Нығымет Әбілқайырұлы, негізгі тақырыптан ауытқымай, отрядтың атқарып отырған жұмысы шекара күзетіне қарай ойыссақ. Шекара тәртібін бұзушылар болды ма? Шекарашылар бақылаушылар осы кезең ішінде қанша рет құжат тәртібін бұзушыларды ұстап, қанша контрабандалық тауарларды тәркіледі?*

– Біздің негізгі міндетіміз де, қызметіміз де әуежайдағы шекара қызметі. Қалғандары күн тәртібінің екінші мәселесі. Шекарашы бақылаушылар кездесіп отырған аздаған қиындықтарға қарамастан, қызметтерін мінсіз атқарып келеді. Осы уақыт ішінде Астана әуежайы арқылы 100 мыңнан астам адам өткізілді, елуге жуық шекара тәртібін бұзушылар ұсталынып, 10-нан астам адам құжаты дұрыс болмағандықтан кері қайтарылды. Екі рет контрабандалық заттар тәркіленіп, бірінде шамадан тыс шетелдік валюта алып өтпекші болғандардың жолы кесілді. Бұл орайда, өзінің қырағылығымен, өз міндетін жетік білетіндігімен көзге түсіп жүрген бақылаушылар қатарында прапорщиктер: Е.Чернова, Б.Болатбекова, Ғ.Смаиловалардың есімін мақтанышпен айта кеткен жөн. Осындай іскер жандардың арқасында шекара шебін ешкім жалған құжатпен бұзып өте алмайды.

Мен әлгінде сөз басында айтып кеттім емес пе, біз жазалаушы орган емеспіз деп. Кей-кейде іскерлік байланыстармен, бизнеспен адамдармен келіп жатады. Солар кейде асығыстық салдарынан шақырту визасын ұмыт қалдырып, немесе басқа да бір жағдайлар болып қалады. Ондай кезде біз оларды дереу кері қайтармай, өзіміздің Сыртқы Істер министрлігімен хабарласып, елшіліктерінен

арнайы өкіл келіп алып кетуіне жағдай жасаймыз. Неге десеңіз, көбіне-көп іскер адамдар Астанамыздың көркеюіне үлес қосу үшін келіп жатады. Сондықтан, мұндай кезде өзім білемдікке салынбай, екіжақты шешкен жөн екендігін өмір тәжірибесі көрсетіп те келеді.

– Өз көмекшілеріңізден, қызметкерлеріңіздің арасынан кімдерді жақсы жақтарынан айта кетер едіңіз?

– Ешқайсысын бөле-жара айта алмаймын. Деседағы қызмет болған соң, жұмыс болған соң, айтсак айтайық. Отряд штабының бастығы подполковник Александр Громадский сенімді көмекшім. Осындағы барлық жұмыстың ауыртпалығын қайыспай көтеріп алатын нарқасқа. Оның орынбасары капитан Рустам Рахматуллин отрядтың алғашқы күнінен қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі офицер. Сол сияқты Талғат Юсупов, капитан-лейтенант Руслан Мукумов, прапорщиктер: Мұрат Оразалин, Ғалия Смаилова, Жұмагүл Нукушова, Мадина Қуандықова, Елена Абраева, қызметкерлер: Алтын Нұрмағанбетова, Индира Көкеева. Нейла Мукушовалар отрядтың қай жұмысында болсын аянбай тер төгіп, абырой биігінен көрініп келе жатқан абзал жандар.

– Полковник мырза, қазіргі таңда мемлекеттік тіл өмірімізге біртіндеп мықтап еніп келе жатқандығы белгілі. Сіздерде бұл мәселе қандай дәрежеде атқарылуда?

– Мемлекеттік тілді дамытуда біздің отрядта кең ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Алдыменен мемлекеттік тілді үйренуді қолға алдық. Ол үшін, алдымен оқу өткізетін арнайы орын дайындадық. Университет бітірген, мамандығы филолог бір жігітті арнайы жұмысқа қабылдап отырмыз. Сол жігіт тікелей мемлекеттік тілді үйрету сабағын жүргізеді. Сонымен бірге, отрядтағы мемлекеттік тілдің өз дәрежесінде жүруіне жауап беретін болады. “Театр киімлігіштен басталады” десек, бізде бәріде маңдайша да жазылған жазудан басталады емес пе. Ендеше біз де аталмыш жазулардың бәрін мемлекеттік тілде жазуды қолға алдық.

– Нығымет Әбілқайырұлы, мазмұнды әңгімеңізге көп рахмет. Жұмыстарыңызға жеміс тілейміз.

– Сізге де рахмет.

СЫР БОЙЫ ШЕКАРАШЫЛАРЫ УӘДЕГЕ БЕРІК

Қызылорда шекара отрядының бастығы подполковник Дархан Айтқалиұлы ДИЛМАНОВПЕН сұхбат

Қызылорда шекара отряды Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне қарасты әскери бөлімдер арасындағы жанадан құрылғаны. Отрядтың қазығы 1999 жылдың 15-ші қыркүйегінде қағылып, шаңырағы көтерілген еді. Содан бергі екі жыл ішінде отряд қалыптасу, құрылу үстінде болды. Ұлы Жібек жолы бойында жатқан Қызылорда өлкесін шекара аймағына айналдыру оңай болған жоқ. Шөл даладан шекара бекеттерін тұрғызып, мемлекеттік шекара мәртебесінің өз дәрежесіне жетуіне арада өткен екі жыл уақыт аз ба, көп пе, оны уақыт төрелігіне қалдыра тұрайық.

Жас отрядқа осыдан бес ай бұрын жас басшы келген болатын. Басқа шекаралық отрядтарда шекара өмірінің бар қыры мен сырын терең меңгеріп келген тәжірибелі офицер, подполковник Дархан Дилманов келгелі отрядта біраз келелі істер қолға алынып, ілгерілеушілік бар деп естіген болатынбыз. “Жақсыны көрмек үшін” демекші осы шекара отрядындағы іссапардың бастамасында отряд бастығына жолығып, атқарылып жатқан істер жөнінде өз аузынан естігенді жөн көргенбіз.

Тілші: Дархан Айтқалиұлы алдымен кезектен тыс алған подполковник шеніңіз құтты болсын!

Дархан Айтқалиұлы: Рахмет. Бұл маған артылған кезекті сенімнің бірі болар.

Тілші: Осында келгелі отрядтың жай-күйімен танысып, білісіп, көріп жатырмыз. Отряд бейне бір құрылыс алаңына айналып кеткендей. Барлық жерде қызу құрылыс, жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Ал, отрядтың тарихына үңілсек, екі жылдан асыпты...

Дархан Айтқалиұлы: Сіздің не айтпағыңызды түсіндім. Бұл құрылыс жұмыстары неге қазір жүріп жатыр? Сол екі жылдан бері не істелінген демекшісіз ғой. Дұрыс-ақ.

Мен өткенге күйе жағып, біреуді қаралаудан, кінәлаудан аулақпын. Рас отрядтың шаңырақ көтеріп, құрылғанына екі жыл уақыт болды. Бұл біле білген кісіге аз уақыт емес. Осы кездің ішінде, айына демей-ақ қояйын, үш айда бір объектіні күрделі немесе жәй жөндеуден өткізе бергенде бұл отрядтың халі бүгінгі өзіңіз көргеннен әлдеқайда жақсырақ болған болар еді. Бірақ, менің міндетім маған сенім артылып, үлкен жүк арқама жүктелген екен, сол биіктен көріне білуім керек. Өткенге топырақ шашып, қарап отыра берсем, мен де отыра берер едім. Бірақ мәртебелі уақыт күттіріп қоймайды.

Осыдан бес ай бұрын отрядты қабылдап алған кезде өзіңіз көрген әскери бөлімдер мен штаб үйінің іші-сырты жұтаң еді. Маған дейін отряд басқармасының штабын үш рет көшірген екен. Мен оны қазіргі отырған үйге көшірттім. Бұрын штаб, офицерлер пәтері, казарма болған ғимаратты түгелдей әскери бөлімнің қарамағына бергіздім. Отрядтың әскери медициналық бөлімі екі қабатты үйге орналасты. Міне, бәрін өз орын-орнына қойып болғаннан кейін жөндеу жұмыстарына кірістік. Алдыменен күн жылы, жаз айларында сыртқы жөндеу жұмыстарын бітіріп алдық. Енді жаппай ішкі жөндеу жұмыстарына кіріскенбіз. Жұмыс қарқынды жүруде. Жуық арада бәрі де сақадай-сай әзір болады ғой деп ойлаймын. Өзіңізге құрылыс басында жүргендей әсер де қалдырған осы жайлар ғой. Көш жүре түзеледі деген емес пе. Осылайша біртін-біртін бәрі де қалыпқа келер.

Тілші: Алдыменен отырған жеріңді таңдап ал деген емес пе. Оларыңызда бір жағы дұрыс екен. Сонда да болса тілдің ұшына келіп тұрған сұрақ қаражатты, қажетті құрылыс материалдарын қайдан аласыздар:

Дархан Айтқалиұлы: Бізге бюджеттен бөлінген азынаулақ тиын-тебен қай жыртығымызға жамау болмақ. Оның үстіне отрядтың құрылғанына екі жыл болған. Күні кеше ғана құрылып жатса, алақан жайып, бірдеңе сұрауға болар еді. Сондықтан да қолдағы бар мүмкіндікті пайдаланып, барды ұқсата білудеміз. Құм, цемент, әк секілді құрылыс материалдарын жергілікті мекемелермен келісіп алуымызға тура келіп тұр. Осы бастан қауырт қимылдамасаң қыс қыр астында дегендей, үлгері алмай да қалуымыз мүмкін.

Отряд алғаш құрылғанда қазіргі біз отырған кәсіптік-техникалық училищесінің оқу корпусын, жатаханасымен қоса шеберханасы бар, қазандығы бар бізге облыс әкімі сыйға тартқан екен. Бұрын іске асып келген дүние біраз жыл бос қалғанда қиюы кете бастаған ғой. Кейде сол да қолбайлау болып жатады. Бірнеше жыл жылу берілмеген үйлерге жылу кіргізіп, жылытыла бастады. Енді қалып тұрғаны бұрын жатақхана болған бес қабатты ғимаратты қайтадан жөндеуден өткізіп, іске асырсақ үлкен іс бітер еді. Сол жерден қыстық оқу орталығын ұйымдастыру да ойда бар.

Тілші: Әу бастан айтылып, санамызға сіңіп қалған бір қағида бар. Ол іс тетігін кадр шешеді деген. Расында сенімді көмекшілеріңіз сенімнен шықпай, орта буын жетіспей жатса, істеген ісіңіздің бәрі де әдіре қалмай ма?

Дархан Айтқалиұлы: Дұрыс айтасыз. Бар мәселенің де кадрға келіп тірелетіні де рас. Білікті маман, кадр жетпейінше, ісіңнің оңға баспайтыны да рас. Бұл жағынан алып қарағанда мақтанды деменіз, бізде мәселе оң жағына қарай шешілген. Яғни, алғаш отряд құрылған кезде офицер маман кадрмен 30 пайызға жуық қамтамасыз етілсе, бұл күнде ол көрсеткіш 50 пайыздан асты. Отряд

алғаш ашылғаннан бері қызмет етіп келе жатқан техника және қаруландыру жөніндегі орынбасарым капитан Виктор Фаиль осы отрядтың ыстығы мен суығына төзіп жүрген офицер десем, байырғы отряд – Жаркент шекара отрядынан тәрбие және әлеуметтік-құқық мәселелері бөлімінің бастығы болып тәжірибелі офицер Эрик Росляков жақында ғана ауысып келді. Көріп отырсыз, отряд басшылығының құрамы түгелдей жаңарды. Онда да қолынан іс келеді-ау деген тәжірибелі офицерлермен жаңартылды.

Орта буын офицер кадрларға келсек, барлық салаға байланысты маман офицерлер бар, жетеді. Әр сала бойынша толық болмаса да қамтамасыз етілген. Оның үстіне Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институтын биыл бітірген он екі жас офицер келіп қосылды. Біз оларға ақ жол тілеп, өздеріне лайықты қызметке қойдық. Қазір олар отряд офицерлерімен қоян-қолтық араласып, іске кірісін те кетті.

Тілші: Жалпы отрядқа жүктелген міндет ел шекарасын күзету. Елімізге көршілес мемлекеттерден контрабандалық жолмен тауарлар өтіп кетпеуін, арам пиғылды, екі мемлекет ережесін бұзған, құжаттық ресми тәртіпті бұзған азаматтардың өтіп кетпеуін қадағалау емес пе?

Дархан Айтқалиұлы: Өзіңіз санамалап өткендей, бізге жүктелер міндет аз емес. Қызылорда шекара отрядының жауапкершілігіне бекітіліп берілген шекаралық аймақтың қашықтығы 1100 шақырым. Осыншама жерді күзету үшін бірнеше шекаралық застава, комендатура, тұрақты шекаралық бекеттер құрылған. Олдар қазір өз қызметтерін атқарып та жатыр.

Әп деп алғаш шекара қазығы қағылып, отряд шекарашылары мемлекеттік шекара күзетіне шыққан кезде негізінен Сырдария өзенінің бойын бойлай күзетке шыққан екен. Сол сияқты теміржол бекеттерінде, тас жолдардың үлкен елдімекендермен түйіскен жерлерінде бақылау пункттері қойылған. Мұның бәрі дұрыс. Дер

кезінде қабылданған шара болды. Шекарадан күндіз-түні толассыз өтіп жататын контрабандалық тауарлардың сап тиылмаса да азаюына үлкен әсерін тигізді. Ел байлығының ысырап болуына тосқауыл қойды. Енді тек Сырдария бойын ғана күзетін қоймай, біз тікелей шекара шебіне шықсақ деп отырмыз. Яғни, шекара күзетін белгіленген шекарада жүргізетін боламыз.

Бұл біріншіден, бізге ел Президентінің тапсырмасын нақты орындауымызды көрсетсе, екіншіден шекарашыларымыз нағыз шекараның не екендігін түсінеді, сезіне біледі, үшіншіден тәртіп нығаяды. Бұл болашақтың болжамы емес, жуық арада іске асатын нәтижелі іс болмақшы.

Тілші: Өзіңіз отрядқа басшы болып келгелі қаншама рет шекара тәртібін бұзушы ұсталды? Контрабанда тиеген автомашиналар болды ма?

Дархан Айтқалиұлы: Неге болмасын, болды. Бір ғана маусым-тамыз айларының аралығында 50 тонна алюминий сынығын тиеген автомашиналар тізбегі ұсталды. Бұларды ұстағандар “Нысан”, “Алибаза” шекара бекеттеріндегі шекарашылар. Шекаралық аймақ тәртібін бұзған, заңсыз құжатпен өтпекші болған 30-дан астам Өзбекстан азаматы ұсталынып, көші-қон полициясының қолына тапсырылды. Мұның бәрі біздің отряд шекарашылары үшін атқарылып жатқан аз жұмыс емес деп ойлаймын.

Тілші: Еліміздің оңтүстік өлкесінде, оның ішінде Қызылорда да, облыста шекара аймағы құрылады. Мұнда шекара бекеттері болады деп ешкім ойлаған емес. Міне ойламаған жерден қалаға әскерилер келді де орналасты. Оның үстіне шекарашылар. Тұрғын халықтың осыған орай алғаш әсері қалай болды. Әскерилермен олардың қазіргі қарым-қатынасы қалай? Осыған басшы тұрғысында емес, жай қарапайым, қатардағы офицер ретіндегі өз көзқарасыңыз қалай?

Дархан Айтқалиұлы: Мен өзім осы Қызылорда қаласының азаматымын. Сондықтан да Қызылорданы бес-

саусақтай білемін десем артық айтпаспын. Біздің шекарашылар келгенше Қызылорда қаласында ешқандай әскери бөлім болған емес. Жаңа өңіз айтқандай, әскерилер бұл жерге таңсықтау көрінгені рас, алғашында. Оның үстіне шекарашылар болса. Алғашқы кезде қызықтау ма, таңырқау, тосырқау десе де болар, біраз түсініспеушіліктер де болды. Бұл әсіресе Қазалы жағына байланысты. Бірақ жалпы халық ел қорғаны, ел күзеті жауынгерлерінің ниетін тез түсініп, тез тіл табысып кетті. Құдайға шүкір, қазір жергілікті халықпен шекарашылардың арасында үлкен достық қарым-қатынас орнаған Бірін-бірі сыйлай, түсіне біледі. Шекараны бүкіл халық қорғайды деген қағида бұл жерде де берік орнай бастады.

Тілші: Дархан Айтқалиұлы енді бірауыз шефтік көмек көрсетушілерге тоқтала кетсеңіз. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында әкімдер алдына қойған он міндеттің бірі етіп әскерилерге көмек көрсетуді тікелей міндеттеме не еді. Әкімдер мен жергілікті кәсіпкерлер, мекеме басшылары қалай қол ұшын беруде?

Дархан Айтқалиұлы: Елбасының тапсырысынан былай да көмегін тигізіп келе жатқан Қызылорда облысының әкімі Серікбай Нұрғисаевқа айтар алғысымыз шексіз. Отрядты жақсы жерге орналастырып қана қоймай, ол кісі бізді үнемі назарында ұстап отырады. Өткен жылы Сырдың бойынан 32 пәтерлі үй бөліп, оған офицерлеріміз, әскери қызметшілеріміз биыл көшіп-қонып, мәре-сәре болды. Қызылорда қаласының әкімі Баймаханов та қолынан келген көмегін аяған емес. Біз үшін деп арнайы, теледидар, магнитофон әкеліп берді. Мекемелер ішінен бөлежара айтатын болсақ, облыстық автомобиль жолдары басқармасының бастығы Мұрат Күдербаевтың жөні бөлек. Осы басқарманың көмегі арқасында жауынгерлер плацын жасап алдық. Біз оны өз күшімізбен келер жылы да бітіре алмас едік. Ал, плац дегеніміз сарбаз айнасы іс-

петті гой. Сондай-ақ, жауынгерлерге арнап 2 теледидар, отрядқа арнап факс, 2 компьютер сыйлады. Келер жылы отряд аумағын түгелдей асфальтандырып, тротуар, жол жиегін жөндеп беруді уәде етіп отыр. Ал аудандарға келсек, алдыменен ауызға ілігері Қармақшы ауданының әкімі “Шаған” шекара заставасын жөндеуден өткізу үшін 100 мың теңге акша бөлді. “Оқши” заставасын жөндеуден өткізіп берді. Застава бастығына үй алып берді. Қазалы ауданының әкімі Болатбек Пұсырманов “Қазалы” заставасын жартылай жөндеуге көмектесіп, комендатура, застава офицерлері үшін екі пәтерлі үш үй бөлді.

Шефтік көмек көрсетушілердің де жағдайын түсінуге болады. Олардың бізден басқа толып жатқан проблемалары шаш-етектен. Күрмеуі қиын мына заманда кімге өкпе артарсың. Сіздің газетеріңіз арқылы қайта осындайда сол аты аталған азаматтарға ризашылығымызды білдіріп қойсақ, дұрыс болар еді. Болашақта да шефтік көмек көрсетушілермен бірлесе жұмыс істей беретін боламыз.

Тілші: подполковник мырза келісім-шартты әскери қызмет түріне қалай қарайсыз? Сіздерде де бұл мәселе дұрыс жолға қойылған ба?

Дархан Айтқалиұлы: Сұрағыңыз өте орынды. Келісім-шартты әскери қызмет түрі өмір талабынан туындап отырған мәселе деп білемін. Оған республика Президентінен бастап, Шекара қызметінің Директорына дейін жете көңіл бөліп отыр.

Бұл күн тәртібіндегі келелі мәселеге біз де бей-жай қарап отырған жоқпыз. Жұмыстар атқарылып жатыр. Бірақ осы жерде бір тілек айта кетсем. Шартты әскери қызмет түріне адам тартқан кезде жергілікті жердің жастарынан гөрі басқа жақтың жастарын қабылдасақ. Немесе кезекті әскери қызметін бітірген жауынгерлерді көптеп қалдыруға тырыссақ. Неге десеніз, жергілікті жастардың әр түрлі мәселелері көп болады екен. Біз өзімізде “Шаған” шекара заставасында түгелдей

келісім-шартты әскери қызметтің қызметкерлері жұмыс істейтіндей дәрежеге жеткізсек пе деген оймен жұмыс істеп жатырмыз.

Тілші: Әскерде тәртіп мәселесі бірінші кезекке қойылатыны белгілі. Тәртіп болмай, тірлік болмайтыны тағы белгілі. Кейде келеңсіз жайттар осы тәртіптің босаңсып кеткен жағдайынан да болып жатады. Сіздерде тәртіп мәселесіне жете көңіл бөлінген бе?

Дархан Айтқалиұлы: Тәртіп дегенде ең алдымен менің ойыма біздің отрядтың атына кір келтірген, енді оның бетін аулақ дегізер келеңсіз оқиға, далалық шекара бекетінде болған қайғылы оқиға орала береді. Сол қатардағы жауынгер Ахметовтың қайғылы жағдайы бізге үлкен сабақ болды. Бұл жерде тікелей менен бастап, менің орынбасарларым, отряд офицерлері, застава офицерлерінің басты кінәсі деп ойлаймын. Сол шекаралы бекет асығыстықпен, ешбір дайындықсыз қойылған еді. Тәртіп болған жоқ. Міне соның нәтижесі жанағыдай келеңсіздікке ұрындырды. Мен мұны неге айтып отырмын. Себебі, енді сондай жағдай қайталанбасын, болашаққа сабақ болсын деп.

Тәртіп мәселесін мықтап қолға алдық. Арақ ішу, жұмыстан қалу, себепсіз жұмысқа шықпау ең бірінші кешірілмес қылмыс болып саналады бізде.

Тілші: Офицерлер, әскери қызметшілер үшін қандай жағдай жасалынған. Барлығы пәтермен қамтамасыз етілген бе?

Дархан Айтқалиұлы: Жаңа сөз басында айтып кеттім, облыс әкімі қала ішінен 36 пәтер берді деп. Одан тысқары отряд орналасқан жерден 12 пәтерді өз күшімізден жөндеп, пайдалануға бердік. Яғни, барлық офицерлер мен әскери қызметшілер пәтермен толық қамтамасыз етілді. Ал, жағдай дейсіз. Не жағдай керек. Қызылорда үлкен қала. Облыс орталығы. Мұнда жұмыс орыны жеткілікті. Егер Мақаншыда немесе Зайсанда офицерлердің жұбайлары

жұмыс таппай қиналса түсінуге болады. Ал, мұнда жұмыс істеймін деген адамға қаланың кез келген жерінен жұмыс табуға болады. Ол жағынан проблема көріп тұрған жоқпын. Офицерлер айлық жалақысын уақтылы алып тұр.

Тілші: Әңгімеңізге көп-көп рахмет. Жаңа орында жетістіктер мен табыстарға жетуіңізге тілектеспіз.

ҚАСИЕТТІ, ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЗАЛЫ

Қызылорда облысы, Қазалы ауданының әкімі Болатбек Жүнісбекұлы ПҰСЫРМАНОВПЕН сұхбат.

Жерінде Жанкожа Баһадүрдей ер туған Қазалы жерін қалайша қасиетті демейсіз, қалайша қазыналы демейсіз. Сайын дала, сары дала небір тылсым тарихты кеудесіне бүгіп, сыр ашпай жатқандай кейіп танытқанымен, Сіз сол даланың жасампаз елімен, халқымен жақынырақ араласып, сырласа бастауыңыз мұң екен, небір ғажап сырдың куәсі де боларыңыз сөзсіз. Бұл өлкеде Шығыстың жұлдызы атанған Фани Мұратбаев дүниеге келген. Халық қаһарманы, халқымыздың бұлбұл әншісі Роза Тәжібайқызы Бағланова, жезтаңдай әнші, халқымыздың “Айқаракөзі”, “Ақбаяны” атанған Мәдина Ералиева, сыршыл сазгер Кеңес Дүйсекеев өмірге келген бай өлке, қадірлі өлке.

Осы қасиетті өлкеде шекарашылардың келіп қоныстанғанына көп уақыт бола қоймаса да, Отан сақшыларын лайықты қарсы алып, құрмет көрсетіп, төрінен орын берген де осы қазалылықтар. Отанымыздың оңтүстіктегі шекара шебі берік болуына Қазалы халқы да бір кісідей ат салысып, көмек қолын созып отырғанын айта кеткен жөн болар.

Жуырда Қазалы ауданында іссапарда болған кезімізде аудан әкімі, осы өңірдің төл түлегі Болатбек Жүнісбекұлы ПҰСЫРМАНОВПЕН жолығып, әңгімелесудің сәті түскен.

Сұрақ: Болатбек Жүнісбекұлы алдымен әңгіменің әл-хиссасын аудан тарихынан бастасак. Қазалының тарихы сонау “Жібек жолы” дүрілдеп тұрған кезеңнен басталады деген сөз бар.

Болатбек Жүнісбекұлы: Сөзіңіздің жаны бар. Біздің Қазалының тарихы расында тереңнен сыр шертеді. Аудан өте көне аудан. Облыстағы тарихы бай аудандардың бірегейі.

1853 жылы патша жарлығымен Қазалы уезі құрылады. Бұл уездің орталығы “Казалинский порт” болады. Бұл бүгінгі Қазалы қаласы тұрған жер. Аталмыш уезге қазіргі Қармақшы, Арал аудандарының аумағы, көршілес Ақтөбе облысының Шалқар, Ырғыз аудандарының аумағы қараған үлкен уез болған екен. Сонау Жалағаш ауданына дейін жалғасып жатқан. Негізгі кәсібі теңіз бен Сырдан балық аулау, мал бағу болған.

Сұрақ: Сол кездерде де осы маңда шекара болған деседі ғой.

Болатбек Жүнісбекұлы: Онысы рас. Тарих айналып келеді дейді емес пе. Мен алғаш Республика Шекара қызметінің шекара комендатурасы осы Қазалы қаласына орналасады деген кезде, сол баяғы өткен оқиғаны еске алдым. “Казалинский порт” бір жағы шекарашы казак-орыстардың орталығы болған екен. Негізінен Қазалы тоғыз жолдың торабы. Қазір аудан орталығы болып отырған Әйтеке би ауылынан темір жолда, тас жол да кесіп өтеді. Сондықтан мен шекара комендатурасы мен заставасының осында қоныстанғанын өте дұрыс шешім дер едім.

Сұрақ: Еліміздің қорғаны – шекарашылар сіздердің аудандарыңызға қай кезден бастап қоныстана бастаған еді?

Болатбек Жүнісбекұлы: Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың талабы бойынша еліміздің оңтүстік шекарасына шекара бекеттерін ұйымдастырып, шекара шебі күзетке алына бастауы өте құптарлық іс дер едім. Тәуелсіз мемлекет болған соң, оның шекарасын бүтіндемесек Тәуелсіздігіміздің мәні қайсы. Міне,

осыған байланысты облыс орталығы Қызылорда қаласында шекара отряды құрылып, Қазалы қаласында шекара комендатурасы мен шекара застава­сы қатар келіп орналасты. Біз Шекара қызметінің басшылығымен келісе отырып, Қазалы қаласында орналасқан шекаралық заставаға даңқты Баһадүр ба­ба­мыз Жанқожа батырдың есімін беруді ұйғардық.

Ең бірінші кезекте шекарашыларды орналастыратын мекенжай керек болды. Бұл мәселе тіптен облыс әкімі Серікбай Өрікбайұлы Нұрғисаевтің өзінің назарында болды десем артық айтпаспын. Қазалы қаласының орталығына орналасқан 280 орындық, екі қабатты етіп, соңғы жобамен салынған балалар бақшасы бар еді, осы балалар бақшасын шекарашылардың қарамағына бердік. Бұл балабақша жаңа болғанымен көптен бос тұрған болатын. Соған байланысты біраз жөн­деу жұмыстарын қажет етті. Біз де хал-қадіріміз келгенше өз көмегімізді бердік. Жөн­деу жұмыстарына біраз құрылыс материалдарын бөлдік. Застава үйінің сыртқы қоршауы үшін бюджеттен ақша бөлгізіп, 80 плита алып бердік. Біраз стол, орындық секілді қажетті жиһаздар сатып алуға, жанар-жағар майға көмектестік. Шекарашы офицерлердің отбасына үй керек деген соң комендатураның жанынан екі пәтерлі екі үй сатып алып бердік. Міне, мұның бәрі де алғашқы кезеңдегі ұйымдастыру жұмыстары кезіндегі атқарылған істер болатын.

Жасыратын несі бар, біздің өлкеде бұрынды-соңды әскерилер болмаған. Алғашында жергілікті халықпен әскерилер арасында түсіністік жұмыстарын жүргізуге тура келді. Мен өз коман­даммен бірге халықтың арасында кездесулер өткізіп, келіп, орналасып жатқан шекарашылардың мақсат, мүддесі туралы әңгімелер өткізіп, әскерилерге қол ұшын беріп, көмектесуге шақырдым. Халық болған соң, араларында ала-құла неше түрлі мінез­құлықты адамдар да болады ғой. Алғашында түсініспеу-

шілік жағдайлар арагідік болса да кездесіп қалып тұрды. Міне, осы арада кейбір азамагтар “неге қайта-қайта біздің төлқұжатымызды тексере береді. Шекара болса осы жерден 300 шақырым жерде. Ал, ауданның ортасында тұрып бізді неге тексереді” – деп өздерінің риза болмаушылықтарын да білдіріп жатты. Бұл жерде де біздің қызметкерлеріміз автобус аялдамаларында, автобекеттерде болып, оның өзі қазіргі заман қажеттігінен туындап отырған мәселе екендігін түсіндірулеріне тура келді. Бұл орайда шекара комендатурасының алғашқы коменданты майор Тыныбеков пен застава бастығы аға лейтенант Псаревтің нәтижелі жұмыс жүргізгенін айта кету керек. Осы жігіттердің арқасында жергілікті тұрғын халықтармен шекарашылар арасында бірнеше мәрте жиын өткізіліп, халық шекараның не екенін түсіне бастады. Сөйтіп біздің ауданда да, полиция, сот, прокуратура деген терминдермен қатар шекара сөзі де берік орныға бастады.

Еліміздің шекарасын көздің қарашығындай қорғап тұрған осы шекарашы жауынгерлер, офицерлер. Егер біз өзімізді өзіміз қорғамасақ, кім бізді сырттан келіп қорғамақ. Осыны халықтың жете түсінгеніне шүкіршілік.

Сұрақ: Қазалы жерін бекерден-бекер қасиетті жер атап жүрген жоқ қой. Бір ғана Жанқожа батырдың өзі неге тұрады. Жанқожа бабамыз да елін, жерін сырт жаудан қорғап, елінің абыройын асқақтатқан емес пе. Шынтуайтына келгенде батыр баба да шекарашы болған десек қателеспеспіз.

Болатбек Жүнісбекұлы: Иә, Қазалының қасиетті топырақ екендігіне ел куә. Өзіңіз айтып отырған Жанқожа батыр Баһадүр атағын жайдан-жай ала салмаған болар. Бір өзі мың жауынгерге татитын батырдан бірнеше мыңдаған қолы бар Хиуа, Бұқар хандары қаймыққан ғой. Баба туралы аңызға бергісіз сан ерлік әңгімелері бар. Айта берсең айызың қанады. Сіз өте дұрыс айтасыз. Ол кісі шекарашы болған. Шекарашы емей немене, ауыздықтан

су ішіп, етігімен су кешіп, түн қатып, күн қатып ел күзетінде жүрсе. Ел сыртынан жау шапса, оны өз ұясында талқандағанша үдере қуса. Сонау Қызылдың құмында жатады екен, бір өзі жаудың алдын күтіп. Сонда бірде бір дұшпаны Жанқожадан бері аттап баса алмайды екен. Қазак халқының басына дүрбелең болып тиген Жонғар қалмақтарымен соғыста да Жанқожа батыр қол бастап, ойқастап, қан майданда атой салғанын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сол батыр бабаға туған жері Қазалыда үлкен кесене тұрғыздық. Ұрпақтары батыр бабасын ешқашан ұмытпақ емес. Қапияда қаза тапқан жерінде басы қарайтылған. Қорымы Қызылқұмның ішінде. Басында шырақшысы бар. Біз өзімізді Жанқожа батыр ұрпақтары санаймыз. Сондықтан да жерімізге алғаш келіп орналасқан шекара заставасына “Жанқожа батыр” атын беруге мұрындық болғанымыз. Әрқашанда бабалар аруағына мың тағзым.

Сұрақ: Қазалы ауданы қай жылы шаңырақ көтеріп еді? Жалпы, аудан экономикасында қай сала басты орында?

Болатбек Жүнісбекұлы: Қазалы ауданы Қызылорда облысының құрамында 1937 жылы құрылды. Қазір халқының саны 73 мың. Негізінен егін және мал шаруашылығымен айналысамыз. Аудан Арал аумағына жақын орналасқандықтан экологиялық ахуалы нашар аймаққа жатады. Жері шөлді, шөлейтті. Кенес үкіметі тұсында негізінен суармалы жерлерді игеріп. Отанға астық беріп келген. Қазір де сол үрдіс өз жалғасын табуда. Алып империя қирағаннан кейін ауданның да хал-қадірі төмендеп, жекешелендірудің солақай саясатынан көптеген ауылдардың тоз-тозы шығып кеткен еді. Қазір сол кемшіліктің орнын толтыруға кірісіп жатырмыз.

Мен өзім осы ауданның тумасы болсам да көршілес Арал ауданында ұзақ жыл басшылық қызметтерде болдым. Осы ауданға 1997 жылы облыс әкімінің сенім артуымен әкім болып келген кезде ауданда 65 мыңға жуық

халық бар екен. Жұмыс жоқтықтан, жағдайдың кері кеткендігінен аудан халқы босқынға айналып, үдере көшу үрдіске айналыпты. 1985-1990 жылдар аралығында жиырма мыңға жуық аудан халқы Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас, Сарыағаш аудандарына, Алматы облысының Қарасай ауданына көшіп кеткен екен. Мен оларды кінәлаудан аулақпын. Әрбір адам өзіне жайлы жер іздейді емес пе. Ауданды алғаш қабылдап алған кезде. Осы мәселе басшы ретінде де, осы өлкенің перзенті ретінде де жаныма қатты батқан еді.

Жұмыла еткен еңбек өз нәтижесін береді емес пе. Бүгінде халықтың әл-ауқаты жақсарған. Халық алдындағы зейнетақы, еңбекақы, төлемақы қарыздарының бәрінен құтылғанбыз. Қазір барлық төлемақылар дер кезінде беріліп тұр.

Аудан биылғы жылы 17 мың 600 гектар жерге егін екті. Оның 7400 гектары күріш болды. Бұл егілген егістіктен күткендегідей өнім жинадық. Мал басы 70 мыңға жетті. Ауданның тапқан пайдасы 12 миллион теңге болды. Жергілікті мәслихаттың сессиясында кірген кірісті толықтай халықтың жағдайын жақсартуға жұмсау туралы шешім қабылдадық. Сөйтіп, ауданда 3 жаңа мектеп үйін пайдалануға бердік. Құны 30 миллион теңге тұратын жаңа жабдықтармен жабдықталған 65 орындық перзентхана үйі аудан орталығында салынып, пайдалануға берілді. Оны облыс әкімі С.Нұрғисаев өзі келіп салтанатты түрде ашып берді.

Ауданда шаруа қожалықтарының саны 22. Барлығы да өздерінің кәсіптерімен айналысуда. Кәсіп істеймін деген адамға бізде әрқашан жол ашық. Қолдан келген көмегімізді аямаймыз.

Берекелі істің нәтижесінде малға мал, жанға жан қосылып жатыр. Бұрын көшіп кеткен жерлестеріміз қайта көшіп келіп жатыр. Бұл жақсылықтың нышаны емей немене.

Сұрақ: Болатбек Жүнісбекұлы ауданыңызға келіп өз қызметтерін бастап кеткен шекарашыларға не тілек айтар едіңіз?

Болатбек Жүнісбекұлы: Тілек дегенде не деуге болады. Халқымыз бекер айтпайды ғой “Келісіп пішкен тон келте болмас” деп. Қашанда келісіп, бірлесе отырып қызмет істейік дегім келеді. Шекарашыларға қандай көмек керек болса қолдан келіп жатса көмектесуге біз әзірміз. Отан күзетінде тұрған олардың қиын жа қызғылықты қызметтеріне әрқашан жеміс тілеймін. Отанымыз аман болсын. Әлемде тыныштық болсын.

Тілші: Болатбек Жүнісбекұлы саликалы әңгімеңізге көп-көп рахмет. Іргелі, үлгілі, тарихи ауданды басқарып отырған сізге де еңбегіңіздің жана беруіне біз де тілек-теспіз. Рахмет!

АТАЛЫ ДА БАТАЛЫ ҚАРИЯ

Адамды адам еткен еңбек десек те, халқымыздың “Адам ұрпағымен мың жасайды” деген аталы сөзіне тең келер ұлағатты сөз бар ма екен. Адам баласы ер жетіп, етек жапқанынан бастап, өз болашағын, ұрпақ қамын ойлай, ертені үшін өмір сүретіні өтірік емес қой. Сондағы ойы артымда ізім қалсын, ұрпағым ұрпағыма жалғассын, өмірім үзілмесін деген емес пе.

Сол ұрпағымен көгеріп, өсіп-өніп мәуелі бәйтеректей айналасына тамырын кең жайып жіберген аталы да баталы ақсақал Абыт қария міне, қажымай, талмай сексеннің де сеңгіріне де шығыпты.

Өткен күнде белгі бар. Сонау Ақтөбе өңірінде дүние есігін ашып, сол дүние төрт құбылғанда елден елге, жерден жерге көшкен Абыт қария осы сексенге келгенінше небір өмір соқпақтарын бастан кешпеді десеңізші.

Әкесі Медиман мұсылмандардың қасиетті мекені

Меккеге барып қажы атанған қасиетті адам. Медиман тек қажылығымен ғана аты шықпаған, бүкіл ауыл-аймағына, ағайын-туысына қадірлі болған жан. Емшілік қасиеті қандай ауруды да болсын құлан таза аяғынан тік тұрғызып, жіберетін құдіретті болған. Сол атақты қажының кіндігінен тарайтын екі ұл Әбдірахман мен Абыт әке аманатын ақтаған, жаманатқа қалдырмаған ұл болып өсті.

Бірақ, амал не аяқ астынан болған неміс фашистерінің қанқұйлы соғысы желкілдеп өсіп келе жатқан құрақтай бұл жанұяның да басына ауыртпалығын қоса алып келді. Сұрапыл соғыс қазақтың қай жанұясының басына ауыртпалық алып келмеді. Қос бірдей боздағын бір күнде майданға аттандырып тұрып Медиман қажы бір Алладан ғана медет тұтқан болар. Баланың үлкені Әбдірахманнан сол кеткен 1943 жылға дейін майданнан хат келіп тұрды. Соңғы рет 1943 жылдың жаз айында:

– Аман-есенмін. Өзімнің әскери бөліміме кетіп барамын. Фашист күзғындарын өз ұяларында талқандайтын боламыз. Көріскенше күн жақсы... деген мазмұнда хат келеді. Кім білген, сол кезде бұл хаттың Әбдірахманның соңғы хаты боларын. Міне содан бері қаншама жылдар өтті. Сол хабар-ошарсыз кеткен күйі ешбір дерек жоқ.

Ал, үйдің кенжесі, біздің кейіпкеріміз ше. Ағасымен бірге соғысқа аттанған Абыт бірден шекараға жіберіледі. Шекарашының жасыл күнқағарын киген Абыт нағыз соғыстың өтінде тұрған КСРО-ның Кавказдағы шекарасына орналасқан №36 шекара отрядында шекарашы болып шыға келеді. Бұл кез соғыстың нағыз қызған шағы. Немістер Кавказ елдерінің біраз жерлерін жаулап алып, енді көзін Әзірбайжан мұнайына тігіп келе жатқан уақыт. Осы жойқын күшті тоқтатуға №36 шекара отрядының шекарашылары да жұмылдырылады. Бұлардың міндеті Кавказ жоталарынан жауды бері асырмау. Егер фашистер мұнайлы өлкені басып алса, онда жағдайдың мүшкіл болатынын бүкіл ел біледі. Шекарашылар күші басым жауға нағыз ерлерше, қасық

қандары қалғанша қасқайып қарсы тұра білді. Кавказдың әрбір сүйем жері жері үшін жан алысып, жан беріскен қырғын соғыс болды. “Сол апаттан тірі қалып, елге аман-сау ораламын деген ой менде болған жоқ”, – дейді Абыт ақсақал кейіннен сол бір сұрапыл жылдар туралы естелік айтқанда.

Естелік демекші, Абыт ақсақал өзі туралы көп мақтанып айтқанды онша ұната бермейді. Көрегенді жердің баласы емес пе, Медиманның артында қалған жалғыз тұяғы болған соң әкесімен, майданда хабар-ошарсыз кеткен ағасы төңірегінде сөз қозғағанды ұнатады. Осы күнді аман-есен көргеніне тәубе етеді.

Күркіреп соғыс та өтті. Ағасы Әбдірахман өз хатында жазатындай сұм фашисті өз ұясында, Берлинде талқандап, Ұлы Жеңіс тойы тойланды. Бірақ, бұл Жеңіс халыққа оңайға түскен жоқ. Қаншама жанұя әкесіз, бауырсыз, жарсыз жетімсіреп қалды. Ұлы Отан соғысы тарихына алтын әріптермен жазылған 1941–43 жылдардағы Кавказды қорғау соғысына бастан аяқ қатысқан Абыт соғыс біткенімен бірден елге қайта алмады. Соғысқа кірмес бұрын шекарашылар даярлайтын курсты бітіріп, ел шекарасында күзетте болған Абыт шекарашылық өмірін одан әрі жалғастырады. Бір кездері Кавказды жаудан қорғап, Кавказ шекараларын күзетсе, енді еліміздің шығысындағы шекара отрядтарына ауысады. Тянь-Шань, Памир тауларында Абыт ақсақалдың ізі қалмаған жер жоқ шығар, сірә. Шығыстағы шекара да ол кезде мазасы кетіп тұрған кез. Шекарашының мазасыз күндері мен түндері соғыста шыңдалып шыққан жас жігітті одан әрі шынықтыра, шыңдай түседі. Отаннан жырақта жүрсе де елде қалған әкесін, қарындастарын әсте естен шығармайды. Қайта солардан алыстаған сайын жаны жақындай түскендей ме, қалай.

Сағынышқа толы жылдар да артта қалып, шекарашы жауынгер еліне 1949 жылы бірақ оралады. Бір ұлдан өлідей, бір ұлдан тірідей айырылып, құса болып жүрген әкесі Медиман Абытын көргенде қандай күйде болды десенізші.

Өзі кеткенде кішкентай болған қарындастары да әжептәуір ер жетіп, мұның алдынан жүгіріп шығып, мойнына асылғанда Абыттың қуаныштан жүрегі жарылуға шақ қалған еді. Әкесі Медиман баласын күтіп жүргендей-ақ Абыт елге аман-сау оралғаннан соң көпке ұзамай көз жұмады. Кім әкесін жанына байлап жүр дейсіз. Сонда да болса баласының қызығын көре алмағанына, жанында жүріп ақылшы, айбары болмағанына Абыт іштей егіліп, іштей өкінеді. Бірақ, тағдырға не шара. Енді бар күш, бар жауапкершілік өзінде қалғанын әскерден жаңа оралған жас жігіт түсінген еді. Соңынан ерген қарындастарына бас-көз болу керек. Отау құрып, әкесінің шаңырағын көтеруі керек. Міне осы ойлар Абыттың жігерін қайта жанып, алға жетелегендей болды.

Бір кездегі шекарашы енді қаруын шопан ағаның ақ таяғына айырбастап, бір отар қойға ие болады. Ел тұрмысы ауыр кез. Кешегі қан майданда ерлікпен шайқасқан шекарашы жауынгер енді бейбіт өмірдің де еңбек майданына осылайша араласып жүре береді. Ақтөбе жерінде ұзақ жылдар мал баққан Абыт тағдырдың жазуымен Түркімен жерінен бірақ шығады. Туысқан елде де өзінің ата кәсібі шопандықты жалғастырады. Түркімен жерінде де жаман еңбек еткен жоқ. Өз ортасында құрметі артып, Әбеке атанды. Басшылық тарапынан алғысқа бөленді. Бәрі де аяқ астынан болған еді. Бұл кезде өмірлік жары Сапаркүл ана екеуі ұл өсіріп, қыз өсіріп шаруалары да дөңгеленіп, ел қатарлы өмір сүріп жатқан болатын. Елге көшіп кеткен ағайындары бұларды да туған жерге көшуге қанша үгіттегендерімен де көнбей жүр еді. Бір күні немере інісі келді де:

– Осы жолы көшсең көш, көшпесең осында мәңгілік қал. Енді сізге ешкімде келмейді. Осы қалғаның қалған, – деп қатты айтады. Абыт болса осы сөзден кейін ойланып қалады. Балалар болса алды ер жетті. “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол” деген емес пе, аталарымыз. Менің бұл қырсықтығыма не жорық деп, келген інісімен бірге елге үдере көшеді. Міне содан бері бұл күнде өзі тамырын жайып

лтырған Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданы Жаңа жол ауылында бақуатты өмір сүріп келеді. Жаңа жер, жаңа орта. Қазақтың Мырзашөл өңірі суармалы егістікпен айналысатын жер. Жаңа ортада Абыт ақсақал шопан таяғын диханның кетпеніне айырбастайды. Қай жұмысты да жанын сала еңбек ететін Абыт диханшылық кәсіпті де тез игеріп, тез арада озаттар қатарынан орын алады. Кетпенін арқалай жүріп, осы жерден еңбек зейнетіне шығады. Өмір қашанда өзінің қызығымен қатар қиындығын да қоса көрсететіні бар емес пе. Абыт ақсақал да орта жастан асқанда өмірлік жары, балаларының анасы Сапаркүл ападан айырылып қалады. Ажалға кім араша тұрсын. Басқа түскенге басулы бол дегендей енді балаларға да өзі бас-көз болып, бәрінің аяқтанып, ел қатарына қосылуына күш салады.

Қарт шекарашы, Ұлы Отан соғысының, еңбек ардагері Абыт Медиманұлы бұл күнде сол қиындықтардың бәрін артта қалдырып, ата жасы сексеннің сеңгіріне шығып отыр. Аузында батасы, соңына ерген немере, шөбересі, еліне тілегі амандық.

Ұлдың үлкені Ізбасар ұзақ жыл өздері тұрған Жаңа жол ауылында кеңшарда бас инженер болып қызмет істеді. Өз ісін абыроймен атқарып, бұл күнде сол туған ауылда жеке шаруашылықпен айналысады. Ал ұлдың ортаншысы Құдайберген әке жолын қуды десе де болады. Ол Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің органы “Қазақстан сарбазы – Воин Казахстана” газетінде бөлім бастығы. Әскери шені майор. Құдайбергеннің шаңырағында Абыт ақсақал сексенге толар қарсаңында үлкен қуаныш болып, өмірге Дарын атты сәби келді. Той-тойға ұласты деген осы.

Бақытын еңбектен тапқан Абыт қария ұлдары мен қыздарынан немере, шөбере сүйіп отырған бақытты жан. Тек осы күнді Сапаркүл апаның көрмей кеткені болмаса. Бірақ “Орнында бар оңалар” дегенді де айтқан сол аталарымыз емес пе. Сексеніңіз құтты болсын, қарт шекарашы жауынгер.

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Бұл күнде жетпіс асуды артқа тастап, ел атасы атанып отырған Серік Есманұлы ақсақал біз сияқты ізбасарларына оңашада сыр шерткенде “Мен ешқашан мемлекеттік қауіпсіздік қызметкері боламын деп ойламаппын. Тағдыр шіркін қайда бұйырса, пенде сонда болады екен ғой”, деп риясыз күледі.

Расында сонау 1948 жылдың жазында Арқаның кербез сұлу Көкшетауында орта мектепті бітіріп тұрған балаң жігіт алдағы болашақ өмірінде құпиялы қызметпен етене араласып кететінін ойламаған да болар. Өмір деген сол. Мектеп бітірген жылы Алматы қаласындағы Шет тілдері институтына түсіп, оны неміс тілі мамандығы бойынша 1952 жылы бітіріп шығады. Жолдама тура Көкшетау қаласындағы өзі оқыған №63 орта мектепке беріледі. Мұны да өмір соқпағы демей көр енді. Осы мектепте көп мұғалімнің бірі болып жүре берер ме еді, мүмкін сол кезде облыстық қауіпсіздік басқармасына жұмысқа шақырмағанда.

Коммунистік партия мен оның көмекшісі Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің құдіреті жүріп тұрған кез. Сол кезде жоғары жақтан Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне жергілікті ұлт өкілдерін көбірек тарту керек, шет тілінің бірін білсе тіптен жақсы деген нұсқау түседі. Бұл кезде Серік Есманұлы мектепте әжептәуір тәжірибе жинап, ұлағатты ұстаз атанған. Өзінің өмірлік жары, сол Көкшетаудың қызы Сақыш Уәлиханқызымен отау тігіп, алғашқы ұлдары Ерік пен Берік өмірге келген кез. Яғни, бір адамға жетерлік жағдайы бар, ақыл тоқтатқан кезі еді. Сөйтіп, 1960 жылы Серік Есманұлы Көкшетау облыстық қауіпсіздік басқармасында кіші лейтенант дәрежесінде өзінің өміріне өшпестей із қалдыратын қиындығы мен қызығы мол қызметі басталып жүре береді. Кеңестік тәрбие және коммунистік қызыл билет ол кездегі адамдардың темірдей тәртіптің құлы болуына үйретуші еді. Бір ғана мақсат:

тәртіп, тәртіп және тәртіп. Отанның құпиялы мекемесінде қызмет еткен екенсіз соны дұрыс атқара біл. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің офицері Серік Байжанов та сол кездің қасаң тәртібіне орай осы үрдістен көріне білді. Одан еш жамандық көрген жоқ, қандай қиын учаскелерде жүрсе де өз антына адал болды.

Осы қызметте жүрген жиырма бес жыл ішінде Қазақстанның солтүстік-батыс облыстарын түгелдей аралап шығыппын, – дейді Серік аға. Иә, айтса айтқандай, алпысыншы жылдардың басында Қазақстанның астықты өлкесіндегі бірнеше облыстар Тың өлкесіне біріктірілгені белгілі. Соған байланысты Тың өлкелік қауіпсіздік басқармасы құрылады да оған бастық болып кейіннен Қазақ ССР-і Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы болған, бұл күнде дербес зейнеткер Василий Тарасович Шевченко тағайындалады. Серікті бұрыннан жақсы білетін В.Т.Шевченко оны сол Тың өлкелік басқармасына жұмысқа шақырады. Міне содан бастап Серіктің көшпенді өмірі басталып жүре береді.

Сол өлкелік басқармада 1967 жылға дейін мінсіз қызмет атқарған Серікті Целиноград облысының Макинка ауданындағы жаңадан ашылған қауіпсіздік қызметінің аудандық басқармасына қызметке жібереді. Облыстық, өлкелік дәрежеде тәжірибе жинақтап, өз қызметінде тек жақсы жақтарымен көзге түскен Серік аудандағы жұмысты да дөңгелетіп әкетіп, аз уақыт ішінде жоғары басшылықтың назарына ілігеді. Бір кездегі балаң офицер енді өзі де тәлімгерлік дәрежеге жетеді.

Тәжірибелі қызметкерді бір жерде көп ұстамайтын әдет еді ғой. Макинка аудандық басқармасында қызмет істеп жүрген кезінде 1972 жылы жаңадан Торғай облысы құрылады. Құпия қызметтің өзіндік сыры мен қыры көп. Серікке де шамаданын жинап, енді жаңа облыстың орталығы Арқалыққа баруға тура келеді. Ал, бұл кезде үш баланың анасы болған Сақыш апай көшіп-қонуға әбден

үйреніп алған. Ал, кеттік десе болды тартып жүре береді. Барған жерінде пәтер дайын. Жол азабын да онша тартпайсың. Әйтеуір жиі-жиі көшкені болмаса. Екеуі де осы өмірлеріне мәз.

Арқалықтағы табан күректей сегіз жыл да сегіз күндей болмай өте шығады.

Серік ағаның өзі айтады: Адам есейген сайын өзінің туған топырағына қарай аңсары ауады екен де тұрады. Сексенінші жылдары қауіпсіздік саласындағы ұзақ жылғы қызметімнің шеті көріне бастады. Ширек ғасырға жуық қызмет етіппін. Сол ширек ғасыр ішінде басшылық тарапынан болсын, қай ұжымда қызмет істемейін бірде-бір ескерту, артық сөз естімеппін. Қайта 1974 жылы Алматыда сол кездегі Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы генерал-лейтенант Е.Евдокимовтың қолынан мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде ұзақ жыл мінсіз қызмет атқарғаным үшін Құрмет грамотасын алғаным болмаса. Осы ойымды бірде өзімнің бұрынғы тікелей бастығым, Республика Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы генерал-лейтенант В.Т.Шевченкоға құлаққағыс еткен едім. Сол әсер етті ме, әйтеуір 1983 жылы өзімнің туған өлкем Целиноград облыстық қауіпсіздік басқармасына ауысып келдім. Целиноградқа дейін Ақтөбе облыстық басқармасында қызмет істеген едім. Міне сөйтіп, менің қауіпсіздік саласындағы қызметім өзімнің туған жерімде жалғасын тауып, осыннан 1983 жылы подполковник дәрежесінде зейнетке шықтым.

Ширек ғасыр бір салада, оның ішінде қастерлі мамандық ел қауіпсіздігін қорғау саласында мінсіз қызмет атқарған Серік Есманұлы 1990 жылы отбасылық жағдайына байланысты Алматы қаласына көшіп келген еді. Төрт баланың анасы, өмірлік жарының қызметі мен ғұмырындағы көрген қуанышы мен ренішіне ортақ болған Сақыш апа екеуі бұл күнде өздері тәрбиелеп өсірген екі ұл, екі қыздан жеті немере сүйіп отырған бақытты ата, бақытты әже.

Өмірлік жолын қарапайым мұғалімдіктен бастап, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің белді, беделді қызметкеріне дейінгі дәрежеге көтерілген отставкадағы подполковник Серік Есманұлы Байжанов ақсақал еліміз Тәуелсіздік алғанда қатты қуандым дейді. Бүгінгі өзінің ізбасарларына Тәуелсіздігіміз арқасында қол жеткізген дербестігімізді шынайы қорғай біліңдер деген тілек айтады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мүшел тойына құтты болсын айтады. Ол да болса егемен ел болуымыздың арқасы, – дейді қауіпсіздік комитетінің ардагері.

Әмсе тілегіңіз қабыл болсын, ардагер жан!

ҚЫРАНДАР БИІКТЕ САМҒАЙДЫ

Шекараға жақын ауылда дүниеге келіп, өңшең ақын-жазушылар оқыған мектепте білім алып, алдындағы ағаларының саналы ғұмырын көріп өскен Ерланның да өмірде жәй бір азамат болып қалуға құқы жоқ еді. “Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілесің” дегендей шекара шебінде жүрген Отан сақшыларының өмірі бала күнінен-ақ мұны сиқыр әлеміндей өзіне тартатұғын да тұратын. Арман түкпіріндегі шекарашы болсам деген балаң қиял, ер жетіп әскер қатарына шақырылған кезде бір сәт арман-сезімге қол созымдай ғана бола қалғандай көрінген. Неге десеңіз Отар бекетіне орналасқан алғашқы әскери дайындық курсынан толық өткеннен кейін сол кездегі Қызыл Тулы Шығыс шекара округіне жіберілді. Бұл бала кезден ет жақынындай бауыр басып өскен шекарашы өмірімен енді тікелей етене араласу емес пе. Қиындықтың небір көкесіне қаймықпай қарсы тұрып өскен Ерлан әскер сапында да өзінің қолынан іс келетінін көрсете білген.

Мектеп бітіріп, әскер қатарына шақырылғанға дейінгі уақыттарда бүкіл ел бойынша етек алған комсомол-жастар

бригадасының бірінде шопан болып, қой бақты. Әскерге сарауыз жас бала емес, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жігіт болып келді. Аз да болса өмірдің сан тарау сокпақтарын көруі әскер өмірінің қиындықтарын жеңуіне үлкен сеп болды, көмек болды.

Шығыс ұлы сол Нарын шекара отрядында жүріп өзінің болашағын әскермен жалғастыруды алдына мұрат етіп қойды. Мерзімді әскери қызметі аяқтала салысымен мерзімнен тыс әскери қызметке қалды. Сөйтіп жүргенде бүгінде айықбас жараға айналған Ауған соғысы басталды. Ауғандағы интернационалдық борышын өтеуге шекарашы жауынгерлерді көбірек алатын. Ерлан да 1982 жылы ауған жеріне интернационалдық борышын өтеу үшін аттанып кете барды.

Прапорщик Ерлан Сәкібаев сол кезде ауған жерінде аты шығып, дүрілдеп тұрған Кеңес Одағының Батыры майор Иван Петрович Барсуковтың десанттық шабуылдаушы-айлалы тобының құрамында небір қиян-кескі ұрыстарға қатысады.

Бұл десанттық топқа тапсырылған міндет өте ауыр еді, – деп еске алады Ерланның өзі.

– Топ мүшелерін таңғы сағат бесте тұрғызады. Содан дұшмандар бекінді-ау деген қыстақтар мен жол бойын, тау өңірлерін солардан тазартуға кірісеміз. Уақыт тар, күн көтерілгенше тапсырманы мүлтіксіз, адам шығынынсыз атқарып шығуымыз керек. Кейде соғыстың аты соғыс, адам құрбаны да болып жағады. Дүниедегі ең жаман нәрсе жаныңдағы күнде бірге жүріп, бір қазаннан тамақ ішіп жүрген жолдасыңның қаңғалақтаған бір оқтан көз жұмғанын көргеннен артық азап жоқ екен. Сенгің де келмейді. Бірақ өмір заңы солай. Көнесің, көндігесің. Бұл күнде сол Ауғанстандағы соғысты мағынасыз соғыс, керексіз соғыс болды деп неше түрлі баға беріп жүрсе де біздің жастарымыздың патриоттық, отансүйгіштік сезімін оятуда, жігер-намысын танытуда үлкен сабақ болған соғыс

дер едім. Найзаның ұшымен, білектің күшімен ұлан-ғайыр жерді шет жаудан қорғаған батыр бабаларының ерлігіндей ерлік жасаған қазақ жастарын өз көзіммен көрдім. Қазақ халқы өте жауынгер, батыр, ержүрек халық емес пе. Сол ауған жерінде біздің ұлдарымыз небір керемет ерліктің үлгісін танытты. Ауған жерінде болған үш жыл өмірдің күнгейі мен көлеңкесін бірдей үйретті. Барсуков сияқты тамаша командирдің тәлімін алып, тәрбиесін көрдім, кейінгі шекара шебінде еткен қызметіме көп көмегін тигізді.

Иә, ауған соғысының ыстығы мен суығына бірдей төзе білген, қан майданнан аман оралып, елде қалған ата-анасымен, бауырларымен қуанышта қауышты. “Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі” дегендей баласының аман-есен оралғанын көргенде Тәшкен ақсақалдың қуанғанын көрсеңіз. Баласы атқа мініп, бәйгеге шапса, әкесі үйде отырып тақымын қысады деген сөзді айтқан да сол казекем емес пе. Атқа шабу бір басқа да, жауға шабу бір басқа. Әр баланың өз орны бар. Баласы абыроймен елге оралып, әке аманатын ақтағанда Тәшкен қария неге қуанбасын. Ауғанда көрсеткен ерлігі кеудесіндегі Ауғанстан Демократиялық Республикасы Президентінің бұйрығымен берілген “Жауынгерлік ерлігі үшін”, Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен берілген “Ерлігі үшін” медалі тағы да басқа медальдары айқындап тұрғандай.

Ауғанстаннан оралған соң, шекарашының әскери қызметі бұған дейін өзі қызмет етіп кеткен Шығыс шекара округінің Тәжікстан аймағында жалғасты. Мургаб шекара отрядында взвод командирі, рота командирінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды.

Айтпақшы, ауған жеріндегі соғыстан оралған соң, Мәскеу қаласындағы Шекарашылардың Жоғары Командалық училищесінде қысқа мерзімде жеделдетіп офицерлер даярлайтын курсты бітіріп келеді. Бірақ бітіруін бітіргенімен, сол кездің тоғышарлық заңының кесірінен офицерлік шенін дер кезінде ала алмайды. Тек еліміз

тәуелсіздігін алып, өзіміздің Шекара әскерлері құрылғаннан кейін барып, көптен күткен лейтенант атағы беріледі.

1989 жылы шекарашы Ерлан Сәкібаев туған жерге оралады. Алдыменен Боралдайдағы авиациялық полкте автоқызмет бастығы болып орналасады. Көп жылғы шекара шебінде еткен қызметін ескере келіп, Ерланды 1994 жылы прапорщиктер дайындайтын мектепке жібереді. Мұнда ол өмірден түйген өз тәжірибесін енді жастарға үйрете бастайды. 1998 жылы қызметі жоғарылап, 2101 әскери бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмыстары жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Осы аралықта өз білімін көтеру мақсатында 1994 жылы Қазақтың Ұлттық мемлекеттік университетінің заң факультетін сырттай оқып, бітіріп алады.

Бұл күнде біздің кейіпкеріміз капитан Ерлан Сәкібаев 2468 әскери бөлімде командирдің тыл, техника және қару-жарақ жөніндегі орынбасары болып қызмет етіп келеді.

Жолдасы Гүлсара Ғазизқызы – ұлағатты ұстаз. Гүлсара екеуі екі қыз бір ұл тәрбиелеп отыр. Үлкен қызы Лаура әке жолын таңдап алды. Қазір Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтында курсант. Құдай қаласа, бес минутсыз офицер деуге болады. Бұл да болса Ерланның бір кездегі биік армандарының іске аса бастағаны.

Өзінен үлкен ағасы Дәулет Ташкенұлы Сәкібаев та шекарашы. Үшарал шекара отрядында малдәрігерлік қызметтің бастығы. Әскери шені майор. Ал әнкесі Сәуле Сәкібаева Әскери институтта әскери қызметкер. Жалпы, Сәкібаевтар әулетін шекарашылар әулеті десек қателеспейміз. Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек майданының ардагері Ташкен қария ұлын ұяға, қызын қияға қондырып балаларының қызығын көріп, 1999 жылы өмірден өтті. Қазір белгілі түлектер түлеп ұшқан сол Сартерек ауылында Ташкен Сәкібаев атында көше бар.

Сартеректен түлеп ұшқан Ерлан Сәкібаев өзінің жүрек қалауымен қалап алған шекарашы мамандығына өзі қыз-

мет еткен ширек ғасырға жуық уақыт ішінде бір қылау түсірмеді. Үнемі өсу, өрлеу баспалдақтарымен келе жатыр екен. Ендеше, Ерланның да сол биіктерден көріне беруіне тілектеспіз.

ҚЫРАНДАР САМҒАҒАН ӨЛКЕДЕ

Шекара қызметіне қарасты іргелі отрядтардың бірі – Шонжы шекара отряды осыған дейін еліміздің Қытаймен аралықтағы мемлекеттік шекарасын күзетіп келсе, өткен жылдан бастап Қырғыз елімен аралықтағы шекараны да күзетуге кіріскен.

Қырғыз республикасымен аралықтағы шекара күзетін шекарашылар ресми түрде өткен жылдың маусым айынан бастаған болатын. Шекаралық комендатураның құрамында үш шекара заставасы бар қыран құстар мекендеген таулы аймаққа қыркүйек айының орта шенінде жолымыз түсіп, таудағы шекарашылардың ел күзетімен бірге басқа да күнделікті тіршіліктерімен танысып қайтқанбыз.

Жолда

Еліміздің Қырғызстанмен шектесетін таулы аймақтары негізінен Алматы облысының Райымбек ауданының көлемінде. Әлгінде Шонжыдан шыққан кезімізде жол бастаушымыз штаб офицері Талғат Марданов: “Егер бұл өлкеде бұрын болып көрмесеңіз табиғаттың небір гажаптарын көресіз. Кеген жері керемет қой”, – деп қойған.

Расында сап-сары жазық даланың қойнына тыққан сыры көп боп шықты. “Көртоғай” асуы, “Кеген” асуы табиғатының сұлулығымен қоймай, мұнда қыс айларында көптеген жол қиындықтарын да тудырады екен. Табиғат шіркіннің тамашасы мен құпиясын кім тауысып көрген, сол Саржазықты жарып аққан Шарын өзенінің жарқабақ

сағасын көргенде таң қалмасқа шараң жоқ. Осылайша жол бойы табиғат көріністерін тамашалай отырып, отрядқа жақынырақ “Саты” шекара заставасына жеткенімізді де байқамай қалыппыз.

Сатыда

Кеген асуынан асқан соң сізді бірінші болып қарсы алатын осы Саты ауылы. Саты ауылы тау бөктеріне орналасқан әсем де шағын көркімен айналасына белгілі ауыл. Кеңестер Одағы тарамай тұрған кезде үлкен бір ұжым-шардың орталығы болған екен. Кейін қорадағы маңыраған малы мен қолдағы техника таратылған соң шаруасы біраз шалқаяқтаған секілді. Бірақ, соңғы кездегі ауыл тірлігі ауыл тұрғындарының болашаққа сенімін қайта арттырғандай бір серпіліс бар көрінеді. Саты ауылы күйбің тіршілікке толы. Қуанышты жайт.

Сол Саты ауылының сәнді де соңғы үлгіде салынған балабақша ғимаратына орналастқан “Саты” заставасы мұнда өткен жылдың 30 шілдесінде келіп орналасқан екен. Рас, алғашында застава жағдайы дәл қазір біз көріп тұрғандай әжептәуір болмаған. Әсем ғимараттың есік, терезелері, иесі жоқ болған соң қолды болып кеткен. Кей жерлерінде едені, тактайы жоқ дегендей.

Застава бастығы аға лейтенант Сергей Сергеенко “Біз алғаш осында келіп орналасқан кезде дәл бүгінгідей ауа райы қарсы алып еді. Бізді сол кездегі отрядтың штаб бастығы подполковник Р.Құрманбаев пен отрядтын тыл бастығы майор Н.Масенов екеуі бастап әкелген болатұғын. Жергілікті халық қуанышпен қарсы алып еді”, деп еске алады сол алғашқы күндер туралы.

Туысқан Қырғыз елімен арадағы шекара бекеттерін қойғандағы басты мақсат – қырғыз жақтан келетін заңсыз көші-қонға тосқауыл қою және де екі жақты контрабандалы тауарлардың жолын кесу. Соңғы жылдардағы мемлекетаралық көптеген өзгерістер шекараға берік болу қа-

жеттігін туғызғаны белгілі. Мұнда Қытай мемлекеті мен аралықтағыдан шекара күзеті басқаша. Әлі мемлекеттік шекара дәрежесін алмаған әкімшілік-аумақтық шекара күзеті шолғыншылар мен тексеру-өткізу бекеттері арқылы жүзеге асырылады. Әуеден тікұшак арқылы да шолу жасалынады.

Бұрынырақта біздің жерге аң аулай келген, жемі-жидек тере келген, тағы басқадай шаруамен жегжатшылай келген сияқты, көрші елдің азаматтарынан аяқ алып жүру қиын болатын. Қазір шекарашылар келгелі ондай бейсуат жүрген жандар сап тиылған. Келгін келе ме, жеке басынды куәландыратын құжатың бар ма, заңды ма, кел де демала бер. Дұрыс емес пе кері қайт. Міне, осы тұрғыда қызмет етіп жатқан шекарашылар күні-түні қаншама адамды тексеріп, елеп-екшеп отырады десеніңші. Бұл таулы өлкеде мініс аттың атқаратын рөлі ерекше. Неге десеніз, техника бара алмайтын жердің бәріне сол мініс аттары арқылы бара аласыз. Сатыдан ары жер жанаты Көлсай деген тамаша көл бар. Сол көлге қызығушылар жаздай бір тынбайды. Арғы беттен келушілер саны жетерлік. Міне осы кезде шекарашылардың жұмысы қызып береді. Бұл жаққа келуі үшін арнайы жасалған тиісті маршрут бар. Сол маршруттан ауытқымау керек. Егер белгіленген маршрутты бұздың екен, алдымен ескертіледі содан соң, келген ізімен кері қайтарылады. Шекара заңы солай. Заң ортақ. Оны бәріміз де мойындауымыз керек. Келмесін демейсің, келсін, бірақ заңды түрде. Міне мұндағы, шекара күзетінің ерекшілігі осындай.

Таулы өлкеге қыс ерте түседі. Біз келген кездің өзінде тау бөктерінде алапес-алапес болып қар жатты. Қар түскеніне де біраз болыпты. Және де таулы өлкенің қысы ұзақ. Қыраулы қыстан қысылмай шығу үшін сатылықтар жаз шыға іске кіріскен екен. Застава бастығы өзі бас болып, отын дайындау жұмыстарына ат салысады. Көмір орталықтан әкелінеді. Азық-түліктің дені сол жақтан. Сатылықтар биыл қыстың камын жазда ойла дегендей біраз

бақшалық жер алып, біраз көкөніс еккен екен, қызанақтан басқасы жақсы шығыпты. Қызанақ үшін мұнда күннің қызуы аздық етеді. Пісіп үлгермейді. Ал, картоп мөшек-мөшек жиналған. Яғни, нағыз картоптың жері десе де болады. Алғаш келіп орналасқанда қаңқиған казарма үйі ғана болса, енді казарма жанында монша, ат қора, көкөніс қоймасы сияқты қосымша құрылысты өздерінің күшімен тұрғызған сатылықтарға риза болмай, кімге риза боласыз. Жоқтан бар жасау деген осы. Қазір техника үшін арнайы жабық гараж салынып жатыр. Қолдағы бар төрт мініс атқа өткен жылы қатырып тұрып ат қора салып алса, биыл маялап шөбін үйіп қойыпты. Бұл жұмыстардың бәрі шекара күзетімен қатар жүргізіліп жататынын застава бастығы ескертіп қойған.

Заставадағы ұсақ-түйек жұмыстардан бастап, қысқы маусымға әзірлікке дейінгі аралықтағы жұмыстарды үйлестіруде застава старшинасының атқарар міндеті және жауапкершілігі зор. Осы міндеттердің бәрін мінсіз атқарып жүрген застава старшинасы өте іскер әрі пысық жігіт екендігі көрініп тұр. Казарма жылы, жауынгерлердің киімі бүтін, қарны тоқ. Қол боста немен айналысамыз демейді. Қажетті ойын түрлері жетерлік. Старшина іскерлігі застава тірлігінің негізі.

Заставаға аға лейтенант Сергей Сергеенко алғашқы күннен застава бастығы болып келсе, оның орынбасарлары лейтенанттар: Ерлан Жолдыбаев, Еркін Мұқажанов, Владимир Шабанов Әскери институттың биылғы жылғы түлектері. “Жас келсе іске” дегендей, олар өз қызметтеріне жастық жігермен, үлкен талаппен кіріскен. Жаспыз демей, нағыз офицерлерше жұмысқа кіріскен орынбасарларына застава бастығы дән риза. “Орынбасарларым сайдың тасындай іріктелген нағыз сенімді қолқанаттар. Оларға қандай жұмысты болсын сеніп тапсыруға тұрарлықтай. Өздері тауда туып, өспесе де таулы жердің қыры мен сырын жетік біледі. Нағыз мамандар”, – деп баға береді

застава бастығы.

Жас лейтенанттар тәрбиесіндегі шекарашы жауынгерлердің арасында Жарғылық тәртіп бұзушылар жоққа тән. Мұнда әскерден қашу дегеннің не екенін білмейді де. Әлімжеттілік, дәрекілік секілді жат қылықтардың жолы кесілген. Офицерлерге сенімді көмекшілер кіші буын командирлері кіші сержант Усманов, сержант Досмағанбетов, кіші сержант Ниетбаев жауынгерлер арасындағы тәрбие мен тәртіптің ұйытқысы, әскери оқу мен спорттың үздіктері.

Қырағы көзді шекарашылардың нысанасынан еш нәрсе қалыс қалып көрген емес. Мұнда да шекара бұзушылар арагидік болса да кездесіп қалады. Аздап, із тастап өтіп кетпекші болған сондай екі қырғыз азаматы осы жазда шекарашылардың ұзын құрығынан құтыла алмады. Дер кезінде қолға түсірілген олар ешқандай құжатсыз біздің елге жұмыс іздеп шыққан екен. Ал, қаншама контрабандалық тауарлар тәркіленді десеңізші.

Жұмыс болған соң кем-кетік, жетіспеушіліктердің де болып жататыны заңды секілді. Застава бастығы өз проблемаларын тілге тиек еткенде алдыменен құрылыс материалдарының жетіспейтіндігін айтқан еді. Көп нәрсе істегің келеді. Соның бәрінде қол байлау болатыны – қажетті материалдың жетпеуі. Осы жағынан көмек болса, – дейді аға лейтенант С.Сергеенко. “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” деген емес пе, егер қолдағы барды дұрыс пайдаланып, жоғары жақтан келісе отырып жұмыс істесе, шешілмейтін мәселе жоқ.

“Саты” шекара заставасы шекарашыларының ісі мен сөзі бір жерден шығып жатады екен. Сатылықтардың сенімнен көрінетініне бек сеніммен келесі заставаға аттандық.

“Кіші Жалаңаш” немесе Шет Меркі, Орта Меркі, Меркі, Меркі

Кеген жерінің төресі “Кіші Жалаңаш” жайлауы немесе “Шет Меркі”, “Орта Меркі”, “Меркілер” ғой деп тамсана

айтып отыратынын үлкен кісілердің аузынан сан естіген едік. Сол Кіші Жалаңашқа да жолымыз түсіп, жайлау төріне Кіші Жалаңаш ауылына орналасқан заставасын да көрдік. Шекаралық комендатура да осында орналасқан.

Екі қабатты әсем етіп салынған, айналасын шырша, самырсын ағаштары көмкерген застава үйі бұрынғы балалар бақшасы екен. Есік алдында бізді қарсы алған капитан Андрей Васильевич Падалко осындағы басқа офицерлерге қарағанда тәжірибесі мол, тәлімгер офицер екендігін бірден байқатқан.

Комендатураға қарасты шекаралық заставалар ел шебін күзетуде Елбасы тапсырмасына сай қызмет етіп келеді. 1997 жылы Алматы жоғары командалық шекаралық училищесін бітірген Андрей Васильевич шекарадағы алғашқы әскери қызметін тәрбиеші офицерліктен бастапты. Шонжы шекара отрядының Қытаймен аралықтағы заставалардың бірінде застава бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмыстары жөніндегі орынбасары болған. Одан соң застава бастығына жоғарылатылған. Отряд штабында аға офицер болып жүрген жерінен жаңадан құрылған осы комендатураға комендант етіп жіберіледі. Жоғарыда айтқанымыздай, комендатураға үш шекара заставасы қарайды. Бұрын бұл өлкеге шекарашылардың аяғы тиіп көрмеген. Көрмеген жердің ой шұңқыры көп дегендей, алғашында қиындықтарда болмай қалған жоқ. Жаңа жер, бейтаныс өлке бірақ, шекарашылар қай жерде болса да шекарашы емес пе. Келген бетте іске кірісіп кеткен. Әкім-қаралармен де, тұрғын халықпен де өзара ортақ тіл табысып, шекара заставасына бөлінген есік терезесі ашық, тесік ғимаратты бір-екі айдың ішінде үр жаңа етіп жөндеп алған болатын. Бұл да болса шекарашылардың бесаспап, сегіз қырлы бір сырлы екендігін танытса керек.

Мемлекеттік шекара күзетіне кіріскелі айналасы бір жылдың ішінде төрт шекара бұзушы ұсталында. Оның екеуін сатылықтар ұстаса, екеуін “Қарқара” шекара заста-

васының шекарашылары қолға түсірген.

Жас та болса өз ісіне бас тәжірибелі офицер комендант А.Падалконың айтатыны бұдан да көп. Алда қылышын сүйретіп қыс келеді. Таулы өлкенің қысы ешкімнің маңдайынан сыйпай қоймайды. Қыс келді екен деп өмір бір орнында тоқтап қалмайды. Мемлекеттік шекара күзетімен қоса күнделікті застава тіршілігі тағы бар. Қысқа отын керек, азық-түлік керек, жылы киім керек. Осы керектердің бәрін ұйымдастырып басықасында жүрген де осы комендатураның коменданты Андрей Васильевич Падалко. Қарамағындағы шекара заставасының бастықтарының көбі жас. Жастарға кейде тәжірибе жетіспей жатады. Оларға білгенін үйреті керек, көмектесу керек. Содан соң талап ет. Сонда ісің оңға басады. Коменданттың басты қағидасы осы.

Комендатураның қысқа әзірлік барысын өз көзімізбен көріп, көңіліміз тоғайып қалды. Қолда бар мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана білгендері көрініп тұр.

Комендатурамен қатар орналасқан “Кіші Жалаңаш” заставасын уақытша лейтенант Александр Владимирович Жигалов басқарады. ҰҚК Әскер инстиутының былтырғы жылғы түлегі. Осы заставаның алғашқы қазығы қағылған күннен бері қызмет етіп келеді. Заставаның қай шегесі қай жерге қағылғанына дейін жатқа біледі.


– Шекара күзетінде жігіттеріміз қырағылық танытып келеді. Көбіне шолғыншылар арқылы шекара шебін жігі бақылап отырамыз. Бұрын мұнда ешқандай шекара бекеттері болмаған ғой. Халық шекараның не екендігін енді-енді түсініп келеді. Құжаттарын тексереміз, шекара тәртібін түсіндіреміз.

Ал, заставаға келетін болсақ, бәрін нөлден бастауға тура келген. Көпшілік болып көмектескеннің арқасында осындай халге жеттік. Әсіресе, жергілікті тұрғындарға ризамыз – көп көмегін тигізді. Моншаны биыл салып бітірдік. Әлі де бітпей тұрған құрылыстар бар. Азық-түлік

қысқа жеткілікті. Аспаздар өз ісінің шеберлері. Азын-аулақ проблемалар да жоқ емес. Арнайы мамандар жетіспейді. Болашақта сол жағы шешілсе дұрыс болар еді. Бұл застава бастығы А.В.Жигалов пен болған екеуара әңгіменің мәтіні.

Иә, қырандар мекендеген таулы өлкедегі шекара күзетінде тұрған Отан сақшылары қандай қиындық болсын қарсы тұра біліп, шекара күзетіне бел шеше кіріскендерінің куәсі болдық. Жаңа заставалардың аяқ алысы көңіл қуантады. Әрине бәрі де төрт аяғынан тең тұр деуден аулақпыз. Бірақ, оның бәрі уақыт өте келе орнына келер кемшіліктер.

Қайтар жолда “Көртоғайдың” биігінен самғай ұшқан тау қыранына көзім түсті. Бет алысы сонау алыс шыңдар секілді...



ТАУ БАЛАСЫ ТАУҒА ҚАРАП ӨСЕДІ

Қазақтың Іле Алатауымен жалғасып, шектесіп жататын Қырғыз Алатауы бөктерінде туып өскен Алтынбек шекарашы шекпенін киемін деп әу баста ешқашан ойламаған болар.

Алтынбектің кір жуып, кіндік кескен жері Қырғызстанның Прежевальск облысындағы тау бөктеріне орналасқан шағын айылдарының бірі. Бірақ әркімге өз туған жері ыстық деген емес пе, бақытты балалық шағының балғын күндері қалған сол бір шағын айыл жүрегiнiң түкпірінде мәңгілік сақталып қалғаны.

Тал шыбықты атқып мініп, екі айылдың арасын шаңдатып жүрген балалық шақта айылдан қол созым жерде көрініп тұратын шекара заставасы маңына барып ойнауды ұнатушы еді. Қайран балалық-ай, күні кешке дейін шекарашылардың әрбір қимылына дейін қалт жібермей, олардың иттерімен, аттарына қызыға қарап, кейде автоматтың қарасын сырттан көргендеріне мәз болушы еді-ау. Кім білсін. сол кезде балаң жүректің бір түкпірінде менде есейген соң шекарашы болсам деген балаң қиял қалыптасты ма екен?

Ер жетіп, мектеп бітірді. Алтынбек басқалар сияқты оқу іздеп, алысқа сапарға шыға қойған жоқ. Сол өзі өскен айылында жай бір жұмысшы болып қала берді. 1986 жылы әскерге шақыртылды. Тағдыр деген қызық қой, әскер қатарына шақыртылғанда тура шекара әскері қатарына ілінгенін қайтерсіз. Сөйтіп, Қазақстандағы Үшарал шекара отрядынан бірақ шықты. Бала кезден арманым шекарашы болу еді десе өтірік айтқаны болар, бірақ Алтынбек үшін жасыл күнқағарлы шекарашылар өмірі бала жастан таңсық емес. Жас жігіттің қуанышында шек болған жоқ.

Тауда өскен тау баласы мұнда алғаш келгеннен командирлердің көзіне жақсы жақтарымен ілінеді. Бірден кіші командирлер даярлайтын 6 айлық курсқа жіберіледі. Бұл курсты сержант шенімен жақсы аяқтаған Алтынбекті

арнайы мамандық иелерін даярлайтын мектепте взвод командирінің орынбасарлығына қояды. Бұл әскер қатарына күні кеше ғана келген сарыауыз сарбаз үшін үлкен сенім еді. Алтынбек сол сенімнің үдесінен шығып, айналасы бір жылдың ішінде шені аға сержантқа өсіп, рота старшинасы дәрежесіне жетеді.

Арада екі жыл да сырғып өте шыққан. Елге қайтатын кез де келіп жетеді. Алтынбектің әскери өмірге бейім екенін, болашақта одан жақсы командир шығатынын сырттай бақылап жүрген әскери бөлімдегі штаб қызметкерлері оның әскердегі өмірін одан әрі жалғастыруына қолқа салып көреді. Алтынбектің алдында екі таңдау, не елге қайту, не осында қалып қиыны мен қызығы қатар жүрер шекарашы өмірін одан әрі жалғастыру. Алтынбек ойлана келе екінші жолды таңдап алады. Сөйтіп, 1988 жылы біздің кейіпкеріміз Алтынбек Орозов мерзімінен тыс қызметтің аға сержанты болып таулы застава “Арқанкергенге” застава старшинасы болып тағайындалады. Міне, сол күннен бастап Алтынбектің нағыз шекарашылық өмірінің қайнар кезендері басталады. Жазықтағыдай емес таулы жердегі шекара күзеті оңай бола қоймайды. Бірақ тауда туып, тауда өскен Алтынбекке қайта таулы аймақта шекара күзетінде жүргені ұнайтын. Жастайынан жалқаулыққа жаны қас, елгезек, еңбекқұмар Алтынбек нағыз шекара өміріне араласқан кезеңнен бастап үнемі өсу, өрлеу үстінде келеді.

Застава старшинасы болып, застава өміріне әбден жаттыққан Алтынбекті “Арқанкерген” заставасына застава бастығы етіп тағайындайды.

Шекара өмірін қатардағы жауынгерден бастаған Алтынбек, застава бастығы бола жүріп, көптеген бағалы бастамалардың ұйтқысы болады. Ол кез шекара әскерлері үшін де сыналар шақтағы ауыр кез еді. Одақ тарап, көптеген маман офицерлер тарихи отанына оралып жатқан кез. Олар кетті екен деп шекара қараусыз күзетсіз қалмайтыны тағы сөзсіз. Тәуекелге барған егемен елдің Ше-

кара әскерінің басшылығы сенімді жергілікті жастарға артқан болатын. Сол кезде шекара өмірінен әжептәуір тәжірибе жинақтаған прапорщик Алтынбек Орозов “Сарыбөктер” шекара заставасына бастық болып тағайындалады. “Сарыбөктер” таулы заставалардың бірі. Аздаған арадағы жылымықты пайдаланған көрші елдің азаматтары шекарадан еркін өтуді көздеп мазаны ала бастаған. Алтынбек болса барлық күшті сол келеңсіз жайттың алдын алуға жұмылдыра білді. Қаншама шекара бұзушыларды қолға түсірді. Жателдіктердің жас мемлекет жерінде рұхсатсыз сайрандауына жол жоқ екендігін ісімен дәлелдеп берді.

Таулы заставаларда қызметін абыроймен атқарған Алтынбек 1998 жылы Үшарал шекара отрядында оқу орталығының бастығы болып жоғарылатылды. Заставада тікелей шекара күзетімен айналысса, енді мұнда сол шекара шебін күзетуге баратын жас жауынгерлерді тәрбиелеу міндеті жүктелген еді. Бұл жерде жас жауынгерлер тәрбиесінде оқу-жаттығу жұмыстарында Алтынбектің ұзақ жылғы тәжірибесі өз жемісін бергені сөзсіз.

Жаны жайсаң, көңілі тау суындай тасыған абзал азаматпен сан рет жолығып, әңгімелесудің жолы түсті. Ешкімді жатырмамайтын жатсынбайтын іскер жігіт сөйлесе қалсаң қашанда құр сұраудан бастап, өздерінде болып жатқан жылт жаңалықтың бүге-шүгесіне дейін әңгімелеп беруге бар да, өзіне, жеке басына келгенде күмілжіп қалады. Суыртпақтап, сыр тартқандай болып отырып, әңгімесін әрең аласың. Бірде, бір әңгімесінде: “Тағдырыма дән ризамын. Шекарашы мамандығын тандап алғаным еш өкінбеймін. Менің нағыз шекарашы офицер болып қалыптасуыма көп еңбек сіңіріп, көп көмектескен генерал-майор Құсайын Иманғалиұлы Берқалиевке, полковниктер Н.Васько, В.Жучков, Т.Есетовтерге айтар алғысым мол шын жүректен ризамын. Бұл кісілер менің шекарашы офицер болуыммен қатар нағыз адам болып қалыптасуыма да игі әсерін тигізді

десем артық айтпаспын”, – деп өзін осы хәлге жеткізген, баулып, тәрбиелеген командирлері жөнінде жүрекжарды жылы сөздерін айтып еді. Қарапайымдылық деген осындай-ақ болар.

Заман ағымына қарай Шекара қызметі жанынан шекараның кез келген аймағына дер кезінде көмек көрсету мақсатында “Боран” шабуылдаушы-десанттық айралы тобы құрылған болатын. Оған алғашында командир болып тәжірибелі офицер полковник Е. Сейітов жетекшілік еткені белгілі. Кейіннен “Боранның” атқарар ісінің ауқымы кеңейген кезде айралы топтың жетекшілігіне Шекара қызметінің басшылығы капитан Алтынбек Орозоновтың кандидатурасын бір ауыздан лайық деп табады. Бұл 2001 жыл болатын. Міне, содан бері майор Алтынбек Орозонов осы жауапты қызметті үлкен абыроймен атқарып келеді. Жыл он екі айда еліміздің барлық шекара аймақтарында іссапарда болып қайтатын борандықтардың басы-қасында Алтынбектің өзі жүреді. Алтынбектің өзі самбо мен ату спортынан спорт шеберлігіне кандидат болса, қарамағындағы жігіттердің бәрі де сайдың тасындай іріктелген, сен тұра тұр мен атайын дейтіндей спортшы жігіттер. Борандықтар бірнеше мәрте үлкен-үлкен оқу-жаттығу жиындарына қатысып, жоғары басшылықтан алғысқа ие болып жатса, жекелеген жауынгерлер мен прапорщиктер спорттық жарыстарда жүлделі жетістіктерге қол жеткізіп жатса, мұның бәрі “Боранның” жас командирі Алтынбектің арқасы деп білген жөн.

Қазақ қызы Айзадамен көңіл қосып үй болғалы екі бала тәрбиелеп өсіріп келеді. Айзада өз мамандығына сай жұмыс істейді. Балаларының алды мектепке барды.

Адамға керек азғантай бақыт отбасының амандығы мен істеген қызметінің абыройлы болуы десек тауда туып, тауда өскен тау баласының бақыты осы болар.

АРАЛДАН ТҮРКІМЕНСТАНҒА ДЕЙІН

Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне қарасты құрамалар мен әскери бөлімдердің арасындағы ең жасы Бейнеу шекара отряды болып саналады. Соған қарамастан құрылғанына екі жылдай ғана уақыт болған отряд шекарашылары мемлекеттік шекара күзетінде Елбасы талабына сай, Шекара қызметі Директорының алға қойған міндеттеріне сай қырағылық танытуда. Табиғаты қатал өлкеде шекарашылар нағыз ерен ерліктің үлгісін танытып келеді.

Шекара отрядының командирі подполковник Василий Михайлович ТАРАБАН отрядтың алғаш құрылған күнінен бастап ыстығы мен суығына қатар төзіп келе жатқан офицер. Бөлім командирімен болған сұхбатта отрядтың бүгіні мен ертеңі туралы кеңінен әңгіме қозғағанды жөн көрдік.

– Василий Михайлович отряд Бейнеу жеріне қашан, қай кезде келіп орналасты? Жалпы отрядтың құрылуы туралы кеңінен әңгімелеп берсеңіз.

– Бейнеу шекара отряды біз орналасқан осы Бейнеу ауылына 2002 жылдың 16 қыркүйегінде келіп, алғашқы қазығын қаға бастады. Дәл осы күн Бейнеу шекара отрядының құрылған күні болып тарих бетіне жазылып қалды.

Ал, отрядтың құрылуына не себеп болды деген сұраққа келсек, сол 2002 жылдың наурыз айында Республика Жоғары Кеңесінің бір топ депутаттары Атырау, Маңғыстау облыстарында іссапарда болып жұмыс істейді. Жергілікті жердің, ел шекарасының жағдайымен толық танысып шыққан депутаттар батыс өлкеде тағы бір шекара отрядының керек екендігін, дәл осы Бейнеуде болуын сұрап Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына хат жазады. Сөйтіп Бейнеу шекара отрядын құру туралы әңгіме сонау ерте көктемнен бастау алған еді. Тамыз айында шешім қабылданып бір топ офицерлер жаңадан құрылғалы жатқан отрядтың ашылғаны туралы жарияладық.

Әрине, отряд бос кеңістікке келгендей болған жоқ. Бізге дейін де бұл учаскені Ақтау шекара отряды күзетіп келген болатын. Ақтау шекара отрядына қарасты «Төлеп», «Ақжігіт» және «Оазис» шекара заставалары жаңа құрылып жатқан шекара отрядының құрамына берілді. Бейнеу ауданына қарасты «Ақжігіт» шекара заставасы отряды құрылардан бір жыл бұрын ашылған болатын.

– Сонда отряд Қазақстанмен шектесетін қай мемлекетпен арадағы шекараны күзетіп тұр?

– Біз Ақтау шекара отряды күзетіп келген көршілес Өзбекстан Республикасымен арадағы шекарасын күзетеміз. Бір шеті Түркіменстан шекарасынан басталып, қашықтығы 800 шақырымнан астам шекара шебі Арал теңізіне барып тіреледі. Біз осы аралықты Арал теңізімен тұтас қоса күзетеміз. Шекара күзетінде сөз басында айтылып кеткендей бірнеше шекара заставасымен қатар бір бақылау өткізу бекеті бар.

– Екі жылда атқарылған жұмыстарға нақтылы тоқтала кетсеңіз.

– Біздің орналасқан үйіміз бұрын Бейнеу ауданындық автотранспорт бірлестігі орналасқан үй екен. Кейін автопарк тараған соң қараусыз қалған. Ең бірінші келген бетте кіріскеніміз осы бізге берілген ғимараттарды өз талабымызға сай жөндеуден өткізу болды. Аз уақыт ішінде штаб үйін, жауынгерлер казармасын жөндеп, пайдалануға бердік.

Заставалар ескі, бұрынғы клуб, балабақша секілді ғимараттар. Оларды да бірте-бірте жөнге келтіріп жатырмыз. «Төлеп» шекара заставасы осы уақытқа дейін клуб үйінде тұрып келген болатын. Енді застава, офицерлер үйі, моншасы бар жаңа үлгіде қайта салынып, бітуге таяу. Желтоқсанның басында пайдалануға беріледі деп отырмыз. Содан кейінгі кезекте «Оазис» заставасын жаңарту.

Сөз орайы келгенде айта кеткен жөн болар. Біз сырт елден келетін жолаушылар поезын «Бейнеу» станциясында тексереміз. Бұл жерде арнайы тексеру-өткізу бекеті бар.

Ал көптеген заң бұзушы жүргіншілер шекарадағы тағы бір үлкен станция «Оазисте» түсіп қалады да, тексеру бекеттерін айналып өтіп жатады.

Өзбекстаннан келетін поездарда жиі Әсіресе мұндай жағдай Өзбекстаннан келетін поездарда жиі кездесіп тұрады. Себебі, заңсыз тауар алып өтіп, сауда жасайтын да солар. Ал, «Оазис» станциясында бізге толық тексеруге мүмкіндік жоқ. Ол үшін жан-жақты тексеретін терминал керек. Маңғыстау облыстық кеден басқармасы келер жылы «Оазис» станциясында тексеру-өткізу терминалының құрылысын бастамақшы. Сол Терминалдың құрылысы тезірек бітсе біраз қылмыстың жолы құрықталар еді.

– Бәрін де кадр шешеді деп жатамыз. Сіздерде бұл мәселе қалай шешімін тапқан?

– Рас, алғашқы жылдары қиын болды. Әсіресе офицер кадрлар жетіспейтін. Отрядтың басшылық құрамы толық жабдықталды да, төменгі буын офицерлер жетіспеді. Өткен жылдан бері Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институтын бітірген жас офицерлермен қатар басқа да шекара отрядтарынан келген офицерлер қатарымызды толықтырып, бұл мәселе де өз шешімін тауып келеді деп айтсақ артық айтпаспыз. Қазір офицерлік құрам 70 пайызға толықты.

Осы көктемде штаб бастығы қызмет бабымен жоғарылап кеткен болатын. Оның орны біраз уақыт бос тұрды. Қазір штаб бастығының бірінші орынбасарлығына тәжірибелі офицер тағайындалды. Енді штаб жұмысы калыпқа түсетін болды. Себебі, штабтағы офицерлер әлі жас, өмірлік тәжірибелері аз. Осындайда тәжірибелі офицерлердің көп көмегі керек.

– Әскери қызметкерлер мен офицерлерді пәтермен қамтамасыз ету мәселесі қалай?

– Өте нашар дер едім. Бәріміз әлі күнге дейін пәтер жалдап тұрамыз. Ал, пәтер ақысы жылдан-жылға өскен үстіне өсіп келеді. Бұрын мұнда біз келгенге дейін пәтер ақысы

арзан болған екен. Біз келген соң күрт көтеріліп шыға келді. Оған себеп біз сырттан келетін контрабандалық азық-түліктің жолын кесіп, заңсыз әрекеттерге тиым салдық. Соның салдарынан базар нарқы көтеріліп кетті де, ол пәтерақыға да әсер етті. Екінші бір мәселе көршілес Өзбекстан, Түркіменстаннан оралмандардың көп келе бастауы. Ол елдерден ауқатты азаматтар көшіп келеді. Келгендері пәтер құнын көтеріп жіберген. Міне, осындай себептерден пәтер сатып алу мүмкін емес, ал пәтер ақысы болса жаңағыдай.

Болашақта бұл мәселені өзіміз үй салып шешпекшіміз. Отряд өзінің заңды статусын өткен жылы ғана алды. Оған дейін ешқандай қаулы болған жоқ еді. Енді бюджеттен ақша бөлінсе әскери қызметкерлерге, офицерлерге арнап үй тұрғызбақпыз. Сонда пәтер мәселесі де шешіліп қалар.

– Василий Михайлович шекарашыларға жалпы қандай міндеттер жүктелген. Сол міндеттер үддесінен шығуда нақты қандай жұмыстар жүргізілуде. Енді осы мәселелер төңірегінде кеңірек әңгімелеп берсеңіз.

– Бейнеу шекара отрядының шекарашылары алдына қойылған міндет Шекара қызметіне қарасты басқа да шекара отрядтарына қойылған міндеттермен бірдей. Ол Отанымыздың шекарасын асқан қырағылықпен күзету, қорғау. Міне, осы басты міндетті орындау жолында біз алдымызға үлкен міндеттер қойып, қадау-қадау жоспарлар бойынша жұмыс жасаудамыз. Біріншіден, біздің шекара үстінен өтетін поездарды тексеріп, контрабанданың жолына тосқауыл қою, заңсыз көші-қонды тоқтату болса, екіншіден, шекара шебін заңсыз бұзып өтетіндердің жолын қию.

Бейнеу ауданының үстін басып Тәжікстан, Өзбекстаннан поездар өтеді. Сол поездармен көршілес елдің азаматтары заңсыз түрде, тіркелмеген не салығы төленбеген азық-түлік, күнделікті қажет тауарлар, киім-кешектер алып келеді. Жасыратын не бар, біз келгенге дейін олар осы кәсібімен еркін айналысып келген екен. Біз келген

бетте осы заңсыз әрекеттерге қарсы қимылдадық. Соның нәтижесінде Бейнеу ауданының аумағында өзіміздің, яғни Шымкенттің картобы мен қызанағы Қызылорданың күріші мен бидайы, тағы басқа да егіс өнімдері сатыла бастады. Сөйтіп, біз өз мемлекетіміздің өнімдерін өзімізде көптеп таралудың жолын аштық. Өз ақшамыз өзімізде қалатын болды.

Арал теңізімен Түркіменстан аралығында созылып жатқан 851 шақырымдық шекара бұрын мүлдем ашық болғаны белгілі. Сол кезде көршілес Өзбекстан, Түркіменстан жақтан бізге қарай небір жолдар болған ғой. Сол жасырын жолдармен арлы-берлі контрабандалық тауарлардың неше түрлері тасымалданған. Біз сондай жолдардың бірнешеуін жауып, жолын кидық. Енді бұрынғыдай емес арлы-берлі сапырлысқан машиналар қарқыны да азайды.

Дегенмен де, біз жасырын каналдың бірін жауып жатсақ, олар басқа жақтан тағы бір жасырын жол тауып алып жататыны арагідік болса да кездесіп тұрады. Өзбекстан азаматтарының есіл-дерті қайтсем шекарашыларды алдап өтіп, өздерінің жеміс-жидегімен, көкөнісін Бейнеуде базарлап тұрсам деген арам пиғылдан бір арылып көрген емес. Тіпті Ақтау, Атырау, Ақтөбе секілді ірі қалалардың базарына дейін шығып кеткен кездері де болған.

Тағы бір проблема заңсыз көші-кон. Бұл жерде мына бір мәселеге көңіл аудара кеткен жөн болар. Поезбен келе жатқан көрші елдің құжатсыз азаматтарына жергілікті жердің азаматтарының көмегі бізге көп кедергісін келтіріп тұр. Сонда олар қалай көмектеседі дейсіз ғой. Екі-үш жеңіл де жүрдек автомобилдермен жергілікті азаматтар оларды шекарадан шыға берістегі бекеттердің бірінен күтіп алады да екі жақты келісім бойынша шекарашылар жоқ бекеттерге дейін тосып тұрған автомобилдерге отырғызып, сырт жолмен жеткізіп, қайтадан поезға отырғызып жібереді. Әрине, бұл жерде біз де қарап қалмаймыз. Оларды қайткен күнде қолға түсірудің барлық амалдарын қа-

растырамыз. Ол өз нәтижесін беріп те келеді. Айына кейде осындай жолмен өтпек болған 20 адамға дейін ұстап, тиісті орындарға табыстап отырамыз.

Заңсыз көші-қонның қозатын кезі көктем және күз айлары. Неге десеңіз тура осы кезде Қазақстаннан жұмыс іздеген өзбектер көктемде бізге қарай ағылса, күз түсе ақшаларын қалталарына басқан олар өз елдеріне қарай ағылады. Міне, осы кезде жұмыс өте қарбалас болып кететіні жасырын емес.

Шекарашыларымыздың қырағылығы арқасында жыл басынан бері 12 миллион теңгенің контрабандалық тауарлары тәркіленді. Негізінен картоп, алма, кияр, қызанақ секілді жеміс-жидек, көкөністер. Бейнеу бақылау-өткізу бекеті айына контрабандалық тауар тиеген 3-4 машинаны ұстаса, заставадағы шекарашыларымыз аптасына шекара тәртібін бұзып, заңсыз өтпек болған 2-3 шекара бұзушыны ұстап жатса, айына 20-25 осындай шекара бұзушы қолға түсіп жатады.

Маңғыстау жері әулие-әмбелердің кесенелері мен мешіттері көп кездесетін қасиетті жер. Осы қасиетті жерлерге тәу ету үшін көрші мемлекеттерден келетін тәу етушілер де біз үшін бас ауыртар мәселенің бастысы болып тұр. Себебі, олар шекара дегенге, шекаралық белгі дегенге онша мән бере бермейді. Әулие адамның басына барып, тәу етіп қайтса болды. Ол адам шекара тәртібін бұзғаны туралы ойланып та жатпайды. Осыны бір ретке келтіру үшін көршілес Өзбекстан шекарашыларына сендер өз жерлеріңізде біз өз жерімізде тексеру-өткізу бекетін орнатайық. Сонда мұндай келеңсіз жағдай болмайды десек олар келіспейді. Өйткені тәу етуші халық өтетін жер шөл дала, топырағы құнарсыз, су жоқ, өте ыстық деген сылтау айтады. Осы мәселе екі жақты шешілсе дұрыс болар еді. Сондай-ақ өзбек ағайындарға осындай тексеру-өткізу бекеттерін керме жолдардың бойында да орнатып, арғы беттен бізге қарай көкөніс, жеміс-жидек тиеген ма-

шиналарды тексеріп, тиеген жүк-терін заңдастырып, салығын төлетіп өткізіп отырсақ екі жаққа да тиімді болар еді деген әңгімені қозғағанымызға да біраз болды. Мүмкін бұл да болашақта өз шешімін тауып қалар деген ойдамыз.

Міне, отряд өзі құрылғалы екі жыл уақыт ішінде атқарған жұмыстары осындай.

– Дұрыс екен. Алда қандай іс-жоспарларыңыз бар? Көкейде жүрген осы іс атқарылмай қалды-ау, мынау бірінші кезекте болу керек еді-ау деген ойларыңыз бар ма?

– Әрине, жұмыс болған соң, бір нәрсе істелініп жатқан соң бітпей жатқан істер өзінен өзі шыға береді екен. Атқарылғаннан атқарылар істер әлі алда деп білемін. Соның ең бастысы өзімізге бекітіліп берген учаскені толық жабу үшін тағы да бірнеше шекаралық застава ашсақ деген ой бар. Онда да жаңадан ашылатын бұл заставаларды суы бар жерлерге жақындау орналастырсақ. Қазіргі «Төлеп» заставасы судан 250 шақырым қашықтықта. Суды тасып береміз. «Оазис» заставасындағы жағдай да солай. “Оазис” заставасында су бар. Бірақ ішуге жарамайды. Тек кір жуғанға, жуынғанға болмаса. Ақыр су туралы айтып қалдым ғой. Бізде су мәселесі өте күрделі мәселе. Су тапшы. Заставаларға ауыз су тасымалданып беріледі. Сол су тапшылығынан құтылудың бірден-бір жолы су тазартқыш қондырғыны пайдалану. Бұл қондырғы қазір Ақтау, Атырау шекара отрядының бірқатар заставаларында пайдаланылып жүр. Бізде «Төлеп» заставасында осындай қондырғы қойылған. Бұл су тазартқыш қондырғының құны 18 мың АҚШ доллары. Ал, дұрыстап жұмыс істейтін болса 2,5 жыл ішінде өзін-өзі ақтап шығады екен. Мұндай қондырғыны Атырау заводы шығарады. Яғни, ақша бөліп алуға болар еді. Осыған тиісті орындар көмек қолын созса нұр үстіне нұр дер едік.

Болашақтағы жоспарларымыздың шет жағасы осындай.

– Василий Михайлович мазмұнды әңгіменізге көп-көп рахмет. Қиын да қызық жұмысыңызға табыс тілейміз.

– Сізге де рахмет.

АРДАГЕРЛЕР

Ардагерлер. Біздің қашанда қадір тұтып, арқа сүйер алтын қорларымыз ғой олар. Ардагері бар ауыл азбайды, деп отырушы еді баяғыда ауыл қариялары. Қазір Мемлекеттік шекара күзеті күштерініңәрбір бөлімдері мен құрамаларында да әлі де болса саптан қалмай, өз білгендерін, өмірден түйгендерін кейінгі жастарға үйретіп келе жатқан ардагерлер баршылық. Сондай саналы ардагерлердің қатарында Алматы әуежайы шекаралық бақылау отрядындағы аға прапорщик Александр Алексеевич Горошко мен запастағы аға прапорщик Виктор Георгиевич Андреев.

Қос ардагер отрядтың сонау 1979 жылы алғаш бақылау-тексеру пункті болып құрылған кезден бастап қызмет істеп келеді Екеуі сол кездегі алғашқы бесеудің қатарында болғандарын мақтан тұтады. Мақтан тұтпай ше. Көршіміз Өзбекстанның астанасы Тәшкендегі әуежай халықаралық болып есептелетін. Халықаралық болған соң, ол жерде шекара шебі болатыны белгілі. Бақылау-байқау бекеті әу бастан-ақ жұмыс істейтін. Ал, бізде болса Алматы әуежайы сол Тәшкен әуежайының қосалқысы болып есептелетін. Содан жоғары жақ солай шешкен болуы керек, Алматы әуежайында да бақылау-тексеру бекеті ашылды. Рас, алғашында ашылды деген тек аты ғана болатын. Арнайы мамандар жоқтың қасы еді. Және қажетті техника мүлдем болмады. Бәрін нольден бастауға тура келді. Сол алғашқы құрылым кездері туралы аға прапорщик Александр Алексеевич Горошко былай деп еске алады:

– 1979 жылдың жаз айы болатұғын. Ол кезде мен Қызыл Тулы Шығыс Шекара округінің саяси бөлімінің арнайы бөлімшесінде қызмет ететінмін. Бір күні Алматы әуежайынан бақылау-тексеру бекеті ашылатын болыпты, соған лайықты адамдар жинап жатқан көрінеді деген сөз шықты. Содан бір күні маған да кезек келді. Ойланбастан келісімімді беріп, жаңа қызметке

кірісіп те кеттім. Алғашында 5 адам болдық. Содан соң, 5 адамымыз 18 адамға жетті. Бақылау бекетінің командирі болып шекарашы өмірін жаңа бастаған жас офицер, аға лейтенант Смирнов тағайындалды, ал, оның саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары болып капитан Берқалиев тағайындалды. Бақылаушылардың көбісін Алматы гарнизонынан жұмысқа алған еді. Бірақ, ешқайсысының бақылаушы мамандығы жоқ. Тіптен, бұл істен мақрұм болатын. Мен осыған дейін осы мамандыққа жуықтау жерде қызмет істегеннен болар, салғаннан-ақ жеңілдеу болды. Онша қиналғаным жоқ. Бірақ, күнде оқуға, көп ізденуге тура келді. Ішімізде бір ғана адам бақылаушы болып істеген, тәжірибесі мол еді. Сол адамның да бізге тигізген көмегі көп болды.

Ол кезде Алматы әуежайынан ұшып шығатын, ұшып келетін шетелдік рейстер аз еді. Аптасына бір, кейде екі рет болатын. Соның өзінде біз күн демей, түн демей, қай кезде жұмысқа шақырса келе беретінбіз. Кейде рейтер түнгі сағат үш кезінде болатын. Арнай автобус бізді жұмысқа жинап алып кететін. Ал, әуежай алаңында жұмыс істеген кезде, үстімізге азаматтық авиацияның формасын киіп жүретінбіз. Ондағы мақсат ешкімнің көңілін аудармау, артық-ауыс іске бой алдырмау еді. Шекарашылардың формасын өз жұмыс орнымызға не кабинаға келгенде ғана киетінбіз. Сол кезде жолаушыларды тексеретін бір ғана кабина бар еді. Кейін ғой көбейгені. Ал, әскери форма емес, азаматтық авиация киімімен жүруіміздің біздің жұмысымызға пайдасын тигізген кезі де аз болған жоқ. Неге десеніз, оған көп ешкім мін бере бермейді. Мысал үшін айта кеткен жөн болар. Кеден бекетінен өткен жолаушылар күту залына келгеннен кейін түрлі жолдармен контрабандалық тауарларды бір-біріне жеткізіп беріп жатады. Оны кеденшілер байқамайды. Міне, осында да біздің әлгі алдамшы формамыз көп көмегін тигізетін. Бірде, біздің бір бақылаушы әжетханаға бара қалса, кедендіктерден өткен бір жолаушы келесісіне кон-

трабандалық тауарлар беріп жатқан үстінен түседі. Ал, олар болса бұған ұшқыш екен деп онша мән бермейді. Біз ұшқыш формасымен жүргенмен де, арнайы куәлігіміз бар, онда шекарашы-бақылаушы екендігіміз көрсетілген. Әлгі бақылаушы сол куәлігін көрсетіп, мындаған сомның контрабандалық тауарын дер кезінде тәркілейді. Мұндай жағдайлар сол кездерде жиі болмаса да аракідік кездесіп тұратын.

Кейін адамдар саны 18-ге толған соң, Мәскеу қаласына, Шереметьево әуежайына барып, тәжірибеден өтіп келетін болдық. Шереметьево болса көптен бері жұмыс істеп келе жатқан байырғы әуежайлардың бірі. Мұнда бәрі бар. Әсіресе, естен кетпейтін бір жәйт кейіннен Свердловск қаласындағы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің арнайы мектебіне оқуға барғанымыз көп көмегін тигізіп еді. Ол жерде бізді шекаралық бақылаудың қыры мен сырына толық үйретті. Біз білмейтін бақылау-тексеру пункттерінің техникаларымен таныстырып, олармен қалай жұмыс істеу керектігін бақайшығына дейін көрсетіп берді. Біз білмейтін нәрсе көп екен. 24 прибор бар екенін сол кезде білдік. Кейіннен сол приборларды өзімізде де пайдаландық.

Сөйтіп, басы 5 адамнан басталған Алматы әуежайы бақылау-тексеру пункті келе-келе үлкейе бастады. 1989 жылы құрылғанына 10 жыл өткеннен соң шағын пункттің мәртебесі өсіп, айрықша бақылау-байқау пункті болды. Кейіннен ашылған «Қорғас», «Достық» бақылау-байқау пункттеріне бастық болып бәздегә тәжірибелі бақылаушылар барды. Бұл да болса бұл күнде шекаралық отрядтың сол кездегі беделі еді.

Міне, қарт тарлан отрядтың өткені жайлы осылайша сыр шертеді. Біле білген кісіге ол да бір тарих. Ал, біздің әңгімемізге арқау болып отырған қос ардагер Александр Алексеевич Горошко мен Виктор Георгиевич Андреев ақсақалдар жиырма жыл бойы осы ұжымның ыстығы мен суығына қатар төзіп келе жатқан жандар. Шекаралық бақылау отряды командирінің бірінші орынбасары, штаб

бастығы, подполковник Ю.Бакиш, отрядтың жолаушылар тасымалдау бөлімінің бастығы, капитан С.Бейсекеев, жүк тасымалдау бөлімінің бастығы, майор А.Попов, бақылаушы-тексерушілер прапорщик И.Васильевич, Исаков, Пивоваров. Юшко қос ардагерді өздерінің ұстазы санайды. Расында да қос ардагер өздерінің өмірден түйген, көрген-білгендерін кейінгі жастарға, өз ізбасарларына үйретуден әсте жалыққан емес. Бұл екі ардагердің қызметіне шекаралық бақылау отрядының бастығы, полковник Бағда Серікбаев та дән риза. Екеуі туралы сұрай калсаңыз, өте жақсы пікірде екенін білдіреді.

Аға прапорщик А.Горошко әлі отрядта бақылаушы-тексеруші болып қызмет істесе, В.Андреев осында фото-лаборатория меңгерушісі. Қос ардагер әлі де тұғырдан таймақ емес. Немере сүйіп, балаларының да қызығын көріп отыр. Адамға бұдан артық қандай бақыт керек.

Мерейлеріңіз эрқашан үстем, өмір жастарыңыз ұзақ, еткен енбектеріңіз жемісті бола берсін. ардагерлер!



ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН АҒА

Өмір жолы сан тарау. Сылдырап аққан тұмалардан бастау алып, бара-бара айдынды өзендерге айналатыны секілді адам өмірі де сонау балалық шақтан басталып, келе-келе үлкен өмірге жалғасып жүре береді. Бірақ, сол ағынды, айдынды өзендер секілді адам өмірі де бірде ылдидан, бірде қыр-қыраттан қинала асып, ығып жататыны тағы бар. Сондықтан болар адам өмірін Өмір-өзен дейтұғыны.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің байырғы қызметкері, жаны жайсаң жан аға Қараби Ердаулетұлының да жүріп өткен өмір жолдары мағыналы. ұрпағына үлгі-өнеге боларлықтай мәнді өмір өткелдері болды десек қателеспеспіз.

Сонау 1943 жылдың 18 шілдесінде казағынан орысы басым Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданы Баян ауылында дүниеге келгенде жас нәрестенің болашағын ешкім болжай қоймағандығы айдан анық. Тек анасы ұл тудым деп қалжа жеп, соғыста қайтпай қалған солдаттардың ізін басар болашағын әкелгеніне қатты қуанғаны болмаса. Сол соғыстың сұрапыл жылдары дүниеге келген Қараби жақсы азамат болып ер жетті. Мектепті үздік бітірді. 1961 жылы сол кездегі әсем астана Алматыда ҚазПИ деген жоғары оқу орны бар дегенді естіп, арман қуып Алматыға жол тарты. Сол жылы жолы болып Абай атындағы сол ҚазПИ-дің шет тілдер факультетіне оқуға түсті. Сол институт қабырғасынан әскер қатарына алынып, үш жылдық әскери борышын абыроймен атқарып, 1966 жылы запасқа шығады. Зерделі жас сол үш жылды босқа өткізбепті. Әскер қатарында жүріп-ақ Иркутск мемлекеттік педагогикалық шет тілдері институтын бітіріп, жоғары білімді маман атанды. Запасқа шыққаннан соң да ауылға асықпай, алған білімін одан әрі ұштау мақсатында Иркутск облысының Ангарск

қаласындағы бір мектепте ағылшын тілінен сабақ беретін мұғалім болып қызмет істейді.

1967 жылы туған елге оралып, Алматы қаласындағы Шет тілдер институтының жоғары оқу орындарына шет тілінен сабақ беретін Жоғарғы курсына қабылданады. Және бір мезгілде осы аталмыш институтта жұмыс та істейді.

“Талаптың мініп тұлпарын” деп ұлы Абай атамыз айтпақшы үнемі ізденіс, талпыныс үстінде жүретін Қарабидің өсу жылдары мен жолдары сол курсты бітіргеннен соң басталады.

Жетпісінші жылдардың басында жас жігітке үлкен сенім артылып Азия және Африка елдері бірлестігі Қазақ комитетінің жауапты хатшылығына тағайындалады. Ол жылдары шетелдік бірлестіктерімен жұмыс істеу бір жағы үлкен жауапкершілік жүктейтін. Жұмысы өте мазасыз, бірақ сонысымен де қызықты еді. Қараби осы қызметте жүріп әсем Алматының қоғамдық өміріне белсене араласады. Оның Индияның үлкен қалаларының бірі Хайдарабатта ағылшынша баяндама жасайтыны да осы кез. Совет делегациясының құрамында Азия-Африка елдері бас қосқан үлкен жиында таза ағылшын тілінде баяндама жасау қарапайым қазақ баласы үшін үлкен абырой еді.

Оның ұйымдастырушылық, еңбекқорлық қабілетін байқаған жоғарғы жақтағылар Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде жаңадан ашылған Сыртқы байланыстар бөліміне нұсқаушы етіп қабылдайды. Бұл жерде Қараби республика Сыртқы істер министрлігімен басқа да министрліктер мен мемлекеттік комитеттердегі сыртқы экономикалық бөлімдерін қадағалап, бақылау жасау, яғни бір сөзбен айтқанда солардың жұмысын үйлестіріп отыру тапсырылады. Бұл жұмысты да тап-тұйнақтай етіп орындаған ол, сол кездегі партиялық шені жоғары шенеуніктерден жылы лебіздер естіп, алғыс алады.

Сыртқы байланыстар бөлімі деп аты айтып тұрғандай-ақ Үкіметтік делегация құрамында Болгария, Польша.

Германия, Монғолия Ангола секілді елдерде болып қайтады. Франция, Португалия, ГДР елдеріне туристік топты басқарып барады. КСРО құрамындағы Қазақстанды таныту мақсатындағы ұйымдастырылған Федеративтік Германиядағы ресми делегация құрамында Қазақстан үшін сөз сөйлейді.

Осылайша өмір бір арнамен аға берер ме еді, қайтер еді. Егер 1980 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Қаулысымен Қараби Ермұханбетұлына Москвадағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ф.Э.Дзержинский атындағы Жоғары мемлекеттік оқуға кепілдемемен жіберілмесе. Міне, сол күннен бастап Қарабидің өмірі басқа арнаға ауып жүре береді. МХК Жоғарғы мектебімен қатар, 1982 жылы сол кездегі партиялық жоғарғы оқу орыны СОКП-ның Жоғары партиялық мектебін де қоса бітіріп шығады.

Бір адамның басына жетерлік, тіптен артылып калар білім алған Қараби Ердаулетұлы Мұқанбетқалиев қос дипломды қанжығаға байлап елге оралғаннан кейін бірден Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне жұмысқа қабылданады. Сөйтіп, Қараби Ердаулетұлының қиын да қызық, күрделі чекистік өмірі басталып жүре береді. Жоғары білікті білімі, ұйымдастырушылық қабілеті және ұзақ уақыт жастармен жұмыс істеген тәжірибесін ескере отырып оны республикалық МХК бөлім бастығының орынбасары етіп тағайындайды. Бөлім болғанда да комитеттегі маңызы жоғары бөлмдердің бірі болатын. Ұзақ жылғы үнемі жауапты жұмыстардың қызу ортасында жүруі Қарабидің жаңа ортада өз ісін дөңгелетіп әкетуіне еш кедергісін келтірген жоқ. Қайта көп көмегін тигізді.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының демократияға алғаш ұмтылуы, азаттық жолындағы адал күресі болғаны белгілі. Бірақ, осы желтоқсан ызғары сол кезде көптеген қазақ азаматтарына пәле болып жабысқаны тағы белгілі. Көбісі нақақтан-нақақ күйіп те кетті. Сондай

жайт халқы үшін аянбай қызмет еткен адам, пәк жүрскті. ақжарқын жан Қарабиді де айналып өткен жоқ. Жастардың нақақтан жалаға ұрынбауына, олардың бостан-бос істі болуына қарсы тұрып, тағдырларына араласамын деп үлгілі чекист Қарабидің өзі де қызметтен шеттетіледі. Қарабидің казак жастарын қорғаудағы тым “белсенділігі” жоғарыда отырған көкелеріне жақпай қалады. Содан олар Қарабиді үлкен бөлім бастығынан екі дәреже төменгі қызметке дейін төмендетіп тастайды. Бірақ, “Аққа Құдай жақ” деген емес пе. бәрібір Ердаулетұлының істеген ісі оң болып шындық жеңіп шығады.

Енді бұрынғыдай емес ел тәуелсіздігін алғаннан кейін еліміздің Ұлттық қауіпсіздік комитеті де қарапайым халыққа жақындай түседі. Дәл осы кезде Қараби Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұқарамен байланыс бөлімін басқарады. Қазақстан Журналистер Одағының байырғы мүшесі Баспасөз қызметі бастығының жұмысын да ұршықша иіріп әкетеді. ҰҚК органдарындағы жариялылықтың өз дәрежесінде жүруіне көп еңбек сіңірген еді. Тарих ақтаңдақтарын ақтаруда Қазак радиосы мен телевидениясы, орталық басылымдар журналистерімен арадағы қарым-қатынасты дұрыс жолға қоя білді. Өзі де радиодан, телевидениядан сөз сөйлеп, газеттің беттерінде маңызы зор материалдар жариялай бастады. Республикадағы танымал ғалымдар, қоғам қайраткері, әдебиет және мәдениет қайраткері мен ҰҚК жауапты қызметкерлері арасында кездесулер, баспасөз мәслихаттары жиі-жиі өте бастаған кезде осы Қараби аға бөлімді басқарған кез десек артық айтпаймыз.

Кезінде нақақтан-нақақ қудаланып, атылып кеткен, айдалып кеткен арыстарымызды ақтап алу жолындағы шараларда да Қараби ағаның қолтаңбасының ізі жатыр.

Осындай ұзақ жылғы жемісті еңбегінің нәтижесінде Қараби Мұқанбетқалиев бірнеше медальдармен марапатталды. Қазак ССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті парт-

комының мүшесі болып бірнеше мәрте сайланды. Басқа да министрліктерден алған мақтауының өзі бір төбе.

Бұл күнде алпыс деген асқаралы жастың асуынан асқан, жаны жайсаң жан аға Қараби Ердаулетұлы жан жары Қабира Құсайынқызы екеуі екі қыз тәрбиелеп өсірді. Екі қызының екеуі де өздері секілді жоғары білімді мамандар. Жантемір атты немерелері өсіп келеді.

Өмірдің бақыты деген осы болар. Ғұмыр жасыңыз ұзақ болғай жан аға!

ҚЫЗЫЛҚҰМДА ШЕКАРА

Қазығы 1999 жылдың 15-қыркүйегінде қағылып, шаңырақ көтерген жас отрядтардың бірі – Қызылорда шекара отряды. Шекара қызметі директорының директиваларын басшылыққа ала отырып, қазіргі таңда ең бірінші кезекте Мемлекеттік шекара шебін қырағы күзетуді алдына басты мақсат етіп қойған.

Отрядта басшылық ауысқанымен негізгі офицер кадрлар бұрынғысынша өз қызметтерін атқарып жатыр. Отряд командирі жас та жігерлі жігіт подполковник Ерлан Иманалиев шекара қызметінің барлық сатыларынан өткен тәжірибелі офицер. Ал, жақында ғана осы отрядқа штаб бастығы болып келген майор Петр Васильевич Блинченконың атына Үшарал шекара отрядында жүргенде-ақ жақсы сөздер айтылатын, штаб жұмысының қыры мен сырын жетік білетін маман офицер. Отрядтың тыл бастығының міндетін атқарушы майор Евгений Романович Лубягинге де тыл істері таңсық емес.

Басшылығының құрмы түгелдей дерлік жаңаланып отырған отряд қазір өз қаһарын ала келер қысқа әзірлік жұмыстарына қызу қарқынмен кірісіп те кеткен. Мұнда қазір отрядтың өзінде штаб үйіне, автошеберханаға, жауынгерлер казармаларына жөндеулер жүргізіліп жатса,

алыстағы заставаларда қысқы отындық пештерін жаңарту, казармаларды жылылау жұмыстары қатар атқарылуда. Алғаш құрылған кезде отрядпен қатар Қазалы, Жосалы қалаларында екі шекаралық комендатура және осы комендатуралардың карамағына кіретін бірнеше шекара заставалары болған еді. Енді сол комендатуралар өмір талабына сай қысқартылып, ол жердегі шекаралық заставалар жабылған. жалға алынған үйлер қайтадан өз иелеріне қайтарылған.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шекараны демаркациялау кезінде екі жақты келісімге айқындалды Мемлекеттік шекара анық белгіленгені белгілі. Шекара шебі айқындалды. Енді сол шекараны күзету белгіленген сызыққа сәйкес жүргізілуі тиіс. Отряд басшылығы осыны ескере отырып бұрынғы шекара заставаларының құрамын толық сақтап, жаңа бірнеше застава құрған болатын. Олар “Қуандария”, “Нысан” және “Қызылқұм” шекара заставалары. Бұл заставалар енді бұрынғыдай тас жолға жақын, ел іргесіне орналасқан тура қазақ-өзбек шекарасына орналастырылды.

Оның өзіндік себебі де бар еді. Екі жақтан ары-бері ағылып өтіп жатқан контрабандалық тауарлар да, заңсыз босқындар да тура осы құм арасындағы жасырын жолдармен іске асырылатын. Ал, бұған тосқауыл қою бұрын қиын болып келгені де рас. Екі елдің арасын шандатып жүретін алып КамАЗ машиналарын біздің шекарашылар бірде қолға түсірсе, енді бірде қолға түсіре алмай, әуре сарсанға түсетін. Біз мұның бәрін тәптіштеп жазып отырғанымыз осы күрделі жағдайдан шығуда тапқырлық танытқан “Оңтүстік” аймақтық басқармасы басшылығы мен Қызылорда шекара отряды басшылығының пәрменді істерінің бүгінгі нәтижесін көрсету еді. Оған себеп Қызылорда шекара отрядында іссапарда болған он күн ішіндегі Құмдағы заставалар тіршілігі болатын.

Құмға орналасқан заставалардан отрядқа бір табан

болса да жақын тұрған “Қуаңдария” заставасы. “Қуаңдария” заставасын тәжірибелі офицер капитан Қанат Ыдырышқанов басқарады. Кезінде Зайсан шекара отрядының біраз заставаларында бастықтың орынбасары, бастық болып істеп, Қызылордаға шыңдалып келген жігіт. Оның орынбасары аға лейтенант Бекзат Әубәкіров 1999 жылдан бері шекаралық заставаларда, бекеттерде әр түрлі қызмет атқарып, өзіндік қолтаңбасы бар, ысылған офицер. Қолынан іс келетін кос офицер заставаны талапқа сай жөндеуден өткізіп, жұтындырып қойыпты. Бұл жерде әрине застава старшинасы Руслан Тұрғанбеков пен застава технигі Есенжол Бұлдырықовты атай кеткен жөн.

“Қуаңдария” ауылының шет жағына орналасқан застава бұрынғы мектеп үйі. Ауыл әкімі шекарашыларға лайық деп осы үйді берсе керек. “Қуаңдария” заставасы негізінен өткен жылы құрылғанымен өзінің бастауын “Жусалы” заставасынан алады.

“Жусалы” заставасы отрядтың қарлығаштарының бірі болып 1999 жылы құрылған. Міне, сол “Жусалы” енді “Қуаңдария” болып отыр. Заставада 110 шақырым жерде, тоғыз жолдың торабы гүйіскен аралыққа “Мыңтай” шекара бекеті бар. Застава барлық іс-қимылдарын осы шекара бекеті арқылы жүргізеді. Бұл бекеттің бастығы аға лейтенант Әлішер Жүнісалиев бір жағы застава бастығының орынбасары. Сенімнен толық шыға білуде. Шекара заставасының тікелей міндеті застава қарамағындағы барлық шекара бекеттерінің жұмысын үйлестіре отырып, заңсыз контрабандалық тауарлар мен заңсыз босқындардың өтіп кетпеуін қадағалау. Бұл застава негізінен отрядтағы үлкен заставалардың бірі болып саналады. Аталған “Мыңтай” шекара бекетінен тысқары заставаға қарасты шекара бекетін аға лейтенант Сүлеймен Махмутов басқарады. Ол да застава бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары.

Застава шекарашылары осындағы өздерінің жұмысына кіріскелі бір жыл уақыт ішінде қаншама контрабандалық тауарлардың жолын кесіп, мемлекетіміздің пайдасына аз да болса өз үлестерін қосуда.

Бұрын бұл өлкеде ауылдар, елді мекендер көп болған екен. Кейіннен заманның ағымына қарай ол ауылдар тегіс тарап кеткен. Ауыл тарағанымен таптауырын болып күре жолдар сайрап жатыр. Сол жолдармен білетін қулар әрі-бері сатуға тиым салынған тауарларды тасып әлек. Соның ішінде ең көп кездесетіні түрлі-түсті металдар, спирт, мал терілері. Міне, осындай келеңсіздіктің жолына тосқауыл қою үшін қырағылықты одан әрі күшейте түсу керек. Осы жолда қуандариялықтар өздерінен кейінгі көршілес жатқан нысандықтармен және отрядқа тікелей бағынатын “Тұщықұдық” шекара бекеті шекарашыларымен бірлесе отырып іс-қимылға көшеді. Сондай бір көлесі үлкен контрабандалық тауар әкеле жатқан керуенді застава бастығы капитан Қанат Ыдырышқанов өзі ұстайды. Ал енді бірде шекараны заңсыз бұзып, ешбір құжатсыз біздің жаққа өтпек болған көрші елдің бір топ адамының жолын застава технигі Есенжол Бұлдырықов кескен. Жалпы осы Есенжол туралы әріптестері өте жылы пейілде. Өзінің интернационалдық борышын Эфиопияда өткерген Есен жол туралы бәрі де жапнай жақсы пікір айтады. “Қыз мақтаған жігітті ел мақтаған” деген осы да. Застава шекарашылары осы жылдың жаз айында “Мыңтай” шекара бекетінен 9 тонна спирт, 600 келі аңшылық мылтығын оқтауға арналған оқ дәрісін әкеле жатқан адамды ұстайды. Ал тең-тең мата, ұрланған мал тиеген машиналар легі егер біздің қырағы көз шекарашылар болмаса күндіз-түні бір тынбасы сөзсіз. Мұндағы жігіттер айтады, – бізге көбіне арғы беттен қазақтар келеді. Келгенде кейбіреуінің осы жақта туған-туысы бар дегендей, екінші біреулері құр қызықтап келеді. Содан заң бұзғаннан кейін шекарашылардың қолына түсіп қалып жатады.

Енді заставаның қысқы маусымға әзірлік барысына тоқтала кетейік. Застава бұрын мектеп үйі болған. Мұнда наурыз айында келіп орналасқан. Содан бері жөндеу жұмыстары жүргізілуде екен. Отын, көмір жеткілікті. Заставаның 2 гектарға жуық жері бар. Сол жерге картоп және басқа да көкөністер егіпті. Оның өнімін жинап та алған. Әсіресе, мұнда осы ауылға орналасқан “Таңатар” шаруа қожалығының шекарашыларға тигізіп отырған көмегі орасан зор.

Қызылдың құмына ұмсына жатқан “Нысан” шекара заставасы ортаңғы застава болып саналады. “Нысан” шекара заставасы да 2001 жылы құрылған. Застава бастығы міндетін уақытша атқарушы лейтенант Нұржан Иренчиев застава тарихы туралы былай дейді:

– Застава қазақ-өзбек шекарасының нағыз өтінде тұр. Заставаның өткеніне шолу жасайтын болсақ, бұрын “Төретам” деп аталды. Сол “Төретамдағы” застава енді заман талабына сай осында көшіріліп отыр. Заставаға алғашында аға лейтенант Мусин басшылық жасап, одан кейін аға лейтенант Сәтпаев бастық болып келген. Сол Сәтпаевтің тұсында застава тарихындағы ең көп шекара бұзушы ұсталған. Яғни, 42 шекара бұзушы, оның контрабандалық тауарлар бар.


Қазірде застава аяғынан тік тұрып кетті деп айтуға ертерек. Әлі қалыптасу үстіндеміз. Біздің қорғайтын аумағымыз қалған заставаға қарағанда ұзағырақ. Біздің заставадан көбіне-көп құжаттары заңсыз оралмандар, қоныс аударушылар өтпекке әрекеттенеді. Бірақ, біз олардың жолын кесеміз. Неге десеңіз біз бақылау-өткізу пункті емеспіз ғой. Кеден бар. БӨП бар, барсын солардан заңды өтсін. Біз халыққа осыны жете түсіндіре алмаймыз. Халықпен қоян-қолтық жұмыс істеген дұрыс қой.

Шекараны бүкіл халық қорғайды десек нысандықтар да осы қағиданы берік ұстанған. Олар осы Қызылқұмның құмында көздеген нысананы айсыз қараңғы түнде дәл

тауып бере алатын жергілікті халықпен тығыз байланыс орнатқан. Ал застава тұрған аумаққа жауап беретін Жаңа-кала ауылдық әкімшілігі шекарашылармен арадағы қарым-қатынасын үзбеуге тырысады. Әкімшіліктен ай сайын арнайы адамдар келіп, шекарашылардың жай-жапсарымен танысын, мұхтаждарын біліп отырады. Болашақта бұлар тұрған елді мекеннен олар мектеп салмақ ойлары бар.

Застава бастығы міндетін уақытша орындаушының айтуынша, заставаға берілген бұрын обаға қарсы емдеу стансасының үйі екен. Қазір киім-кешек, көкөніс қоятын қоймалар салсақ деген ойда көрінеді. Тіптен сауын сиыр ұстап, бақша да екпек. Ол үшін заставадан негізі жеті шақырым жерде құдық та бар екен. Мұнда күннің көзі жеткілікті екенін ескерсек, бұл ойды да іске асыруға әбден болар еді. Заставада шекара күзетінде қырағылық танытып жүрген озат жауынгерлер қатарынан Жанат Жақаевты, Сергей Богдановты, Дархан Қанафинді, Юрий Подгорныйды, Александр Кожеконы застава бастығы орынды мақтан тұтады.

Қызылдың ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейпін құмдары мен ми қайнатар аптап ыстығына шыдап беріп, қасиетті туған жердің шекарасын мызғымай күзетіп жүрген жасыл күнқағарлы шекарашылардың қандай қиындықта да төзімділік танытары сөзсіз.



**ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНЕН ӨТІП, НЕГІЗГІ
ҚАЛЫПҚА ТҮСТІК, – дейді Тараз шекара отряды
бастығының тыл істері жөніндегі орынбасары
подполковник Құмарбек ӘУБӘКІРОВ**

Еліміздің Оңтүстік өңіріне орналасқан шекара отрядының ішіндегі жасы Тараз шекара отряды негізінен еліміздің туысқан Қырғыз елімен шектескен шекарасын күзетеді. Тек бір елмен ғана деген аты болмаса отрядқа жүктелген міндет өте ауқымды. Отряд шекарашылары осы үрдіс үддесінен шығып келеді.

Отряд бастығы подполковник Серік Қайырлыұлы Үсенов бастаған отряд басшылығы алға қойылған міндетті абыройлы атқару мақсатында отряд ұжымын бір мақсатқа жұмылдыра түскен.

Отрядтың тыл бөлімінің бастығы подполковник Құмарбек Найманғазыұлы Әубәкіров шекара шебіндегі қызмет дәрежесінде барлық сатысынан өткен тәжірибелі шекарашы офицер. Өзінің шекарадағы өмірін Зайсан шекара отрядындағы “Хабарасу” заставасында застава старшина болып бастаған ол, одан кейінгі аралықта застава бастығының орынбасары, застава бастығы, шекаралық комендатураның коменданты, әскери бөлімнің штаб бастығы, тыл бастығының орынбасары болса, енді міне соңғы екі жылдан астам уақытта үлкен бір отрядтың тыл бастығы болып отыр.

Осы бір жаны жайсаң, іскер жігітпен жуырда жолығып, отрядтың қалыптасу кезеңі, отряд құрылғалы бері аралықтағы атқарылған істері мен алдағы міндеттері төңірегінде әңгімелеп беруін сұрағанбыз. Себебі, отрядтың алғаш құрылған күнінен бері ыстығы мен суығына қатар төзіп келе жатқан да осы жігіт.

– Отрядтың өзінің ірге тасын қадап, шаңырақ көтергеніне биыл төртінші жыл екендігін өздеріңіз жақсы білесіз, – деп бастады өз сөзін тыл бастығы. Міне, содан бері ел

Президенті алға қойған міндет пен шекара күзеті туралы заңдарға сәйкес өзімізге бекітіліп берілген шекаралық аумақты күзетуде жаманатқа қалған жеріміз жоқ. Отряд әлі де құрылу, өсу үстінде. Отряд құрамында бүгінгі таңда бірнеше шекаралық комендатура, оншақты шекара заставасы бар. Болашақта тағы да үш застава ашылмақшы.

Шекаралық заставалардың санын көбейтудегі басты мақсат — таулы заставалар мен жазықтағы заставалар арақашықтығын неғұрлым бір-біріне жақындата түсу дейді тыл бастығы. Сонда олар бірін-бірі толықтыра түсетін болады. Жаңадан застава ашубалшықтан қалап үй сала салу емес. Оған алдымен қаражат керек. Заставаны материалдық жабдықтау, жеке құрамын дайындау бәрі-бәрі үлкен ұйымдастырушылықты, асқан жауапкершілікті талап етеді. Осыған байланысты қазір жаңа заставаларды ашып іске қосу үшін алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Біз күзететін шекара шебі туысқан Қырғыз елімен арадағы шекара. Көбіне-көп таулы-тасты болып келеді. Екі ел әуелден төскейде малы, төсекте басы қосылған ажырамас ағайын ел. Сол ағайын елдің арасына орынсыз сызат түсіп кетпесін деп орынды қарекет етуге тырысамыз. Бірақ қызметтің аты қызмет. Ел сенімін ақтау басты парыз. Мемлекеттік шекара болған соң әр түрлі жағдайлар кездесіп те қалып жатады. Отряд құрылғалы бері қаншама контрабанданың жолын құрықтап, мемлекет қалтасына қомақты қаржы құйды десенізші. Бізді атақты Қордай асуы бар ғой. Бұл дегеніңіз нағыз тоғыз жолдың торабы.. Шекарашылардың да тығыз шоғырланған жері осы Қордай бағыты. Осы бір ғана бағыттың өзінде біздің шекарашылар алып өтуге тиым салынған тауарлардың қанша атасын ұстады. Заңсыз көші-қон тасқынына да тосқауыл қоятынбыз. Енді екі елдің арасын заңсыз жол еткен, сапырылысқан елді көрмейсіз. Бұл да біздің шекарашылардың арқасы.

Отрядтағы негізгі жұмысым жеке құрамды азық-түлікпен қамтамасыз ету, олардың тұрғын үй мәселесімен айналысу болғандық енді өз ісіме қарай ауысайын.

Алдымен отрядтын тұрған жеріне келсек, бұл ғимараттар бұрын қалалық кәсіптік-техникалық училищесі болған екен. Содан нарық қысымына шыдамаған училище түгелдей жабылып тараған ғой. Қала басшылары бізге осы үйлерді өткізіп берген кезде не жарығы жоқ, не жылуы жоқ болатын. Отряд басшылығы училище директоры деген бөлмеге жиналып, сол жерде мәселе шешетінбіз, жұмыс жоспарын қарастыратынбыз. Содан Шекара қызметі Орталық Аппаратының тікелей көмегімен қаңырап қалған ғимараттарды жөндеуге кірістік. Алдыменен жарықты қалыпқа келтірдік. Содан біртін-біртін жауынгерлер казармалары, асханасы, клуб үйі іске қосылды. Қазандық пештер қалыпқа келтірілді. Мұның бәрін қазір айтуға оңай болғанымен, ол кездерде қаншама күш, тер төгуге, жұмыс істеуге тура келді. Қазір тіптен офицерлер мен әскери қызметшілер бір сәт отырып, демалып, ауқаттанатын кафе ашып қойдық. Оған қолынан іс келетін, іскер де ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, жергілікті жігіт Жақия Сәдуақасұлы Тілеубердиевті меңгерушісі етіп тағайындадық. Қазір мұнда үш мезгілдік ыстық тамақ ішуге толықтай мүмкіншілік туып отыр.

Отряд ә, деп ашылған кезде облыстық әкімшілік отряд офицерлері үшін 13 пәтер бөлген болатын. Қазір сол үйлердің бәрінде біздің офицерлер тұрып жатыр. Жасырып жабатын ешнәрсе жоқ, әлі де болса біздің офицерлер үшін пәтер мәселесі өз шешімін таппаған ең бірінші кезектегі мәселе болып тұр. Рас, облыстық, қалалық әкімшілік көмегін көрсетіп жатыр. Бірақ біздің отрядпен бірге Таразда Республика Қарулы Күштерінің Оңтүстік өңірлік қолбасшылығы қатар тұрғанын ескерсек, әскерилерді үймен қамтамасыз етуде қиындықтың қайдан туындайтынын пайымдай беруге болады. Міне, осы қиын-

дықтан шығудың бірден-бір жолы өз офицерлерімізге арнап үй салу. Ол үшін облыстық әкімшілік биыл жер бөліп береміз деп отыр. Енді соның тиісті құжаттарын жасап, заңдастырып, Шекара қызметінің басшылығынан қаражат сұрасақ, күзге салым офицерлерге арналған 60 пәтерлік үйдің құрылысы да басталып қалар.

“Қарында қи болмай, баста ми болмайды” деген бір қағида бар. Расында қарамағындағы сарбаздар аш жүрсе, киімі бүтін болмаса одан не қызмет талап етіп маңдытасын. Ең бірінші біз шекарашы жауынгерлердің қарынының тоқ болуын басты назарда ұстаймыз. Тез бұзылып кететін ет, сүт, балық тағамдарының барлық түрін осы жерден келісім бойынша алып, дер кезінде орталыққа, заставаларға таратып беріп отырамыз. Ал, көкөніс, басқа да сақтауға жарайтын тамақ түрлері орталық база арқылы бөлінеді. Шекаралық заставаларда нанды өздері пісіреді. Барлық заставадағы аспаздар арнайы мамандығы бар жергілікті тұрғындар. Бізде бірде-бір сарбаз әскери қызметтен басқа жұмысқа жегілмейді. Кір жуатын орындарда да әйелдер жұмыс істейді.

Тез бұзылатын тағамдар үшін әрбір шекаралық заставада тоназытқыш қойғыздық. Барлық тағам түрлері айына бір рет жеткізіліп беріледі. Отрядтың өзіндегі сарбаздар асханасында күнделікті тағам түрлерін айырбастап жасап отыруды қатты қадағалаймыз.

Бізде шефтік көмек те жақсы жолға қойылған. Облыс әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетовтың тікелей тапсырмасымен шекара заставалары орналасқан аудан, ауыл әкімдері бізбен тығыз байланыс орнатқан. Олардың қатарында Жуалы, Жамбыл, Т.Рысқұлов, Мерке, Қордай аудандарының әкімдеріне дәнризамыз. Әсіресе Қордай ауданының әкімі Уәлиев осы наурызда өздерінің аудан аймақтарына орналасқан шекаралық шекаралық комендатура, заставаларының бәрін түрлі-түсті теледидармен қамтамасыз етті. Мұндай бағалы сыйлықтарды басқа әкімдердің де бергенін тілге

тиек ете кеткен жөн болар. Ал облыстық әкімшіліктің өнеркәсіп және сауда бөлімінің бастығы Ерік Әубәкірұлы Көшербаев мырза біздің қамқоршымыз десек те болады. Осы кісі арқылы біз тамақ мәселесі болсын, басқа мәселе болсын, тікелей шешіп аламыз. Осындай істелген істердің бәрін қорытындылай отырып, айына бір рет облыс әкімі С.Үмбетовке жағдайды баяндау дәстүрге айналған. Онда қандай мәселе шешімін таппай жатыр, қандай көмек керектігі сөз болады. Бұл да біздің шефтік көмек көрсетушілеріміздің бізге деген жылы көзқарасының арқасы болса керек.

Болашақта Қазақстан әскері кәсіби әскериге айналады деп жатыр. Бізде бұл істі осы бастан қолға алып, келісімшарт қызметінің жауынгерлерін көбейтуге тырысып жатырмыз. Нақтылап айтсақ, болашақта мерзімді әскери қызметке шақыртылу біздің отряд бойынша 40 пайыз көлемінде болмақшы. Яғни, қалған жеке құрамды құрайтындар келісім-шарт қызметінің әскери болмақ. Бұл болашақтың ісі енді. Бірақ келісімшарт қызметінің әскерилерін көбейтуден ұтпасақ, ұтылмайтынымыз сөзсіз.

Жалпы айтқанда еліміздің оңтүстіктегі шебін қорғауда тараздықтар талапқа сай жауынгерлік қызметтерін атқара беретін болады.

ДІЛІ МЕН ТІЛІ ҰШТАСҚАН АУДАН

Осы жылдың қыркүйек айында біздің тілшілеріміз Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында іссапарда болып қайтқан еді. Жаздың ми қайнатар ыстығы мен қыстың қақаған аязы жететін шөлді аймақта егін егіп, мал бағып өмір сүріп жатқан адамдардың ерен еңбегін көріп, сол сұрқай өңірде шекара шебін нық ұстап тұрған шекарашылар өмірімен танысып, біраз жайдың анық-қанығын өз көзімізбен көргенбіз.

Сол сапарда Бейнеу ауданының әкімі, шекарашылардың жанашыры Басшы Айжанақұлы ӘЗІРХАНОВ-ПЕН кездесіп, кеңінен отырып сұхбаттасқан болатынбыз.

ӨМІРБАЯН БЕТТЕРІНЕН

Әзірханов Басшы Айжанақұлы – Бейнеу ауданының әкімі. 1954 жылғы қыркүйекте Маңғыстау ауданының Жыңғылды ауылында дүниеге келген.

Алматы темір жол транспорты инженерлері институтының автоматика, телемеханика және байланыс орталық Азия университетінің құқықтану бөлімін, Атырау ауылшаруашылық техникумын бітірген.

“Маңғыстау” кеңшарының жұмысшысы, Бейнеу электрмен қамту станциясының электромеханигі, аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, екінші, бірінші хатшысы, тораптық партия комитетінің хатшысы, аудандық партия комитетінің хатшысы, бірінші хатшысы, аудандық кеңес төрағасы болып істеген.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі, “Ерен еңбегі үшін”, “Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 10 жыл”, “Астана” медальдарымен, “Қазақстан мұнайына – 100 жыл”, “Темір жолға – 100 жыл” омырау белгілерімен марапатталған.

Запастағы подполковник әскери ағағы бар.

– Басшы Айжанақұлы, Бейнеу өңірі, Бейнеу өлкесі шөл, қуанды болып келгенімен де тарихы бай, шежірелі өлке екенін білеміз. Сөзіміздің әлқиссасын осы өзіңіз басқарып отырған Бейнеу ауданының тарихынан бастасақ.

– Бейнеу ауданы – еліміздегі ең шалғай аудандардың бірі. Кезінде бұл аймақ арқылы Пекин мен Римді

жалғастыруды мақсат тұтқан Ұлы Жібек жолының Ноғай жолы атанған бір тармағы өткен. Сарайшықтан шығып, Таскешу арқылы Сағыз өзенінен, Ақмешітке Жем өзенінен өтіп, қазіргі біздің аудан аймағындағы Ұшқан, Қос құдық (Маңсуалмас), Қостам, Белдеулі, Тұрыш, Асау-Барақ, Құсты, Шұрық арқылы Білеулі керуен сарайына жеткен ол жолдың ескі сүрлеуі әлі күнге дейін сақталған. Белгілі орыс ғалымдары П.И.Рычковтың 1762 жылғы, А.И.Левшиннің 1832 жылғы, В.В.Григорьевтің 1861 жылғы жазбалары мен 1946-1950 жылдардағы С.П.Толстовтың, 1972-1975-78 жылдардағы В.Н.Ягодин мен Ю.П.Маниловтың, 1979 жылғы Т.Жанысбековтың, 1988 жылғы С.Әжіғалиевтің жетекшілік етуімен ұйымдастырылған экспедициялардың зерттеулеріне қарағанда XIV ғасырда салынған тарихи ескерткіш. Яғни біздің ата-бабаларымыз анау заманда да әлемдік өркениеттің бел ортасында жүріпті. Кешегі Кеңестің кезінде де Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай: “Айдалада бостан-босқа аштан қырыла бермепті, саяси жүйеге қарсы қолына қару алып күресіпті. Қазақстанда 1929-31 жылдары 80 мыңнан астам адам қатысқан ірілі-уақты 372 шарулар көтерілісі болса, соның ішінде қасіретімен ерекше әйгіленетіндердің бірі, тарихқа “Адай көтерілісі” деген атпен енген дүрбелең негізінен біздің аудан аймағында болған. Ал оның түп тамырында колхоздастыруға қарсылық жатса, бүйірінде “Мал ашуы – жан ашуы” тұрды. Сол бір солақай саясаттың салдарынан қаншама осы аймақты мекен еткен ызғындай ел зобалаң көріп, алды Ауған мен Иран асса, арты Маңғыстау мен Бескаланың ойына құлап, Түркіменстанға қоныс аударған. Сөйтіп ғасырлар бойғы мекені иесіз иен далаға айналған. Кейін заман түзелген соң ел ата қонысқа оралып, аңызакты аптап жел мен көз аштырмас құм түтек соққан құла дүзде ауылдар салынып, 1973 жылдың наурызында Бейнеу ауданы құрылды.

– Аудан тарихымен аз да болса таныс болдық. Аудан алғаш құрылған Кеңес Одағы кезінде экономикасы өрге өрлеген, табысы тау суындай тасқындаған деген әңгімені де құлағымыз шалып қалған еді.

– Расында аудан кеш құрылып, кенже қалса да экономикасы жедел қарқынмен дамып, 1981-85 жылдар аралығында бес жыл қатарынан жеңіс тұғырынан көрінген республикадағы жалғыз аудан екенін мақтанышпен айта аламын. Ол кезде мұндай атақ бостан-босқа беріле салмаушы еді ғой. Бұл сіздің сұрағыңызға толық жауап бола алады деп сенемін.

– Еліміздің өз тәуелсіздігін алғалы да он үш жыл болыпты. Халқымызда “он үште отау иесі” деп жатады емес пе. Ендеше біздің еліміз де ержетті, есейді деген сөз. Осы он үш жыл ішінде сіз басқарған ауданда қандай істер атқарылды, не мәселе көтерілді, кенінен әңгімелеп берсеңіз.

– Ауданымыз 1989 жылғы 10 сәуірде Қазақ ССР Министрлер кеңесінің №124 қаулысымен республикадағы әлеуметтік дамуы артта қалған 30 ауданның санатына қосылып, атақты “Ауыл” бағдарламасына енгізілді. Бірақ нарық ол бағдарламада белгіленген сыбағамызды алып үлгертпеді, алдымызға өз бетімізбен тірлік етуді үйрену деген үлкен мәселені қойды. Сондықтан да тәуелсіздігіміздің туын тігіп, егемен ел болып еңсе көтерген сонау 1991 жылы біз өзіміздің кезек күттірмейтін көкейкесті мәселелеріміз бен ең басты бағытымызды анықтап, оны шешудің жолдарын іздестірдік.

Ал шешімін күткен мәселе аз емес-тұғын. Ақын Темірхан Медетбек айтқандай: “бұл аудан кезінде ертелікеш тапырақтап, өкшесі өшкенше жүгіріп, социалистік деген жарыстың қызыл тулы жеңімпазы атанса да қиындықтан, қып-қызыл құрмет грамотасының иегері болса да қысылып-қымтырылудан арыла алмады. Өйткені, қызыл ту қаншама желпініп желбірегенімен, бетіне

сортаңы шығып, шаң-тозаң болып жатқан әлеуметтік мәселелерді, шаңырағы шайқалып тұрған шаруашылық проблемаларын көлегейлеп, көрсетпей қала алмады” деген еді.

Бірінші бізді алаңдатқан – Арал теңізіне жақын орналасып, апат аймағына иек артып жатқан ауданымыздың экологиялық жағдайы болды. Шындығын айтып, әділдікке жүгінер болсақ, тізімді жасақтаған ағаларымыздың қаламының ұшына ілінбей қалғанымыз болмаса, біздің аудан анау жасыл желекке оранған Ақтөбе мен Шымкент облыстарына қарағанда нағыз апат аймағында жатыр. Себебі, Арал біздің ауданнан бар болғаны 120 шақырым және шығысында, яғни нағыз желдің өтінде. Соңғы он жылда ауданда ауа райы күрт өзгеріп, ала жаздай 40-45 градус аралығында аптапты ыстық пен ащы қар, тұзды жаңбыр, теңіздің тұз-тозаңы араласқан құм дауыл соғуы дағдылы құбылысқа айналды. Бірнеше жыл бұрынғы жайылым, тіпті шабындық жердегі улы шөптер қаптап, жердің құнарлылығы күрт төмендеді. Соның салдарынан малда әртүрлі жұқпалы аурулар етек алды. Аудан халқының да, малының да ішетін бірден-бір су көзі тұрба арқылы келетін Амудария суының сапасы жыл өткен сайын нашарлап, оның минералдығы мен қаттылығы 2,5 есе жоғарылады. Осы жайларды жан-жақты зерделеп, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының құрамында өндіргіш күштерін зерттеу кеңесі төрағасының орынбасары, экономика ғылымының кандидаты, доцент Қ.Исентаев басқарған ғалымдар тобы бар республикалық “Экопрогноз” серіктестігіне ғылыми зерттеу жасаттық. Сол ғылыми зерттеу бойынша қазір үкіметте арнайы іс жоспары жұмыс үстінде.

Екінші, бізді толғантқан – шөлейт аймақтағы ауданның ауыз суының жайы. Халықтың үштен екісі тіпті мал ішетін де су шықпайтын сортаң жерге қоныс тепкен. Елдің бар тірлігі: химиялық улы тыңайтқыштармен бүлініп, әбден

ластанған құбырмен келетін Амудария суына тірелген. Қиындықтан шығудың жолын іздеп, қолымызға түскен аз ғана қаржымызға ауылішілік су құбырларын тартып жүргенімізде, сынықтан сылтау іздеп өзбек ағайындар оны да тияп тастап, бар күніміз Қиғаштың қымбат суына қарап қалды. Біздің жағдайымызды түсініп, “ҚазТрансОйл” басшылығы су бағасын екі есеге арзандатты. Қазір керек суымыздың үштен бірін алғанымызға риза болып, мүмкіндігі бар жерде мал суаратын құдықтар қазып, ауыз суды уақытпен өлшеп үйрендік. Үстіміздегі жылы бірқатар ауылішілік су құбырлары жөндеуден өткізіліп, іске қосылды. Ал алдағы жылы аманшылық болса, су тұщытатын және тазартатын қондырғылар сатып алмақ ойдамыз.

Үшінші, бізді ойлантқан – облыс орталығының жарты мың шақырым шалғайда орналасқан ауданның халқын отынмен қамту мәселесі. Бұл қиындықтан шығудың жалғыз ғана жолы газдандыру екенін түсіндік. Сондықтан, жылына бір елді мекенге табиғи газ тартуды алдымызға міндет етіп қойдық және оны абыроймен орындап шығу үшін еңбектендік, шүкір, бұл бағытта да біршама істер атқарылды. Кәсіпорындар мүмкіндігі мен халықтың қаржысын қосып, елді мекеннің барлығына да газ тартып, облыстағы толықтай газдандырылған бірден-бір ауданға айналдық. 1991 жылдың 13 қазанында Бейнеудегі төртінші ауылға табиғи газ берілсе, 2001 жылдың 22 қазанында соңғы нүкте Тұрыш елді мекеніне газ келді. Сөйтіп, кезең қиындығы мен қаржы тапшылығына қарамастан, халық пен әкімшіліктің бірлескен іс-қимылының нәтижесінде ғасыр басында ауданда отын мәселесі түбегейлі шешілді. Ал басты бағытымызда ырғалып-жырғалып жүргей нарыққа жылдамырақ көшу санадық. Өтпелі кезеңнен мүмкіндігінше қиналмай өтуді көздедік.

Тәуелсіздік жылдарында жеке кәсіпкерлер қаржысына Бейнеу селосында 320 орындық, Боранқұл селосында 40 орындық базар, сұйтылған газ отынын құятын қондырғы,

шағын мұнай өңдеу зауыты, май құю стансалары, нау-байхана, ұн диірмені, бірнеше дүкен, дәріхана, шайхана, шаштараз, кафе, Қарағайлы суын құтыға құятын, есік-терезе жасайтын, тері илейтін, шұжық шығаратын, макарон әзірлейтін, тон тігетін, әк төсейтін, тас дайындайтын цехтар ашылды. Барлық жерде меншік иесі қалыптасып, соның арқасында елді мекендер көріктеніп, көз алдымызда қайта жаңғырып, өркениеттің үлгісімен бой түзеп келеді.

— **Басшы Айжанақұлы, бағанадан бері әңгімеміз аудан тынысы төңірегінде болды. Енді еліміздің елдігін танытып отырған шекара күзетінде тұрған шекарашылар төңірегіне қарай ойыссақ. Еліңіз шекарашыларды қалай қарсы алды? Жалпы шекарашылармен арадағы қарым-қатынастарыңыз қалай?**

— Мемлекет дербес әрі тәуелсіз болғаннан кейін оның мемлекеттік шекарасы болуы өмір талабы. Елдің елдігін, мемлекеттің мемлекет екенін көрсететін де осы шекара. Ал, сол шекараны шегендеу, яғни күзету әрбір қазақстандық азаматтың абыройлы борышы, міндеті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі шекара шебіне аса мән беріп: “Дүниежүзілік мемлекеттер аумағы бойынша тоғызыншы орынды алатын Қазақстан шекарасы, барлық экономикалық қиындықтарға қарамастан таяу жылдарда сенімді қорғалатын болады” деп нық айтқан жоқ па. Ендеше Елбасынан асып біз қайда барамыз. Жерімізге келіп орналасқан шекарашыларды құшақ жая қарсы алдық. Төрімізден орын беріп, жағдайларын жасауға тырыстық.

Бейнеу шекара отряды келмей тұрып-ақ мұнда шекарашылардың жеке бөлімдері жұмыс істей бастаған болатын. Біздің өлке мұнайлы өлке, оның үстінде Бейнеу тоғыз жолдың торабы. Арлы-берлі ағылған халық. Мұндай жерде темірдей тәртіп керек. Сол тәртіпті бізге шекарашылар орнатып берді десек артық айтпаймын.

Осыдан дәл екі жыл бұрын Бейнеу шекара отряды келіп орналаса бастаған кезде арнайы үй бөлдік. Қажетті

кұрал-жабдықтармен қамтамасыз еттік. Отряд бастығы М.В.Тарабан іскер жігіт екен. Аз уақыт ішінде жергілікті халықпен де, кәсіпкерлермен де тез тіл табысып кете алды. Қазір Құдайға шүкір шекарашылармен тұрғын халық арасы өте жақсы. Шекараны бүкіл халық болып күзетеді деп беке айтпаған ғой. Бірлесе жұмыс істеудеміз. Әрбір мереке күндері, айтулы даталарды шекарашыларсыз өткізбейміз. Әрбір ауылдық әкімдерге шекарашыларға нақты көмек көрсету туралы тапсырма берілген. Сол бойынша жұмыс істелінуде.

Алдағы уақыттарда да ауызбіршілігімізді арттырмасақ кемітпейміз деп ойлаймын.

– Басшы Айжанақұлы, мазмұнды әңгімеңізге көп-көп рахмет. Аудан экономикасы артып, өзіңіздің жеке өміріңізге бақыт, табыс тілейміз.



ХАЛҚЫНЫҢ ҚАДІР ТҮТҚАН ГЕНЕРАЛЫ

Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы, Армия генералы, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтің 75 жасқа толу мерейтойы республика көлемінде кеңінен аталып өтті.

Қайсыбірлер “Қазақта не көп той көп, мына қысылтаяң шақта той тойлағаны несін алған”, – деген пыш-пыш сөздерінің де арагідік болса да естіліп қалатыны жасырын емес. Бірақ сол қазақта “Сүйер ұлын болса сүйсін, ол сенің сеніміңнен шығар”, – деген қанатты сөз бар екендігін де естен шығармайық. Ал біртуар ұлдың, абзал азаматтың мерейтойы лайыққа сай аталып өтіп жатса оның несі айып. Мамыр айының аяқ шенінде бүкіл қазаққа, тек қазақ емес бүкіл бұрынғы Кеңес Одағына аты мәлім болған батыр ұлы, ардақты азамат, қаны да жаны да туа бітті әскери Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтің туғанына – 75 жыл толу мерейтойы үлкен ұйымшылдықпен халқының арасында аталып өтті.

Кешегі қол бастаған Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Райымбек бабаларымыздың, Ұлы Отан соғысында намыс үшін, ұрпақ үшін жан беріп, жан алысқан Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов сияқты ағаларымыздың жолын қуып, ізін басып, бүгінгі бейбіт күнге аман жеткен Батыр аға, әз аға – Сағадат Қожахметұлының мерейтойы қалай аталып өтсе де орынды еді. Соны халқы түсіне білді. Елін сүйген ерін тік көтеріп алды. Халқы тойын қосыла тойлады. Еліне сіңген еңбегіне сай құрмет алу екінің бірінің қолынан келмейтін үлкен сый, үлкен абырой, мақтаныш!

Өмірі оның өнеге

Батыр ағаның ұлағатты өмірі туралы екінің бірі біледі десем артық айтпаспын. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш

Қорғаныс министрі 21 жасында Кеңес Одағының Батыры атанған екен. Бұл күнде 21 жасқа толған бозбалаларымыз не тындырып үлгерді екен. Япыр-ау, десеңізші. Он тоғыз жасында қан майданға кіріп, содан Ұлы Жеңісті қанды қол Гитлердің кабинетінде аяқтап, елге аман-есен оралуды да батырдың көзсіз ерлігі, жолының жеңілдігі емес деп кім айтар.

Өмірбаян беттеріне тағы бір көз салып көрейікші.

1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысы, Алексеев ауданы (қазіргі Ақкөл) Қосым ауылында дүниеге келеді. Ата-анасынан жастай жетім қалған шаруа баласы Кеңес өкіметінің елең-алаң тұсында ауыл мектебінде оқып білім алады. Қабырғасы қатайып, буыны бекіген шақта артель шаруашылығының жұмыстарына белсене атсалысқан жігерлі жас жігіт ол жерде де абыройсыз болмайды. Ел басына күн туып, ер азамат сынға түскен шақта, туған жерін қорғауға өз тілегін білдіреді. Оның Ұлы Отан соғысына дейінгі өмір жолы, міне осындай. Ал, 1942-1943 жылдар аралығында Сағадат Қожахметұлы ең алдымен Бірінші Түркістан әскери училищесіне оқуға түсіп, оны үздік бітірген соң майданға аттанады. Жас лейтенант алғашында пулеметшілер взводын басқарады. Содан кейін рота, батальон командирі болып Кубанді, Украинаны, Молдавияны, Батыс Белоруссияны, сондай-ақ Польшаны азат етуге қатысады. Сұрапыл соғысты Берлинде аяқтайды. 1945-1949 жылдары М.В.Фрунзе атындағы әскери академияның тыңдаушысы. 1950-1954 жылдары Түркістан Әскери округінің Жедел басқармасы Жеделдету бөлімінің аға офицері. 1954-1958 жылдары атқыштар полкінің командирі. 1963-1969 жылдары Қазақ КСР Азаматтық Қорғаныс штабының бастығы. 1969-1981 жылдары Қызыл Тулы Орта Азия Әскери округі қолбасшысының орынбасары, 1981-1984 жылдары Оңтүстік Тобы Әскери округі қолбасшысының бірінші орынбасары, 1984-1989 жылдары қайтадан Орта Азия

Әскери округі қолбасшысының орынбасары, 1990 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесі ардагерлер мен мүгедектер және әскерилер ісі жөніндегі комитетінің төрағасы, 1992-1995 жылдары Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Қорғаныс министрі қызметтерін атқарады.

Өмірінің деншілігін ат үстінде өткізсе де қажыр-қайраты Батыр аға болдым-толдым, шаршадым, шалдықтым демей-ақ бұл күнде де қатардан қалған жоқ. Басқалардай еліме бір кісідей-ақ қызмет еттім, жетер енді, демаламын десе ешкім қой демес еді. Бірақ, Батыр аға қарап жатпады. Қазір Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі. Өмірі өнеге абзал аға енді өзінің өмірден түйгендерін артынан ерген ұрпаққа үлгі етіп қалдыруда.

Соғыс оларды ерте есейтті

Қаһарман ағаның өткен өмір жолын кестелегенде 21 жасында Батыр атандырған Ұлы Отан соғысына соқпай кету мүмкін емес. Өмірінің дерегінде келтіре кететіндей, пулеметшілер Әскери училищесін бітіргеннен соң, 1943 жылы соғыстың нағыз қызып тұрған кезінде қан майданға кіреді. Онда да анау-мынау емес үнемі алғы шепте жүретін жеке атқыштар бригадасы, пулеметшілер взводының командирі болып. Ол кезде артиллериядан кейін пулеметшілердің алар орны ерекше еді.

Батыр аға сонау отты жылдар туралы өзінің “Мой передний край” атты кітабында былай деп еске алады.

– “Берлинді алу кезінде біздің әскерлер небір керемет ұрыс-қимылдарды көрсете білді. Бірінші ротаның солдаттары Савченко, Синельников және Дрыгиндер зулаған оқтың арасынан сүрінбей өтіп, әлгі өзіміз шабуыл жасап жатқан үйдің шатырына қызыл ту тігіп үлгерді. Бұл біздің батальонның жігеріне – жігер қосып, қанаттандырып жіберді. Автоматпен, пулеметпен қатарластыра оқ жаудыра отырып, біз сол шабуылда жеңіп шықтық”. Бұл Батырдың соғыс кезіндегі бір ғана эпизодты баяндап

отырғаны. Ал соғыста мұндай оқиғалар қаншама рет кездесті десеңізші.

Он сегізінде қолына қару алып, жауға шапқан Сағадат ағаның замандастарын соғыс ерте есейтті. Ол күндер туралы ағаның өзі де үлкен тебіреніспен еске алады.

Батыр аға шекерашы-курсанттар ортасында

Ардагердің туған күнінен бір күн бұрын, яғни, мамырдың 24 күні Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғары Командалық шекарашылар училищесінде курсанттардың ардагердің салтанатты кездесуі болып өтті.

Кездесу барысында жетпістен асып, сексеннің сегіріне таянса да Құдай берген қуатынан таймаған, шашын әлі қырау шалмаған сол бәз баяғы бозбала қалпындай тік тұрып, нық басатын ардагердің толқығаны рас. Мүмкін, өзінің де сонау алыста қалған курсанттық күндері есіне түсті ме екен. Қазір ағаның қалай толқыса да жөні бар еді.

Кездесуді ағаның тілеулес інісі, училище бастығы, полковник Тұрғанбек Стамбеков шағын құттықтау сөз сөйлеп ашты. Зал толы балалары мен немерелері, замандастары алдында Сағадат Қожахметұлы өзінің курсанттық кездерінен қызықты әңгіме айтып берді. Баяғыдай, партия кезіндегідей қақиып қалған президиумның болмауы курсанттар мен ардагердің емін-еркін, ашық-жарқын әңгіме өткізуіне үлкен жағдай туғызды. Батыр аға тіптен осы мерейтой туралы “дабыра қылмай-ақ қойсандаршы” дегенді де айтқанын жасырмады. Курсанттарға жаңа Тәуелсіз Қазақстанның Армиясының қалай құрылғаны туралы баяндап берді. “Сол тәуелсіз елдің Армиясының болашағы сендерсіңдер. Мен кезінде академияда оқып жүргенде бір оқытушының сендер әлі өресіндер, ертең генерал боласыңдар дегенде ту-у, бұл кісі де жоқтан барды айтады екен. Генерал болу қайда деп ойлаған едім. Енді міне, өздерің көріп тұрсыңдар. Жауды да жеңдік. Генерал

да болдық. Тәуелсіз елдің әскерін де құрдық. Сендердің араларыңнан да ертең қолбасшы, генералдар шықпасына кім кепіл. Ол үшін үнемі оқу керек, іздену керек, тәртіпті болу керек”, – ардагер аға курсанттарға ақ батасын берді.

Елінің қадірлісі

Елінің қадірлісі деген сол емес пе, дәл туған күнінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Алматы қалалық әкімшілігі бірлесіп абзал ағаның есінен кетпестей өз халқымен кездесу ұйымдастырып берді.

Бұл кездесу Мамырдың 25-күні Алматы қаласындағы Армияшылардың Орталық үйінде болды. Бұл жолы да халқына қадірлі генералды құттықтау үшін ел көп жиналған екен. Офицерлер үйінің клубына жиналған халық сыймай, жартысы түрегеліп тұрды. Кездесу алдында Армия генералы С.Нұрмағамбетов, бұрынғы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы, еңбек ардагері Б.Әшімов, Республика Ардагерлер Кеңесінің төрағасы М.Сағдиев Панфилов бағы ішіндегі мәңгілік алауға гүлшоғын қойып тағзым етті. Офицерлер үйінің кіреберіс залында Батыр аға құрметіне сонау отты жылдарды еске салатын театрландырылған көріністер көрсетіліп жатты.

Кездесу кешін ашқан Республика Қорғаныс министрінің орынбасары, департамен бастығы, генерал-майор Әмірбек Төгісов Батыр ағасы турыла жылы лебіздер айтты. Алматы қаласының әкімі В.Храпунов құттықтау сөзін қазақша айтып, Батыр ағаға сыйсияпат жасады. Алматы қалалық депутаттар мәжілісі алқасының шешімін оқып беріп, Сағадат Қожахметұлына “Алматы қаласының Құрметті Азаматы” белгісін табыс етті. Республика ардагерлері атынан сөз алған Мақтай Сағдиев ақсақал Батырдың өмір жолына тоқтала келіп, иығына шапан жауып, басына бөрік кигізді. Бірнеше жыл Целиноград облысында аудандық, облыстық партия комитетінің хатшысы болып істеген батыр

ағаның жерлесі, Еңбек ардагері Аманжол Халықов сол жылдарда Қазақстан миллиардын жинауда Сағадат Нұрмағамбетовтың да сіңірген еңбегінің зор болғандығын, сол еңбегінің орынды бағаланғанын тілге тиек етті. Ресей Федерациясының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі В.Николаенко Ресей Федерациясы Қорғаныс министрі Ресей маршалы И.Сергеевтің құттықтауын жеткізді. Және С.Нұрмағамбетовтың кеудесіне Ресей Федерациясының “Достастықты нығайтқаны үшін” медалін қадады. Алыстағы Украина сәлемін жеткізген осы елдің Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі В.Богатырь С.Нұрмағамбетовты Украина халқы да жақсы білетінін, өйткені, ардагер бұл елді жаудан азат еткендігі өзінше бір алдына, С.Нұрмағамбетов Украина Республикасы Президентінің ең жоғары наградасымен марапатталуы еді деп құттықтау сөзін арнады.

Халық Қаһарманы, партизан ардагер Қасым Қайсенов майдангер інісінің мерейтойымен құттықтай келе өзінің жүрекжарды шынайы лебізін былай білдірді:

– “Сағадат Нұрмағамбетов көзі тірі батырларымыздың бүгінгі көшбасшысы. Оған қандай атақ берсе де артықтық етпес еді. Бірақ ол өте қарапайым. Ешкімнен еш нәрсе сұраған емес. Сұрамайды да. Енді, менде бір тілек. Сағадаттың еңбегі зор. Сондықтан да оған Қазақстан Республикасының Маршалы деген жоғары атақ берілсе. Бұл менің ғана тілегім емес. Бұл Сағадаттың барлық халқының тілегі. Егер бұл атақ беріліп жатса – болашақ ұрпақ үшін, тарих үшін үлкен бір оқиға болар еді. Үлгі, өнеге, абырой болар еді”. Міне, Батыр туралы дәл осылай деді.

Салтанатты кездесуде тілек айтушыларда да, сыйсияпат көрсетушілер де аз болған жоқ. Соның бәрі де халқы сүйген, халық қадірлеген Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовке бүкіл елі атынан көрсетіліп жатқан құрмет бола-тұғын.

Жүз жасаңыз, қарт тарлан

Мен талантты інім Мұхарбектің Батыр ағасына арнаған осы сөзін өз сөзімнің түйіні етіп әдейі арнап алып отырмын. №1 Халық Қаһарманы Сағадат аға өте бақытты жан. Осы салтанатты кездесуде тілек айтқан барлық замандастары да айтты. Бақыт деген сол Құдай қосқан қосағы, ағаның қай жерде жүрсе де жанынан табылған өмірлік серігі, 48 жыл бірге тұрып, бар ауыртпалық пен қызық күндерін, қуаныштарын бірге бөліскен Лира апай Сабырқызымен сол 48 жылда бірде-бір рет шәй деспегені. Бақыт деген сол бір шаңырақтан екі генерал шығуы. Әке жолын қуған Талғаты әке үмітін ақтады. Қызы Айсұлудың адам жанының арашашысы – дәрігер болып, өмірден өз орнын табуы да әке үшін бақыт емей немене? Солардан төрт немере сүйіп, ұрпақ жалғасып отыр.

Осыған дейін бірнеше кітап шығарған ардагер ағаның таяуда “Зерде тыңшуды білмейді” деп аталатын кітабы жарық көрмек. Расында да ешқашан тыңшуды білмейтін, үнемі халқының ортасынан табылатын, қарапайымдылықты қасиет тұтқан генерал, жүз жасаңыз! Даңқыңыз бұдан да биік, мерейіңіз үстем бола берсін, Батыр аға демекпіз.

ШЫМКЕНТТЕГІ ШЕКАРА ОТРЯДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысында Оңтүстік аумақты күзететін алғашқы шекара отряды іске кірісті

Егемен еліміздің елдігін білдіретін белгісінің ең бастысы – оның мемлекеттік шекарасы. Кеңес Одағы кезінде жерінің көлемі жағынан дүниежүзінде бірінші орын, елінің саны жағынан екінші орын алған алып мемлекеттің ортақ шекарасы болды. Ол сыртқы дүние еді. Кеңестер Одағы тарады. Әлем картасында тәуелсіздігін алған бірнеше жас мемлекеттер пайда болды. Бұрын мызғымас елдердің одағы болып келген он бес одақтас республика енді өз алды-алдына он бес мемлекет болды. Мемлекет болып, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып, мемлекеттілігінді бүкіл әлем танығаннан соң, әрине, енді шекаранды белгілеуің керек. Тәуелсіз Қазақстан алдымен шығыстағы ұл көршісі Қытаймен аралықтағы шекарасын анықтап, бекітіп алды. Кеңес Одағы кезінен келе жатқан жер дауы әлемдік дәрежедегі ұлы қайраткер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында оңтайлы шешіліп, ұлы көршімен татулық қарым-қатынас орнады.

Ал, бұрын одақтас болып келген бір құдықтан су ішіп, бір астаудан ас ішкен туысқан республикалармен арадағы шекара туралы алғашында ешқандай әңгіме болған жоқ. Оған қай республика басшысы да: “Е, несі бар, біздің бөлісе алмай жатқан ешнәрсеміз жоқ. Қайта шекара осылайша ашық болғаны дұрыс” деген пиғылда болғаны жасырын емес. Бірақ, “адамның айтқаны келмейді, Алланың айтқаны келеді” дегендей, өмір өз дегенін істейді екен. Алдыменен Кавказда, Қап тауларында бұрқ ете қалған бұл күндегі әлемнің дұшпанына айналған Вахаббистер соғысы, оның алдындағы сол мұсылмандықты бетперде қылып жамылып жүрген терроршылардың көршілес Өзбекстан астанасы Тәшкен қаласындағы ел Президенті Ислам Каримовтың көзін жоюы үшін жасаған тағылық

әрекеттері, күні кешегі бауырлас ел Қырғызстанның Ош облысындағы вахаббистердің бір ауданды тұтастай басып алуы тыныш жатқан елдердің шекара мәселесін ойлантпай қойған жоқ. Осындайда қазақтың “Сақтансаң сақтармын” деген қағидалы сөзі оралатыны да сөзсіз.

Сол сактық шараларын Орта Азия республикалары ішінде бірінші болып Өзбекстан Республикасы бастап жіберді. Ел Президенті Ислам Каримовтың тікелей Жарлығымен осы елмен шекаралас мемлекеттер арасындағы шекараны қалыпқа келтіріле бастады. Оған алғашында үрке карағандар да болды. Бірақ, мына дүниеде болып жатқан шым-шытырық оқиғалар өзбек Президентінің бұл қадамының дұрыс екендігіне көз жеткізді. Сол ақпан терактісінен соң Өзбекстан Қазақстанмен екі арадағы шекарасына ішінара болса да өз шекарашыларын қойған еді. Неге десеңіз, осы оқиға осы бір күрделі мәселенің түйінін тез шешуге аз ықпал еткен жоқ. Шекараң мығым болмаса, шекеңнің шылқ ете қалмайтыны пешенеден белгілі. Оны кешегі атқа қонып, ел бастаған, ел қорғаған ата-бабамыз дәлелдеп, көрсетіп кеткен. Сондықтан, Қазақстан Президенті Н.Назарбаев тектен-тек алдымен Өзбекстанмен арадағы шекара мәселесін шешуді қолға алғаны бекерден-бекер болмаса керек. Ел Президентінің Жарлығы бойынша қыркүйек айныңы 10-күні өзбек-қазақ шекарасында қазақстандық шекарашылар өз қызметтерін бастауы керек жөнінде баса айтылған болатын.

Сонымен, сөздің әлқиссасын Шымкент шекара отрядының мемлекеттік шекара күзетіне кірісуіне орай айыстырсақ.

Аттаныс алдында

Тойдың болғанынан боладысы қызық дегендей. Қазақстанның оңтүстік шекарасын қорғайтын шекара отрядтары құрылады екен деген әңгіменің шыққанына да біршама уақыт болған. Бірақ сол шекара отрядтарының

құрылып, іске кірісуіне түрлі себептер болып, оның үстіне биылғы жылғы мемлекеттің қырық жамау бюджетінің қаржысы қысып, бұл мәселе кейінге қалдырыла бергені бар еді. Міне, сол толғағы жеткен мәселе шешімін тауып, оңтүстік шекараны қорғамақшы отрядтардың арасында бірінші болып Шымкент шекаралық бақылау отряды толық құрамында дайын екендігі туралы рапорт берілді. Оның үстіне бұл отрядқа тапсырылып отырған шекаралық аймақ та өте жауапты аймақ болып саналады. Отрядқа командир болып тәжірибелі офицер. Күршім шекара отрядының бастығы, полковник Абай Төреғұлұлы Брекешевтің тағайындалуы да бекерден-бекер болмаса керек.

Бар сайманы түгелденген отрядты қызмет атқаратын жеріне шығарып салу рәсімі қыркүйектің 6-сы күні Алматыдағы отрядаралық жөндеу зауытында болып өтті. Оңтүстік шекараға алғаш аттанып бара жатқан қарлығаш отрядқа Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Директорының бірінші орынбасары, Бас штабының бастығы, генерал-майор Х.И.Берқалиев ақ жол тіледі.

Оркестр дүмпуі астында жолға аттанған сарбаздар мен сардарлар өздерінің қандай жауапты сынға аттанып бара жатқандарын шын жүректен сезінген болар.

Жолда

Алматы – Ташкент күре жолына түсіп, Шымкентті бетке алған әскери керуен қаздай тізіліп, атақты Қордай асуынан асқан кезде, күздің қоңырқай күні өз ұясына барып батқан еді. Асу үсті қараңғылық құшағына оранып алған. Біз мінген “Икарус” автобусы керуен басы, бірінші болып келеді. Жанымдағы сарбаздар мен сардарларды әңгімеге тартып қоямын. Бәрінің көңілі көтеріңкі. Көзге тығылған ұйқыны да елең қылар емес. Жалпы, отряд құрамы Шекара қызметіне қарасты барлық отрядтардан жасақталған десем артық айтпаспын. Мысалы, жанымдағы аға лейтенант Ернар Нұрбеков Жаркент шекара отряды-

нан болса, лейтенант Нұржан Сержанов Шонжы шекара отрядынан. Сол сияқты шекарашы-жауынгерлер де әр түрлі отрядтардан келген. Бірақ, барлығының да мақсаттары бір – еліміздің оңтүстік шекарасын бірлесіп күзету. Тіптен, олар бір-бірлерімен етене араласып кеткен. Үнтаспадан әсем әуен тындап, ара-арасында әзілдесіп те қояды.

Керуен бағыты Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш қаласы. Жол ұзақ. Жол бойы қаптаған кеден, МАИ бекеттері. Ұшы-қиыры жеткізбес, кең байтақ қайран қазақ жері-ай.

Алматы облысы, Жамбыл облысы, енді бірде қырғыз жері, міне, Оңтүстік Қазақстан облысына да келіп кірдік. Осылайша таң да қылаң берген. Бір бекеттің қасынан кеше ертемен шығып кеткен алғашқы керуенді кездестірдік. Олар жүгі ауыр болған соң ақырын жылжып барады. Жол мұраты жүру, тек жүрсең жетесің. Біз жүріп келеміз.

Сарыағаш жерінде

Шымкент шекаралық бақылау отрядының негізгі орналасатын жері Сарыағаш қаласына түске таман келіп жеттік. Алматыдағы екі күнгі ақ жауыннан кейін өзімізді ыстық Сахараға келіп жеткендей сезіндік. Оңтүстіктің күні күз келсе де әлі райынан қайта қоймапты. Құдды бір шілде айындағыдай шыжып тұр. Бірақ сол ыстықты елеп жатқан ешкім көрінбейді. Автобустан түсіп, бізді күтіп алған отряд командирі полковник А.Брекешевке сәлемдесіп жатырмыз. “Қайта сіздер күн қызуының қайтқан кезінде келдіңіздер. Жазда мұнда күннің ыстықтығы 50 градусқа дейін жетеді. Міне, сол кезде келсеңіздер ғой”, – деп, ол кісі өзінің мұнда бізден бұрынырақ келгендігін танытып жатыр.

Сарыағаш жерін алғаш аттаған шекарашыларды жергілікті тұрғындар жақсы қарсы алды. Тіптен, шекарашылар бұл аймаққа келмей жатып-ақ құлақтанып үлгеріпті. Ел құлағы елу деген емес пе, мұндай жаңалық жерде жатпайтыны белгілі. Көбісі отряд орналасатын

әскери бөлімнің жолында келе жатқан керуенге қол бұлгап қалып жатыр. Сол жақсы ниеттің жалғасы іспеттес түс ауа, сағат 15-те әскери бөлім алдындағы шағын алаңда аудан жұртшылығы мен шекарашылардың келуі құрметіне арналған салтанатты митингі болып өтті. Бұл салтанатты митингіні ұйымдастыруға мұрындық болған Сарыағаш ауданының әкімі Омарбек Нұржанов мырза көрінеді. Аудан әкімі осы өңірдің түлегі болғанмен де, аудан әкімі болып жаңадан келіп жатыр екен. Қазақта “Құтты қонақ келсе, қой егіз табады” деген нақыл сөз бар емес пе, біздің шекарашылар да бұл өңірге құт ала келген шығар.

Белгіленген уақытта салтанатты митингі басталды. Салтанатты митингіні Сарыағаш қаласының әкімі Исақ Тағаев мырза ашып, шекарашыларды келген қадамымен құттықтап, сөз сөйледі. Бұдан соң ұлттық киім киген бүлдіршіндей ару қыздар алаңда сап түзеп тұрған шекарашы сарбаздар мен сардарларға нан, тұз ұсынып, қымыздан дәм татқызды. Шекарашыларды құттықтап сөз сөйлеген Сарыағаш аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы С.Омаров, “Отан” партиясы аудандық бөлімшесінің төрағасы Ж.Сахыпбеков, Ұлы Отан соғысының ардагері Д.Иванов, соғыс және еңбек ардагері М.Сұлтанов, әскери бөлім орналасқан Ильич көшесінің көше көмитеті төрағасы С.Арынбаевтар шекарашыларға сәт-сапар тілеп, қызметтеріне табыс, көш көлікті болсын айтты. Шекарашылар атынан тұрғын халықтың өздерін сондай жылы жүзбен қарсы алып, алдарынан дәм-тұзын шын жүректерінен алып шығып жатқан Сарыағаш халқына рахмет айтып, сөз сөйлеген лейтенант Еркін Молдашев, кіші сержант А.Беляловтар шекарашылар тілегін шынайы жеткізе білді.

Салтанатты митингі соңынан шекарашыларға арнап жергілікті өнерпаздар өнер көрсетті.

Әкімнің әңгімесі

Салтанатты митингі соңына орай реті келіп тұрған соң Сарыағаш қаласының әкімі Исақ Тағаевты сөзге тартқан едік.

– Мен шекарашылардың Сарыағаш қаласына келіп орналасуына өте қуаныштымын. Бүгін ертеңгісін аудан әкімі О.Нұржанов мырза мені қабылдап, шекарашыларды лайықты күтіп алу туралы нұсқау берген еді. Ол кісі бүгін осы салтанатты митингіге келе алмаса да, шекарашылардың жағдайына алаңдаушылық білдіруде. Жалпы, Оңтүстік Қазақстан өлкесі бай өлке ғой. Оның үстіне біздің Сарыағаш ауданы облыстағы үлкен аудандардың бірі. Бір ғана Сарыағаш қаласында 200 мыңға жуық халық тұрады. Бұл аз ба, көп пе, өзіңіз саралай жатарсыз. Ел ел болған соң оның шекарасының берік болғаны дұрыс. Жергілікті халық осыны дұрыс түсіне білуде. Біз де қарап қалмай шекарашыларға қолымыздан келген бар көмегімізді көрсететін боламыз. Сіздер келеді дегеннен бері жарғақ құлағымыз жастыққа тимей, жүгірудеміз. Алды ала тамақ, жатын орын мәселелеріне көңіл бөлдік. Отряд командирі, полковник Абай Брекешев мырзамен ақылдаса, келісе отырып, қандай мәселеден көмек керек екендігін білдік. Қашанда пішкен тон келте болмас дейді ғой, бұл арада отряд командирінің де іскер жігіт екендігі көрініп қалды. Өзінің проблемаларын жетік білетін көрінеді. Алдағы уақытта да байланысымызды үзбей, қолдан келген көмегімізді көрсете беретін боламыз.

Бізде негізінен жылу жүйесі газбен жылытылады. Ол мәселе шешімін тапқан. Электр энергиясы да солай. Электрдің өшіп қалған кезі болған емес. Ал енді ауыз су мәселесіне келсек, отряд орналасқан әскери бөлімде минералды су келіп тұр. Ауызсудан тапшылық бола қоймас. Тіпті, қажет десе көлікпен де көмектесеміз.

Өзбекстан жерімен арамыз өте жақын. Ел мен ел араласып кеткен. Бірақ, қыстағы терактіден соң өзбек жағы өз шекараларын бекемдеп жатыр. Онысы дұрыс та шығар.

Енді міне біздің шекрашыларымыз да қасиетті Сарыағаш жерінен өздерінің шекара күзетін бастағалы отыр. Қашанда халық пен әскер бір ғой. Біз де шекарашыларға әрқашан қол ұшын беріп, ел күзетіндегі бауырларымызға демеуші болатынымызды айтқым келеді.

Әскери бөлім – өзінше бір қалашық

Шымкент шекара отряды құрылды дегенде оның негізгі орналасын жері, шекарашы жауынгерлер мен сардарларының жағдайы қалай болар екен деген сұрақтың туындағаны жасырын емес. Жан-жақтан қысып тұрған мына заманда тұтас бір отрядтың мекен-жайын жаңадан салу деген айтуға ғана жеңіл шығар. Шымкент отряды Сарыағаш қаласына орналасатын болыпты дегенде ол күдік одан сайын өрши түскендей болған. Отряд базасы қай жерге орналасар екен, қалайда-қалай болар екен деген дүдәмәл ой, отряд орналасқан әскери бөлім қалашығы табалдырығын аттағанша бізде де болып еді. Көп естігеннен бір көрген артық деген емес пе. Көрдік те көңіліміз толды.

Оңтүстік күзі керемет қой, шіркін. Күз келсе де жапырақтар әлі сарғая қоймаған. Жанға рахат бір жайлы шақ. Бізді Сарыағашқа жеткізген автобустар легі қалың бір бақ ішіне енгенде бейне бір орман ішіне келгендей болғанымызды несін жасырайық. Отряд орналасқан әскери қалашықты небір әртүрлі әсем ағаштар көмкеріп алған. Сол қалың ағаштар арасында әртүрлі дәрежедегі үйлер бой көрсетеді. Отрядтың ен далаға, бос кеңістікке орналаспағанын көріп, көңілдегі күдік бірден серпіліп сала берген.

Алғашқы күні әскери қалашықпен жете танысуға уақыт болмады да келесі күні асықпай мұқият аралап шықтық. Бұл әскери қалашықтың негізі осыдан жарты ғасыр бұрын қаланса керек. Қаһарынан қалың ел қорқатын Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің құзырында болған әскери қалашық

сол жарты ғасыр ішінде өсу, өркендеу үстінде болған тәрізді. Сол кезде салынған монша, мәдениет ошақтары мен медициналық қызмет көрсету үйлері мұрты бұзылмастан сол қалпында сақталған. Ал, осыдан екі-үш жыл бұрын өз еліне қоныс аударған әскери бөлім басшыларының өздері кетіп бара жатып, осында қалған заттардың бірде-біреуіне тиіспеуі, бірде-бір үйдің не еденіне, не қабырғасына сызат түсірмей, қалып бара жатқан мирасқорларына өткізіп беруі адамгершіліктің ең жоғары сатысы дер едік. Көріп жүрміз ғой, бір республиканың Туының астында қызмет етіп жүріп, бір бөлімнен бір бөлімге немесе ведомстводан бір ведомствоға бөлім дүниелерін өткізерде неше түрлі тағылыққа жол берілетіндігін. Алысқа бармай-ақ Алматы төңірегіндегі Боралдай ауылына орналасқан авиаполкті аралап көргенде небір тағылықтың куәсі болған едік. Осы полктің орнына қоныс тепкен әскери бөлім небәрі екі ай ішінде ойына келген былықтарын істеп, кетерлерінде шамалары жеткенше шашып, қиратып кеткен екен. Бұл біздің көргеніміз. Ал көрмегеніміз қаншама. Әскери қалашықты аралап адамдар қолымен істелінген игі істің сол қалпында одан әрі игілікті іске жаратылуы үшін сенімді қолға беріліп жатқанын көрген кездегі ойға түскені, осы бір көңіл құлазытарлық көрініс болып еді.

Осындағы сарбаздар жататын казарма сол қалпында, тіптен қабырғадағы жапсырма қағазының бояуы сол бетінде тұр. Терезе, есік бүтін, сырланған. Тек, әктеп, жуып-шайып орналаса бер. Сарбаздар асханасы, офицерлер асханасы талапқа сай жабдықталған. Ал мәдениет үйі ше. Мұндай мәдениет үйін біздегі Шекара әскерлеріне қарасты бірде-бір әскери гарнизонда жоқ десек қателеспейміз. Сонау елуінші жылдары салынған мәдениет ошағы архитектуралық жағынан да, кеңдігімен, әсемдігі жағынан да кез келген үлкен қаланың мәдениет үйімен тайталаса алатыны сөзсіз. Тек енді мұнда жақсы қожайын, іскер басшы керек. Тұрғын үйлер көбіне екі

қабатты, сосын үш қабатты. Бәрінде де тұрғындар үшін барлық жағдай жасалынған. Әрбір үйде газ, ыстық, суық су. Тура каладағыдай.

Медициналық жәрдем көрсету үйі тарлау екен. Бірақ, қажетті медициналық аспаптар сол қалпында, бүгін пайдаланса да дайын тұр. Отрядтың медициналық қызметінің бастығы капитан Айбек Әбдіқадыров өзіне қажетті құрал-жабдықтарын қабылдап, мәре-сәре. Тіптен, әртүрлі дәрі-дәрмектер де бар болып шықты Әскери қалашықтың тура үстінен Келес өзенінің бір тармағы ағып жатыр. Сол өзекшенің бір саласын қалашыққа бұрып, жасанды бассейн орнатқан. Бассейін деген аты, әйтпесе кішігірім жағажай десе де болады. Құрылысы басталған теплица да өзінің кожайынын күтіп тұр. Офицерлер мен прапорщиктер балалары үшін бала бақша, мектеп бар.

Бір айта кететін жай, екі-үш жылдан бері ағаштар қалай болса солай өсіп, тазалық жағы біраз ақсап қалған екен. Енді әскери қалашықтың нақты иесі болған соң, бұл қолдан келер істің онша үлкен күш туғыза қоймайтыны сөзсіз.

Міне, аумағы ат шаптырым әскери қалашықтың казакстандық шекарашылар үшін қызметі осылай болмақ.

Командирмен әңгіме

Полковник Абай Төреғұлұлы Брекешев осы отрядты қабылдап алғанға дейін Күршім шекара отрядын басқарды. Үлкен отрядты хал-қадірінше басқарып, отряд өткен жылдың қорытындысы бойынша екінші орын алды. Ал, Абай Брекешев кеудесіне екінші дәрежелі “Айбын” орденін тақты.

Біз тәжірибелі командирді сөзге тартық.

– Оңтүстік өлкеде шекара отрядын құру бұл бір күннің ісі емес. Бұл мәселе кеше айтыла салып, бүгін қолға алына қалған жоқ. Бұрыннан бері сөз болып, ақыры, толғағы жетіп әбден піскеннен кейін енді міне, сөз нақты іске айналып отыр. Біздің шекара

отрядының құрылуы да сондай идеядан туындаған еді. Шекарашылар күзет бекетіндегі кеденшілермен бірлесе қызмет істейтін болады.

Отрядты жасақтауға біраз уақыт кетті. Алдымен отряд Шымкент қаласында болады деген байлам болып еді. Кейін осы Сарыағашқа тоқтадық, оның себебі Шымкент қаласында мұндай дайын база жоқ. Ал, мұнда шекара күзетін дұрыс атқару үшін барлық жағдай бар. Кадр мәселесі толық шешілді десе болады. Отряд командирінің орынбасарлары қолдарынан іс келетін офицерлерден жасақталған. Офицерлер құрамының негізін жастар құрайды. Қашанда жастарға сенім артқан дұрыс қой.

Қыркүйектің 10-ы күні Президентіміз, Бас қолбасшы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы бойынша мемлекеттік шекара күзетіне шығамыз. Бұл біздің Шымкент шекаралық бақылау отрядының өмірінің ең үлкен маңызы зор, тарихи оқиға болып қалмақшы.

10 қыркүйек, ертеңгі сағат 10.00

Міне, бұл күн, бұл сағат Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты Шекара қызметі шекарашыларының тарихында алтын әріптермен жазылып қалары сөзсіз. Бұл күн Отан сақшылары – ел шекарашыларының еліміздің оңтүстіктегі шекарасында алғаш рет мемлекеттік шекара күзетіне шыққан күні мен сағаты. Тарих ата небір оқиғаларды бастан кешірмеген десеңізші. Енді міне, жер бетінде азат елдердің бірі қазақ елі өзінің тәуелсіздігін тағы бір паш етіп, оңтүстіктегі шекарасына белгі салды. Бұл күні мемлекеттік шекара күзетіне шыққан Шымкент шекаралық бақылау отрядының офицерлері мен прапорщиктері, жауынгерлері тұңғыштар ретінде тарих бетінде мәңгілікке жазылып қалады. Олар кімдер? Олар: полковник А.Брекешев, подполковник О.Нұртазаев, подполковник Б.Арынбаев, майорлар: А.Кулагин, С.Демидов, О.Бондаренко, капитандар: А.Оразалинов,

В.Кабак, К.Әубәкіров, аға лейтенант Д.Серезидинов тағы басқа офицерлер мен прапорщиктер, жауынгерлер.

Шымкент шекаралық бақылау отрядында әзірше “Сарыағаш” бақылау-өткізу бөлімі құрылған. Бұл шекаралық бақылау бөліміне үш бақылау бөлімшесі қарайды. Осы үш бөлімшенің ішінде күре жолдың бойында тұрғаны “Жібек жолы” шекаралық бақылау-өткізу бөлімшесі. “Жібек жолы” шекаралық бақылау-өткізу бекетінен Өзбекстанның астанасы Тәшкент қаласынан жолаушылар тасымалдайтын да, жүк тасымалдайтын да көліктер саны күндіз-түні бір толастамайды. Сондықтан да мемлекеттік шекараның бұл учаскесі өте күрделі әрі жауапты болып саналады. Осы жауапты учаскені күзету капитан Василий Кабактың бөлімшесіне сеніп тапсырылған.

Қыркүйектің 10-күні таңертеңгі сағат 9-да мәдениет үйінің алдындағы ашық алаңда мемлекеттік шекара күзетіне алғаш рет кетіп бара жатқан шекарашыларды шығарып салу рәсіміне арналған митингі болды. Митингіні отряд командирінің тәрбие және элеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Олег Әлиұлы Нұртазаев мырза ашып, жүргізді. Бірінші болып сөз алған отряд командирі полковник А.Брекешев, аға лейтенант И.Обухов, лейтенант Әлібеков, кіші сержант Беляловтар оңтүстік шекара күзетіне алғаш болып жол салғандарға сәттілік тілеп, құттықтады.

Біз “Қапланбек” шекаралық бақылау-өткізу бекетінен кейін “Жібек жолы” бекетіндегі шекаралық нарядтың қызметін қадағалап тұрмыз. Шекарашылар өз қызметтеріне кіріскен бетте өз міндеттерін аса ыждаһаттылықпен, беріле атқарып кеткен. Мұндағы үш постқа басшылық жасап жүрген бөлімше бастығының орынбасары Ернар Ділдәбекұлы Нұрбеков барлық жағынан қатаң бақылауға алған. Ара-арасында жас жауынгерлерге өз ақыл-кеңесін беріп қояды. Шекарашы бақылаушылардың алғашқы

кимылы жаман емес. Құжаттар тексеруде іркіліс жоқ. Өзбекстан жақтан өтіп келе жатқан жолаушылар арасынан бір кейуананы сөзге тарттық.

– Менің жасым 63-тен асты. Аты-жөнім Тұрдым Жұмашова. Өзім Ташкен облысының қазағымын. Айналайындар, ел аман болсын, әлем тыныш болсын. Аспанымыз ашық болса, бәрі де болады. Ал, келген қадамдарына гүл бітсін. Елі үшін қызмет етіп жүрген сендерге аман-саулық тілеймін. Екі елдің достық қарым-қатынасы нығая берсін, – деп өзінің аналық ақ тілегін білдірді.

Түс ауа біз “Жібек жолы” шекаралық бақылау-өткізу бекетінен “Дархан” бекетіне қарай жолға шықтық. Сан ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан бұл тарихи Жібек жолымен кімдер жүріп, кімдер өтпеген. Сол Ұлы Жібек жолында бүгін ата-баба ұрпағы сенімді қызмет етуде.

Ұлы Жібек жолында

Газетімізде бұдан бұрын жарияланған “Шымкенттегі шекара отряды” материалында онтүстік өлкеге жаңадан барып орналасқан шекара отрядының бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы егжей-тегжейлі жазған едік. Сол жолы сол отрядтың бастығы полковник Абай Төреғұлұлы Брекешевпен жолығып, әңгімелесудің жөні түсіп еді. Бүгін газет оқырмандарына командирмен болған әңгіменің мәтінін ұсынып отырмыз.

– Қазіргі мына аласапыран заманда “Жау жоқ демее, жар астында” демекші, жарияаланған соғыс өрті әр тұстан бұрқ ете түсіп жатқан кезде, Қазақстанның да өз шекарасына шеңбер қойып, шебін белгілеп бекітуін мен өз басым дұрыс бастама дер едім. Осы кезге дейін біз көршілес туысқан елдермен шекарамыз ашық болады деп келсек, енді сырттағы дүрбелең, бұл ойдан қайтуға әкеліп отыр. Күні кешегі Өзбекстан астанасындағы тапа-тал түсте кісі өліміне әкеп соққан терроршылардың сұмдық әрекеттері, Ресейдің Қап таулары аймағына баса-көктеп кірген діни

экстремистер, көршіміздің аңқаулығы мен аңғалдығын шебер пайдаланған вахаббистер осы облыстың біраз аумағын басып алып, бейбіт тұрғындарға білгенін жасап жатса, бұл басқаларға үлкен сынақ болуы тиіс.

Мен мұның неге айтып отырмын. Кейбір түсінігі төмендеу жандар Қазақстанның өзбек жағын бекер-ақ жапқалы жатыр, енді туысқан халықпен арадағы қарым-қатынас, алыс-беріс нашарлап кететін болды деген күнкіл сөздері әлемдегі өзгерістерді жете түсінбеушіліктен дер едім. Ал, өзбек жағы болса, сыртқы дұшпаннан қорқып, өз шекараларын сол теркт болған ақпан айынан кейін-ақ берік бекітіп алған болатын. Біз Қазақстан жағы да қазақ-өзбек шекарасында ішінара шекара бекеттерін қою туралы сөз болғанымен, ол үнемі кейінге қалдырылып келген еді. Ал, Қап таулары мен Ош оқиғалары бұл процестің тездете жүруіне көп ықпал еткенін несін жасырамыз.

Қазақстан Республикасының Президенті, Бас Қолбасшы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы бойынша жаңадан құрылған Шымкент шекара отряды қыркүйек айының 10-ы күні қазақ-өзбек шекарасында мемлекеттік шекара күзетіне шықты. Жаңа отряд құрамында құрылған үш бақылау-өткізу бөлімшелері “Жібек жолы”, “Дархан” және “Қапланбек” бекеттерін жапты. Бұл жерлерде бізден бұрын Қазақстан Республикасының кеден бекеттері тұрған болатын. Енді шекарашылар сол кеденшілермен бірге қимылдайтын болады. Бұл жерде бір айта кететін жайт, жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ пен өзбек қарым-қатынасы, алыс-беріс суып кетпейді. Әкеле жатқан тауарлары, не болмаса өз басынды куәландыратын құжаттарың заңды ма – ары да өт, бері де өт. Бұл жерде екі ортаға тікенекті сым темір тартылып, шекара бойын жағалай сарбаздар торып тұрады деген ой тұмауы керек. Екі елдің де басшылары мұндай ойдан аулақ. Қазақ халқының мынадай бір салиқалы мақалы бар: “Сақтансаң, сақтармын” деген. Иә, біз сақтана білуіміз керек, қашанда

аяқ астынан тап болар құйтырқы әрекеттерге әзір тұруымыз керек. Әйтпесе ертең кеш болады.

Жергілікті тұрғын халық бізді жақсы қарсы алды. Жылы жүзбен. Оны өздеріңіз де көрдіңіздер. Шекараны жалғыз әскер күзетпейді ғой. Оны әу бастан-ақ халықпен бірігіп күзеткен. Мен Зайсан, Күршім шекара отрядтарында қызмет істедім. Ол жерлерде бұрыннан қалыптасқан дәстүр бойынша халық арасынан ерікті халық жасақшылары құрылып, шекарашыларға үлкен көмек көрсетіліп жатады. Болашақта бұл жерде де ерікті халық жасақшыларының шығатынына сенімім мол. Аудан әкімі Омарбек Нұржанов, Сарыағаш қаласының әкімі Исақ Тағаев мырзалар отрядтың қаз тұрып кетуіне қолдан келген бар көмекті көрсетеміз деп отыр. Біз жергілікті басшы органдармен тіл табыса қызмет істейміз деген сенім мол.

Отряд орналасқан қалашық көңілден шықты. Шекарашылардың алаңсыз өз қызметтерін атқаруына барлық жағдай жасалынған. Бүгінгі күн талабына сай медициналық, тұрмыстық және мәдени ошақтары шекарашылар қажетінен шыға білуде. Тұрғын үй мәселесі де таяу арада шешімін таппақ. Ал, орынбасарларым сайдың тасындай іріктелген жігіттер. Сенімнен шығады. Подполковник О.Нұртазаев, майор А.Кулагин шекара өмірін жетік білетін тәжірибелі, оқығаны да, тоқығаны да мол офицерлер. Қашанда іс тетігін кадр шешеді десек, кадр мәселесінен таршылық көре қоймаспыз. Әзірше, ашылған үш бақылау бекеті бөлімшесінің бастықтығына қолынан іс келетін, болашағынан көп үміт күттіретін жас офицерлерді қойдық. Олар сенімнен шығары сөзсіз.

Қазір Сарыағаш аймағында шекарашылар шекара күзетіне кіріссе, енді Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданында шекара бекеттері, шекара заставасы болмақ. Шымкентте мүмкін шекаралық комендатура болар. Енді, бұл болашақтың ісі. Болашақ бүгіннен басталады десек, оған да кірісетін кез келер.

Біздің басты мақсат Бас Қолбасшымыз Н.Ә.Назарбаевтың алға қойған міндетін мүлтіксіз орындау. Сол жолда тер төге беретін боламыз. Сөйтіп, Ұлы Жібек жолындағы шекарашы қырандарымыз еліміздің оңтүстігіндегі шекара шебін берік күзетте ұстайды.



МАЗМҰНЫ

Баһадүр десе дегендей.....	3
Тәжікстан: Күдік пен үміт, бейбітшілік пен қасірет...8	
Алыстан хабар алдырған.....	26
Әуе қырандары сертіне берік.....	31
Сахна төрінде 35 жыл немесе Қазақстанның Еңбегі сінген әртісі Әлкен Амантайұлы Қазақбаевтың есеп беру концерті.....	36
Еменнің иір бұтағы.....	43
Застава өз үйің бола ала ма?.....	49
Шекара күзеті оңай емес.....	53
Тәжік-ауған шекарасындағы Қазақстандық шекарашы- лар қашанда қырағы.....	56
Жол болсын, лейтенанттар.....	60
Мақпал салған әндер-ай.....	65
Туған Республикаға қызмет етеміз.....	69
Самғай бер, “Шекара қырандары”.....	74
Көктем келді гүлін алып.....	78
Тауға шық биіктікті көргің келсе.....	80
Қытайдың ұлы қорғаны.....	85
Бостандық пен Тәуелсіздікті қорғайық.....	90
Аспантаулар аясында.....	98
Микрофонды қажетсінбейтін әнші.....	107
Мәскеуден бата алған мерзімінен тыс қызметтің стар- шинасы Сахидям Баратова туралы мөлтек сыр.....	114
Өткен күнді еске алсақ... Ән-би ансамблі ардагерлері- мен сұхбат.....	117
Елбасы болған застава.....	124
Елін сүйген ер Байтасов.....	129
Жұлдызы оның жоғары.....	134
Тағы да курсанттар қатары толықты.....	138
Туған жер өзің дегенде.....	141

Отыз жылдың белесінде.....	144
Максат алғашқы үштікке ену (өмірбаян беттерінен)..	150
Тілің мықты болса – өртгі де өшіресің, жауды да көшіресің.....	155
Арыстан шыққан бес батыр.....	161
Адамдар ауырмасын.....	173
Бар ғұмырын шекараға арнаған.....	177
Екі застава, екі түрлі жағдай.....	185
Астана мәртебесіне сай болсақ.....	193
Сыр бойы шекарашылары уәдеге берік.....	201
Қасиетті, қазыналы Қазалы.....	209
Аталы да баталы қария.....	215
Гибратты ғұмыр.....	220
Қырандар биікте самғайды.....	223
Қырандар самғаған өлкеде.....	227
Тау баласы тауға карап өседі.....	235
Аралдан Түркіменстанға дейін.....	239
Ардагерлер.....	246
Жаны жайсаң жан аға.....	250
Қызылқұмда шекара.....	254
Қалыптасу кезеңінен өтіп, негізгі қалыпқа түстік, – дейді Тараз шекара отряды бастығының тыл істері жөніндегі орынбасары подполковник Құмарбек Әубәкіров.....	260
Ділі мен тілі ұштасқан аудан.....	264
Халқының қадір тұтқан генералы.....	272
Шымкенттегі шекара отряды Оңтүстік Қазақстан облысында Оңтүстік аумақты күзететін алғашқы шекара отряды іске кірісті.....	279



Сағидолла СИҚЫМБАЙҰЛЫ

*ЕЛ ШЕКАРАСЫНДА
ЕРЛЕР ЖСҰР*

*(Мақалалар, эсселер, очерктер,
жолжазбалар)*

Редакторы Т.АЙТБАЙҰЛЫ
Компьютерде терген А.КЕНЖЕБЕКОВ
Беттеген Ж.ТАЛҒАТҚЫЗЫ

Басуға 06.04.2015 ж. қол қойылды.

Қалыбы 84x108 1/32. Шартты баспа табағы 18,4.

Есептік баспа табағы 18,5. Таралымы 100 дана.

Тоғанай Т» баспасы: Алматы қ-сы, Қожамқұлов көшесі 128-39.

Тел.: +7 727 233 62 23, факс: +7 727 390 41 03.

e-mail: ToganaYT@mail.ru

Сағидолла СИҚЫМБАЙҰЛЫ



1957 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Қарой ауылында дүниеге келген.

1973 жылы «Үлгілі» орта мектебін бітіргеннен кейін «Қарой» кеңшарында құрылысшы болып еңбек етті.

1974 жылдан 1985 жылға дейін Балқаш аудандық «Балқаш еңбеккері» газетінде фототілші, тілші, аға тілші, бөлім бастығы, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарды.

1985 жылдан 1988 жылға дейін №10 Бақанас кәсіптік-техникалық училищесінде кәсіподақ комитетінің төрағасы болды.

1985 жылдан 1992 жылға дейін Балқаш аудандық «Балқаш еңбеккері» газеті бас редакторының орынбасары қызметінде, 1992 жылдан 1993 жылға дейін Алматы қалалық «Алматы ақшамы» газетінде корреспондент, Алматы қалалық әкімшілігінде бөлім бастығы қызметтерін атқарды.

1993 жылдан 2010 жылға дейін Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің басылымы «Отан сақшысы – Часовой Родины» газетінде бас редакторының бірінші орынбасары – Қазақ редакциясының редакторы қызметінде болды. Запастағы полковник.

2012 жылдан бүгінге дейін Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару комитетінің органы «Қазақстанның жер ресурстары – Земельные ресурсы Казахстана» журналының Бас редакторы қызметінде.

1980 жылдан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақстанның Құрметті журналисі, Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

Еңбектері республикалық басылым беттерінде жиі-жиі жарық көріп жүр. Бірқатар ұжымдық кітаптарға енген.